В теории атомного ядра и элементарных частиц общепринятой является модель, согласно которой сильное взаимодействие между нуклонами имеет место только на масштабах, не сильно превышающих размеров атомных ядер. При этом различным образом рассматриваются две возможные ситуации – сильное взаимодействие между нуклонами (или между другими адронами) и сильное взаимодействие в самом веществе адронов. В первом случае часто применяется пион-нуклонная модель Юкавы, согласно которой роль переносчиков сильного взаимодействия между нуклонами играют виртуальные пионы и другие мезоны. Во втором случае привлекается квантовая хромодинамика, в которой адроны состоят из кварков, два кварка в каждом мезоне и три кварка в барионах. Кварки взаимодействуют между собой посредством глюонов и не могут существовать вне адронов в свободном виде. Кроме двух или трёх валентных кварков, адрон должен содержать облака глюонов, окружающих кварки, а также моря виртуальных частиц типа кварк-антикварковых и электрон-позитронных пар, также W- и Z-бозонов. Переносчиками сильного взаимодействия в квантовой хромодинамике считаются глюоны, а взаимодействие между нуклонами трактуется как некоторое остаточное действие от глюонных полей кварков, выходящее за пределы адронов. Как следствие, силы между двумя нуклонами должны быть намного меньше, чем силы между кварками внутри этих нуклонов.

Квантовая теория поля [1] имеет свои проблемы, анализируемые, в частности, в модели кварковых квазичастиц. Среди основных этих проблем – введение в Стандартную модель чрезмерно большого количества ничем не объясняемых новых сущностей и подгоночных параметров; рассмотрение взаимодействий как точечных событий с кварками и бозонами точечных размеров и вытекающие отсюда расходимости в решениях; ненаблюдаемость свободных кварков и глюонов, указывающее на то, что они являются квазичастицами; конфайнмент как удержание цвета в адронах, и асимптотическая свобода кварков на малых расстояниях между ними; различие масс кварков при одинаковых спинах и двух фиксированных значениях дробного элементарного заряда; причина распада массивных кварков; конкретизация способа дефрагментации и адронизации струй с обязательным превращением различных цветных кварков в бесцветные адроны; происхождение квантовых чисел кварков, и т.д. Аналогичные задачи встречаются в обычной квантовой механике и квантовой электродинамике [2].

В нерелятивистской квантовой механике основную роль играет волновая функция, описывающая состояние квантовой системы. Найдем асимптотический вид волновой функции

$$\phi(\mathbf{r}, t) \text{ при } r \rightarrow \infty, t \rightarrow \infty, \text{ если } \phi(\mathbf{r}, 0) = \phi_0(\mathbf{r}).$$

Эту задачу решим методом Лапласа. Применим его к сферически-симметричной задаче, в которой потенциал $V(\mathbf{r})$, искомая $\phi(\mathbf{r}, t)$ и начальная $\phi(\mathbf{r}, 0)$ зависят только от r .

Введем новую функцию $\phi(\mathbf{r}, s)$:

$$\phi(\mathbf{r}, s) = -i \int_0^{\infty} e^{ist} \phi(\mathbf{r}, t) dt \quad (1)$$

Полагая $s = n + i\sigma$, найдем, что

$$\phi(\mathbf{r}, s) = -i \int_0^{\infty} e^{-\sigma t} \phi(\mathbf{r}, t) e^{int} dt \equiv \int_{-\infty}^{\infty} f(\mathbf{r}, t) e^{int} dt \quad (2)$$

т.е. $\phi(\mathbf{r}, s)$ есть фурье-образ функции, равной

$$\left. \begin{aligned} f(\mathbf{r}, t) &= 0 \text{ при } t < 0, \\ f(\mathbf{r}, t) &= -ie^{-\sigma t} \phi(\mathbf{r}, t) \text{ при } t > 0. \end{aligned} \right\} \quad (3)$$

По формулам обращения находим f и элементарно получаем

$$\phi(\mathbf{r}, t) = -\frac{1}{2\pi i} \int_{-\infty+i\sigma}^{+\infty+i\sigma} \phi(\mathbf{r}, s) e^{-ist} ds \quad (4)$$

Интеграл (2) существует для f , убывающей при $t \rightarrow \infty$, т.е. для $\sigma > 0$. Однако мы будем рассматривать также $\phi(\mathbf{r}, s)$ и при $\sigma < 0$ как аналитическое продолжение функции $\phi(\mathbf{r}, s)$, заданной интегралом при $\sigma > 0$.

Рассмотрим уравнение Шредингера [3]:

$$i\hbar \frac{\partial \phi(\mathbf{r}, t)}{\partial t} = -\frac{\hbar^2}{2m} \Delta \phi(\mathbf{r}, t) + u(\mathbf{r}) \phi(\mathbf{r}, t)$$

умножим его на $-ie^{ist}$ и проинтегрируем по времени. Получим

$$-\hbar s \phi(\mathbf{r}, s) - \frac{\hbar^2}{2m} \Delta \phi(\mathbf{r}, s) + u(\mathbf{r}) \phi(\mathbf{r}, s) = -\hbar \phi_0(\mathbf{r}) \quad (5)$$

При этом предполагается, что при $r > R$

$$\lim_{t \rightarrow \infty} e^{ist} \phi(\mathbf{r}, t) = 0,$$

для чего нужно $\sigma > 0$, т.е. точка s должна находиться в верхней полуплоскости комплексного переменного s .

Полагаем, что

$$\phi_0(\zeta) = u(\zeta) = 0 \quad \text{при } r > R \quad (6)$$

Тогда при $r > R$

$$\phi(\zeta, s) = f(\zeta) \frac{1}{r} e^{i\sqrt{\frac{2ms}{\hbar}} r} + f_1(\zeta) \frac{1}{r} e^{-i\sqrt{\frac{2ms}{\hbar}} r} \quad (7)$$

При $\sigma > 0$ определим $\sqrt{2ms}$ как положительный корень на положительном луче вещественной оси в плоскости s ; для однозначности сделаем разрез на отрицательном луче вещественной оси $\zeta = 0$, $n < 0$, $s = n + i\sigma$. Очевидно, что при $\sigma > 0$ первый член в (7) при $r \rightarrow \infty$ по модулю экспоненциально убывает, а второй член экспоненциально возрастает. Но при $\sigma > 0$, когда $\phi(\zeta, s)$ определяется сходящимся интегралом, $\phi(\zeta, s)$ заведомо не растет при больших r . Поэтому полагаем $f_1(\zeta) = 0$. Другими словами, при определении $\phi(\zeta, s)$ как образа решения нестационарного уравнения Шредингера, при естественных ограничениях начального состояния $\phi_0(\zeta)$ получается, что на $\phi(\zeta, s)$ наложено условие смыкания с расходящейся волной

$$\phi(\zeta, s) \xrightarrow{r \rightarrow \infty} f(\zeta) \frac{1}{r} e^{i\sqrt{\frac{2ms}{\hbar}} r}.$$

Это условие первоначально получено для верхней полуплоскости s . Как уже указывалось, в нижней полуплоскости s функция $\phi(\zeta, s)$ определяется не как интеграл, а как аналитическое продолжение $\phi(\zeta, s)$, заданной в верхней полуплоскости. При этом необходимо сохранить и в нижней полуплоскости то же условие смыкания с первым членом в (7).

Интересующее нас распадное состояние удовлетворяет уравнению

$$-E\phi_E(\zeta) - \frac{\hbar^2}{2m} \Delta \phi_E(\zeta) + u(\zeta)\phi_E(\zeta) = 0 \quad (8)$$

и условию смыкания с расходящейся волной при определенном $E = E_0 - \frac{i\sigma}{2}$.

Следовательно, потенциал $u(\zeta)$ таков, что уравнение (5) при $\hbar s = E$ имеет нетривиальное решение при равной нулю правой части. Отсюда следует, что общее решение неоднородного уравнения (5) должно иметь полюс в точке $\hbar s = E$, т.е. в нижнем правом квадрате s . Решение должно иметь вид

$$\lim_{\hbar s \rightarrow E} \phi(\zeta, s) = \frac{a\phi_E(\zeta)}{\hbar s - E} + \phi_1(\zeta, s) \quad (9)$$

где $\phi_1(\zeta, s)$ конечно при $\hbar s = E$.

Задача заключается в определении коэффициента a . Для этого умножим (5) на $\phi_E(\zeta)$ а (8)-на $\phi(\zeta, s)$, вычтем одно из другого и проинтегрируем от 0 до R . Используя то обстоятельство, что вне потенциала при $\hbar s \rightarrow E$

$$\phi_E(\zeta) = \frac{C}{r} e^{i\sqrt{\frac{2mE}{\hbar^2}} r} \quad \phi(\zeta, s) = f(\zeta) \frac{1}{r} e^{i\sqrt{\frac{2ms}{\hbar}} r}, \quad f(\zeta) = \frac{Ca}{\hbar s - E},$$

после несложных выкладок получим

$$\left\{ \frac{iCf}{\sqrt{\frac{2ms}{\hbar}} + \sqrt{\frac{2mE}{\hbar^2}}} + \int_0^\infty \left[\phi_0 \phi_E - f \frac{C}{r^2} e^{i\left(\sqrt{\frac{2ms}{\hbar}} + i\sqrt{\frac{2mE}{\hbar^2}}\right)r} \right] r^2 dr \right\} = \int_0^\infty \phi_0 \phi_E r^2 dr.$$

Теперь подставляем

$$\phi_0 = \frac{a\phi_E}{\hbar s - E} + \phi_1,$$

$$f \frac{C}{r} e^{i\sqrt{\frac{2ms}{\hbar}}r} = \frac{aC}{\hbar s - E} \frac{1}{r} e^{i\sqrt{\frac{2ms}{\hbar}}r},$$

переходим к пределу $\hbar s \rightarrow E$ и распространяем интегралы до $R = \infty$, пользуясь тем, что подынтегральные выражения при $r > R$ равны нулю.

Получаем

$$a = \frac{\int_0^\infty \phi_0 \phi_E r^2 dr}{\int_0^\infty \left[\phi_E^2 \left(\frac{C e^{i\sqrt{\frac{2mE}{\hbar^2}}r}}{r} \right)^2 r^2 dr + \frac{iC^2}{2k} \right] dr} = \frac{\int_0^\infty \phi_0 \phi_E dr}{\int_0^\infty \phi_E^2 dr}, \quad (10)$$

где интеграл $\int_0^\infty \phi_E^2 dr = \int_0^\infty \phi_k^2 dr$.

Подставляя выражение (9) в формулу обращения (4), получим вклад от обхода полюса $\hbar s = E$

$$\phi_p(t) = a\phi_E e^{-\frac{iEt}{\hbar}} = \phi_E e^{-\frac{iEt}{\hbar}} \frac{\int_0^\infty \phi_0 \phi_E dr}{\int_0^\infty \phi_E^2 dr}. \quad (11)$$

В таком виде формула подобна выражению, которое мы получили бы в случае отрицательного вещественного собственного значения в дискретном спектре. Скалярное произведение $\int_0^\infty r^2 \phi_0 \phi_E dr$ и норма $\int_0^\infty \phi_E^2 r^2 dr$ входят одинаково как в задачу теории возмущений нерелятивистской квантовой механики [2,4] так и в нестационарную задачу релятивистской квантовой теории [3,5].

ЛИТЕРАТУРА

1. Лаврентьев М.А., Б.В. Шабат. Методы теории функций комплексного переменного. М.: Наука, 1973.
2. Ландау Л.Д., Е.М. Лифшиц. Квантовая механика. М.: Физматкнига, 2006.
3. Берестецкий В.Б., Е.М.Лифшиц, Л.П. Питаевский. Квантовая электродинамика. М.: Физматкнига, 2006.
4. Сакибаев Р.С., Б.Р.Сакибаева. Сверхтонкое расщепление спектров многозарядных ионов.

Материалы 8-ой Международной конференции «Ядерная и радиационная физика», Алматы, Институт ядерной физики Национального ядерного центра РК, 2011.
5. Р.С.Сакибаев, Б.Р.Сакибаева. Радиационные поправки многозарядных ионов. Материалы 8-ой Международной конференции «Ядерная и радиационная физика», Алматы, Институт ядерной физики Национального ядерного центра РК, 2011.

ӘОЖ 37

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Э.С. Сергазина, А.Д. Онгарбаева, А.Ж. Есимбекова

И.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы
sergazinova_elvira@bk.ru, Aliod_80@mail.ru

Берілген мақала қашықтықтан оқыту технологиясының мәселелеріне арналған. Қашықтықтан оқытудың ерекшеліктері және жүйесі, негізгі ұғымдары, принциптері, артықшылықтары, құралдары және технологиялары қарастырылады.

Данная статья посвящена вопросам технологий дистанционного образования.

Рассматриваются особенности и система дистанционного обучения, основные понятия, принципы, преимущества, средства и технологий.

This article is sanctified to the questions of technologies of the controlled from distance education. Features and controlled from distance departmental teaching, basic concepts, principles, advantages, facilities and technologies.

Тірек сөздер: қашықтықтан білім беру, модель, технология, құрал, білім беру принципі, жүйе.

Қашықтықтан білім беру жүйесінің негізгі ұғымдары. *Оқыту* – білім алудың және шеберліктер мен дағдыларды қалыптастырудың мақсатты, жүйелі түрде ұйымдастырылған процесі, ал **білім беру** – бұл тұлғаны оқытудың нәтижесі. *Қашықтықтан оқыту* – бұл оқытушы мен білім алушы бірге бола алмаған жағдайда белгілі бір ара қашықтықта оқыту тәсілдері. Тарихи тұрғыдан алып қарасақ қашықтықтан оқыту бұрын сырттай оқыту деп аталатын еді. Ал, бүгінгі күні бұл – байланыс арналары арқылы байланысатын аудио, бейне және компьютерлік жүйелерді қолданатын оқыту құралдары. Күндізгі және сырттай оқу формалары сияқты қашықтықтан оқыту да білім беру процесінде оқытудың компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларына негізделген ең озық дәстүрлі және инновациялық әдістері, формалары мен құралдары қолданылатын білім алудың бір формасы болып табылады.

Қашықтықтан білім беру – қашықтықтан оқытумен тығыз байланысты. Қазіргі күнгі ғылымда қашықтықтан білім беру – бұл білімді қолма-қол беру процесі (ол үшін оқу орталығы мен оқытушы жауапты), ал қашықтықтан оқыту – бұл білімді қабылдау процесі (бұған білімгер жауапты) деген ұғым қалыптасқан. Қашықтықтан білім беруде білім беру процесінің негізін өзіне ыңғайлы жерде, арнаулы оқу құралдары мен өзіндік сабақ кестесі және оқытушысымен телефон, электрондық пошта арқылы байланысу мүмкіндігі бар білімгердің бір мақсатқа бағытталған және бақыланып отыратын қарқынды өзіндік жұмысты құрайды. Қашықтықтан білім беру – жаңа ақпараттық технологиялар мен мультимедиа жүйелері негізінде күндізгі, сырттай және кешкі оқыту жүйелерінің элементтерін біріктіретін, ерекше, жетілдірілген форма. Қазіргі заманғы телекоммуникациялық және

электрондық басылымдар құралдары дәстүрлі оқыту формаларының жағымды жақтарын сақтай отырып, олардың жетіспейтін жерлерін толықтыруға мүмкіндік береді.

Білім беру процесін білімгердің өздігінен оқу принциптеріне негіздеп жанаша оқыту да осы қашықтықтан оқытумен тығыз байланысты. Оқыту ортасы білімгерлердің көп жағдайда, кейде, тіпті мүлдем оқытушыдан кеңістік және уақыт тұрғысынан алыста болуымен сипатталады. Солай бола тұрса да олар кез-келген уақытта телекоммуникациялар құралдарының көмегімен диалогқа түсе алу мүмкіндігіне ие. Қашықтықтан оқыту жүйесі (ҚОЖ) қолданушылардың білімдік қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған ақпараттық ресурстар, өзара қарым-қатынас хаттамалары, ақпараттық-бағдарламалық және ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етудің жүйелі түрде ұйымдастырылған құралдарының бірлігінен тұрады. Қашықтықтан оқыту жүйесі міндетті түрде төмендегідей функциялардың орындалуын қамтамасыз етуі тиіс:

- Білімгерлерге ақпараттық технологиялардың көмегімен үйренілетін материалдардың негізгі бөлігін жеткізу;

- оқыту процесі барысында оқытушы мен білімгердің өзара интербелсенді қарым-қатынасы;

- білімгерлерге зерттелетін оқу материалын игеруде өзіндік жұмыс мүмкіндіктерін қамтамасыз ету;

- оқу процесі барысында білімгерлердің білімдері мен дағдыларын бағалап отыру.

Қашықтықтан білім беру жүйесін құру төмендегідей жүйеішілік элементтері бар ерекше педагогикалық жүйе ұйымдастыруға негізделеді:

- Оқытудың мақсаттары;

- оқытудың мазмұны;

- оқытудың әдістері;

- оқытудың құралдары;

- оқытудың ұйымдастырушылық формалары;

- ұқсастыру (идентификация) – бақылау жүйесі;

- оқыту материалдары;

- қаржылық-экономикалық;

- нормалық-құқықтық;

- маркетингілік ішкі жүйелер.

Қашықтықтан білім беру жүйесін құрудың қажеттіліктері мен мүмкіндіктері төмендегідей факторларға тікелей байланысты:

- Кәсіби білім алудағы шектеулер (білім алудың түрлі себептерге байланысты мүмкін болмауы, оқыту құнының жоғарылығы, уақыт жағынан шектеулер қойылуы және т.б.);

- Жоғары оқу орындарының, біліктілікті көтеру факультеттерінің және т.б. типтегі білім беру мекемелерінің өткізу қабілетінің шектеулілігі;

- білімділіктің беделінің артуына байланысты кәсіби білім алуға деген сұраныстың және қазіргі заманғы телекоммуникациялық жүйе құрал-жабдықтарында қызмет ететін мамандарды қайта даярлау қажеттіліктерінің артуы;

- сапалық тұрғыдан мүлдем жаңа ақпараттық технологиялар құралдарының пайда болуы мен дамуы және телекоммуникациялық технологияларды ақпараттандыру процесінің мейлінше жылдам қарқынмен жүруі [1].

Қашықтықтан білім берудің принциптері:

1. Қашықтықтан оқыту жүйесінің білім беру процесін жобалаған кезде оған педагогикалық көзқарастың үстемдігі принципі. Бұл принциптің мәні – ҚОЖ-ды жобалауды теориялық тұжырымдамаларды жасаудан, яғни іске асырылмақшы құбылыстардың дидактикалық моделін құрудан бастау керектігінде. Компьютерлендіру

тәжірибесінен байқалғанындай, неғұрлым педагогикалық жағы ретке келтірілген сайын жүйе соғұрлым тиімдірек жұмыс жасайды.

2. Жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың педагогикалық тұрғыдан тиімділігі принципі. Бұл принцип ҚОЖ-ды жобалау мен жасаудың әрбір қадамының тиімділігін педагогикалық бақылауға алуды талап етеді. Сондықтан да алдыңғы орынға техниканы енгізуді емес, оқу курстары мен білім беру қызметтерін мазмұндық толықтыруды қою қажет.

3. Білім берудің мазмұнын таңдау принципі. Қашықтықтан оқыту жүйесінің оқу курстары мен пәндерінің мазмұны мемлекеттік білім беру стандартының нормативтік талаптарына сай болуы қажет.

4. ҚОЖ ағымындағы ақпараттардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету принципі. Қажетті ақпараттардың сақталу, берілу және қолдану кезіндегі қауіпсіздігін ұйымдастыру және олардың ұзақ мерзімге сенімді сақталуының техникалық тәсілдерін қарастыру.

5. Білім берудің бастапқы (старттық) деңгейі принципі. Қашықтықтан білім беру жүйесінде тиімді оқыту – білім, шеберлік, дағдылардың белгілі бір мөлшердегі жиынтығын талап етеді. Мәселен, оқудан білімгер тыңғылықты білім алуы үшін өз бетімен оқу еңбегінің ғылыми негіздерімен таныс болуы, компьютермен жұмыс жасаудың керекті дағдыларын игеруі шарт.

6. Оқытудың технологиясына сәйкестілік принципі. Оқытудың технологиялары қашықтықтан оқытудың моделдеріне адекватты немесе сәйкес болуы тиіс. Мысалы, дәстүрлі оқытудың пәндік моделдерінде оқытуды ұйымдастырудың формалары ретінде дәрістер, семинар және тәжірибелік сабақтары, имитациялық немесе іскерлік ойындар, лабораториялық және өзіндік сабақтар, өндірістік іс-тәжірибе, курстық және дипломдық жұмыстар, білімді игерудің деңгейін бақылау жүргізіледі. ҚОЖ-дың дамуы барысында керек болған жағдайда оған қосылатын жаңа модельдер пайда болуы мүмкін. Мұндай моделдердің мысалы ретінде, объектіге бағытталған немесе жобалық-ақпараттық моделдерді атауға болады. Бұл модельдердегі оқытудың ұйымдастырушылық формалары ретінде компьютерлік конференциялар, телеконференциялар, ақпараттық сеанстар, телеконсультациялар, жобалық жұмыстар және т.б. қолданылуы мүмкін.

7. Оқытудың мобилділігі принципі. Бұл принцип оқушыға өз білім алу бағдарламасын керекті бағытта түзете немесе толықтыра алуға мүмкіндік беретін ақпараттық жүйелерді, қашықтықтан білім алуға арналған білімдердің қорлары банктерін жасауға негізделген. Бұл жағдайда білім берудің басқа да бағыттарына ауысу мүмкіндігін қамтамасыз ететін ақпараттық инварианттық білім беруді сақтау талап етіледі.

8. Қашықтықтан білім берудің қолданыстағы білім берудің басқа формаларына қарама-қайшы немесе кедергі болмауы принципі. Жобаланған ҚОЖ енгізілетін ақпараттық технологиялар дәстүрлі кәсіби білім беру жүйесіне кедергі келтірмей, оған табиғи түрде интеграцияланған жағдайда ғана қажетті әлеуметтік және экономикалық тиімділікті қамтамасыз ете алады.

Қашықтықтан білім берудің артықшылықтары:

Ікемділік. Білімгерлер көп жағдайда дәріс, семинар түріндегі сабақтарға қатыспайды. Әркім өзі таңдап алған мамандықты қажетті деңгейде игеру үшін өзіне ғана керекті мөлшерде білім алады.

Модулділік. Қашықтықтан оқыту бағдарламаларының негізіне модулдік принцип салынады. Білімгерлер игеретін әрбір пән немесе пәндер жүйесі белгілі бір ғылым саласы туралы тұтас ұғым қалыптастырады. Ал, мұның өзі бір-біріне тәуелсіз оқу курстарынан жеке немесе топтық талаптарға жауап беретін оқу жоспарын құруға мүмкіндік береді.

Параллелділік. Оқыту процесі негізгі кәсіби қызметтің оқумен қатар жүруіне мүмкіндік береді, яғни өндірістен қол үзбеуге жағдай жасайды.

Алыстан қызмет көрсету мүмкіндігі. Білімгер мен білім беретін мекеме арасындағы қашықтық (байланыс жүйелері жұмысының сапалылығы жағдайында) тиімді білім беру процесіне кедергі болмайды.

Қамту. Бұл ерекшелікті кейде «көпшілікті қамту» деп атайды. ҚОЖ жүйесінде оқитындар саны шектеулі параметрге жатпайды. Олардың көптеген оқу ақпараттары көздеріне (электрондық кітапханалар, ақпарат қорлары) ену мүмкіндіктері бар, сондай-ақ олар бір-бірімен және оқытушымен байланыс жүйелері немесе басқа да ақпараттық технологиялар құралдары арқылы байланыса алады.

Рентабелділік. Қашықтықтан оқытудың бұл ерекшелігі оның экономикалық тұрғыдан тиімділігімен айқындалады. Шетелдік қашықтықтан оқыту жүйелерін бағалау олардың дәстүрлі жүйеге қарағанда 10-50%-ға арзанға түсетінін көрсетіп отыр. Бұл, әдетте, оқу алаңдарын және ақпараттық технологиялардың техникалық құралдарын тиімді қолдану, сондай-ақ оқу материалдарының неғұрлым шоғырландырылған және бір жүйеге келтірілген мазмұнын қолдану, ҚОЖ технологиясының өте көп тыңдаушылар санына бағытталғандығымен түсіндіріледі [1].

Қашықтықтан оқытудың білім беру процесінде келесі оқыту құралдары қолданылады:

- Баспалық шығарылымдар;
- электрондық басылымдар;
- қарапайым және мультимедиалық нұсқадағы компьютерлік оқытушы жүйелер;
- оқу-ақпараттық аудиоматериалдар;
- оқу-ақпараттық бейнематериалдар;
- қашықтықтан жүргізілетін лабораториялық практикумдар;
- тренажерлар;
- алыстан қол жеткізілетін (удаленный доступ) білімдер мен ақпараттық қорлар;
- электрондық кітапханалар;
- эксперттік оқыту жүйелеріне негізделген дидактикалық материалдар;
- геоақпараттық жүйелерге негізделген дидактикалық материалдар;
- компьютерлік жүйелер.

Қашықтықтан ақпараттар жеткізу технологиясы бойынша қашықтықтан оқытудың мынадай түрлерін бөліп көрсетуге болады:

- Баспалық материалдарды пошта арқылы тарату (дәстүрлі сырттай оқыту формасына тән);
- аудио-бейнетаспаларды және CD-ROM жүйелерін тарату;
- интерактивті ТВ мен бейнеконференциялар арқылы тарату;
- телеконференциялар, IRC, MOO, MUD (Internet жүйесі қорында) арқылы;
- электрондық пошта және тарату қағаздары арқылы (Internet жүйесі қорында) тарату;
- WWW арқылы тарату.

Сонғы кездерде Internet технологиясы басқа формаларды ығыстырып шығаруда. Бұл құбылыс үш жағдайға байланысты:

1. Кез-келген оқу моделін неғұрлым арзан және ыңғайлы құралдармен бейнелеуге мүмкіндік беретін Internet – технологиялардың техникалық тұрғыда дамуы;

2. Internet жүйесіне қосылудың қарапайымдылығы;

3. Жүйеге қосылу құнының төмендігі.

Кейбір жүйелер оқу ақпараттарын алу тәсілдері бойынша ажыратылады:

1. синхронды оқу жүйелері;

2. асинхронды оқу жүйелері.

Синхронды оқу жүйелері оқу процесіне білімгер мен оқытушының бір мезгілде қатысуын қарастырады. Бұл жүйелерге:

- Интерактивті теледидар;
- бейнеконференциялар;
- компьютерлік телеконференциялар;
- IRC;
- MUD;
- MOO жатқызылады.

Асинхронды оқу жүйелері білімгер мен оқытушының оқу процесінде бір мезгілде қатысуын талап етпейді. Оқушы сабақтың уақыты мен жоспарын өзі таңдайды. Қашықтықтан оқытуда мұндай жүйелерге баспалық материалдар негізіндегі, аудио және бейнетаспалардағы, электрондық пошталардағы, WWW, FTP курстары жатады. Қашықтықтан оқытуда, сондай-ақ синхрондық жүйенің де, асинхрондық жүйенің де элементтерін пайдаланатын аралас жүйелер де қолданылады.

Телеконференциялар – бұл екі немесе одан да көп қатысушылардың өзара қарым-қатынасын ұйымдастыру үшін байланыстың электронды арналарын пайдалану процесі. Телеконференция процесінде дыбыс, бейне немесе компьютерлік ақпараттар жеткізіледі. Телеконференцияларға жіберілетін хабарлар оның барлық қатысушыларына бірдей жеткізіледі де, сол арқылы бұл процесті дөңгелек үстел айналасындағы сұхбат алмасуға ұқсатып отырады. Әрбір конференцияға тематиканың, этикеттің бұзылмауын қадағалап отыратын координатор басшылық етеді. Телеконференция – аудиоконференция, бейнеконференция және компьютерлік конференция сияқты түрлі технологияларға қатысты айтылатын жалпы термин.

Аудиоконференциялар – қатысушылар дауыстық коммуникацияға түсетін телеконференцияның бір түрі. Аудиоконференцияларды сандық, сонымен қатар аналогтық байланыс жүйелерінде ұйымдастыруға болады. Аудиоконференциялар біржақты бейнеқатынастарда, спутниктік телевидениеде, сондай-ақ селекторлық кеңестер ұйымдастыруда кеңінен қолданылады.

Бейнеконференциялар – бұл қажетті аппараттық-бағдарламалық кешендермен қамтамасыз етілген екі немесе одан да көп нүктелер арасында бейнекөріністермен немесе дыбыстық ақпараттармен алмасу әдісі. Оған қатысушылар бір-бірін шынайы уақыт аралығында көре және ести алады, сондай-ақ ақпараттар алмасып, оларды біріге отырып өңдей алады. Мұндай жүйе білімгерлердің оқытушымен тікелей қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беріп, олардың уақытын үнемдейді, жолға кететін шығындарын болдырмайды, жұмысының нәтижесін жоғарылатады. Іс жүзінде кез-келген ақпарат түрін тез және оңай түрде жеткізе алу мүмкіндіктерін ескерсек, бейнеконференцияларды қашықтықтан білім беру жүйесін ұйымдастырудағы ең тиімді технология ретінде қарастыруға болады.

Компьютерлік телеконференцияларға – жүздеген және мыңдаған Internet жүйесін пайдаланушылар қатыса алады. Конференцияға қатысу технологиясы өте қарапайым – адресін теріп алсаңыз болды. Конференцияға қатысушының компьютері экранында оған қатысушы өзге мүшелердің пікірлері мен айтқан сөздері көрініп тұрады. Хабарламалар мен пікірлер экранда өте тез пайда болғанымен телеконференцияларды синхронды құралдар қатарына толықтай қосуға болмайды. Бұл технология өте үлкен көлемді хабарландырулар тақтасын еске түсіреді. Сол хабарландырулар тақтасындағыдай мұнда ақпарат көздері біраз уақыттар бойына сақталып тұрады. Керек болған жағдайда оған қайтып оралып, хабарламаларды қарап отыруға болады [2].

Қазіргі ақпараттық қоғамда өндірістің дамуының негізгі құралы болып ақпараттық ресурстардың қажеттілігі айқын көрінеді. Сондықтан білім беру саласы да өзінің дамуы үшін жаңа қадамдарға баруда. Осыған байланысты тұлғаға ақпараттар кеңістігінде дұрыс бағытты таңдауға мүмкіндік жасай алатын оқытудың жаңа технологиялары пайда болып отыр. Жаңа ақпараттық технологиямен орындалатын қызмет өзінің кез-келген нақты формасында тиімдірек орындалады, адам өркениетті бола бастайды. Осы бағыттың айқын көрінісі

қашықтықтан білім беру жүйесі, бұл еліміздің әрбір білім аламын деген азаматына мекен-жайы, материалдық жағдайы, қызмет ету бабы, денсаулық шектеулігі және т.б. өмірлік қиын тұстарына қарамастан толыққанды білім алып, дүниенің төрт түкпірінде өркениетті қоғамның бір бөлігі болуына мүмкіндік беретіні айқын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. – Алматы, 2007 ж.
2. Аяжанов С.С., Сатымбекова С.Б. Компьютерлік желілер. – Алматы, 2011 ж.
3. Караев Ж.А. Активизация познавательной деятельности учащихся в условиях применения компьютерной технологии обучения: автореф. ... док. пед. наук. – Алматы, 1994. – 45 с.
4. www.alashainasy.kz

ӘОҚ 378.124

ADOBE PHOTOSHOP БАҒДАРЛАМАСЫН ОҚЫТУ КЕЗІНДЕ БАҒДАРЛАМАНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІН АШУ

Л.Ж. Терлікбаева, Е.С. Хаймұлданов

І. Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қ., Lycyla@mail.ru

Бұл мақалада ADOBE PHOTOSHOP бағдарламасының мүмкіндіктері мен оның анимациялық қызметін web беттерін құруда пайдалануға болатыны ашылады. Бағдарламаның оқу үрдісі мен ғылыми-зерттеу жұмыстарында тиімді пайдалануға болатындығы айғалады.

В статье раскрываются возможности программы ADOBE PHOTOSHOP и его анимационные функции для создания web страниц. Превосходство программы его в изучении и применении в учебном процессе и в научных исследовательских работах.

The article opens up the possibilities of the program ADOBE PHOTOSHOP and its animation functions for creation of web pages. The program's superiority is in studies and its application in an educational process and scientific research works.

Тірек сөздер: Photoshop, компьютерлік графика, анимация, каналдар тақтасы (channels palette), ұшақ, web беттері, мәзір, маска, қабат (layers).

Қазір информациялық қоғамның қалыптасуының негізгі бағыты информация және оны өңдеу ұғымы болып табылады. Қазақстанда соңғы жылдары компьютерлік технологиялардың қарқынды дамуы арқасында графикалық бағдарламалар көптеген жерлерде қолданылуда.

Компьютерлік графикамен жұмыс дербес компьютерді пайдаланудағы ең танымал бағыттардың бірі және онымен тек кәсіби суретшілермен дизайнерлер ғана айналыспайды. Кез келген кәсіпорында уақыт өткен сайын газеттер мен журналдарға жарнамалық хабарландырулар немесе жарнамалық беттер мен буклеттер беруге тура келеді. Ірі фирмалар мұндай жұмыстарды арнайы дизайнерлік бюро немесе жарнамалық агенстволарға дайындаттырады. Ал шектеулі бюджеті бар шағын фирмалар өз күштері мен қажетті программалық құралдардың көмегіне сүйенеді. Мұнда тек бұл мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін құралдарды білу және оларды кәсіби қолдана алу керек [1].

Компьютерлік графика пәнін оқытуда білімгерлер бірнеше бағдарламаларды оқып үйренеді. Сол бағдарламаның бірі - Adobe Photoshop бағдарламасы. Adobe PhotoShop

графиктік редакторын Web беттерін құруда қазіргі кезде көп қолдануда. Себебі Adobe PhotoShop программасының мүмкіндіктері өте көп және де ең керемет анимацияларды осы программасының көмегімен жасайды. Анимациядан басқа да суреттермен неше түрлі фотоэффект түрін жасауға болады. Adobe PhotoShop бағдарламасын оқыту кезінде бағдарламаның мүмкіндігін жақсы ашу үшін «Ұшақтың бұлттан өтуі» анимациясының орындалуы бойынша көрсетуге болады [1].

Photoshop та бұл ұшақтың бұлттың арасынан өтетіні және осы ұшақтың қалай қозғалатыны көрсетейік. Кейінірек біз ұшақтың анимациясын ImageReady да қалай жасалатынын айтып кетеміз.

а) Ұшақты аспанға апарып қосамыз.


Біз аспан мен бұлттың суретін осы ұшақтың анимациясына қолданамыз.




Каналдар тақтасын ашып (**channels palette**). Сонымен біз **RGB** да жұмыс істегенде, біз үш канал көреміз; (R)ed - қызыл, (G)reen - жасыл және (B)lue – көк Қызыл каналды шерткенде байқайтынымыз, суретте аспан мен бұл арасында анық контраст байқалады. Бұл дегеніміз – құратын маскамызға бұл канал өте ыңғайлы екенін көреміз. Сонымен, ашық көзді қызыл каналға қарама қарсы қойып, соған тышқанды бір рет шертіп мәзірге барып **Select - All** (Выделение - Все) таңдаймыз.


Содан кейін, мәзірдегі **Edit - Copy** (Редактирование - Копировать) таңдаймыз. Бұл қызыл каналдағы суретті жұмыс үстеліне апарды. Бұл жерден байқайтынымыз осыны орындағаннан кейін жұмыс үстеліндегі суретті басқа жерге көшіруге болмайтынын байқаймыз. Ал көшіретін болсаңыз жасап отырған жұмысыңызды жоғалтып алуыңыз мүмкін.


Select - Deselect (Выделение - Снять выделение) мәзір командасын таңдау арқылы әлі белсенді болып тұрған суретті белсенді етпеу командасы немесе **Ctrl + D** клавишасын қолданамыз. (A) канал панеліндегі RGB- ға шертіп, содан кейін (B) панеліне көшсек бастапқы сурет жұмыс терезесінде пайда болады.



Қазір біз суретке ұшақты қосамыз

Ұшақ тұрған буманы ашып ұшақтың суретін алып Move инструментін  панельдер тақтасынан таңдаймызда ұшақ тұрған суретке шертеміз.

 мына белгіге басып **layers** панелінің төменгі жағына қабат маскасын қосу керек (**Add a layer mask**) **Alt** клавишасын басып және **layers** панеліндегі (A әрпімен белгіленген суреттегі) маскаға шерту керек.




Бұл бізге жұмыс терезесіндегі маска қабатын ашуға мүмкіндік береді. Ал енді терезе ақ түсті болады. Енді қызыл каналдағын біздің маскамызға қою үшін Мәзір **Edit - Paste**, (Редактирование - Вклеить) командасын таңдаймыз. **Ctrl + D**


Image / Adjustments / Invert (Изображение - Коррекция - Инвертировать) таңдап алып осы масканы инверттірейміз.

Бұл жерде бір мәселені есте сақтау керек: маскадағы **қара түс** инвертірленгенін білдереді, яғни ол дегеніміз ұшақтың кейбір жерлері бұлттан көрінбейтін болады. Ең керектігі бізге осы болатын.


Мәзірдегі **Image / Adjustments / Levels...** (Изображение - Коррекция - Уровни) командасын таңдап алып маскамыздың қарама-қайшылығын жоғарлатуымыз керек [1].



ә) Болмас істің болуы

 **Move** қозғалту құрал-сайманын таңдап аламыз.

Енді тышқанның көмегімен ұшақты кез-келген бағытқа жылжыта аламыз. Ең қызықтысы ұшақ бұлттардың арасына көрінгені дұрыс болар еді. Оны да қазір айтып кетеміз.

 құрал-саймандар тақтасынан қыл-қаламды таңдап аламыз. Терезені ашып қыл-қаламның параметрлерін белгілеп алып, (A) әрпімен белгіленген ұшбұрышты таңдаймыз. Дөңгелек қыл-қаламды алып (B) өлшемін **20%**, (C) қатандығын **0%**, (D) мөлдірлігін **100%** деп көрсетеміз. Енді бұл терезені жабу үшін тағы да A ны басамыз.

Келесіде ұшақ көрінбеуі үшін Fill қабатының толтырылуының мәнін өзгертіп **0%-ға өзгертеміз**. Мына суретте кейбір бұлттар ұшақтың арғы жағында қалғаны көрініп тұр.

б) *Ұшақтың ізін қосамыз*



Ұшақтың жолын бұлттың арғы жағынан жаққыштың (смазка) көмегімен саламыз.


Қыл-қаламды алып және оны бағыты бар батырмаға басамыз. Ашылған терезедегі кішкентай ұшбұрышты шертеміз және **Load Brushes** командасын таңдаймыз немесе **Replace**

Brushes-ты таңдауға болады. Мәннің өлшемін 7 (D) деп береміз. Қыл-қаламның мөлдірлігін 100% (E) деп береміз.



Енді бұл суретке ат беріп сақтауға болады.


Қабат палитрасынан  жаңа қабат құрамыз да D әріпін басамыз сонда палитра мынадай түрге келеді: 




Ал енді ұшақтың ізін салайық:

Shift батырмасын басып тұрып түзу сызық саламыз. Тышқанның курсорын суреттің сол жақ ортасынан бастап оң жақ шетке дейін сызамыз да shift батырмасын жібере саламыз.



Ұшақ тұрған терезені таңдап  батырмасын шертеміз. Енді ұшақты бұлттың арғы жағына апарып суреттің сол жақ ортасына қойып өзінің ізіне сәйкес келетін етіп орналастырамыз. Орналастырғаннан кейін белгіленген орынмен (B) әріпін басып қабаттың сызылған белгісін көреміз.


Бұл жол тек қана **Photoshop** программаның нұсқасына ғана арналған.




Енді екі қабат та бекігілді және бұл деген «із» ұшақтың артынан оң жақтан сол жаққа жүріп отырады. Ең керектігі бізге анимация үшін осы еді. Осы суретті сақтаймыз **File / Save** (файл - сохранить)[2].

ImageReady программасының көмегімен анимациялар құру.

ImageReady программасының көмегімен ұшақтың анимациясын жасап, оны аспан бұлтынан ұшырамыз.



Анимация панеліне қарасақ сол жағында 1 деген реті бар бір ғана сурет бар. Ең бірінші жасайтынымыз **Duplicate current frame**-дегі (A) әрпін тандап аламыз. Қазір бізде екі анимация бар, біріншісі ұшақтың ұшуының басталуы ал екінші аяқталуы. Енді пайда болған терезде **Selection** батырмасы орнатылғанын көреміз. Ең керектігі бізге осы болған және бізге қанша слайд керек екенін біліп алғанымыз дұрыс болар. Бұл жерде неғұрлым слайд көп болса соғұрлым анимацияның көлемі де үлкен болады. Осы жұмыс істеп отырған сурет кіші болса жұмыс істей жылдамдығы да жақсы болады. Ал енді слайдтағы (К) әрпі тұрған жердегі слайд арасындағы жылдамдығының уақытын 2 секунд деп белгілейміз.



Қазір енді анимацияның қозғалысын **Play** ► батырмасы арқылы көре аламыз. Анимация осы терезеде көрсетіледі. Мен осы анимацияны құру үшін **GIF** форматын пайдаландым өйткені бұл формат анимацияны қабылдай алады. JPEG форматы да қабылдайды, бірақ кей кездерде бұл формат анимацияны оқымай қатуы да мүмкін. Сол себепті **GIF** форматы бізде анимация үшін өте қолайлы формат болып саналады. (B) түстерді көрсету үшін мен 256 мәнін алдым. Бұл бізге анимацияның түсін өте жоғарғы сапада сақтайды, бірақ сақтағанда көлемі кішкене болса да көбірек болады. Мен алдында айтып кеткендей **GIF** форматтың көлемі **403.1К** аспағаны дұрыс болар еді [3].

Бұл мысалды келтіру себебіміз, Adobe Photoshop бағдарламасының мүмкіндіктері мен оның анимациялық қызметін web беттерін құруда пайдалануға болатынын ашуға тырыстық. Adobe Photoshop бағдарламасының оқу үрдісінде барлық мамандық білімгерлеріне үйренулеріне болатындығын және осы бағдарламаны үйренген білімгерлер өз мамандықтарында пайдаланып, ғылыми-зерттеу жұмыстарында қолдануға мүмкіншілік алатындығын жеткізгіміз келеді.

Осы анимацияны қорыта келгенде өте ыңғайлы және де адамды жалықтырмайтын жұмыстардың бірі деп санауға болады. Осы көрсеткен жұмыс арқылы кез-келген компьютер қолданушыға көмегін тигізеді деп ойлаймыз.

Adobe PhotoShop графикалық редакторында суреттерді өңдеу арқылы Web құжаттарын Microsoft Publisher офистік бағдарламасы қолданылды. Бұл программамен жұмыс істегенде көптеген қажетті мәліметтерді білдіңіздер және Adobe PhotoShop-тың да мүмкіндіктерін аша білдім. Яғни бұл деген Web беттері қазіргі кездегі ең сұраныстағы жұмыстардың бірі болып саналады. Кез-келген қандай да мекеме немесе фирма болмасын өзінің жеке Web беттің қажет ететіні белгілі. Сол себепті Web беттерін құру бізге көп көмегін тигізеді деп айтуға болды [4].

Компьютерлердің, теледизондардың және кинотехникалардың түйісуімен компьютерлік графика және анимация туды. Осыған байланысты Web беттерін қай бағытта құрсақ та Adobe PhotoShop графикалық редакторын қолдануға тура келеді.

Web- құжатты құру процесі програмалаумен пара-пар және сонымен қатар қателікке жақын болады. Құжатты қандай әдіспен дайындасақ та әртүрлі браузерлерде оларды құрастыра отырып, қалауымызша сәйкестікке алып келуге болады. Пайда болған беттің көркемдік бағасын беру үшін тәуелсіз ойға жүгіну керек. Қорыта келгенде, Adobe Photoshop бағдарламасының мүмкіндіктері білімгерлердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына нәтижелі жұмыстар жасауға көмегін береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Использование Adobe Photoshop и Illustrator. Специальное издание. П. Бойер; Пер. с англ и ред. П.А.Минько.- М.: Вильямс, 2006.- 1312с.
2. Инженерная и компьютерная графика: Учебник / Б.Г. Миронов, Р.С. Миронова, Д.А. Пяткина, А.А. Пузиков.- 4-е изд., испр. и доп.- М.: Высшая школа, 2004.- 334с.
3. Корабельникова Г.Б. Adobe Photoshop 7 в теории и на практике / Г.Б. Корабельникова.- 2-е изд., испр.- Мн: Новое знание, 2003.- 560с
4. Солоницын Ю. Photoshop 7 для Web - графика: Учебный курс / Ю. Солоницын.- СПб.: Питер, 2002.- 336с

**ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ
И МЕТОДИКА ОБУЧЕНИЯ**

ӘОЖ 581.1 (075.8)

ЭТНОПЕДАГОГИКАҒА НЕГІЗДЕЛГЕН СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

доц. Н.Б. Әужанова, магистр Д.М. Мукашева

І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қ., nasqul@mail.ru

Бұл мақалада этнопедагогикаға негізделген қазіргі заман талабына сай сыныптан тыс жұмыстарда пайдалану жолдарын зерделеу жұмыстары ашылған. Осы жұмыстар барысында оқушылардың дүниетанымын дамытудың жолдары көрсетілді.

В этой статье представлены результаты исследования о возможности организации и проведения внеклассной работы на основе использования этнопедагогика.

In this article research results are presented about possibility of organization and realization of extracurricular work on the basis of the use of folk pedagogics.

Кілт сөздер: этнопедагогика, сыныптан тыс жұмыстар, салт-дәстүр, әдеп-ғұрып.

Қазақ халқының сан ғасырлар бойы жинақтаған мол тәжірибесі, танымдық мұрасы, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, аңыз әңгімелері, жұмбақ, мақал-мәтел, өлең жырлары, ұлттық ойындары ерекше тәрбиелік мәні бар, баға жетпес қазына болып табылады.

Оқушыларды биология ғылымының заңдарымен, қоршаған ортада жүріп жатқан биологиялық құбылыстармен таныстыруда, оны көруге, сезінуге, түсінуге халықтық педагогика элементтерін пайдаланудың маңызы зор.

Этнопедагогикалық зерттеулердің Кеңестік дәуірдегі маңызы мен мәні, қажеттілігі мен көкейкестілігі жөнінде және оны ғылыми педагогиканың құрамдас бөлігі деп қараудың керектігі туралы педагог-ғалымдар: И.Т.Огородников, В.М.Коротов, А.Г.Гордина, М.Ф.Шебаевалар да кезінде келелі пікірлер айтқан еді. Этнопедагогика ғылымы орыс, батыс елдерінде XVII-XVIII ғасырлардан бастап қолға алынған болса, қазақ этнопедагогикасының зерттелу жайы, ғылым ретінде қалыптасу тарихын сөз еткенде оны үш кезеңге бөліп қарастырамыз [1,2].

Қазақ этнопедагогикасының туу кезеңі (XIX ғ. 2-жартысы), оның Қазақ этнопедагогикасының қалыптасу кезеңі (1920-1930 жж.) және Қазақ этнопедагогикасының дамуының үшінші кезеңі (1970-1995).

Орыс, батыс саяхатшы-ғалымдары: П.С.Паллас, Э.С.Вульфсон, А.Вамбери, А.Левшин, А.Янушкевич, Н.Г.Потанин, Н.Л.Зеланд, В.В.Радлов т.б. қатар қазақтың зиялы ақын-оқымыстылары: С.Торайғыров, Ә.Диваев, А.Байтұрсынов, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедов, Н.Құлжанова, М.Әуезов, С.Сейфуллин, М.Ғабдуллин, Б.Момышұлы, Б.Адамбаев, Ш.Ахметов, М.Әлімбаев, Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Ә.Табылдиев, С.Ұзақбаева, М.Балтабаев, И.Бөлеев, З.Ахметова, М.Құрсабаев, М.Смайылова, М.Оразаев, К.Қожахметова т.б. атауға болады [3, 4].

Тақырып бойынша жүргізілген педагогикалық тәжірибелік зерттеу жұмыстарында мектептерде халық тағылымдары негізінде оқушы дүниетанымын дамытудың жәй-күйі зерттеліп, мына міндеттерді шешуге бағытталған іс-шаралар жүргізілді:


а) Оқушылардың эксперимент кезіндегі халық тағылымдарын меңгергенінің бастапқы және соңғы деңгейі көрсетілді.

б) Мектеп тәжірибесінде оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың олқылықтары мен себептері нақты анықталды.

Жоғарыда аталған мәселелерді шешу барысында өз тәжірибемізге сай сыныптан тыс шаралар, өткізілген жұмыстар негізінде оқушыларға сауалнамалар қою, пікірлесу, танымдық сын сайыстар өткізу, бағдарламалар, әдістемелік құралдарды талдау, т. б. жұмыс түрлері арқылы жүзеге асырылды. Зерттеу жұмысында байқалғандай бүгінгі қолданыста жүрген оқу бағдарламалары мен оқулықтарда халық тағылымдары негізінде оқушылардың дүниетанымын дамытуға онша көп көңіл бөлінбеген. Соңғы жылдары ғана біршама зерттеу жұмыстары жүргізіліп жүргендігі байқалады. Осы бағытта өткізілген сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруда ұйымдастырылған шара барысында байқалды.

Тек эксперимент жүргізілген сыныптарда нәтиже көрсеткіштері төмендегідей: сауалнама жүргізген уақытта оқушылардың 19% пайызы ғана ұлттық дүниетаным туралы бітсе, «Атадан қалған асыл сөз» деп аталатын сыныптан тыс шарада оқушылар бойында өзіне деген сенімділік пайда болуда, ой-пайымдаулар жасауға дағдыланды. Сынып оқушылары сапа көрсеткіш тұрғысынан алғанда 10-оқушысы толыққа жуық дағдыланды. Яғни бұл көрсеткішсыныптың 38% пайызына жетті. Сонымен бірге өткізілген «Менің Республикам» атты шарасында сыныптың 20-оқушысы ұлттық дүниетаным туралы толық меңгеріп шықты оны анықтау қиынға соқпайды, оқушылардың рухани жан-дүниесі молайып, өзін, өзгені құрметтеуге, санаса білуге деген ұмтылыстары байқалады. Осы аталған шарада оқушылардың сапасы 77% пайызға көтерілді. Осындай шаралар сынып оқушылары арасында көрсеткіштердің көтерілгенін көрсетіп отырды. Бұл нәтиже төмендегі 1 диаграммада келтірілді.

1 Диаграмма



Зерттеу барысында үш деңгей есепке алынды.

Олар: жоғары, орта, төмен.

Жоғары деңгей – халық тағылымдарын қызығушылықпен қабылдап, оның әлеуметік түрлерін іс жүзінде пайдалану дағдылары біршама қалыптасқан және оның тәрбиелік мүмкіндіктерін түсініп, бағалай алуы.

Орта деңгей – халық тағылымдарының танымдық, тәрбиелік мәнін түсінуге құлшынысы бар, бірақ тұрмыс-тіршілікте пайдалануы әлі де жүйелі қалыптаспаған.

Төмен деңгей – халық тағылымдарының танымдық мәніне көңіл бөлмейді, тұрмыс-тіршілікте пайдалану дағдылары қалыптаспаған.

Аталған деңгейлердің нәтижесін шығаруда 8 – сынып оқушыларының арасында сауалнама жүргізілген болатын.

Сауалнама


1. Әр халықтың сәлемдесу мәнерін қалай түсіндірер едің?
2. Отбасы туралы түсінігің?
3. Әке мен анаға байланысты туыстық атауларды ата?
4. Тыйым сөздер не үшін қажет?
5. Ырымдарға сенесің бе, неліктен?
6. Бата түрлерін ата, бата алу неге қажет?
7. Отбасыдағы перзенттің орнын ескерудің мәні неде?
8. Қарашаңырақ, отау шығару ұғымдарын қалай түсінесің?
9. Ұлттық қол өнер түрлерін ата?
10. Санаға байланысты халықтың ұғымдарынан не білесің?
11. Халықтың қарапайымдылық, көмектерін атап бер?
12. Маусымдық мерекелерді ата?
13. Бір мүшел (13 жас) жасқа байланысты рәсім, жоралғыларды білесің бе?
14. Той түрлерін ата?
15. Наурыз мейрамының ерекше белгілерін атап бер?

Сауалнама мақсаты – оқушылардың дүниетанымын анықтау бағытында таратылды.

Оған 83 оқушы қатынастырылды. Соның ішінде 8 В сыныпта 26 оқушы тапсырған болатын, нәтижесі 2 диаграммада көрсетілді.

Нәтижесінде оқушылар дүниетанымын халық тағылымдары негізінде қалыптастырудың мынадай олқылықтары байқалды: қоғамда, отбасындағы тіршілікте баладан сұраныс болмауы, әрі тұтынуға деген қажеттіліктің туындамауы.

2 Диаграмма



Халықтың салт-дәстүр, әдеп-ғұрыпын, ырымдар мен тыйымдарды атап беруде, танымдық тәрбиелік мәндерін ашуда өзіндік пайымдаулары төмен көрінді. 26 оқушының 5 озаты ғана жауап берді. Нәтижесі сапа көрсеткішпен көрсетсек, 26 оқушыдан 19% пайыз болды.

Халық педагогикасы материалдарын пайдалану эксперимент барысында байқалған ерекшелік оқушылардың сабақта да, үй тапсырмасын орындауда да шығармаларды, ауыз әдебиетін, аңыздарды білуге ынталанғаны анықталды. Егер оқушылардың алғашқы қызығушылығы 11 пайыз болса, эксперименттің нәтижесінде ол 52 пайыз болды, сонда өсу көрсеткіші 41 пайызды құрады.

Сөйтіп, халықтық педагогика материалдары оқитудың тиімді түріне айналып, оқушылардың биологияға қызығу деңгейін және білу ынтасын, оның сапасын тиянақтап, сабақ үлгерімін арттырады.

Тәрбие сағаттарының тақырыптары келесі болуы мүмкін: «Ас – адамның арқауы», «Жан сұлулығы – тән сұлулығы», «Қызы бардың қызығы бар, ұлы бардың ұлығы бар», «Салт – дәстүрді білесің бе?» т.б.

Мақсат-міндеттері: *Білімділік мәні:* Оқушылардың бойына халқымыздың рухани байлығын сіңіру, ұлтымыздың басты құндылығы – дәстүрлерінен үлгі ету. Олардың киген ұлттық киімдері жайлы білімдерін толықтыру. Оқушыларды дастарқан басында сақталатын рәсімдермен, ырым-тыйымдармен таныстыру. Ұлттық тағамдарымыздың қасиетімен және ұлттық ыдыс-аяқтармен таныстыру. Оқушыларды қазақ жігіті мен қызының бойына тән өнерлік, тәлімдік қасиеттермен қалыптастыру.

Тәрбиелік мәні: Оқушыларды ұлтжанды, ұлттық салт-дәстүр үлгісінде тәрбиелеу. Қыз бала мен ұл бал тәрбиесі қашанда халық назарында екенін естен шығармауға, мейірімділік, қарапайымдылыққа тәрбиелеу. Оқушыларды дәстүрді сақтауға, нанды, басқа да тағамдарды қастерлеуге, ас ішу тәртібін әркез есте сақтауға тәрбиелеу.

Дамытушылық мәні: Оқушылардың ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптармен байланыстырып тілдерін, сөздік қорларын байыту, қазақ жігіттері мен қыздарының дағдыларын дамыту

Көрнекіліктер: 1. Нақыл, қанатты сөздер, мақалдар жазылған плакаттар.

2. Қазақтың ұлттық колөнерлері.

3. Тұрмысқа қажетті заттар.

4. Буклеттер, альбомдар, сөзжұмбақтар, сөзерімдер, ыдыс-аяқ суреттері, суреттер көрмесі.

«Тамақты тарта жесең, сананды ашар, көп жесең ұйқы басар»

«Таспен атқанды, аспен ат», «Дүниедегі байлықтың түрі көп, солардың ішіндегі ең негізгісі де осы нан байлығы».

Тәрбие сағаттарының соңында «Сыр сандық» ойыны ойнауға болады. Оқушылар салт-дәстүр, ұлттық салт, музыкалық фольклор, қол тума т.б. ұлттық таным бойынша сайысқа түседі. Осы сайыстарға қажетті материалдар төменде келтіріледі [9].

«Қазақ халқының салт-дәстүрлері» тәрбие сағаттарына материалдар

Салт – дәстүрлердің түрлері					
Діни әдет-ғұрыптар		Отбасылық той-томалақтар мен жиындар		Маусымдық халықтық мерекелер	
1	Ырымдар мен нанымдар	1	Үйлену тойы	1	Жалпы халықтық тойлар
2	Діни рәсімдер мен мейрамдар	2	Бала тәрбиелеу	3	Кәсіптік мейрамдар
		3	Жерлеу салты		

Ырымдар мен нанымдар. Он және теріс бата, жылан арбау, күн жайлату, ауруды емдеу, кәрі жіпті іліп қою, отқа май құю, дуалау, бәдік, алғыс-қарғыс, бақсылық және т.б.

Діни рәсімдер. Намаз оқу, ораза ұстау, зекет-садақа беру, қажылыққа бару.

Діни мейрамдар. Ораза айт, құрбан айт

Жалпы халықтық тойлар. Наурыз мейрамы, Қымызмұрындық, Сабантой (мизам), Соғым басы.

Кәсіптік мейрамдар. Биебайлау, сіргежияр, жүн қырқар, тулақшашар, күйек байлау, шашыратқы, уызқағанақ және т.б.

Қазақтың төрт тойы.

Наурыз мейрамы – күн мен түн тепе-теңдікке келген сәттен бастап тойланады. Наурыз мерекесінде көпшілік бұлақтардың көзін ашып, тал егіп, игілікті жұмыстар атқарады.

Бұл кезде мал төлдеп, жер көктеп, дүние жаңара бастайды. Сондықтан да наурыз тойын «тепетендік», «игілік», «жаңару», мейрамы деп атайды [5,6].

Қымызмұрындық – жаз тойы болып, мамыр айынан бастап маусым айына созылатын үлкен той. Осы кезде мал отығып, биелер желіге байланып, қымыз жиналып, ағайын-жекжаттар бірін-бірі қымызға шақырады. Құран оқып, мал сойылып, түрлі ойын-сауықтар, жарыстар ұйымдастырылады. Осы кезде түрлі той-томалақтар да өткізіледі.

Мизам (Сабан той). Күз айында дикандар мен бағбандардың құрметіне арналған той. Бұл тойда түрлі жарыстар мен ойын-сауықтар өткізілді.

Соғым басы – қыс тойы болып алғаш рет қар жауып аяз түскен сәттен басталады. Осы кезде ауыл адамдары соғымға сақтаған малдарын сойып, бірін-бірі қонаққа шақырады. қыстың ұзақ түнінде ақындар мен жыршылар терме, кисса, ертегі айтып, жұртты қызыққа батырады.

Үш санындағы ұшқыр ой

№	Түрлері	Атауы
1.	Үш жұрт.	1. Ағайын жұрт. 2. Нағашы жұрт 3. Қайын жұрт.
2.	Үш байлық.	1. Денсаулық. 2. Ақ жаулық. 3. Он саулық.
3.	Үш би.	1. Үйсін –Төле би. 2. Арғын – Қаздауысты Қазыбек би. 3. Алшын – Әйтеке би.
4.	Үш дана.	1. Абай 2. Шоқан 3. Ыбырай.
5.	Үш қат.	1. Жоғары қат – аспан. 2. Орта қат – жер үсті 3. Төменгі қат – жер асты.
6.	Үш қуат.	1. Ақыл қуат. 2. Жүрек қуат. 3. Тіл қуат.
7.	Үш ғайып.	1. Ажал ғайып. 2. Қонақ ғайып. 3. Несібе ғайып.
8.	Үш арсыз.	1. Ұйқы арсыз. 2. Тамақ арсыз. 3. Күлкі арсыз.
9.	Үш дауасыз.	1. Мінез. 2. Кәрілік. 3. Ажал.
10.	Үш қадірлі.	1. Ырыс. 2. Бақ. 3. Дәулет.
11.	Үш қадірсіз.	Адам жастық шақтың, денсаулықтың, жақсы жардың қадірін білмейді
12.	Үш жамандық.	1. Нақақ қан төгу. 2. Кісі малын нақақ алу. 3. Ата-бабаның көзі – ескі жұртты бұзу.
13.	Үш жақын.	1. Жан тәтті 2. Бала тәтті 3. Жар тәтті
14.	Үш ақиқат.	Қымбат – шындық, арзан – өтірік, дауасыз – кәрілік.
15.	Үш қуаныш.	1. Алғыс алу. 2. Өзінді көптің іздеуі. 3. Ісінің өшпеуі.
16.	Үш биік.	1. Билік. 2. Дәулет. 3. Даналық.
17.	Үш асыл.	1. Көз. 2. Тіл 3. Көңіл.
18.	Үш артық.	1. Адалдық. 2. Еңбексүйгіштік. 3. Өнерпаздық.
19.	Үш ынтық.	1. Еркін өмір. 2. Құрметке бөлену. 3. Пайдалы еңбек ету.
20.	Үш тұл.	1. Қайратсыз ашу тұл. 2. Тұрлаусыз ғашық тұл. 3. Шәкіртсіз ғалым тұл.
21.	Үш апат.	1. Ғалымдар мен қарттарды сыйламау. 2. Үкіметті сыйламау. 3. Асты ысырап ету.
22.	Үш кедейлік.	1. Кежірлік. 2. Еріншектік. 3. Ұйқы.
23.	Үш кемдік.	1. Надандық. 2. Еріншектік. 3. Зұлымдық.
24.	Үш бақытсыздық.	1. Жаман ат. 2. Жаман қатын. 3. Жаман көрші.
25.	Үш көз.	1. Су анасы – бұлақ. 2. Жол анасы – тұяқ. 3. Сөз анасы – құлақ.
26.	Үш тоқтам.	1. Ақыл – арқан. 2. Ой – өріс. 3. Адам – қазық.

27.	Үш қасиет.	1. Өліде – аруақ. 2. Малда – кие. 3. Аста – кепиет.
28.	Үш тағлым.	1. Мейірім сауап. 2. Жақсылықтан – шарапат. 3. Жамандықтан – кесапат.

№	Түрлері	Талапқа сай түсінік
1.	Он атаға дейінгі туысқандық қатынас.	Әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат, жүрежат, кекжат, жұрағат.
2.	7 қазына.	Ер жігіт. Құмай тазы. Сұлу әйел. Қыран бүркіт. Ілім, білім. Берен мылтық. Арғымақ ат.
3.	Жеті жұт.	Құрғақшылық, мал жұт, оба, өрт, соғыс, жер сілкіну, сел жүру.
4.	Адамды әдепке тәрбиелейтін ырымдарды.	Үйге жүгіріп кірме, босағаны керме, аяғынды (табанынды) тартпа, үйде ысқырма, жағынды таянба, үлкеннің алдын кеспе, құмырсқаның илеуін баспа.

Ақтайлақ би Қарауыл Қанай шешеннен: Ер басында бақыт нешеу, кемдік нешеу, құлазу нешеу? – деп сұрайды. Сонда шешен былай деп жауап берген [7, 8]:

- Ер басында бақыт – бесеу, құлазу – төртеу, кемдік – үшеу.
Астындағы атың жүрдек болса – жалғанның пырағы.
Алғаның жақсы болса – үйің мен қонағыңның тұрағы.
Балаң жақсы болса – екі көздің шамшырағы.
Әкең – асқар тау, шешен – аққан бұлақ.
Міне, бес бақыт осы.

Жайлаған ел кетсе – көл құлазиды,
Жайылған мал кетсе – бел құлазиды,
Нарқын танымаған – сөз құлазиды,
Қатарынан айырылған – шал құлазиды.
Міне, төрт құлазу – осы.
Атың шабан болса – дүниенің азабы,
Алғаның жаман болса – өміріңнің тозағы,
Балаң жаман болса – көріңгеннің мазағы.
Міне, үш кемдік осы.

«Кім жау?» деген сұраққа Малайсары би былай жауап беріпті:

Жаман болса – жақын жау,	Тебеген болса – биен жау,
Шабан болса – атың жау,	Күнде келсе – күйеу жау,
Шайпау болса – қатын жау,	Жымысқы болса – жиен жау,
Кетеген болса – түйен жау,	Тіп алмаса – ұлын жау.

Қаржас Шорман бидің баласы Мұса Қанжығалы Саққұлақ шешенге:

- Ағат деген немене,
Санат деген немене,
Қанат деген немене,
Жанат деген немене? – деп сұрақ қойыпты.
Сонда:

Екі жаман ұрысса,
Ағат емей немене!?
Екі жақсы сөйлесе,
Санат емей немене!?
Міңген атың қажытпай.
Мәрелі жерге жеткізсе,
Қанат емей немене!?
Тоқтымақтың терісі
Тондырмаса суықта
Жанат емей немене!?

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері және тарихы. – Алматы: Білім, 2004.
2. Қалиев С., Молдабеков Ж., Иманбекова Б. Этнопедагогика. – Астана, 2005.
3. Қалиев С., Оразаев М., Смаилова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері – Алматы: Рауан, 1995.
4. Қожахметова К.Ж. Халық педагогикасын зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері – Алматы, 1993.
5. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы: Санат, 2001.
6. Ғаббасов С. Халық педагогикасының негіздері. – Алматы, 1995.
7. Оразбекова К. Ұлттық психология мен халық тәрбиесі болашақтың бастауы хақында. – Алматы, 2005.
8. Өтешова Б. Ұлт ұрпағының дүниетанымын халық тағылымдары арқылы дамыту. – Алматы, 2007. – 168 б.
9. <http://ustaz.kz/sait-bolimderi/file/348-bayan-salt-dastur>

ӘОЖ 378.2

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ЛИДЕРЛІК САПА ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҢЫЗЫ

С.Қ. Мамилина, М.Д. Шынтемірова

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы
mamilina_samal@mail.ru, nor8.makpal@mail.ru,*

Жоғары оқу орны студенттерінің лидерлік сапа қасиеттерін қалыптастыру маңызы қарастырылады

В данной статье рассматривается сущность формирования лидерских качеств студентов вуза.

The sense of leadership skills formation at university students is considered in this article.

Тірек сөздер: лидер, лидерлік, қасиет, үдеріс, қызмет, модель, компонент, тәрбие, студент.

Лидерлікті зерделеу мәселесі бүгінгі уақытта саяси үдерістерді сараптаудағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бүгінде әрбір адамға қажетті лидерлік қасиеттің негізі бала күннен басталады және алдымен отбасы мен мектепте тәрбиеленеді деп саналады. Бұл институттар жасөспірімнің бойында лидерлік

қасиеттерді дамытуға мүдделі болып табылатын болғандықтан бала-лидер тұлғасын қалыптастыру ісінде отбасы мен мектеп жоғары оқу орны потенциалын зерттеу мәселесінің өзектілігін арттыра түседі. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың тұлғасына деген қызығушылық зор және ол арта түсуде. Солай бола тұра, оның өмір жолына арналған түбегейлі қолданбалы зерттеулер жетіспейді. Н. Ә. Назарбаев тәжірибесінің құндылығы Қазақстанның ұлттық ерекшелігі жағдайында Ұлт лидері тұлғасы қалыптасуының бірегей әдістемесін ұсынуында.

Бұл әдістеменің мақсаты тұлғаның лидерлік қасиеттерінің қалыптасуындағы отбасының, мектептің және басқа әлеуметтік институттардың рөлін анықтау болып табылады.

Егеменді еліміздің оқу орындарында студенттердің лидерлік қасиеттерін дамытуды зерттеу мәселесінің көкейкестілігі бүгінгі күні қоғам өмірінің ауыспалылығымен түсіндіріледі. Қазіргі қоғамға мәселені шешуде оған жаңаша қарай білетін азаматтар қажет. Осыған байланысты студенттердің лидерлік қасиеттерін қалыптастырудың тиімділігін зерттеу маңызды болып табылады, яғни нағыз осы жас кезеңінде ересектік өмірде ашылатын лидерлік потенциалдың негізі қалыптасады. Осыған байланысты лидерлерге байланысты қажеттілік туындайды.

Белгілі ғалымдардың анықтамасы бойынша, Лидер – формалды емес қарым – қатынас жүйесінде, топқа жетекші әсер ететін адам (Р.Л. Кричевский) [1, б. 214].

Лидерлік – қоғамның, ұйымның, топтың мүшесі (лидер) нақты мақсатқа жетуде басқаларды ұйымдастыратын және оларды бағыттайтын, әлеуметтік – психологиялық процесс (А.А. Ершов) [2, б. 109].

Лидер – өз қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында, қоғамдық қызығушылықты жүзеге асырушы адам (Л.И. Уманский) [3, б. 52].

Лидер – тұлғааралық қарым – қатынаста анықталатын топ құндылықтары жайында анағұрлым көбірек білетін адам (Р.К. Бекмағанбетова) [4].

Лидерлік — бұл жеке адамдарға немесе бір топтағы адамдарға әсер ету қабілеті.

Лидерлікті қолданудың үш тәсілі бар:

- жеке адамдардың қабілеті мен көзқарасы тұрғысынан қарағанда;
- тәртіптілік;
- жағдайлық.

Жеке адамдардың қабілеті мен көзқарасынан қарағандағы тәсілдің ерекшелігі мынадай:

- интеллект пен білім деңгейі;
- әсерлі сыртқы келбет;
- адалдық;
- дұрыс бағыттағы ақыл;
- экономикалық және әлеуметтік ғылым;
- өзіне деген сенім.

Қызмет мазмұнына байланысты:	а) лидер-рухтандырушы, әрекет бағдарламасын ұсынушы; ә) лидер-орындаушы, берілген тапсырманы орындауды ұйымдастырушы; б) біруақытта рухтандырушы да орындаушы да болып табылатын лидер.
Жетекшілік ету стиліне байланысты:	а) авторитарлы;

	ә) демократиялық; б) бойында осы екі стильдің болуы.
Қызметінің сипатына байланысты:	а) әмбебап, яғни лидерлік қасиетін әркез көрсетеді. ә) жағдайлық лидер, яғни лидерлік қасиеті белгілі бір жағдайда көрінеді.

Лидерлердің үш типін ашып көрсетуге болады:

1. Басшы – топтағы ең беделді яғни адамды сендіргіш, көз жеткізгіш қасиетін иеленетіндер. Америкалық зерттеуші Р. Стогдилл басшылардың сапалық белгілерін төмендегідей ұсынады:

- физикалық сапасы – белсенді, іскер, дені сау, мықты;
- жеке тұлғалық сапасы – мүмкіншілігі мол, беделді, мақсатқа талпына білетін;
- парасаттылық сапасы – ақыл, қажетті шешімді дер кезінде шығара алатын, түйсік, шығармашылық бастамасы бар;
- мүмкіншілігі – байланысшыл, көпшілікпен тез тіл табысатын, әдепті, дипломатиялық қатынасты жүргізе алады.

2. Лидер (тар мағынада) Басшыдан да беделді. Ол сендіру, көз жеткізу арқылы ұдайы өзін мақтап, үлгі тұту арқылы (мен секілді жаса!) Оның жасағаны арнайы ереже сияқты формалды топтың арасына таратылады.

3. Жағдаятты лидер жеке сапасын тек нақты жағдайларда іске асыруда иеленеді. Мысалы: ұжымдағы салтанаттарда, спорттық шаралар мен туристік саяхаттарда т.б [5, б. 416].

Қоғам тез өзгеруде, сондықтан кешегі жетістік формулалары бүгінгі күнге сәйкес келмейді. Нәтижесінде, егер бүгін кешегі немесе одан сәл жақсы әдістермен әрекет етсе – бұл жетістікке әкелмейді. Оқу орындарының алдында өте ауыр міндет тұр – өзгерістердің ықпалына төзе алып, мына өзгермелі заманда өздерінің бәсекелестікке қабілеттіліктерін сақтай алу. Үлкен өзгерістер болып жатса, тиімді лидерге деген қажеттілік көбейе түседі. Сондықтан соңғы он жылдықта лидерлік қасиеттерді дамытуға ықпалын тигізетін корпоративтік мәдениет жасау қажеттілігін түсінді.

Жетістікке жетудегі лидерлік дағдылардың өсіп бара жатқан маңыздылығына қарамастан, негізінде адамдардың өмір барысында алатын тәжірибелері оларда лидерлік қасиеттердің дамуына кедергі келтіреді. Жас маманға лидер ролінде өзін сынап көруге, өз тәжірибесінде тәуекелге барып және жеңістің қуанышын немесе жеңілістің ашы дәмін татуға мүмкіндік береді. Тәжірибенің осындай түрі - қызметкерде лидерлік дағдыларды дамытуға алғы шарт болып табылады. Осындай сынақ лидер ролінің қиындығын өз басында сезіне отырып, өзгерістерді жүзеге асыру жағынан көптеген мүмкіндіктердің бар екенін біледі.

Кесте 1 - Жоғары оқу орны студенттерінің лидерлік сапа қасиеттерін қалыптастырудың құрылымдық моделі

Компоненттері	Өлшемдері	Көрсеткіштері
1. Мотивациялық	Жасөспірімдердің лидерлік қасиеттері қалыптасуындағы қарым - қатынас	- лидер болуға тұрақты ниет білдіру; - өзіндегі сенімділікті арттыру; - шешім қабылдауға дайын болу және өзіне жауапкершілікті алу; - ортақ мақсаттарды жүзеге асыруда

		табандылық таныту, оларды іске асыруда өзінің мүмкіндігін ұғыну.
2. Мазмұндық	Лидерлік қасиеттерінің жүйелілігі	- кәсіби міндетін жете білушілік; - парасаттылық (мұнсыз беделге ие болу өте қиын); - дамыған жеке тұлға (өзекті мәселенің жайын тез арада түсінетін, ақылдылыққа бейімделгіш, алды – артын ойлағыш, жоспар және алға мақсат қоя алатын қасиеті бар).
3. Процессуалды	Лидерлік дағды, іскерліктері, белсенділіктері	- ойды түсінікті және нақты жеткізе алу, қызметкерлерді тыңдай білу, ескерту жасау, кеңес беру; - ықыластылық, басқа адамдардың адамгершілігін құрметтей білу, оларды түсіне біту, олардың қамқорлықтары мен проблемаларын түсіне алу; - оларға демеу жасау.

Бұл модель лидерлікті дамыту – мақсатқа бағыттталып қалыптасқан және жетекшілердің лидерлік мінез – құлықтарының дағдылары мен соған сай сапаларын тереңдету. Одан бұрын, бұл жақындық лидерлікті дамытудың оқыту және өзін - өзі оқыту жолымен және қалыптасуымен тікелей байланысты.

Берілген зерттеу мүмкіндіктерін іске асыруда балалардың қоғамдық ұйымдарында жасөспірімдердің лидерлік қасиеттерін қалыптастырудың құрылымдық моделі негізге алынды. Оның басты компоненттері болып мотивациялық, мазмұндық және процессуалдық саналды (Кесте 12).

Мотивациялық компонент балалардың қоғамдық ұйымдарында жасөспірімдердің лидерлік қасиеттерді қалыптастыруға деген саналы қарым – қатынасымен сипатталады. Аталған компоненттің өлшемдері жасөспірімдердің лидерлікке деген қызығушылықтарымен қажеттіліктері болып табылады, олардың қалыптасуының дәрежесін өлшеуде мынадай көрсеткіштерді қолдануға болады:

- лидер болуға тұрақты ниет білдіру;
- өзіндегі сенімділікті арттыру;
- шешім қабылдауға дайын болу және өзіне жауапкершілікті алу;
- ортақ мақсаттарды жүзеге асыруда табандылық таныту, оларды іске асыруда өзінің мүмкіндігін ұғыну.

Мазмұндық компонент жасөспірімдердің жеке интеллектуалды және өнегелік лидерлік қасиеттері жиынтығымен сипатталады және келесі өлшемдерде көрініс табады:

- кәсіби міндетін жете білушілік;
- парасаттылық (мұнсыз беделге ие болу өте қиын);
- дамыған жеке тұлға (өзекті мәселенің жайын тез арада түсінетін, ақылдылыққа бейімделгіш, алды – артын ойлағыш, жоспар және алға мақсат қоя алатын қасиеті бар).

Процессуалды компонент балалардың қоғамдық ұйымдарында жасөспірімдердің лидерлік қасиеттерін дамытуда лидерлік іс - әрекеттерін жүзеге асыра білу біліктерінде байқалады. Бұл компоненттің өлшемдеріне лидерлік дағды, іскерліктері, белсенділіктері жатады және мынадай көрсеткіштермен анықталады:

- ойды түсінікті және нақты жеткізе алу, қызметкерлерді тыңдай білу, ескерту жасау, кеңес беру;

- ықыластылық, басқа адамдардың адамгершілігін құрметтей білу, оларды түсіне білу, олардың қамқорлықтары мен проблемаларын түсіне алу;
- оларға демеу жасау (Кесте - 1).

Лидер болып туылады, дегенмен кез келген адам өзінде негізгі, базалық лидерлік қасиеттерді дамыта да алады. Олар қандай қасиеттер? Заманауи лидерлердік басты қасиеттері ретінде психолог-ғалымдар 12 лидерлік қасиеттерді анықтады. Осы қасиеттерді үш дағдыларға бөлуге болады.

Лидерлердің мінез бітістері туралы қазіргі кезде көп айтылып жүр. 1940 жылы американ психологы К.Бэрд көптеген лидерлерде «лидерлік қасиеттер деп есептелінген 79 мінез бітістер тізімін жасаған. Осыдан кейінгі жұмыстар бұл тізімге жаңа қасиеттерді қосты. Бірақ кейбір қасиеттер көптеген еңбектерде қайталанатын және тізімде салыстырмалы орнықты орын алады. Олардың әрқайсысының жұмыс істеуі нақты орынға, уақытқа, жағдайға және тұлғалық ерекшеліктерге тікелей байланысты. Қазіргі кезде жиі қолданылатын лидерге қажетті тізімді атап өтейік: потенциалды мүмкіндіктерді көре білу, болашақтың жалпы көрінісін жасай алу, болашақтың жалпы көрінісін нақты нәтижелерге айландыра алу; өзін қоршаған адамдарда дамыта алу, қызметкерлердің қабілеттерін аша алу; өзгерістерді қолдау, ақылға сыйымды, есептелінген тәуекелге баруға дайын болуы; өз-өзіне сенімділік, компетенцияның жоғары дәрежесі, әрдайым үйренеді, оқиды, білімін практикада қолдануға тырысады; жағымды ойлайды және сөйлейді; ұжымдық басқаруға дайындық көрсетеді, партнерлік сезімді дамытады; қоғам, ұжым мүдделеріне, құндылықтарына сай әрекет етеді; кемшіліктерді ашық мойындайды, қиындық және жеңіліс жағдайында қозғалыс энергиясын соңына дейін сақтайды. Сонымен бірге, жынысы, салмағы, бойы, экстроверсиясы, тартымдылығы және дауыс тембрінің ешқандай маңыздылығы жоқ. Әрине, барлық қасиеттер бір уақытта қажет болмайды. Тек қазір, дәл осы уақытта қажет бірнеше жақсы дәрежеде дамыған қасиетке ие болған немесе дамытқан маңыздырақ.

Лидерді тәрбиелеу және оның өзін-өзі тәрбиелеуі әрдайым жүретін процесс. Лидер болу үшін, сәйкесінше мәдениет, білім, өмірлік тәжірибеге және кәсібилікке қол жеткізу қажет. Әрине, лидер өз-өзін тәрбиелейді және дамытады. Бірақ кез келген компанияның персонал қызметінің және басшылығының міндеті – лидерлік нышандары бар қызметкерлерді анықтап, сіздің ұйымыңызда қабілеттерін дамытуға көмектесіп және күшін сынауға орын тауып беру болып табылады. Керісінше жағдайда, лидерлік нышандары бар қызметкерлер пісіп жетіліп, өзін көрсететін мүмкіндіктер көрмей, компаниядан кетіп қалады. Ол өзімен бірге сіздің компанияңызда алған тәжірибені, білімді, ал кейде басқа да қызметкерлерді алып кетеді. Сондықтан лидерлерді тәрбиелеу, дамыту және оларға өз күштерін жұмыста, тәжірибеде байқап көруге мүмкіндік беру өте маңызды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кричевский Р.Л. Психология руководства и лидерства. М.: МГУ, 1985. - С.214.
2. Ершов А.А. Психология коллектива. М., 1997. - С.109.
3. Уманский Л.И. Психология организаторской деятельности школьников. М., 1990. - С.94.
4. www.wikipedia.com – Лидерство, качества лидера.
5. Водачек Л, Водачкова О. Стратегия управления инновациями на предприятии. - М.: Экономика. –1999.
6. Герчикова И.Н. Менеджмент: учебник для вузов. М.: ЮНИТИ "Банки и биржи", 1994. – С. 68-69.
7. Горбунов Г.Д. Психопедагогика спорта. - М.: ФиС, 1986. - 208 с.

8. Деркач А.А., А.А. Исаев. Творчество тренера. - М.: ФиС, 1982.
9. Джон Ф. Берджес, Дэн Шгайнхофф. Основы управления малым бизнесом. Москва 1997. – С. 26-27.
10. Друкер П. Эффективное управление. – Пер. с англ. – М.: ФАИР-ПРЕСС, 1998.
11. Зуб А.Т, Смирнов С. Лидерство в менеджменте // Воскресенье. ЗАО "Принт – Ателье". М, 1999.
12. Конти Т. Самооценка в организациях. – Пер. с англ. – М.: РИА "Стандарты и качество", 2000.
13. Льюис. Менеджер – наставник. Стратегия раскрытия таланта и распространения знаний. – Пер. с англ. – Минск: Амалфея, 1998.
14. Любинова Н.Г. Менеджмент - путь к успеху. М.: ВО Агропромиздат, 1992. – С. 65-66.
15. Менеgetti А. Психология лидера. - Пер. с итальянского. – М.: Славянская Ассоциация Онтопсихологии, 1999.

ӘОЖ 378.2

ТҰЛҒАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН АНЫҚТАУ ЖОЛЫ

М.Д. Шынтемірова, С.Қ. Мамилина

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы

nor8.makpal@mail.ru, mamilina_samal@mail.ru

Тұлғаның әлеуметтік – психологиялық ерекшеліктерін анықтау жолы

В данной статье рассматриваются пути выявления социально-психологических особенностей личности.

Detection ways of social – psychological features at the personality is coincident is this article

Тірек сөздер: тәрбие, әлеуметтік, психология, тұлға.

«Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында»: «Қазіргі заманғы қоғамда адамнан тек политехникалық білімді болуын талап етіп қана қоймай, жоғары деңгейдегі мәдениет, ғылым мен техниканың түрлі салаларында терең мамандануын ғана емес қоғамда өмір сүріп тіршілік ете білуді талап етеді. Болашақ мұғалімнің жеке тұлғасын тұлғалық дамуының негізгі параметрлері оның жалпы адамзаттық құндылықтарға бағытталуы, ізгілік, зиялылық, креативтілік, белсенділік, жеке басының намыс сезімі, ой-пікірдегі тәуелсіздік болып табылады. Осы қасиеттердің даму деңгейі тұлғаның әлеуметтік қалыптасу мен әлеуметтік біліктілігінің көрсеткіштері деп қарастыруға болады», - деп атап көрсетеді [1].

Негізгі міндеттерге жас ұрпақты тәрбиелеудің әлеуметтік маңызы мен болашағын қоғамның түсінуін; оқушылар мен жасөспірімдердің және жастардың түрлі әлеуметтік топтармен өзара қарым-қатынасты реттеуінде жауапты шешім қабылдай алатын және өзіне жетекшілік рөл ала білетін, дербес жеке тұлға ретінде ашық ақпараттық, білікті, іскерлік және әлеуметтік кеңістік құруды ұйымдастыру; оқушылар мен жастардың қоршаған ортаға, қоғамға, табиғатқа оң көзқарасын қалыптастыруға

мүмкіндік туғызу, әлеуметтік-педагогикалық жағдай жасауды ұсынады. Тәрбиеге әлеуметтік көзқарас тұрғысында адам көптеген әлеуметтік жүйенің компоненті болып саналады: отбасы, ұжым, кәсіби топ, этнос, қоғам және т.б.

Тәрбие тұжырымдамасында көрсетілгендей, тұлға бойында әлеуметтік-мәнді және жеке қасиеттерін қалыптастыруға (әлеуметтік бейімділік, әлеуметтік белсенділік, әлеуметтік тұрақтылық) әлеуметтік қарым-қатынас жүйесінде шығармашылық пен дербестікті дамытуға, қоғамдағы өзгерістерден дереу және тез әсер алу, белсенді өмір ұстанымында болуға ықпал жасайды.

Тұлғаның әлеуметтік – психологиялық ерекшеліктерін анықтау жолында негізінен

Е. С. Кузьминнің, А. А. Свинецкийдің, К. Роджерстің, А. Маслоудың тағы басқа ғалымдардың тұжырымдаулары бойынша, тұлғаның өзін - өзі бағалауы, өзіндік «Менін» бағалауы, өзіндік актуализациялануға талпынысы, қоршаған ортаны субъективті қабылдауы, әлеуметтік – психологиялық қасиеттерін қарастырудың маңызы зор. Тұлғаның қоршаған ортамен қарым – қатынасы, жеткен жетістіктері мен ерекшеліктері көптеген жағдайларға тәуелді, оларды тұлғаның әлеуметтік есею ұғымымен түсіндіреді. Шетел психологиясында тұлғаның әлеуметтік есеюін «өзіндік аяқталу» терминімен белгілейді және оның мағынасын тұлғаның өз мүмкіндіктерін аңғаруына және дамытуына бағытталады деп сипаттайды. Өзіндік актуализацияланатын тұлға, ең алдымен, дербестігімен, өз мәнді іске асыра алуымен, өзіндік тұжырымдауларымен, ақиқатқа талпынысымен сипатталады. Адамдар өз жағдайларын өздері құрайды. Сонда әлеуметтік жағдайды қатысушылардың әрекеттері құрайды. Әлеуметтік орта өздігінен өзгертін ауа – райынан өзгеше болып келеді. Ол үй сияқты, біз оны өзіміз құраймыз [2]. Мысалы: Маркстің топтауына сүйенсек, тұлға өз тағдырларын өзгертуге өз септігін тигізе алады. Қоршаған ортаның ұсынан моделі үнемі өз тұжырымдауымызға сәйкес келе бермейді. Тұлға мен әлеуметтік орта қатынасын түсінуде бұған тұлғаның жеке бас ерекшеліктерінің зор екендігі атап өту керек. Қоғам дамуды оңды болуы үшін адам бойында оңды қасиеттердің дамуы зор мәнге ие. Жалпы индивидтің қоғамдық қатынастарда активті субъект ретінде функциялануына мүмкіндік беретін әлеуметтік топқа немесе қоғамға тән, мәдениет ұғымына енетін белгілі – бір білімдер жүйесін, игеруі әлеуметтену үрдісі ретінде қарастырылады. Тұлғаның әлеуметтенуі тек әлеуметтік – бақыланатын және бағыттылық – ұйымдасқан жағдайлар жиынтығынан ғана емес, сонымен қоса, аяқ - асты жағдайларына да тәуелді болып келеді. Сонда адамдар өміріндегі кездейсоқ жағдайлар, конформды ойлау ерекшеліктері, өмірді көрген қиыншылықтары адамның өзіне тән қоршаған ортасына деген көзқарасын өзгертеді [3]. Әлеуметтік жағдайларға саналы мөлшерде икемделу тұлғаның өзіне, қоршаған ортаға зиянын тигізбейтін жағдайларды сөкпей, қолдап отырған жөн. Саналы түрде икемделу адамның, қоршағандардың өмірін жеңілдетеді [4]. Көріп отырғандай, тұлғаны әлеуметтік – психологиялық тұрғыдан қарастыруда оның өзіне деген субъективті көзқарсы адамдардың қоғамдағы орнын белгілеуде маңызды мәнге ие. Индивидтің қоғамдық қатынастар жүйесіне еніп, бұл үрдіс негізінде қалыптасатын интегралды әлеуметтік қасиетін, яғни тұлғаның дамуын әлеуметтенуден тыс қарастыру мүмкін емес. Тұлғаның әлеуметтенуін индивидпен қоғамдық тәжірибені жаңғырту және менгеру үрдісі ретінде анықтауға болады, соның қорытындысы ретінде индивид тұлғаға айналып, өмір үшін қажетті психологиялық қасиеттерді, білімдерді, дағдыларды игереді. Р. С. Немов көрсетуі бойынша, әлеуметтенуі дегеніміз бұл адамзатпен жасалған цивилизацияны индивидтің көп қырлытаным үрдісі, әлеуметтік тәжірибесін игеру, табиғи тіршілік иесіне қоғамдыққа ауысуы, индивидпен тұлға ретінде қалыптасуы [5]. Әлеуметтену ұғымы кең қолданылғанымен, И. С. Кон пайдалануынша, оның нақты тұжырымдамасы жоқ. Тұлғаның әлеуметтік – психологиялық ерекшеліктерінің

қалыптасуына әлеуметтенудің ықпалы зор болғандықтан бұл ұғым алғаш рет XIX ғасырдың 40 жылдардың соңы мен 50 жылдарда американдық психологтары мен социологтары (А. Парк, Д. Доллард, Дж. Кольман, В. Уолтер тағы басқалар) суреттелген. Әлеуметтенудің әлеуметтік жүйеге тұлғаның толық интеграциялы үрдісі ретіндегі ұғымын американдық социологтары (Г. Парсонс, Р. Мертон) туындаған. Т. Ергешевский бойынша қоғамдағы тұлғаның дамуына байланысты жаңа қоғамдастықтар туындайды. Олардың өзара әсерлесуі негізінде «жалпы адамгершілік қоғамдастық» құрылады. Кез – келген индивидті, әсіресе тұлға болып дамыған тіршілік иесін әлеуметтенусіз елестету мүмкін емес [6].

Болашақ тұлғаның әлеуметтенуі, әсіресе, интенсивті түрде болашақ және жас өспірімділік кезеңде дамиды, ал тұлға дамуы жалпы егде жасқа дейін созылады. Қоғам дамуы тұлғаның индивидуалды дамуына жол сілтейді, ал жалпы әлеуметтенуге әр әлеуметтенуші өз үлесін қосады. Тейяр бойынша, адамзат болашағының тарихының маңыздылығы қазіргі қоғам дамуына тәуелді болып табылады. Тұлғаның әлеуметтенуі индивидуалды дәрежеде бірнеше үрдістен тұрады: 1 Адамдардың тұлғалықтары өзара әсерлесу арқылы қалыптасады. Бірақ олардың өзара әсерлесу мінездемесі жас, интеллектуалды дәреже, жыныс тағы сол сияқты факторларға өз әсерін тигізді. 2 Қоршаған орта да баланың тұлға болып дамуына септігін тигізеді. 3 Тұлғалық жеке бас индивидуалды тәжірибе арқылы қалыптасады. 4 Тұлғаның құрылуына әсер ететін аспект болып мәдениет саналады. Негізгі әлеуметтену феноминдеріне мінез-құлық стереотиптерін игеру, істегі әлеуметтік нормаларды игеру, дәстүр - қызығушылықтарды, құндылықтарды, бағыттарды т.с.с. игеру жатқызылады. Ал әлеуметтенудің негізгі институттары ретінде: жанұя, мектептік мекемелер, формалды емес ұйымдар, жоғары оқу орындары, еңбек ұжымдары т.с.с. есептеледі [7]. Тұлғаның әлеуметтік - психологиялық ерекшеліктерінің қалыптасуында әсер ететін қарым-қатынас, таным, еңбек деп қарастырылатындықтан әлеуметтену тұлға дамуының үрдісі ретіндегі үш негізгі аймақтың ортақ сипаты болып индивидтің сыртқы ортамен әлеуметтік байланысын кеңейту болып табылады. А. Н. Леонтьевтің пайымдауынша, адам әлеуметтенудің бүкіл үрдісінде көптеген іс-әрекет түрлерімен айналысады. Мұнда үш негізгі маңызды үрдіс өтіледі. Біріншіден, бұл әр іс-әрекет түрінде болатын және оның түрлері арасындағы байланыс жүйесінде бағдар болады. Ол әр тұлға үшін маңызды іс-әрекет аспектісін анықтауы, игеруі болып табылады. Осындай бағдардың жемісі ретінде іс-әрекетті тұлғалық таңдау деп атауға болады. Оның негізінде екінші үрдіс туындайды, яғни - негізгі таңдалған іс-әрекет төңірегінде орталықтану және басқаларды оған бағынышты ету. Үшіншіден, іс-әрекетті жүзеге асыру барысында тұлға жаңа рольдерді игеріп, олардың мәнділігін игереді. Осындай жаңартулардың қысқаша мәнін іс-әрекет жүйесіндегі дамушы индуктивті көрсетуде оның іс-әрекет субъектісі ретіндегі мүмкіндіктерінің кеңею үрдісі айқындалады. Осы мәселе тұрғысындағы зерттеулерде мақсатты білім алу үрдісін қарастыру негізгі сауалдарды құрайды. Өкінішке орай, оның әлеуметтік-психологиялық аспектісі жағынан зерттеу мәліметтері аз. Әлеуметтену контекстінде қарастылатын екінші аумағы қарым-қатынас та оның іс-әрекетпен тығыз байланыста болғандықтан, әлеуметтенуді кеңейту, ұлғайту жағынап қарастырады. Қарым-қатынасты кеңейту ретінде адамның басқалармен байланысқа түсуін ұлғайту деп түсіндіріледі, ал осы тереңдету ретінде монологтық қарым-қатынастан диалогтікке көшу, децентрация, яғни қарым-қатынас жасаушыға бағдарлана алуы, оны нақты қабылдай алу мүмкіндігі қарастырылады [8]. Әрине, тұлғаның өмір сүру барысында қарым-қатынас ету ерекшелігі оның қоғамдағы статусын, жақындағылары арасындағы орнын белгілейді. Әлеуметтенудің үшінші аумағы, яғни өзіндік сапа жалпылама адамдардағы оның «Менінің» қалыптасуын бейнелейді. Өкінішке орай, осы мәселе төңірегінде даулы қайшылықтар өте көп, себебі авторлардың тұлға концепциясында «Мен-бейнесін»

түрліше қабылдайды. Тұлғаның әлеуметтік-психологиялық кестесі ретінде «Мен - концепциясының» психологиялық теориялық - концептуалды жоспарда толығымен феноменологиялық тұрғы немесе гуманистік психологияға, интеракционизмге, аз дәрежеде психоанализмге сүйенеді. Тұлғаның «Мен - концепциясы адамның өмір үрдісіндегі өз психологиялық қоршағанының өзара әрекеттестігі негізінде пайда болған. Американ психологы У.Джемс «Психология принциптері» кітабында алғашқы болып «Мен Концепциясы» идеясын ұсынып, оның дамуына үлес қосқан. У.Джемс бойынша, «Ауқымды Мен» құрамында екі аспект бар: эмпирикалық объект және танымдық субъективті бағалаушы сана. «Мен» объект ретінде 4 аспектіден тұрады: - рухани «Мен» - материалды «Мен» - әлеуметтік «Мен» - денелік «Мен» Жалпы феноменологиялық тұрғы шеңберінде құрастырылған «Мен концепциясы» келесі жағдайларға негізделеді 1. Мінез-құлық индивидтің қабылдау еңбегі болып табылады, ол өз алдында феноменологиялы: индивидтің психологиялық шынайы өмірі - бұл жалпы объективті өмір емес, оның мінез-құлық жағдайындағы субъективті қабылдауының нәтижесі 2. Индивидтің орталық, интеграциялайтын феноменалды жазықтығының нүктесі - «Мен - Концепциясы» оның маңайында қабылдаудың барлық бейнелері қалыптасады.

3. «Мен Концепциясы» бір мезгілде қабылдау жемісі болып, және де, әлеуметтік мәдени ортадан алынған құндылықтары бар ұғымдар жиынтығы болып табылады. 4. «Мен - Концепциясы» құрылуымен мінез - құлық оған толығымен бағына бастайды. 5. «Мен - Концепциясы» уақытпен және жағдайлық контекспен санасады, бұл оның прогностикалық құндылығы болып табылады. 6. Басқа адамдардың оңды қатынасын қажетсіну «Мен Концепциясының» құрылуымен параллельді жүреді. Өзіне деген оңды көзқарасты қажетсіну басқа адамдардың өзін оңды бағалай тәжірибесін игеру арқылы қалыптасады. 7 Нақты өтіп жатқан өмір тәжірибесі мен «Мен - Концепциясы» арасындағы қайшылықтарға қарсы түрлі қорғаныс стратегиялары қолданылады. 8 Адамның негізгі маңызды мотивациялық түрткісі - өзіндік актуализациялануға деген қажеттілік, өзінің «Мен - Концепцияларының» құндылықтарын жоғарылату және жоғалтпау. «Мен - Концепциясы» ары қарайғы дамуы «Мен - Концепциясын» бейнелеу үшін концептуалды - терминологиялық құрамын унификациялау бағытында жүрді және өлшеулер үшін сенімді эмпирикалық референттерді іздеуге бағытталған, соның негізінде, ол бірлік немесе индивидтің өзіне деген бағдарлар құрылымы ретінде қарала бастаған. Бағдарлар 3 категорияға топтастырылады: - реалды «Мен» (индивидтің дәл осы мезетте өзін-өзі қабылдауы) - әлеуметтік «Мен» (индивидтің ойынша қоршағандары қалай қабылдайтындығы жайлы) - идеалды «Мен» (индивидтің болғысы келетін бейнесі) [9]. Шутц, Нюттен зерттеулерінде эксперименттік түрде адамның әлеуметтік мінез-құлқына «Мен - бейнесінің» «өткені» мен «болашақ» бейнелерінің әсері зор екендігі дәлелденген. Дәстүрлі түрде адамның психикалық саулығының негізгі көрсеткіші болып табылатын барлық психотерапевтикалық практикаларда негізінен қолданылатын «Мен ұғымының» уақытша ұғым идеялы, әсіресе, олардың өзара сәйкес келмеушіліктеріне баса назар аударылады. «Мен - өткен шақ», «Мен- болашақ», «Мен - қазіргі» арасындағы белгілі бір дәрежеге дейін жеткен қайшылықтар әлеуметтік-психологиялық дезадапциясының негізгі факторы негізінде (К.Хорни) немесе алғашқы тұлғалық ауытқушылықтары ретінде (К.Роджерс) немесе тұлғаның өзіндік актуализациясының төменгі көрсеткішті дәрежесінің бір ретінде (А.Маслоу) немесе нақты психикалық ауытқушылықтар, яғни депрессия мен мазасыздық бастауы ретінде (Т.Хиггинс) қарастырылады. Көптеген зерттеулерде адекватты өзін-өзі бағалаудың тұлғаның өзін қоғам үшін құндылығын және оның алдында өз міндеттерін саналы қабылдауын, толыққанды әлеуметтік активті дамуын белгілеуде мәнді орынға ие. Өзін-өзі бағалаудың құрылуын екі факторға анықтайды: 1. Сыртқы фактор - әлеуметтік орта, қоршаған аймақ, іс-әрекеттегі сәттіліктр мен

сәтсіздіктер; 2. Ішкі - адамның индивидуалды - психологиялық ерекшеліктері. Осы ішкі және сыртқы факторлардың адам дамуы үшін қолайсыз қатынас негізінен адекватты емес өзін-өзі бағалау қалыптасып, адамның қарым-қатынас жасау барысына, іс-әрекеттегі сәттілігін, қоғамдағы орнын анықтауда өз септігін тигізді. «Мен» құрылымы өмір барысында қоршағандармен өзара әрекеттесу арқылы дамиды. Былайша айтқанда, бала әлеуметтік сезімтал және оның когнитивті және перцептивті қабілеттері даму мөлшеріне байланысты «Мен - концепциясының мазмұны» көп дәрежеде әлеуметтену үрдісінің жемісі болып табылады [10]. «Мен — Концепциясына» сүйенетін К. Роджерс оны былай деп мінезделейді: «Мен - Концепциясы» ұйымдасқан, бір ізді концептуалды гештальт, ол «Мен» қасиеттерін қабылдаудан, «Менің» өзара қатынасын қабылдаудан тұрады, сонымен қоса, осы қабылдауларға байланысты құндылықтар, өмірдің әр түрлі жақтарын қабылдау». К.Роджерс, З.Фрейд, А.Адлер, Э.Эриксон т.б. ғалымдар сияқты. «Мен - Концепциясының» құрылу үрдісіне байланысты белгілі бір арнайы кезеңдер кестесін көрсетпеген. К.Роджерс бойынша адам өміріндегі басқарушы мотив - актуализация тенденциясы, яғни өзін сақтап дамыту, өзінің жақсы жақтарын ашу, осы фундаменталды тенденция негізгі мотивациялық тенденция болып табылады. Мәнді сыртқы шектеулер немесе антагонистік әсерлер жоқ болса, онда актуализация тенденциясы әртүрлі мінез-құлық формалары арқылы көрінісін береді. Сонда тұлғаның дамуы, оның мінез-құлқы қоршаған орта әсері арқылы белгіленеді. Тұлға үшін актуализация тенденциясының негізгі қажетті аспектісі болып, адамның өзіндік актуализациялануға ұмтылысы болып табылады. К.Роджерс теориясының контекстінде өзіндік актуализация тенденциясы - адамның толыққанды функцияланатын тұлға болу мақсатындағы өмір бойы өз потенциалын іске қосу үрдісі. Осыған жету мақсатында адам өмірі мәнге, ізденіске, толқуға толы болады. Өзіндік актуализацияланатын адам еркін, тағдырдың әр мезетіне қанағаттанып өмір сүреді. Адамзат табиғат күшіне байланысты негізінен активті және өзіндік актуализацияланады. Әр тұлға ақиқатты өз субъективті қабылдауымен байланысты интерпритациялайды және оның ішкі әлемі толығымен тек оның өзіне ғана ашық. Тек субъективті тәжірибені түсіну адам мінез-құлқы түсінуде кілт болып табылады. Сол себепті адамның субъективті сезінулерін зерттеу психологиялық зерттеудің негізгі аспектісі болып табылады. Себебі, нақ осы сезінулер мінез-құлыққа жауапты, сонымен қоса, мінез-құлыққа адамның болашағын қалай болжайтындығы әсер етеді. Л.Хьюелл, Д.Зиглердің оқулығында осы мәселеге байланысты мынадай мысалдар келтіріледі: «Егер де жас әйел өзін ер азаматтармен қарым-қатынасқа түсе алмаймын деп есептесе, онда ол өткен шақ қиыншылығынан емес, болашақта болар сәтсіздіктен қорқады. Ол бұл жағдайда өзінің ер адамды қызықтырмаймын деген өз-өзіне қойған болжауына бағынып тұр. Осындай теріс көзқарастан құтылу арқылы ол болашақта сексуалды сәттілікке қол жеткізер еді». Бұдан көретініміз, К.Роджерс тұлғаға байланысты «осы шақ — болашақ» контекстіндегі иесяны ұстанады. Тұлға дамуын әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан түсіндіруде оның мотивациялық құрылысы негізге алынады [11]. Мотивацияның тұлға өміріндегі мәні жайлы сауал көптеген ғалымдарды толғандырған, солардың бірі болып Л.Маслоу есептеледі. Ол адамның барлық қажеттеліктері туа біткен және олардың іскс асуы доминантты иерархиялық жүйеге сүйенеді деп ұсынған.

Тәуелсіздік жолына түсіп, өркениетті елу елдің қатарына қосылу мақсатын жүзеге асыруға кіріскен Қазақстан үшін халқымыздың ұлттық сана-сезімі мен ұлттық дүниетанымын қалыптастыру бүгінгі таңда аса маңызды міндеттердің бірі болып отыр. Бұл міндеттерді шешуде және жүзеге асыруда матриалдармен қатар, жеке тұлғаны әлеуметтендірудің алатын орны мен ролі ерекше.

12 жылдық білім беру тұжырымдамасында бастауыш деңгейдің негізгі мәні - «оқушы мен мұғалімнің білім беру үдерісінң тең құқылы субъектітері ретінде ынтымақтастықпен жұмыс істеуіне арналған педагогикалық орта құрып, мұндай ортада болашақ мұғалімдердің қызығушылығын қанағаттандыру мен айналадағы шындықты қоғам, адам, табиғат туралы бастапқы біліммен қаруланған болашақ мұғалімнің түсініп, ойлап қабылдауы нәтижесінде оқу іс-әрекетін игеруі» деп атап көрсетілген.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030. - Алматы: Білім, 1997. - 256 б.
2. бап – Баба С.Б. Жалпы психология: Жантану негіздері: 2002 – 27 б
3. Жарықбаев Қ. Психология. Алматы: Білім, 1993 – 272 б
4. Оразбекова К.А. Ұлттық психология мен халық тәрбиесі болашақтың бастауы хақында. Алматы: Дәуір, 2000 – 554 б
5. Андреева Г.М. Психология социального познания: Учебник для вузов. Ведущий ред. Л. Н. Шипова. М: Аспект – пресс, 2000 – 288 с
6. Социальная психология: Учеб.пособие для студ.высш.учеб.заведений/под.ред. А. Н. Сукова, А. А. Дергеча. М: Академия, 2001 – 600 с
7. Рубинштейн С.Д. Жалпы психологияның негіздері, 2 басылуы, Москва, 1946 – 302 б
11. Елікбаев Н. Ұлттық психология: көмекші оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 1992 – 96 б
8. Жүкешев Қ.М. Ұлттық психологияның мәдени - әлеуметтік негізделуі. Алматы, 1999 – 251 б.
9. Выготский Л.С. Психология. М: Апрель Пресс, 2000 – 1008 с
10. Рубинштейн С.Д. Жалпы психология негіздері, 2 – басылуы. М: 1946 – 302 б
11. Реан А.А., Коломинский Я. Л. Социальная педагогическая психология. СПб:Издательство «Питер», 2000 – 416 с

ЕСТЕСТВЕННО - ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ

ӘОЖ 615.98

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЕТ, СҮТ ӨНІМДЕРІНІҢ МИКРОБИОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Б.ғ.к., доцент С.С. Багашева биология магистрі, оқытушы Д.М. Мукашева

І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қ-сы

Мақалада ет-сүт өнімдерінің биохимиялық және микробиологиялық көрсеткіштерін анықтауда жаңа әдістер келтірілген. Талдықорған қаласындағы ет-сүт өнімдерінің бактериологиялық көрсеткіштері зерттелінген.

В статье изложены новые биохимические и микробиологические методы исследования мясо-молочных продуктов. Предоставлены бактериологические показатели мясо-молочных продуктов города Талдықорған.

New biochemical and microbiological methods of research of meat and dairy products are shown in this article. Bacteriological indicators of meat and dairy products in Taldykorgan are given here.

Тірек сөздер: микроорганизмдер, микробиота, паразиттер, фенолфталеин, ареометр, мезофильді анаэробты бактериялар, факультативті-анаэробты бактериялар.

Сонғы жылдары ауыл шаруашылығымен қатар мал шаруашылығында, өнеркәсіптік өңдеу салаларында қарқынды өзгерістер байқалуда. Ғылымның негізін қалаушы ретінде микробиологияны білу, оны игеру маңызды рөл атқарады. Себебі, микроорганизмдердің морфологиясын, физиологиясын білу арқылы олардың табиғатта таралуы, ішкі орта шарттарының микроорганизмдердің дамуына, генетикаға және селекцияға әсері микроорганизмдердің қатысуымен өнімдердің биохимиялық өзгеруі, оларды өнеркәсіптік өңдеу саласында технологиялық үрдістерді қарқындату мақсатында тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Экологиялық таза өнім өндіру мәселесі адамзат алдында тұрған ең басты мәселелердің бірі деуге болады. Микроорганизмдер жер шарының кез келген экологиялық жүйесінен табылуы мүмкін. Ет-сүт өнімдеріне әсер ететін топырақ, су, ауаның микробиотасының тигізетін зияны зор.

Жұқпалы ауруларды жоюда жетістікке жету үшін, олардың қоздырғыштарының экологиясы мен биологиясын, таралу жолдарын жақсы білу қажет. Алдын-алу шаралары жүргізіліп, инфекциялық ауруларды болдырмауға мүмкіндік береді.

Дамыған елдердің тәжірибесіне сүйенсек, балаларға арналған және жалпы тағам өндіруге қажетті экологиялық таза ет, сүт өнімдерін алуға мүмкіншілік бар екендігін көрсетеді. Ет, сүт сапасының жақсы болуы шикізат өндіретін өндірістің барлық сатыларындағы мамандардың біліктілігіне байланысты.

Ет, сүт өнеркәсібі Қазақстан Республикасының тамақ өнеркәсібі кешенінің негізгі салаларының бірі болып табылады. Қазақстанда нарықтық экономика жағдайында мал шаруашылығы салаларының даму қарқынына байланысты ірі қара және ұсақ малдардың саны ұлғаюда. Бұл ет сапасының өсуіне әкеледі.

Санитарлық сарапшының басты міндеті - биохимиялық және микробиологиялық зерттеу әдістерін пайдалана отырып, адамдар мен жануарларға инфекцияны таратушы паразиттердің және инвазияланған ет пен сүт өнімдерін шығару мүмкіндігін болдырмау, сондай-ақ мал шаруашылығы өнімдерінің (ет, сүт) сапасын дұрыс анықтау және бұл өнімдерге тиісті санитарлық баға беру.

Өнім сапасының жүйелі түрде жоғары болуы экономикалық дамудың міндетті талабы болып табылады. Өнім сапасы халықаралық стандартқа сәйкес келуі керек. Бұл үшін жүйелі шаралар қолданылып, қоғамдық бақылаулар орнатылуда,

кәсіпорындардың жұмысын және өнім сапасының көрсеткіштерінің жоғарылауы жоспарланды.

Өнім сапасы технологиялық үдерістерді жүргізудің дұрыстығына байланысты.

Ғылыми жұмыстың мақсаты: Талдықорған қаласының ет-сүт өнімдерінің микробиологиялық көрсеткіштерін зерттеу.

Зерттеу нысаны: «Коммуналдық» базар, «Дәулет» ет павильоны және басқа да ет-сүт сауда орталықтары.

Зерттеу жұмыстары СЭС бактериологиялық зертханасымен бірлесе жүргізілді.

Сүттің қышқылдығы МСТ 3624-92 стандартқа сәйкес анықталды. Сыйымдылығы 100 немесе 250 см³ колбаға 10 мл сүт және 20 мл дистильденген су құйып, 3 тамшы фенолфталеин ерітіндісі қосылды. Қоспаны араластырып, сілті ертіндісімен 1 мин аралығында жойылмайтын ақшыл-қызыл түс пайда болғанша титрленді. Титрлеуге кеткен сілті ертіндінің санын 10-ға көбейтіп қышқылдығы анықталынды. Сүттің қышқылдығын рН мәні бойынша бақылауға алынды.


Кесте 1. Сүттің титрлеу қышқылдығы мен рН мәнінің орташа көрсеткіштері

Жылдар	Сынамалар саны	рН мәні, ауытқу интервалы	Орташа рН мәні
2011	1	6,75 – 6,72	6,73
	2	6,71 – 6,67	6,69
	3	6,66 – 6,61	6,64
	4	6,60 – 6,55	6,58
2012	1	6,54 – 6,49	6,52
	2	6,48 – 6,45	6,43
	3	6,44 – 6,43	6,41
	4	6,41 – 6,39	6,33
	5	6,38 – 6,36	6,31
	6	6,35 – 6,34	6,31
	7	6,36 – 6,34	6,32

Сүттің тығыздығы МСТ 3625-84 стандарттарына сәйкес зерттелді. Булы сүттің тығыздығын сауғаннан соң 2 сағаттан кейін анықталды. Сүттің температурасы 20 °С тең болды. Цилиндрге сүттің үлгісін құйып тегіс горизонтальді кеңістікке қойылды. Құрғақ таза ареометрді сүтке жай енгізілді де, бос жіберілді. Ареометр тоқтағанда, тығыздық көрсеткішін сүттің жоғарғы бөлігіне қарап есептелді.

Микробиологиялық көрсеткіштері бойынша шикі табиғи сүт келесі талаптарға сәйкес болды: жоғары сортты сүт үшін 1 см³ мезофильді анаэробты және факультативті-анаэробты микроорганизмдердің мөлшері 3·10⁵ КОЕ\см³, бірінші сорт үшін 5·10⁵ КОЕ\см³, екінші сортты сүт үшін 4·10⁵ КОЕ\см³, соматикалық клеткалардың саны жоғары сортты сүт үшін 5·10⁵ КОЕ\см³, бірінші және екінші сорт сүт үшін 1·10⁶ КОЕ\см³ көрсеткіші көрсетті.

Диаграмма 1. Сүттің титрлеу қышқылдығы мен рН мәнінің орташа көрсеткіштері.



Кесте 2. Талдықорған қаласындағы ет өнімдерінің санитарлы-бактериологиялық зерттеу нәтижелері.

Жылы	Сынамалар	Сібір жарасының бацилдері	Шошқа жарасы	Пастериоз листериозы	Сальмонелла	E.coli
2011	5	0	0	0	0	0
2012	4	0	0	0	0	0

Кесте 3. Талдықорған қаласындағы сүт өнімдерінің санитарлы-бактериологиялық зерттеу нәтижелері.

Жылы	Сынамалар	Бруцеллез	E.coli	МАБ спорасы	Стафилакокк	Полимелита вирус
2011	4	0	0	0	0	0
2012	7	0	0	0	0	0

Зерттеу 2011 және 2012 жыл арасында жүргізілді. 2011 жылы ет өнімдерінің 5 сынамалары және сүт өнімдерінің 4 сынамалары алынып, олардың барлығы кері нәтиже берді. 2012 жылы ет өнімдерінен 4 сынамалары және сүт өнімдерінің 7 сынамалары алынып, барлығы кері нәтиже берді. Біз бұл мәліметтерді талдай отырып, бактериологиялық зерттеулердің нәтижелері бойынша жыл сайын жақсара түскенін көреміз. Мезофильді анаэробты бактериялар ГОСТ 25102-90 анықталып, СанПин – 3.01.002-94 талаптарына сай екендігін көрсетті.

Микробиологиялық көрсеткіштер бойынша шикі табиғи сүт келесі талаптарға сәйкес болды: жоғары сортты сүт үшін 1 см^3 мезофильді анаэробты және факультативті-анаэробты микроорганизмдердің мөлшері $3 \cdot 10^5 \text{ КОЕ/см}^3$, бірінші сортта $5 \cdot 10^5 \text{ КОЕ/см}^3$, екінші сортты сүт өнімдерінде $4 \cdot 10^5 \text{ КОЕ/см}^3$, соматикалық клеткалардың саны жоғары сортты сүтте $5 \cdot 10^5 \text{ КОЕ/см}^3$, бірінші және екінші сорт сүттерде $1 \cdot 10^6 \text{ КОЕ/см}^3$ көрсеткішке ие болды.

Жүргізілген зерттеулер бойынша, бактериологиялық зерттеулердің нәтижелері жыл сайын жақсара түскенін көреміз. Негізінен мезофильді анаэробты бактериялар ГОСТ 25102-90 анықталды, СанПин – 3.01.002-94 талаптарына сай.

Санитарлық сарапшының басты міндеті – инвазияланған ет өнімдерін, адам ағзасы үшін ауру қоздырғышы болатын ет, сүт өнімдерін сатылымға жібермеу.

Қазіргі заманның басты талабы-жоғары сапалы, халықаралық стандартқа сай өнім өндіру. Ол үшін шаралардың кең жүйесімен, қоғамдық бақылауды біріктіре қолданып, өнім сапасының көрсеткіштерін жоспарлауда, кәсіпорындардың жұмыс сапасын жоғарылату көзделді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Төлеуов Е.Т. Әмірханов Қ.Ж. Хаймулдинова А.Қ. Ет және ет өнімдерінің технологиясы. Семей, 2004 ж.
2. Диханбаева А.Т. Сүт және сүт өнімдері техникасы. Алматы, 2006 ж.
3. Нуржанова А. Сүт және сүт өңдеу техникасы. Астана, «Фолиант» баспасы. 2010 ж.
4. Хожамуратова С. Әшмарданова Н. Әбдіқалиева Б. Ет микробиологиясы. Астана, «Фолиант» баспасы. 2009 ж.
5. Шығайева М.Х. Қанаев Ә.Т. Микробиология және вирусология. Алматы, «Қазақ университеті», 2008 ж.

УДК 581.734

ИЗУЧЕНИЕ ВИДОВОГО РАЗНООБРАЗИЯ И ПРОДУКТИВНОСТИ ЭКОСИСТЕМЫ СКЛОНОВ С РАСЧЛЕНЕННЫМ, МЕСТАМИ СГЛАЖЕННЫМ РЕЛЬЕФОМ НА ТЕРРИТОРИИ ЖОНГАР-АЛАТАУСКОГО ПРИРОДНОГО ПАРКА

А.С. Бахтаулова, Ю.Е. Степанова

*Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова, bahtaulova@mail.ru,
ГУ «Жонгар-Алатауский» государственный национальный природный парк,
gongar_alatau@mail.ru*

Мақалада Жонғар-Алатау МҰТБ –ында табиғи жағдайда жүргізілген өсімдіктер қауымдастығын зерттеу барысында алынған нәтижелер келтірілген. Табиғи жағдайда шалғындық фитоценоздың биоалуантүрлілігі мен өнімділігінің алынған нәтижелері көрсетілген.

In the article presented research results of a study on the plant community zone fruit forests in Zhonggar-Alatau Natural Park. The data are presented on the species diversity and productivity of meadow plant communities in natural environment.

Жонгар-Алатауский государственный национальный природный парк (постановление Правительства РК от 30 апреля 2010 г. № 370) занимает площадь 356 022 га на территории трех районов Алматинской области: Аксуского, Саркандского и Алакольского.

Изучение видового разнообразия с целью сохранения флоры парка, в том числе и дикоплодовых лесов, имеет не только национальный, но и глобальный характер. На протяжении тысячелетий сформировались уникальные экосистемы в сложных горных экологических условиях, что обусловило чрезвычайное внутривидовое разнообразие, которое в настоящее время представляет исключительную ценность для изучения и сохранения в естественном произрастании.

В составе флоры охраняемых территорий Джунгарского Алатау около 21 редких видов растений, включенных в Красную книгу Республики Казахстан [1-2]. Бережное отношение к этим видам, сохранение их в естественных условиях произрастания имеет общенациональное значение. Джунгарский Алатау является важным центром видового разнообразия, среди которых особо ценным представителем является дикая яблоня, представляющая собой ценный генофонд для селекции [3-5].

В рамках научного проекта «Сравнительный анализ и мониторинг загрязнения атмосферного воздуха, почв, вод в антропогенно нарушенной буферной зоне в условиях заповедного режима Жонгар-Алатауского, Алтын-Эмельского Национальных природных парков», выполняемого по грантовому финансированию научно-технических программ и проектов МОН РК на 2012-2014 годы, проводится изучение биологического разнообразия, характеристика растительных сообществ и их продуктивность в естественных природных условиях и в условиях хозяйственного пользования на территории парка.

Различные виды наземных растений являются основными элементами, характеризующими облик того или иного типа экосистемы. Растительные сообщества – это также и среда обитания для многочисленных представителей животного мира. Велико и разнообразно хозяйственно-экономическое значение растений национального парка. Это, прежде всего, кормовые виды, формирующие луговые и пастбишные массивы, технические, пищевые и лекарственные виды.

Для определения растений проводилось морфологическое описание покрытосеменного растения по общепринятой схеме. Определение растений проведено по определителям, соответствующим флоре Казахстана. Описание фитоценозов растительных ассоциаций сообществ проведено по общепринятым методикам.

Экспериментальные исследования по изучению биологического разнообразия, характеристике растительных сообществ и их продуктивности в естественных природных условиях начаты на территории экосистемы склонов с расчлененным, местами сглаженным рельефом на территории Тополевского госучреждения в районе кордона Никонова.

При проведении исследований на изучаемой территории определены следующие ассоциации.

Список ассоциаций, зарегистрированных на территории Тополевского госучреждения

Таблица 1

Высота над ур. моря, м	Название ассоциаций	Почвы	Доминанты
909	кустарниково-калиново-березово-ивовая	валунно-галечниковые отложения	<i>Salix starkiana</i> , <i>Betula verrucosa</i>
1245	боярышниково-яблонева	выщелоченные черноземы	<i>Malus sieversii</i> , <i>Crataegus songorica</i>
1257	злаково-барбарисово-яблонева	выщелоченный чернозем	<i>Malus sieversii</i>
1216	разнотравно-малиново-яблонева с боярышником	выщелоченный чернозем	<i>Malus sieversii</i>
1262	разнотравно-крушиново-боярышниковая	выщелоченный чернозем	<i>Crataegus songorica</i>
1226	разнотравно-яблонево-	оподзоленный	<i>Populus tremula</i>

	осиновая	чернозем	
1243	разнотравно-боярышниковая с яблоней	выщелоченный чернозем	<i>Crataegus songorica</i>
1261	злаково-яблонево-боярышниковая	выщелоченный чернозем	<i>Crataegus songorica</i>
1262	яблонево-боярышниковая	выщелоченный чернозем	<i>Crataegus songorica</i>
1240	разнотравно-кустарниково-злаковая	лугово-черноземные	<i>Dactylis glomerata</i>
1155	злаково-разнотравная с яблоней	лугово-черноземные	
961	спирейно-злаковая с яблоней	светлые сероземы	<i>Elymus</i>

По данным обследований проектных территорий выявлено, что основное распространение плодовых растений в Заилийском Алатау приходится на высоты 1000-1700 м [6].

На территории кордона плодовые леса представлены яблоней Сиверса (*Malus sieversii*). На всем протяжении горной полосы, яблони встречаются в виде редких единичных экземпляров или локальными пятнами из нескольких деревьев. При этом молодые растения яблони начинают встречаться с границы кордона на высоте 900 м.



Яблоня Сиверса на высоте 900 м

На высоте 1200-1300 м яблоня произрастает как по склонам (иногда довольно крутым), так и на выровненных местообитаниях. Часто фитоценозы дикой яблони соседствуют с культурными посадками. Яблоня представлена, в основном, крупными, довольно старыми деревьями, сравнительно молодых деревьев, значительно меньше. Распространены яблочники по хребту довольно широко, благодаря значительным выровненным пространствам на высоте их встречаемости.



Яблоня Сиверса на высоте 1300 м

На открытых территориях формируются луговые фитоценозы, в которых доминируют злаки. Фитоценозы содержат обычные растения окружающих лугов и включают, в основном, хорошо развитые, высокие травы. Луговая растительность склонов представлена, преимущественно, разнотравно-злаковыми, разнотравно-бобово-злаковыми фитоценозами, характеризующимися 100%-ным проективным покрытием, зеленым аспектом. Верхний ярус представлен разнотравными видами такими, как хатьма тюрингенская (*Lavatera huringiana* L.), девясил крупнолистный (*Inula macrophylla* Kar. et Kir.), душица обыкновенная (*Origanum vulgare* L.) и др. Из злаков доминируют *Alopecurus pratensis*, *Dactylis glomerata*. Бобовые представлены видами *Medicago falcata* L., *Trifolium pratensis*. Довольно часто встречаются *Polygonum songarica*, *P. alpina*, *Aconitum septentrionale*, *Tanacetum boreali*, *Companula glomerata*, *Ligusticum discolor*, *Urtica dioica*, *Bupleurum longifolium*, *Veronica parphyriana* и др.



Разнотравно-бобово-злаковый фитоценоз

Под пологом древесных растений формируется травянистый покров более разреженный, однако видовой состав составляет более 15-25 видов высших растений. Наиболее часто встречаются мятлики (*Poa bulbosa*), чина (*Lathyrus pratensis*), сочевичник

(*Orobushluteus*), ежа сборная (*Dactylisglomerata*), сныть (*Aegopodiumpodagraria*), герань (*Geraniumrectum*), звербой (*Hypericumhirsutum*) и др.

Продуктивность зеленой массы луговых фитоценозов южных склонов составила 1638,4г/м, а северных – 1327,2 г/м.

Сообщества с плодовыми кустарниками распространены, в основном, в нижнем поясе и на склонах южных экспозиций, такие как разнотравно-боярышниково-шиповниковые, злаково-кустарниково-молочаевые формируются на светлых сероземах, разнотравно-кустарниково-облепиховые, разнотравно-абрикосово-облепиховые, разнотравно-яблочно-облепиховые на валунно-галечниковых отложениях по поймам и пойменным террасам. Разнотравно-кустарниково-абрикосовые сообщества формируются по более прогреваемым южным и западным склонам, на северных склонах абрикос сменяется боярышником или яблоней. Яблоня начинает встречаться в растительных сообществах с высоты 1300 м единичными особями в разнотравно-боярышниково-абрикосовых сообществах с яблоней на выщелоченных черноземах по северным экспозициям высоты 1300 м. На 1400-1450 м яблоня доминирует в кустарниково-боярышниково-яблоневых сообществах.

В Джунгарском Алатау дикоплодовые кустарники приурочены к разнотравно-черемухово-шиповниковым, разнотравно-жимолостно-злаково-шиповниковым, кустарниково-шиповниковым, злаково-разнотравно-барбарисовым, разнотравно-попынно-кустарниковым сообществам.

Боярышники либо являются либо доминирующим видом в сообществах (разнотравно-крушиново-боярышниковое, злаково-яблонево-боярышниковое, яблонево-боярышниковое), либо сопутствующим видом (разнотравно-кустарниково-яблоневое). В кустарниково-разнотравно-злаковом сообществе на высотах 1000 -1100 м на северных склонах боярышник алтайский (*Crataegus altaica*) является единственной древесной породой.

Шет мемлекеттердің тәжірибелері көрсеткендей, кәсіпорынды қаржыландырудың кең таралған көздерінің бірі – коммерциялық банктердің жеке инвестициялары болып табылады. Банктік несиелеуге деген сұраныс күннен-күнге өсуде, ал оған шағын бизнес субъектілерінің қол жеткізе алмауы көкейтесті мәселелердің бірі болып отыр. Әлеуметтік-экономикалық ақпарат және жобалау институты жүргізген сауалнама бойынша Қазақстанның шағын бизнес субъектілерінің 84% несиелеуге тәуелді екендігін көрсеткен. Сондай-ақ осы институттың мәлімдеуі бойынша банктен алынатын несиелер мына мақсаттар үшін жедел қажет:

- айналым қаражаттарын толықтыру – 63,5 %;
- құрал-жабдықтарды ауыстыру және жөндеу – 42,9 %;
- ғимараттарды салу және жөндеу – 25,4 %;
- жалақыны өтеу – 3,2 %;
- жал және коммуналдық қызметтерді өтеу – 2,1 % [4].

Банктер алдында тұрған бірден-бір мәселе несиелік саясатын түзету ғана емес, сонымен қатар несиелеу процесін ұйымдастыру мәселесін де шешуі керек сияқты. Көбінесе отандық коммерциялық банктердің шағын бизнесті несиелеуде – мынадай тәжірибесін, яғни жобалық қаржыландыру мен активтермен несиелеуін айта кеткен жөн. Нәтижесінде қамтамасыз етілген несие – табысты бизнеске, жақсы қаржылық көрсеткіштері бар белгілі бір қарыз алушы типіне несие беріледі. Бұл шын мәнінде өте қатаң талап, көптеген қарыз алушылардың мұндай талапты несие түріне қол жеткізуі мүмкін емес. Осыған қарамастан банк несиелерінің 70% стандартты деп алынса, ал қалған 30% күмәнді және үмітсіз несиелер қатарына жатқызылады [5].

Осы ретте шағын және орта бизнес үшін қаржы көзі болып екінші деңгейдегі коммерциялық банктер мен қорлар табылса, шағын және орта бизнесті жандандыру үшін берілетін несие әдістерін жетілдіріп қана қоймай, сол шағын бизнес субъектілеріне қарыз қаражаттарды алу мен табу көздерін іздестіруді де ойлау қажет. Бүгінгі күні Қазақстан шағын және орта бизнесті несиелеу бағытындағы өзінің азғана жиған тәжірибесі бойынша шағын бизнес субъектілерімен банктерден алынған қаржы-қаражаттарын тиімді пайдалана алмай отырғаны белгілі. Ал, халықтан әр түрлі қаражат тарту (жергілікті деңгейде) өзінің корпоративті бағалы қағаздарын шығару, басқа да ірі компаниялар субъектілерімен біріккен консорциумдар құру, мүмкін шағын бизнесті басқарудың жетілуіне, акционерлік ұжымдық шешім түрінде орта бизнес кәсіпорындарына айналуына жол ашылатын еді. Бірақ, бұл жағдайда кәсіпорынның өзіндік тәжірибесі мен меншікті бағалы қағаздары жоқ болғандықтан тағы да қиындыққа кездеседі.

Республикамыздағы тағы бір мәселе – шағынкәсіпкерлікке қаржылық көмек көрсетуде географиялық дисбаланс байқалады. Басты себеп қаржының басым бөлігі Алматы (62%), Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе облыстарында жергілікті органдардың шағын бизнеске көңіл аудармауы мен төмен қолдауына байланысты жалпы берілген несиелеу (1,5%) болып табылады. Ал, Алматы облысының үлесіне барлық банктік несиелердің 13%, Шығыс-Қазақстан – 6%, Жамбыл облысының үлесіне небәрі 1%. Ал, екінші қалалар мен ауылдың шағын және орта кәсіпорындары несиелік ресурстарға өте зәру болып отыр, яғни несие ресурстары аймақтық жобалардан тыс қалып отыр. Өйткені коммерциялық банктердің аймақтармен байланысы және аймақтық кіші және орта жобаларды қаржыландыруға олардың ынтасы жоқ [6].

Сонымен қатар, банктік нормативтердің де шағын бизнесті қаржыландыруға ынтасы төмен. Қазіргі кезде аймақтардаұсақ сауда орнын, тамақтандыру саласы сияқты өте қарапайым жобалар ғана ұсынылады.

Елде отандық шағын және орта кәсіпкерліктің тиімді дамуы үшін қызметі инновацияны енгізумен, өнім экспортымен байланысты, ШОБ субъектілері жеңілдетілген несиелеу сияқты қолдау түрін әрі қарай тарату және кейбір жағдайларды іске асыру механизмін құру қажет, франчайзинг, венчурлік бизнесті субмердідгерлік және лизингті белсенді қолдану үшін жағдайлар жасау керек. Осындай қолдаудың нәтижесінде шағын және орта кәсіпкерлік ұлттық экономикада елеулі рөл атқара бастайды.

Сонымен қатар, шағын және орта бизнесті несиелеудің және қаржыландырудың мынадай жүйесін құруды ұсынуға болады:

1. Ең басты міндет – ол шағын және орта кәсіпорындарын несиелеу мен қаржыландыру көлемін ұлғайту;

2. Елдің барлық аймақтарында несиелік мекемелердің желісін кеңейту бойынша нақты шараларды қолға алу;

3. Шағын бизнес субъектілерінің қарыз қаражаттарға қол жеткізу мүмкіндіктерін құру үшін Үкімет, өкіметтің аймақтық органдары шағын және орта бизнес кәсіпорындары алатын несиелердің кепілдендірілген жүйесін құру;

4. Банк қызметін қайта құру. Мемлекеттің шағын және орта бизнесті несиелеу мен қаржыландыру бойынша саясатын жүргізуге маманданған банктер мен қаржы ұйымдарының жүйесін қалыптастыру;

5. Қарыз алушының несиелік тарихын жинақтайтын несиелік бюросын құру қажет.

Аталған мақсаттарды орындау үшін шағын кәсіпорындарға берілетін несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемені қаражаттандыру бағдарламасын жүзеге асыру кезінде бюджеттің барлық деңгейдегі қаражаттарын бөлу керек. Сонымен қатар, соманың қайтарымдылығына кепіл беретін сақтандыру қорының жүйесі болуы шарт.

Шағын және орта бизнесті несиелеуді қолдауда кешендік көзқарастың қажеттілігі ұзақ мерзімдік тұрақтылықтың кепілі бола алады.

Мемлекеттік қолдау мен реттеудің бірізді әлеуметтік әділеттік принципі орнығуы тиіс. Шағын және орта бизнесті несиелеуді өзінің дамуына байланысты алғышарттар мен мүмкіндіктерге қарай ырғақты дами отырып, әрдайым мемлекет тарапынан қолдауға мұқтаж.

Олар:

– тұтынушылық тауарлар мен қызметтер ассортиментін көбейту және өндіріс көлемін ұлғайту;

– халыққа қажет тауарлар мен қызметтердің өндірісін шұғыл ұйымдастыру;

– экономиканың мемлекеттік секторының тиімсіз өндірісін (аз сериялы, бөлшек) қолға алып, өнім шығару және осының есебінен ірі кәсіпорындар қызметінің тиімділігін арттыру;

– қосымша әрі көмекші өндірісті жандандыру;

– нарық сұранысына ыңғайлы және шұғыл жұмыс істейтін өнім түрлерін шығару арқылы қоғамдық өндірістің көлемін ұлғайтып, халықтың әл-ауқатының артуына ықпал ету;

– жаппай жұмыссыздықты ауыздықтауға көмектесу;

– экономикадағы бәсекелестікті дамыту, тағы басқалар жатады.

Жоғарыда айтылған алғышарттарды жүзеге асыра отырып, елімізде, әсіресе ауылдық аймақтарда ШОБ қызметін жандандырып, дамытуға болды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бухгалтер бюллетені 2003/31.
2. Бухгалтерлік есеп және аудит 2002/6.
3. Мейірбеков Б.К. Шағын бизнесті мемлекеттік қолдау мен реттеудің қажеттілігі / Сб. науч. тр. -Алматы: Экономика, 2000. 142-156 бет.
4. Банки и банковские операции: Учебник для вузов / Жуков Е.Ф., Максимов Л.М., Маркова О.М., 1997. - С. 471.

ӘОЖ 336.7(075.8)

БЕЛГІСІЗДІК ЖАҒДАЙЫНДА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

А.Е. Беделбаева

Экономика және бизнес магистрі

I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.
aseya.bedelbaveva@mail.ru

Мақалада тәуекел мен белгісіздік жағдайында инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау әдістері қарастырылған. Жасалаған талдаудың нәтижесінде, инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау және басқару әдістерін жетілдіру бойынша ұсыныстар жасалды.

В статье рассматриваются достоинства и недостатки различных методов оценки эффективности инвестиционных проектов с учетом факторов неопределенности и риска. На основе результатов проведенного анализа выдвигается ряд предложений по совершенствованию применения данных методов.

In article merits and demerits of various methods of an assessment of efficiency of investment projects taking into account uncertainty and risk factors are considered. On the basis of results of the carried-out analysis a number of suggestions for improvement of application of these methods moves forward.

Тірек сөздер: инвестиция, инвестициялық жоба, тәуекел, белгісіздік, тиімділік.

Инвестициялық қызметтің барлық түрі тәуекелмен тығыз байланысты. Жобаны жүзеге асырудың әр түрлі шарттарында жоба бойынша шығындар мен нәтижелер де түрліше болады. Сондықтан тәуекел мен ықтималдылық факторларын есептегенде олардың тиімділігін есепке алады. Айта кететін жайт, инвестициялық жобаның дамуы – динамикалық үдеріс, сондықтан да шешімдерді қабылдаудың әрбір мезетінде жобаны жүзеге асыру шарттары өзгеріске ұшырауы мүмкін.

Инвестициялық шешімдерді қабылдау үшін, тиімділіктің критериялды көрсеткіштерінің белгілі бір жиынтығын талдау арқылы жүргізілетін, жобаның инвестициялық сапаларын бағалау қажет. Себебі инвестициялық мақсаттардың жүзеге асырылу дәрежесі, инвестициялардың тиімділігін бағалаудың нәтижесіне тәуелді. Алынған нәтижелердің объективтілігі мен шынайылығы, өз кезегінде, пайдаланылатын талдаудың әдістеріне тікелей байланысты. Әлемдік тәжірибеде әзірленген инвестициялардың тиімділігін анықтаудың әдістері, нақты және қаржылық инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау үшін де, сондай-ақ, инвестициялау объектілерін таңдау үшін де қолданылады.

Инвестициялық жобаның (ИЖ) тиімділігін бағалаудың негізінде, жобаны жүзеге асырудан алынатын кіріс пен инвестициялық шығындарды өлшейтін, көрсеткіштер жүйесі жатыр. Инвестициялық қызметтің табыстылығы мен тәуекелдерінің оңтайлы үйлесімділігін анықтау үшін, әртүрлі жағдайларды ескеру қажет. Сондықтан, осы мақалада, біз, инвестициялық талдау әдістерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін қарастырып, шешімдерді қабылдау үдерісінде тәуекел мен белгісіздікті есепке алу мәселелеріне ерекше көңіл бөлеміз.

Ұзақ мерзімді инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау үшін әртүрлі көрсеткіштер пайдаланылады, олардың кең тарағаны мыналар [1,25б.].

- таза ағымдағы құн – NPVақша бірл.;

- табыстылық индексі – PI;
- дисконттау есебімен өтелу мерзімі – DPP, жылдар;
- табыстылықтың ішкі нормасы – IRR, %;
- табыстылықтың модификацияланған нормасы - MIRR, %.

Инвестициялық жобалардың тиімділігін талдаған кезде, ақша ағындарының болашақтағы құны болжамды сипатта бағаланады. Болашақтағы нәтижелердің белгісіздігі экономикалық факторлармен қатар (нарық конъюктурасының, бағаның, валюта бағамының, инфляция деңгейінің және т.б.), экономикалық емес факторларға да (климаттық және табиғи жағдай, саяси қарым-қатынас және т.б.) тәуелді. Болжамданған нәтижелердің белгісіздігі тәуекелдің пайда болуына себепші болады. Сонымен қатар, жоғарыда қарастырылған тиімділік көрсеткіштерінің ортақ кемшілігі – енгізілетін өлшемдердің орташа мәндерін қолдану болып табылады.

Инвестицияларды басқарудың әлемдік тәжірибесінде, тәуекел мен белгісіздік жағдайында инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалаудың әртүрлі әдістері пайдаланылады, олардың қатарына жататындар [2,140б.]:

- дисконттау мөлшерлемесін түзету әдісі (тәуекел үшін сыйақы);
- нақты эквиваленттер әдісі (шынайылық коэффициенттері);
- тиімділік көрсеткіштерінің сезімталдығын талдау (NPV, IRR және т.б.);
- сценарийлер әдісі;
- ойындар теориясының әдісі (MAXIMIN, MINIMAX критерийлері және т.б.);
- «шешімдер ағашын» құрастыру;
- Монте-Карло әдісі бойынша үлгілеу.

Бұл әдістердің сипаттамасы әртүрлі әдебиет көздерінде кеңінен қарастырылады. Біз осы әдістерді тәжірибеде қолданудың ерекшеліктері мен кемшіліктеріне тоқталамыз.

Дисконттау мөлшерлемесін түзету әдісі болашақтағы ақша ағындарын қазіргі уақытқа неғұрлым жоғары мөлшерлеменен келтіруді қарастырады. Алайда, мүмкін болатын тәуекел деңгейі (ақырғы экономикалық нәтижелердің мүмкін болатын ауытқуы) туралы ешқандай ақпарат бермейді.

Нақты эквиваленттер әдісі, алдыңғы әдіске қарағанда, дисконт шамасын емес, инвестициялық жобаның ақша ағындарының шамасын түзетуді қарастырады. Осы мақсатта әрбір жоспарланатын t мерзімі үшін α арнайы төмендетуші коэффициенттер есептеледі. Есептеу тәсілдерінің бірі – t кезеңіндегі тәуекелсіз салымдар (операциялар) бойынша таза ақша ағыстарының осы t кезеңіндегі жоспарланған таза ақша ағыстарына қатынасы болып табылады. Бұл әдіс, ақша ағындары тәуекелсіз салымдардың кірістері ретінде қарастыратындықтан, инвестициялық жобаның тиімділігін талдауды белгісіздік және тәуекел жағдайында жүргізуге мүмкіндік бермейді.

Тиімділік көрсеткіштерінің сезімталдығын талдау әдісі, инвестициялық жобаның басты айнымалыларының әсерін сандық негізде бағалауға мүмкіндік береді. Берілген әдістің негізгі кемшілігі – инвестициялық жобаның бір өлшемінің өзгерісі жағдайында, қалған өлшемдерінің өзгеріссіз қалуы. Ал бұндай жағдай, тәжірибеде сирек кездеседі.

Сценарийлер әдісі сезімталдықты талдау әдісінің негізгі кемшілігін жоюға мүмкіндік береді. Себебі, бұл әдістің көмегімен тәуекел факторларының өзгерісінің әсерін ескеруге болады. Сценарийлер әдісінің негізгі кемшіліктері бар: біріншіден, әрбір даму сценарийі үшін ақпаратты таңдау және сараптамалық өңдеу бойынша үлкен көлемді жұмысты орындау қажет; екіншіден, даму сценарийлерін таңдауда субъективтілік үлесінің басымдылығы.

MAXIMIN критерийі (Вальд критерийі) инвестордың тәуекелін минималдайды, алайда, бұл әдісті пайдаланғанда тиімділігі жоғары болып табылатын көптеген инвестициялық жобаларды қабылдаудан негізсіз бас тартамыз. Бұл әдіс инвестициялық

жобаның тиімділігін жасанды түрде төмендетеді, сондықтан оны кепілдендірілген нәтижеге қол жеткізу қажеттілігі туралы сөз қозғалғанда пайдаланған мақсатты.

MINIMAX критерийі (Сэвидж критерийі), MAXIMIN критерийіне карағанда, тек жоғалтуларды төмендетуге ғана емес, сондай-ақ, пайданы жоғалтуды төмендетуге бағытталған. Ол қосымша пайданы алу үшін, белгілі бір дәрежеде тәуекелге бел бууды қарастырады. Бұл критерий, инвестициялық жобаның шешімін қабылдағанда, сыртқы ортаның жағымсыз дамуымен байланысты тәуекелін ескермейді.

Гурвиц критерийі сызықтық комбинация көмегімен MAXIMIN және MINIMAX критерийлері арасында баланс орнатады. Бұл әдісті пайдаланғанда, көпшілік сценарийлердің ішінен, минималды және максималды тиімділікті көрсететін ИЖ_j таңдалып алынады. NPV көрсеткіші бойынша оңтайлы ИЖ таңдау келесі формула арқылы жүзеге асады:

$$ИЖ_{\text{онт}} = ИЖ_j | \max_j 1 - \lambda \min_i NPV_{ji} + \lambda \max_i NPV_{ji} , \quad (1)$$

мұнда, $\lambda \in 0,1$ - пессимизм-оптимизм коэффициенті, басқарушының тәуекелге қатысты бейімділігін білдіреді [3,566.]. Егер, бейімділік нақты анықталмаса, онда, $\lambda = 0,5$. $\lambda = 0$ (Вальд нүктесі) болғанда, гурвиц критерийі максимин критерийімен, ал $\lambda = 1$ болғанда, максимакс критерийімен сәйкес келеді. Жоғарыда қарастырылған ойындар теориясы әдістерінің ортақ кемшілігі – даму сценарийлерінің шектеулі саны қарастырылатындығында.

«Шешімдер ағашын» құрастыру әдісі сценарийлер әдісіне ұқсас келеді және сыртқы орта динамикасын көпнұсқалы болжауға негізделген. Бұл әдістің бір айырмашылығы мынада: ұйым, қажетті жағдайда, жобаның жүзеге асырылу қадамдарын өзгертуі мүмкін. Алайда, бұл әдістің бірқатар кемшіліктері бар: біріншіден, зерттелетін «шешімдер ағашының» көлемі үлкен болған жағдайда, әдістің техникалық күрделілігі; екіншіден, мүмкіндікті бағалауда субъективтіліктің жоғары деңгейі.

Монте-Карло әдісі бойынша үлгілеу – тәуекел жағдайында инвестициялық шешімдерді бағалаудың кең тараған әдістерінің бірі. Монте-Карло әдісі бойынша инвестициялық жобаның көптеген нұсқалары қарастырылатындықтан, ол мүмкіндіктерді неғұрлым нақты бағалайды [4,72-9266.]. Алайда, тәжірибеде қолданғанда, бұл әдістің кемшіліктерін келесі негізгі себептермен түсіндіруге болады:

- мүмкіндіктерді бөлу заңдарына қатысты, алынған нәтижелердің жоғары сезімталдығы;

- заманауи бағдарламалық құралдар мүмкіндіктерді бөлу заңдары мен ондаған айнымалылардың коррелициясын ескерген жағдайда да, олардың шынайылығын тәжірибелік зерттеп, бағалауға мүмкіндік бермейді;

- жоғарыда аталған екі себептің салдарынан, инвестициялық шешімдердің қате қабылдануы мүмкін.

Белгісіздік жағдайында шешім қабылдау үшін *нақсыз қосындылар теориясының әдістері* пайдаланылады. Бұл әдістің негізгі артықшылықтары келесідей:

- қабылданатын инвестициялық шешімдердің шынайылығы мен сапасын жоғарылатуға мүмкіндік беретін қол жетімді барлық ақпаратты пайдалануға мүмкіндік береді;

- инвестициялық жобаның мүмкін болатын даму сценарийлерінің толық спектрін қалыптастырады;

- инвестициялық жобаның оңтайлы қоржынын қалыптастыру міндетін шешуде бірақатар артықшылықтары бар.

Жобаларды басқаруда тиімді ұйымдастырушылық құрылымды таңдау үшін келесі әдістерді пайдалану керек:

- 1) баламалар әдісі;
- 2) сараптамалық әдіс;
- 3) мақсаттарды құрылымдау әдісі;
- 4) ұйымдастырушылық үлгілеу әдісі [5,86б.].

Баламалар әдісі баламалы ұйымдардың басқару құрылымының тәжірибесін қолдануға негізделген.

Сараптамалық бағалау әдісі, инвестициялық тәуекелдің болу мүмкіндігін бағалау үшін қолданылады. Бұл жұмысты жүргізу үшін, мәселенің мән-жайын жақсы білетін, кем дегенде, үш сарапшының қатысуы керек. Атап айтқанда, ұйымның басқарушысы, экономикалық сұрақтармен айналысатын территория әкімшілігінің қызметкері, жоғары білікті маман және т.б. сарапшы бола алады. Жеке жұмыс жасайтын әрбір сарапшыға, жобаға әсер ететін жалпы тәуекелдердің тізімі беріледі. Сарапшылардың міндеті – берілген тәуекелдердің болу мүмкіндігін белгілі бір бағалау жүйесі бойынша бағалау болып табылады. Сарапшылар бағаларының қарама-қайшы еместігін талдау үшін, келесі ережелерді ескереміз:

1-ереже: $\max A_i - B_i \leq 50$; $i=1, \dots, n$ (мұндағы A_i және B_i – i -тәуекеліне қатысты екі сарапшының бағалары) – кез келген фактор бойынша екі сарапшы берген бағалардың арасындағы максималды айырма 50-ден кем болуы керек. Салыстыру модуль бойынша жүргізіледі («қосу» немесе «алу» белгілері ескерілмейді). Бұл ереже жеке тәуекелдің болу мүмкіндігін бағалауда, айырмашылықтарды жоюға бағытталған.

2-ереже: $A_i - B_i / n \leq 25$ – сарапшылардың орташа келісілген бағасын анықтауға бағытталған. Бұл ереже 1-ші ереже орындалғаннан кейін пайдаланылады. Айырмашылықтарды есептеу үшін, бағалар модуль бойынша қосылады, ал алынған нәтиже, жобаның барлық жай инвестициялық тәуекелдер санына бөлінеді. Егер, алынған өлшем 25-тен аспаса, онда сарапшылардың бағасы біріне-бірі қарама-қайшы емес деген қорытынды шығаруға болады.

Барлығы, 3 (үш сарапшы болғанда) пікірлерді жұптық салыстыру жасалу керек: 1-ші және 2-ші, 1-ші және 3-ші, 2-ші және 3-ші сарапшы үшін. Егер, сарапшылардың пікірлері арасында қарама-қайшылықтар болса (1 және 2 ережелердің орындалмауы), онда нақты позицияны белгілеу үшін, бұл сұрақ кеңесте талқыға салынады.

Бұл әдіс бойынша, жай тәуекелдердің басымдылық дәрежесі бойынша, үлес салмақтары анықталады.

Сараптамалық әдісті пайдалануда туындайтын негізгі мәселе, алынған нәтижелердің объективтілігі мен нақтылығымен байланысты. Бұл, сарапшыларды сапасыз іріктеу, топтық талқыға салу мүмкіндігі, белгілі бір пікірдің басымдылығы сияқты факторларға тікелей байланысты.

Мақсаттарды құрылымдау әдісі ұйымның мақсаттар жүйесінің әзірленуін қарастырады. Бұл әдісті пайдалану үшін келесі кезеңдер орындалады:

- мақсаттар жүйесін әзірлеу;
- ұйымдастырушылық құрылымның ұсынылатын нұсқаларын сараптамалық талдау;

- жауапкершілік пен құқықтарды тағайындау.

Ұйымдастырушылық үлгілеу әдістеріне келесідей әдістер жатады:

- иерархиялық басқару құрылымының математико-кибернетикалық үлгілері (мысалы, көпсатылы оңтайландыру үлгісі, жүйелі, индустриалды динамиканың үлгісі);

- ұйымдастырушылық жүйенің графо-аналитикалық үлгісі (функцияларды бөлудің жүйелік, матрицалық, кестелік, графикалық суреттелуін көрсетеді);

- ұйымдастырушылық құрылымның табиғи үлгісі – шешімдерді қабылдау мақсатында жасанды жағдайларды ойластыруға негізделген. Оларға зертханалық тәжірибелер, басқарушылық ойындар т.б. жатады;

- математикалық-статикалық үлгілер – ұйымдар туралы эмпирикалық мәліметтерді жинауға, талдауға және өңдеуге негізделген.

Ұйымдық құрылымдарды жоспарлағанда ұйымдық құрылымдарға қойылатын негізгі талаптарды ескерген жөн:

1. Оңтайлылық. Басқарудың барлық деңгейдегі сатылары арасында оңтайлы байланыс орнығуы керек;

2. Жеделдік. Шешім қабылдау мен сол шешімді пайдаланудың аралығында ешбір кері өзгерістер орын алмауы керек;

3. Сенімділік. Басқару аппаратының құрылымы басқару жүйесіндегі байланыстың үздіксіздігін қамтамасыз етіп, шынайы ақпараттың берілуін кепілдендірілуі керек;

4. Тиімділік. Басқару аппаратына минималды шығын жұмсау қажет;

5. Икемділік. Құрылым қоршаған ортаның өзгерісіне сәйкес өзгеруі керек;

6. Тұрақтылық [6,121б.].

Басқару құрылымы сыртқы әсерлерге қарамастан, өзінің негізгі қасиеттерін сақтауы керек.

Жобаны орындау және оны басқару үрдісінде желілік жоспарлау және басқару жүйелерінде желілік үлгі қолданылып келеді.

Ықтималдық желілік модельдерді *балама* және *балама емес* деп бөлуге болады. Балама емес желілік модельдерде барлық немесе кейбір жұмыстардың ұзақтығы ықтималдық үлестірім функцияларымен сипатталғанымен олардың орындалу тізбегі белгіленген, яғни жұмыстардың арасындағы байланыстар бірмәнді анықталған. Балама модельдерде барлық немесе кейбір жұмыстардың ұзақтығы ғана емес олардың арасындағы байланысы да ықтималдық сипатта болады.

Қазіргі кездегі ықтималдық желілік жоспарлаудың көптеген тәсілдерінің ішінде бағдарламаларды бағалау және талдау – ББЖТ (*Program Evaluation and Review Technique, PERT*), статистикалық сынақтар немесе Монте-Карло, бағдарламаларды графикалық бағалау және талдау әдістері (*Grafic Evaluation and Review Technique, GERT*) кеңінен тараған [7,104-121бб.].

Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалаудың әртүрлі әдістерін қарастырып, біз мыныдай қорытындыға келдік:

1. Инвестициялық есептеулер бойынша, тәжірибеде кең қолданысқа енген ақша ағындарын дисконттау әдісі, инвестициялық жоба нәтижелерінің мүмкіндік сипатын ескермейді. Бұл әдіс, әсіресе, белгісіздік пен жоғары тәуекел жағдайына бейімделмеген.

2. Отандық және шетелдік зерттеушілердің тәжірибесі көрсеткендей, нақты инвестицияларды басқару міндеттерін шешуде, мүмкіндік тәсілдерінің сенімсіз құрал екендігін мойындау қажет.

3. Жоғарыда көрсетілген кемшіліктерді жою үшін, нақсыз қосындылар теориясының жетістіктерін келесі шарттарды ескеріп пайдалану керек: біріншіден, инвестициялық үдерістің мүмкін болатын сценарийлерінің толық спектрін қалыптастыру керек; екіншіден, шешім қабылдау, жобаның тиімділігін екі критериймен емес, жиынтық бағалау арқылы жүргізілуі керек.

4. Белгісіздік пен тәуекел жағдайында инвестициялық жобаларды жоспарлау және басқару жүйелерінде желілік үлгіні кеңінен қолдану қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Виленский П.Л., Лившиц В.Н., Смоляк С.А. Оценка эффективности инвестиционных проектов. Теория и практика. М.: Дело, 2004.

2. Шарп У., Александер Г., Бэйли Г. Инвестиции/пер. с англ. М.: ИНФРА-М, 2001.

3. Деревянко П.М. Оценка проектов в условиях неопределенности // Корпоративный менеджмент, 2006.
4. Manash R. Forms and methods of estimation of efficiency of investment // Journal of Economics.-2008.-Number 1.-p.75-92. Electronic resource. - <http://www.springerlink.com/content/u10522pu41832v16/>
5. Царев В.В. Оценка экономической эффективности инвестиций. СПб.: Питер, 2004.
6. Пересада А.А. и др. Инвестирование: Навч. - метод. пособие для самоств. вивч. дисц. / А. А. Пересада, А. А. Смирнова, С. В. Оникенко, О. А. Ляхова. - К.: КНЭУ, 2001. - 251с.
7. Ing, R. A. Noulty, T. D. McLean. The different methods to formalizations uncertainty// -2010.-Number 4.-p.104-121. Electronic resource [www. sciencedirect.com](http://www.sciencedirect.com).

ӘОЖ 336.7

БАНКТИК НЕСИЕНІҢ МӘНІ МЕН ҚАЖЕТТІЛІГІ ЖӘНЕ ДАМУ ТАРИХЫ

Г. Валишанова

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.
gul.zira@mail.ru*

Бұл мақалада банктік несиенің мәні, мазмұны, қажеттілігі, даму тарихы қарастырылған. Банктік несиенің ерекшеліктері және оның түрлері ашылған. Қазақстандағы несиелік қатынастардың даму қажеттіліктері зерттелген.

В данной статье рассматриваются сущность, содержание, необходимость и история возникновения банковского кредита. Раскрываются особенности видов кредитов, в частности банковского кредита. Изучена его необходимость в развитии кредитных отношений в Казахстане.

This article reviews essence, content, necessity and history of bank credit origin. The peculiarities of credit types (bank credit) are revealed. The necessity of the credit relation development in Kazakhstan was studied.

Тірек сөздер: банк, несие, ақша, несиелік қатынастар, тауарлы –ақша қатынастары, капитал қозғалысы, несиенің принциптері

Несие-ақша сияқты тарихи экономикалық дәреже болып табылады. “Кредит” деген сөз-“қарыз”, “несие”; “Kredo” – сенемін деген мағына беретін латынша “Kreditum” деген сөзден шыққан. Ол экономикалық дәреже ретінде әртүрлі экономикалық қоғамдарда қызмет етеді. Ол тауар өндірісінің пайда болған кезінен бастап қарапайым формада: бай және кедей қоғамда көрінеді. Несие қатынастары ақша қатынастары сияқты үнемі даму үстінде болады. Алғашқы несие табиғи түрде (астық, мал, еңбек құралдары және т.б.) қоғамның дәулетті топтарынан мүліксіз шаруалар мен кәсіпкерлерге тұтыну мұқтаждығы мен қарыздарды өтеу үшін ұсынылған. Тауар-ақша қатынастарының дамуымен несие ақша түріне көшті.

Несиенің объективті қажеттілігі табиғи және ақшалы түрде жүзеге асатын ерекшеліктерден кеңейтілген өндірісті шығарып тастайды. Ол капитал түрлері үнемі ауысып тұратынын ұйғарады, меншіктің ақшалы түрі тауарға, тауары меншік өндіріске, өндірістік тауарлығы және тауарлық қайтадан ақша түріне ауысып тұрады, яғни

капиталдың ауыспалы айналымы жүреді. Ауыспалы айналымның бірінші кезеңінде ақша өндіріс қорына ауысып кетеді, екінші кезеңде, өндіріс процесінде, дайын өнім жасалады, өндіріске тауар келеді. Үшінші кезеңде тауар сатылып, бастапқы ақша түріне ауысады. Капиталдың осындай ауыспалы айналымы тұрақты түрде бөлек жеке кәсіпорында және жалпы халық шаруашылығында үнемі жүріп жатады. Капиталдың қозғалысы – оның тек ауыспалы айналымы емес, сондай-ақ оның айналымында. Капиталдың айналымы дегенде оның үнемі қайталанатын ауыспалы айналымы түсіндіріледі.

Капитал түрлерінің ауысуы бір шаруашылық субъектілерінде ақша қаржысының уақытша босатылып және басқа шаруашылық жүргізуші субъектілерде ақша деген қажеттіліктің қалыптасуымен қоса жүреді. Әрбір шаруашылық субъектісінде өзінің жеке ауыспалы айналымдағы капиталы болады [1, 60].

Қызмет процесінің бағыттылығы ауыспалы айналымның әртүрлі сатыларында болатын ақша ресурстарының оларда бір мезгілде және үнемі бар болуын: материалдық өндіріс саласы үшін - өндірістік, тауарлы және ақшалы, ал айналым саласы үшін - тауарлы және ақшадай болуын талап етеді.

Несие мәні несиенің – қайтару, төлемдік, мерзімдік, қолма-қол ақша, мақсатты сипат сияқты маңызды принциптерімен анықталады.

Бұл принциптер несиенің алғашқы даму кезеңдерінен бастап қалыптасты, ол кейіннен заңды түрде бекітілді.

Несиенің қайтарылу принципі қарыз алушының несиені пайдаланғаннан кейін несие берушіге уақытында қайтару қажеттілігімен сипатталады. Ол банктің несие қорын жаңғыртып отыруды қамтамасыз ететін несиені пайызбен өтеуде өзінің іс-жүзіндегі орнын анықтайды. Бұл несие капиталының қозғалысына қажетті талап болып табылады. Ол белгілі бір мерзімге берілген соманың толық қайтарылуын қамтамасыз етеді.

Несиенің төлемділігі қарыз алушыға берілген несиенің уақытында қайтарылуын және одан табыс түсіруге несие беруші де, оның тиімді пайдаланылуына қарыз алушы да ынталы болады.

Несиенің жеделдік принципі қарыз алушыға кез келген тиімді уақытта емес, несие келісімшартында белгіленген уақытта қайтару қажеттігін көрсетеді.

Белгіленген мерзімді бұзу – несие беру үшін қарыз алушыға өндіріп алынатын пайызды көбейтілген түрде несиені пайызбен мерзімінен бұрын өндіріп алуға болатын экономикалық санкция қолдануға жеткілікті негіз болып табылады. Несиенің қамтамасыз етілу принципі несие келісімшартында қарыз алушы өз мойнына алған міндеттемелерді бұзу мүмкін жағдайда несие берушінің мүліктік мүддесін қорғауды қамтамасыз етудің қажеттілігін көрсетеді. Бұл принцип жалпы экономикалық тұрақсыздық кезеңінде өзекті мәселе болып табылады [2, 75 – 76].

Несиенің мәнін тану оның негізін ашады, яғни несиелік қатынастар туындайтын базада қарастыруды ұйғарады.

Қайтарымдылық – несиелік қатынасқа тән белгіні анықтайтын өзіндік ерекшелікті көрсетеді.

Несиенің қайтарылуы – уақытша пайдаланған несиеленген құнды несие берушіге қайтару процесі. Ол өзінен-өзі туындамайды. Ол құнның ауыспалы айналымында аяқталатын материалдық процестерге негізделеді. Алайда, бұл тек қайтарымның негізін жасайды. Несиенің қайтарылуы объективті процесс болып табылады, яғни оны мәміленің табиғатын өзгертпей, кейінге қалдыруға болмайды.

Несие беруші мен қарыз алушы бекіткен келісімшартқа сәйкес ол заңды сипатқа ие болады. Халық шаруашылығы деңгейінде несиенің қайтарылуы, тұтас алғанда, қайтарудың жиынтығын көрсетеді. Бұл жерде ол алынған несиенің бір ғана белгісін көрсетпейді, экономикалық категория сияқты бар несиенің тұтастығын көрсетеді.

Несиенің көптеген анықтамалары бар. Несие – бұл несие капиталының қозғалысы. Несие капиталы – бұл қайтару талабымен пайызбен төленетін, меншік иелеріне несиеге ұсынылатын ақша капиталы. Ал, капитал – бұл өзі-өзінен өсетін құн, оның ақшадан сапалық айырмашылығы – несие капиталының өзінен-өзі өсетін құнның бір түрі, ал ақша болса, өзінен-өзі өсім бере алмайды.

Несиеге толық анықтама беруге тырысып көрейік. Несиеге – кеңейтілген қайта өндіру мақсатында жеделдік, төлемдік, қайтару талаптарына сай оларды ақшаны бөлу және халықтың, экономиканың бос ақшалай қаражаттардың жұмылдырылуын қамтитын несие капиталының қозғалысы себепті экономикалық қарым-қатынасты көрсетеді.

Несиенің мүмкіндігін шындыққа айналдыру үшін белгілі бір талаптар бар. Біріншіден, несие мәмілесінің қатысушылары – несие беруші мен қарызға алушы – экономикалық байланыстардан туындайтын міндеттемелердің орындалуын өз мойнына алуға материалдық жағынан кепілдік беретін дербес заңды субъектілер сияқты алға шығуы керек. Екіншіден, егер несие беруші мен несие алушының мүдделері бір жерден шықса, онда бұл жағдайда несие өте қажет болады. Несие мәмілесін жүзеге асыру үшін оның қатысушылары міндетті түрде несиеге өзара қызығушылық танытулары керек. Несие беруші мен қарызға алушының арасында мүдделік бірдей болған кезде, бір жағынан, несиеге ақшалай қаражатты ұсынуда, екінші жағынан – оны алуда несиелік қарым-қатынастар туындайды.

Осылайша, экономикалық негіз бен (капиталдың бірдей болмауы) пайда болуы талаптарының жиынтығы несиенің объективті қажеттілігін анықтайды және оның эволюциясын түсіндіріп береді.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің жеке ауыспалы айналымынан туындайтын несиеге қажеттілік несиенің объективті жүзеге асуын төлем қаражаттарын құру және жаңа бекітілген құнды қайтару, бөлу процесінде оның рөліне жете назар аудармай, оны толық дәрежеде анықтамайды. Ақша эмиссиясының процесі формаға тәуелді емес (қолма-қол ақша және қолма-қолсыз) несие капиталының бір көзі болып табылатын несие операцияларының нәтижесі бар.

Түрліше несие қарым-қатынастарындағы несиенің мән-маңызы сол немесе басқа қоғамдық формацияда оның өмір сүруінің объективті себептерімен анықталады [3, 103 – 105]. Сонымен, несиенің объективті өмір сүруінің негізгі талаптары төмендегідей тізбектеледі:

- жеке тауар өндірушілердің өндірістік (негізгі және айналымдық) қорлар айналымы мен жеке ауыспалы айналымдардың уақыт жағынан сәйкес келмеуі;
- несие беруші мен қарызға алушының заңды тұрғыдан дербестігі;
- несиелік қатынасқа несие беруші мен қарызға алушының мүдделік танытуы.

Несие объективті қажеттіліктен туындаған және ол қоғамдық өндіріс процесінде маңызды рөл атқарады. Несие ақшалар капиталдың қарызға трансформациясын қамтамасыз етеді және несие берушілер мен қарызға алушылардың арасындағы қарым-қатынасты білдіреді. Оның көмегімен мемлекеттің, халықтың, ұйымдардың және кәсіпорындардың табыстары мен бос ақшалай қаражаттары жинақталып, уақытша пайдаланудың төлеміне аударылатын несие капиталына айналады.

Ғалымдар бүгінгі таңда экономика ғылымының алдында бір жағынан теориялық талдау қорытындыларын белсендірек жүргізіп, екінші жағынан несие ісін дамытып, жетілдірудің керек екенін айтуда. Теорияны тәжірибеден оқшау қарастырмау керек екені түсінікті. Барлық теоретикалық проблемалардың соны тек тәжірибелік әдістермен шешілетіні кездейсоқтық емес. Теория мен тәжірибе арасында диалектикалық бірлік бар.

Несиенің түрі – бұл несиелік қатынастар құрылымының, олардың негізгі қызметінің яғни әр алуан сыртқы және ішкі өзгерістер барысында толық сақталатын көрінісі. Несие берушілер мен қарыз алушылар арасындағы байланыстар қалай өзгергенімен де, несиенің түрі сол күйінде сақталады. Несиенің екі формасы бар: тауарлы және ақшалай. Мұндағы

тауар түрінде берілетін несиені – коммерциялық, ал ақшалай түріндегі несиені банктік деп атайды.

Қалған несиенің түрлері осы екі форманың тәжірибеде қолдануынан туындайды.

Коммерциялық несие – бұл қарыз берушінің қарыз алушыға қарызға берген тауарын білдіреді. Коммерциялық несие – бұл вексель айналысының пайда болуына себеп болған экономикадағы несиелік қатынастардың алғашқы формасы. Несиенің бұл формасының басты мақсаты – тауарлардың өту процесін жеделдету, сондай-ақ одан пайда табу.

Мұнда қарыз алушы да және оны берушілер ретінде кәсіпкерлер мен бизнеспен айналысатындар бола алады. Коммерциялық несие көбінесе тауарды сатып алушының нақты ақшасы болмай қалуы барысында туындайды. Мұндай жағдайда айналыс құралы ретінде қарыз алушының көрсетілген соманы уақытында төлейтіндігін куәландыратын арнайы қарыздық міндеттеме – вексель қолданылады [4, 31].

Коммерциялық несиенің банктік несиеден айырмашылығы мынадай:

- қарыз беруші ролінде банктік мекемелер емес, яғни тауар немесе қызметті сатумен айналысатын кез келген заңды тұлға бола алады;
- коммерциялық несие тек қана тауар формасында беріледі;
- қарыз капиталы өнеркәсіптік немесе сауда капиталымен байланысты;
- коммерциялық несиенің орташа құны сол кезеңдегі банктік пайыз мөлшерімен салыстырғанда төмен болады;
- қарыз беруші мен қарыз алушы арасындағы несиелік мәміленің заңды түрде рәсімделуі барысында, бұл несие үшін төленетін ақы тауар бағасының құнына қосылады.

Банктік несие – бұл банктік мекемелерден қарыз алушыларға ақшалай түрде берілетін несиені білдіреді.

Банктік несие – бұл экономикадағы кеңінен тараған несиелік қатынастардың формасы болып табылады. Банктік несие бойынша несиелік қатынастың құралына несиелік шарт немесе несиелік келісім жатады. Банктік несиеде несие беруші банк және арнайы қаржы мекемелері болса, ал қарыз алушылар ретінде кәсіпкерлікпен немесе бизнеспен шұғылданатын қаржы ресурстарына деген сұранысы бар кез келген заңды ұйым болып табылады. Мұндағы қарыз берушінің басты мақсаты – бұл пайыз түрінде табыс алу.

Несиенің түрлері коммерциялық және банктік несиеден туындайды [5, 31 – 32].

Коммерциялық банктер өздерінің клиенттеріне әртүрлі несиелер береді. Олар мынадай белгілеріне байланысты жіктеледі:

Қарыз алушылар категорияларына қарай:

Қаржылық институттарға берілетін несиелер:

- мақсатты қорларға;
- банктерге;
- қаржы-несиелік мекемелеріне.

Қаржылық емес агенттерге берілетін несиелер:

- өнеркәсіп салаларына;
- ауыл шаруашылығына;
- саудаға;
- дайындау ұйымдарына;
- жабдықтау-сату ұйымдарына;
- кооперативтерге;
- жеке кәсіпкерлерге.

Тұтыну мақсатына берілетін несиелер.

Мерзіміне қарай:

- қысқа мерзімді (1 жылға дейін)
- орта мерзімді (1 жылдан 3-5 жылға дейін)
- ұзақ мерзімді (5 жылдан жоғары).

Тағайындалу және пайдалану сипатына қарай:

- негізгі қорларға жұмсалатын;
- айналым қаражатына жұмсалатын.

Қамтамасыз ету дәрежесіне қарай:

Қамтамасыз етілген:

- кепілхатпен;
- кепілдемемен;
- кепілдікпен.

Сақтандырылған.

Қамтамасыз етілмеген:

- сенім несиесі.

Қайтарылу дәрежесіне қарай:

1) Стандартты несие – қайтарылу уақыты жетпеген, бірақ қайтарылу ешқандай күмән жоқ несиелер;

2) Күмәнді несиелер- қайтарылу уақыты кешіктірілген, мерзімі ұзартылған және банк үшін тәуекел туғызатын несиелер. Соңғы қабылданған активтердің жіктеу ережесіне сәйкес, күмәнді несиелер ішінара бөлінеді: 1-санатты күмәнді, 2-санатты күмәнді, 3-санатты күмәнді, 4-санатты күмәнді, 5-санатты күмәнді.

3) Үмітсіз несиелер– қайтару уақыты кешіктірілген, мерзімі өткен ссудалар шотына жазылған несиелер.

Валютамен берілуіне қарай:

- ұлттық валютамен;
- шетел валютасымен.

Берілу шартына қарай:

1. Тұтыну несиесі – бұл жеке тұлғаларға тұтыну тауарларын сатып алу үшін және тұрмыстық қызметтерді өтеуге берілетін несие

2. Ипотекалық несие – бұл қозғалмайтын мүліктерді кепілге ала отырып, ұзақ мерзімге берілетін несие.

3. Овердрафт несиесі – клиенттің шотынан қаражатты шегеру, дебеттік қалдық бойынша берілетін қысқа мерзімді несиенің формасы.

4. Овернайт несиесі - өтімділікті қолдау мақсатында бір түнге берілетін банкаралық несиенің түрі.

5. Онкольдық несие – кредитордың алғашқы талабы бойынша өтелетін қысқа мерзімді несие.

6. Банкаралық несие– банктердің бір-біріне беретін несиесі.

7. Ломбардтық несие – тез іске асатын бағалы заттарды немесе бағалы қағаздарды кепілге ала отырып, берілетін несие.

8. Лизингтік несие – құрал-жабдықтарды жалға алумен байланысты берілетін несие.

9. Рамбурстық несие – шикізаттарды ішке алып кіру және жартылай фабрикат пен дайын өнімдерді сыртқа шығару тәжірибесінде пайдаланылатын несие .

10. Сенім несиесі – банктің сеніміне кірген төлем қабілеті жоғары клиенттерге берілетін несие.

11. Маусымдық несиесі- жабдықтаушының қаржыландыру уақыты мен түсімді алу мерзімі арасындағы уақыт алшақтықтығын жабуға арналған несие.

Несиелеу объектісіне қарай:

- меншікті айналым қаражаттарын толықтыруға;
- материалдық қорлар жиынтығы мен өндіріс шығындарына;
- сыртқы экономикалық қызметке байланысты тауарларды экспорттау мен импорттауға;

- азаматтардың жеке қызметтері үшін шикізаттар, материалдар, құралдар және басқа да мүліктер алуына;

- ломбардтық, кепілдік және ссудалық операцияларға;

- театрлар және демалыс үйлерінің кірістері мен шығыстары арасындағы маусымдық үзілістерге;

- күрделі жұмсалымдарды қаржыландыруға;

- тез өтелетін тиімділігі жоғары шараларға [6, 260-262].

Қорытындылай келе айтарымыз, қазіргі кезде банктік несиенің мәні, алатын орны зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сейітқасымов Ғ.С. Ақша, несие, банктер: Оқулық. – Алматы: Экономика, 2009. – 466 б.

2. Мақыш С.Б. Ақша айналысы және несие. Оқу құралы. – Алматы: ИздатМаркет, 2004. – 268 б.

3. Мақыш С.Б., Ілияс А.Ә. Банк ісі: Оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 248 б.

4. Мақыш С.Б. Коммерциялық банктер операциялары: Оқу құралы. - Алматы: ИздатМаркет, 2004. – 240 б.

5. Нурпейсова Л. Банктердің шығындардан сақтану тәртіптері // ҚазҰУ Хабаршы. Экономика сериясы. 2008. – №3. – 31 – 34 бб.

6. Мақыш С.Б. Банк ісі: Оқулық. – Алматы: Жеті жарғы, 2009. – 552 б.

ӨОЖ 336.2

ҚР САЛЫҚ САЛУ МЕХАНИЗМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Ж. Дүйсебаева

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы
Dusebaeva@mail.ru*

Бұл мақалада салық салу механизмінің өзекті мәселелері және оларды шешу жолдары қарастырылған.

Салық саясатын іске асыруда салық механизмінің алатын орны зерттелген. Мемлекеттің салық саясаты шеңберіндегі салық механизмінің өзекті мәселелері және шешу жолдары көрсетілген.

В данной статье рассматриваются актуальные проблемы и пути решения налогового механизма. Изучена степень воздействия налогового механизма в реализации налоговой политики. Рассмотрены проблемы реализации налогового механизма и пути их решения в рамках налоговой политики государства.

This article reviews actual problems and ways of the tax mechanism solution. The degree of influence on tax mechanism in realization of tax politics is studied. The problems of realization of tax mechanism and the ways of their solutions in the state tax politics are appointed.

Тірек сөздер: салық, салық жүйесі, салық механизмі, салықтық жоспарлау, салықтық болжау, салықтық тактика, салықтық стратегия.

Салық механизмінің элементтері салықтық жоспарлау мен болжау, шешімді қабылдау және өңдеулер жүйесінде негізгі элементтер болып табылады.

Салықтық жоспарлау мен болжаудың негізгі мақсаты - бюджеттік тапсырмалардың сандық және сапалық көрсеткіштердің экономикалық негізін қамтамасыз ету және салық концепцияларының заңдық тәртібіте қабылданған және өңдеулерден елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету. Бұл - мәселенің

орындалуының бірінші қаржылық жолы және келешектегі перспектива. Осымен байланысты салықтық жоспарлаудың тактикасы мен стратегиясы ерекшеленеді.

Салықтық тактика дегеніміз – билік органдарының тәжірибелік әрекет кешені және бюджеттің табыс баптарының жалпы құрылымын өңдеу, салықтық реттеу мен бақылауды өткізу. Тактикалық қадамдардың сапалық мазмұны барлық деңгейдегі бюджеттердің уақыттылы және толық орындалуының дәрежесін көрсетеді.

Ағымдағы жылдағы салық міндеттемелердің орындалуын қамтитын салықтық қатынастардың мазмұнын зерттеп, талдау стратегиялық салықтық жоспарлаудың ұтымдылығын білдіретін негізгі шарт қызметін атқарады.

Стратегиялық салықтық жоспарлауды басқару теориясы мен тәжірибесінде айырықша орын алады. Ол барлық дамыған елдерде экономикалық дамудың тәсілі ретінде қолданылады.

Мемлекеттік салықтық жоспарлаудың мақсаты - бюджетке салық төлеушілерден салықтардың түсуін және қаржы ресурстарын анықтау. Бұл ресурстарды жоспарлауда басқару органдары мүмкіншілігінше жоғарғы деңгейде алуға бағытталады. Бұл процесс қоғам дамуына байланысты жалпы мемлекеттік тұтынушылардың өсуін есептеуге негізделеді.

Салықтар бойынша нақты тапсырмалардың өңделуі есепті жылға бірқатар өзара байланысты әрекеттерді қосады:

- қалыптасқан экономикалық тенденция есебімен салықтық режим варианттарын іздеу;

- оптималды салық салу вариантына баға беру;

- алдағы салық режимдерінің негізділігі;

- салықтық табыстар проектісін есептеу, өткен жылдың бюджеттік орындалуына экспертиза өткізу нәтижелерінің есебі;

- үкімет пен парламент салықтық міндеттемелерді талқылау, олар бюджеттік жіктелуіне сәйкес болуы және бюджет табыстарының соңғы келісімі заңға сәйкес негізінде болуы [1].

Өртүрлі деңгейдегі бюджеттерге нақты салықтық түсімдердің есебіне үш принципіалды мағыналы қондырғылар үлкен маңызға ие.

1. Салық төлеуші мен бюджет арасындағы қарым- қатынастардың негативті және позитивті жақтарын жекелеп талдау;

2. Бюджет- салық жүйесінде факторлық талдауды жүргізу, оның мақсаты жалпы салық жүйесінің әсерін, жекелеген салық түрлерінің қаржы-шаруашылық көрсеткіштеріне, керісінше тиімділігін көрсету;

3. Экономикалық фискалдық, бюджеттік және салықтық құбылыстардың пайда болу мүмкіншіліктеріне болжамалы баға беру, салық төлеуші мақсатымен бюджет мақсаты арасындағы алшақтық. Оларды толық жою немесе сәйкестендіру мақсатында кешенді шараларды өңдеу.

Бүгінгі таңда салық ғылымы бюджеттегі салықтық түсімдердің көлемін болжау әдістерінің арнайы тәсілін құрды. Тәжірибеде салықты болжау мен жоспарлауда жалпыға белгілі және кеңінен қолданылатын дәстүрлі әдістер қолданылады: баланстық, экстрополяциялық, нормативті және тағы да басқалар.

Сонымен, табысты болжау - бұл заңмен белгіленген салық пен алымдардың құрылымындағы бюджеттік табысты жоспарлау. Осындай болжаулар, негізінен, бюджеттік процесте қолданылады, яғни болашақ бюджеттік баланысты анықтау үшін, шығынды жіктеу, қарызды қаржыландыратын құралдар және үлестік принцип негізінде табысты ұлғайту.

Табыстың анықтамасын бергенде дәстүрлі түрде мемлекеттік бюджетке табыстың түсім көлемі салық құрылымының өзгерісіне әсерін айқындайды. Табысқа әсер еткен өзгертулерді перспективті жақсартулар деп санауға болады. Мұндай есеп, заң

органдарына жеткізімді, яғни енгізілген өзгертулер салық заңдылығында орталық және жергілікті басқару органдарының табысына әсерін айқындайды.

Салықтық реттеу - салық механизмі элементтерінің ішінде және мемлекеттік салық менеджменті саласында мобильді болып табылады.

Салықтық реттеу - бұл өндірісті дамыту үшін мемлекеттің жанама шаралар жиынтығының әсері, ол жалпы салық салу деңгейін төмендету немесе жоғарылату арқылы бюджеттік алымдардың нормасын өзгерту жолы арқылы болады [2, 196].

Салықтық реттеудің негізгі бір құралы салық ставкасы болып табылады. Салық ставкаларын бекіту методологиясы және оның базасы өте маңызды мәселе болып табылады.

Салықтық реттеудің тәсілдері өзара байланысты екі салаға бөлінеді: салық жеңілдіктері және салық санкциялары. Бұл ішкі жүйелердің оптималды сәйкестілігі салық салуда икемділікті қамтамасыз етеді және соңында салық саясатының нәтижелігін көрсетеді. Салықтық техниканың ағымдағы түзетулері экономикалық конъюнктураның дамуына әсерін тигізеді. Инвестициялық процестермен сыртқы экономикалық әрекетті салықтық реттеу жалпы елдің шаруашылық комплексінің құрылымына позитивті әсер етеді. Әлеуметтік салықтың тәжірибеде салықты қуаттау жүйесінің бірқатар ұйымдастыру принциптерін өндеп шығарған. Олардың негізгілері төмендегідей:

- салық жеңілдіктерінің қолдануы, меншік түріне, әрекет түріне, оның парламенттегі тобының субъективті бағалауына байланысты таңдамалы сипаттамаға ие болу керек;

- салық жеңілдіктері, оның ішкі табиғаты бойынша әкімшілік жоспарлы сипаттамада қолдануы;

- инвестициялық салық несиесі тек қана инвестициялық бағдарламалардың орындалуын қамтамасыз ететін салық төлеушілерге беріледі.

Жалпы мемлекеттік мағыналар:

- салық жеңілдіктерін қолданылуы бюджет табыстарына шығын жасамауы қажет, не корпоративтік, не жеке тұлғалардың экономикалық қызығушылыққа әсерін тигізбеу керек;

- салықтық жеңілдік портфелін қалыптастыру тәртібін анықтау, жалпы мемлекеттік деңгейде анықталады да, ортақтандырылған билік заң тәртібіне бекітіледі;

- жергілікті деңгейде жеңілдікті қолдану жоғарғы заңдылықпен анықталады.

Салықтық реттеу экономикалық негізделген жеңілдіктер жүйесі арқылы жүзеге асырылады, ол өзара келісілген стратегиялық әрекеттегі салықтық преференциялар комплексі арқылы жаңа және бәсекелестік деңгейі жоғары өнімді шығаруда шығатын қаржы шығындарын, технологиялық процестің модернизациялауды толықтырылады, шағын және орта өндірістік бизнесті қалыптастырады.

ҚР жаңа Салық кодексінің қабылдануы, оның либералды салық салу жүйесінің болуы Қазақстан үшін маңызды және әлемдік салық салу жүйесінде өзін танытып, халықаралық кәсіпкерлерді тарту үшін қолайлы салықтық және инвестициялық ахуалды жасап, біздің елге тарту болып табылады.

Шетелдік инвестицияларды Қазақстан экономикасына тарту үшін, салық жүйесін бәсекеге түсе алатындықтай жоғарылату үшін үлкен шаралар қабылданып, жасалуда. Негізінен, ол еліміздің экономикасына қосымша шетел инвестициясын тартуға, халықаралық капитал мен ұйымдастырылған бизнес (кәсіпкерлік) түрін тартуға бағытталған. Егер бұрын мемлекетіміз ішкі мәселелерді шешуге бағытталған болса, енді Қазақстан қазір дүниежүзілік салық жүйесіндегі орнына көзқарасын түбегейлі қайтадан қарастырды және өзінің сыртқы салық жүйесінің саясатының бағытын айтарлықтай өзгертті.

Нарықтық қатынастардың даму жағдайында экономикалық реформалардың басты мақсаты әртүрлі деңгейдегі бюджеттердің кіріс көзін жоғарлату проблемаларын шешетін

нарықтық экономиканың негізгі құралы ретінде салық механизмін тиімді пайдалануы болып табылады [3, 221 б].

Қазақстан Республикасының салық жүйесінің қызмет етуін талдап зерттегенде, салық салу механизмінің теориялық және практикалық проблемалары әлі шешілмегені анықталды.

Салық механизмін тиімсіз аспектілерінің бірі негізінде салық жинау проблемалары жатыр. Соңғы жылдары осы проблемаларды шешу мемлекеттің салық саясатының басты мәселенің бірі ретінде саналады.

Салық төлеушілердің іс-қимылы салық салу базасының жиынтығы негізінде сипаттама құрылуы келесідей критерияларға жауап беру қажет:

- салықтарды жеңілдету және салықтардан жалтаруды мүмкін емес ету;
- салық төлеушілердің потенциалды мүмкіндіктерін өндіріске және оны өндіруге икемдеу;
- қызмет нәтижесі салық төлемдерінің мөлшерінің тәуелсіздігін қамтамасыз ететін мінез-құлықтың тұрақтылығы болу керек, бұл салық төлеуден бас тартуға кедергі жасайды.

Потенциалды салық төлеушілердің салық жинау процесінде нақты қамтамасыз ететін салық салу базасының анықтамасы айқын болу қажет. Қазіргі таңда салық ставкалары жоғары екені бәріне белгілі. Олардың анықталуы кезінде тапшылықта тұрған кәсіпорындардың мүмкіншілігін ескермейді. Негізінен, басқа елдердің қолданылып жүрген ставкаларын қабылдайды, бірақ сол елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын, халықтың өмір сүру деңгейін ескермейді.

Салық механизмін маңызды бір бағыты ТМД елдерімен және басқа елдермен ақпарат алмастыратын жүйе құру қажет. Ол Қазақстан Республикасынан тыс жерде жұмыс істейтін жеке тұлғалардың табысын анықтап отыру үшін және салықтардан жалтарпау үшін белгілі бір жағдай жасау керек.

Ішкі инвестицияларды ынталандырмайынша экономиканы көтеру мүмкін емес. Сол сияқты Қазақстан Республикасының салықтық қарым-қатынастарды жаңғыртудың басты бағыттарын болжамдайды:

- Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісіне салықтық және кедендік заңдарды жаңғырту мақсатында маманды ассоциация және қоғам ұйымдарының өкілдері, заңгерлер, аудиторлардан тұратын тәуелсіз байқауларды тартуда комиссия құруды ұсынады;
- қаржы тапшылығына байланысты отандық және шетел инвесторлары мен өндірушілерін қолдауға бағытталған салық және кеден ісі жөнінде жұмыстарды жүргізу жүйесін құрастыруды ұсыну;
- Қазақстан Республикасының Үкіметіне салық және кеден заң актілерін жаңғырту жұмыстарын жүргізген кезде максималды түрде кәсіпкерлердің, тәуелсіз аудиторлардың, қоғамдық бірлестіктер мен құрылымдардың жұмыс тәжірибесін ұсыну.

Егер осы айтылған ұсыныстар іске асырылса, онда Қазақстан Республикасының салықтық қарым-қатынастары жақсы дамиды.

Қазіргі кезде Қазақстанда өндірістің дамуына ғана емес, сонымен бірге кез-келген бизнестің дамуына жақсы жағдайлар жасалған. Бүгінгі таңда шағын және ірі бизнеспен айналысатын кәсіпкерлер келесідей негізгі проблемалармен қақтығысады: салықтар, заңдылықтардың тұрақсыздылығы, мемлекеттік органдардың қайшы келуі, сот жүйесінің дамымауы, несие берудің аздығы, қылмыс. Біздің ойымызша, шағын және ірі кәсіпорындарға, жеке кәсіпорындарға салық жеңілдіктерін енгізу қажет [4, 63 – 65].

Экономиканың тұрақтылығының жоқ болуы, өндірістің төмендеу жағдайларында белгілі бір қызмет түрлеріне салық қаниқулын, салықтық несие, салықтық жеңілдіктерін беру арқылы ынталандыру қажет. Біздің салық жүйеміз отандық өндірушілерді ынталандыруы қажет. Өйткені, әлемдік тәжірибе көрсеткендей, экономиканың өсуі шағын және ірі бизнестің дамуына байланысты болады.

Тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету, бизнестің бәсекеге қабілеттілігін ынталандыру, бизнестің «көлеңкеден» шығуы және салықтық әкімшілендіруді одан әрі

жетілдіру үшін мемлекеттің 2009 – 2013 жылдарға арналған салық саясаты мыналарға бағытталады, ол өз кезегінде салық механизммен орындалады:

- елдің бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге мүмкіндік беретін бәсекелі салық жүйесін құру;

- салық жүйесін Қазақстан дамуының жаңа кезеңінің міндеттеріне сәйкес келтіру, бұл экономиканы жаңғыртуға және оны әртараптандыруға ықпал етуге тиіс;

- жеңілдіктерді оңтайландыру және тиісінше экономиканың шикізаттық емес секторына салық жүктемесін азайту, заңды тұлғаларға салық салуды халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру;

- қосылған құн салығын алдыңғы қатарлы әлемдік практикаға сәйкес келтіру;

- импортқа және ішкі өндіріске арналған акциздердің ставкаларын бір ізге түсіру;

- жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу жүйесін реформалау;

- әкімшілендіру рәсімдерін оңайлату, салық қызметтерінің сапасын және салық рәсімдерінің ашықтығын арттыру, салық есептілігінің мөлшерін қысқарту, салық тексерулерін тәртіпке келтіру.

Орта мерзімді кезеңдегі бюджет саясаты бюджеттік жоспарлаудағы жаңа тәсілдер ескеріле отырып, жүргізілетін болады. Тұтастай алғанда экономикаға ынталандырушы әсер ететін бюджет шығыстарын шектеуді емес, оларды өсіруді көздейтін мемлекеттік шығыстардың қалыпты саясаты жүзеге асырылатын болады [5, 171 – 172].

Салық ісін тиімді ұйымдастыру мақсатында салықтарды белгілі топтарға бөліп жіктейміз.

Салықтарды мынадай ерекшелік белгілері бойынша жіктейміз:

1. Салық салу объектісіне байланысты;
2. Қарауына қарай;
3. Салық салу органына байланысты;
4. Экономикалық ерекшелігіне байланысты;
5. Салық салу объектісін бағалау дәрежесіне қарай;

Салық салу объектісіне қарай салықтар тікелей және жанама салықтар болып жіктеледі.

Тікелей салықтар тікелей табысқа немесе мүлікке салынады.

Тікелей салықтарға мынадай салықтар жатады:

- корпорациялық табыс салығы;
- жеке табыс салығы;
- жер салығы;
- көлік құралдарына салынатын салық;
- мүлік салығы;
- жер қойнауын пайдаланушыларға салынатын салық;
- әлеуметтік салық.

Жанама салықтарды тұтынушы төлейді. Тауар немесе қызмет бағасына алдын ала салық енгізілгендіктен, іс жүзінде оны бюджетке сатушы аударады.

Жанама салықтарға мыналар жатады:

- қосылған құнға салынатын салық;
- акциздер;

Бюджетке түскен соң қолданылатын белгісіне қарай салықтар жалпы және арнайы болып жіктеледі.

Жалпы салықтар бюджетке түскен соң, жалпы мақсатқа жұмсалады. Оған корпорациялық табыс салығы, қосылған құнға салынатын салық және т.б. жатады.

Арнайы салықтар бюджетке түскен соң, алдын ала белгіленген нақты шараларға жұмсалды. Мысалы, көлік құралдарына салынатын салық жол қорын құруға жұмсалады.

Салық салу органына байланысты салықтар жалпы мемлекеттік және жергілікті болып бөлінсе, экономикалық белгісіне қарай табысқа салынатын салық және тұтынуға салынатын салық болып жіктеледі.

Табысқа салынатын салықтар салық төлеушінің кез келген салық салынатын объектісінен түсетін табысынан алынады. Олардың санатына мына салықтар кіреді: табыс салығы, пайдаға салынатын салық.

Тұтынуға салынатын салықты салық төлеуші тауар немесе қызмет құнын төлеген кезде төлейді. Оған қосылған құнға салынатын салық пен акциздер жатады.

Салық салу объектісін бағалау дәрежесіне қарай салықтар нақтылы және дербес болып бөлінеді.

Нақтылы салықтар салық төлеушінің салық салынатын объектісінің сыртқы белгісіне қарай салынады. Оған жер салығы, мүлік салығы жатады.

Дербес салықтар салық төлеушінің салық салынатын объектісінен алатын табыс мөлшеріне байланысты салынады. Оған корпорациялық табыс салығы, жеке табыс салығы жатады [6, 103 – 105].

Қорытындылай келе айтарымыз, салық жүйесінде салық механизмінің алатын орны мен рөлі зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Болашақтың іргесін бірге қалаймыз. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан, 2011, 29 қаңтар
2. Ілиясов Қ. Қ., Құлпыбаев С. Қаржы. – Алматы: Экономика, 2009. – 551 б.
3. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі). – Алматы: Юрист, 2009. – 468 б.
4. Малдыбаева Г. Классификация налоговых нарушений по видам налогов // Вестник налоговой службы РК, 2009. №8. – 63 – 65 бб.
5. Сұлтанов А. Салық есебі. Оқу құралы. - Алматы: Экономика, 2008. – 190 б.
6. Нурумов А. Налоги и финансы рыночной экономики. – Астана: Елорда, 2007. – 410 б.

УДК 72.025 (575)

АГРОТУРИЗМ И КАЗАХСТАНСКИЕ РЕАЛИИ: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ

А.К. Есенгабылова, Р.Х. Ахмадиева

*Жетісуский государственный университет имени И.Жансугурова, г. Талдықорған
Aiman_13_90@mail.ru, Rasya88@mail.ru*

Мақала туризмнің негізгі бағыты болып табылатын агротуризмге, оның түсінігін ашып көрсетуге және дамуының шетелдік тәжірибесін сипаттауға арналады. Мақалада қазіргі кездегі Қазақстандағы агротуризмнің мәселелері мен даму перспективасы қарастырылған.

Статья посвящена одному из основных направлений туризма – агротуризму, раскрытию его определения и описанию зарубежного опыта развития. В статье рассматриваются проблемы и перспективы развития Казахстанского агротуризма на современном этапе.

The article is devoted to one of the main directions of tourism – agrotourism, to its definition and the description of foreign experience. Problems and perspectives of the Kazakhstani agritourism development at the present stage are considered.

Ключевые слова: туризм, агротуризм, ресурс, агроэкономика, туристская услуга, кластер, экологическое образование.

В настоящее время огромное внимание уделяется развитию агротуризма как одного из основных направлений туризма. Агротуризм предполагает временное пребывание туристов в сельской местности с целью отдыха и участия в сельскохозяйственных работах. Такой вид поездок включает в себя проживание на фермах и деревенских усадьбах, а также сельскохозяйственные работы, сбор грибов, ягод и других даров природы в экологически чистой местности. Сегодня агротуризм пользуется большой популярностью у жителей индустриальных стран с высоким уровнем урбанизации. Яркими примерами этого являются Франция и Италия. Почти 25% всех туристов из данных стран предпочитают сельский туризм, выезжая на отдых в крестьянские усадьбы. Кроме того, агротуризм чрезвычайно популярен в Германии и Великобритании, Австрии, Швейцарии, Испании, Канаде, Доминиканской Республике и на Кубе. За рубежом работает международная программа WWOOF, что означает «Всемирные Возможности на Органических Фермах» или «Добровольные Работники на Органических Фермах» - это набор международных программ агротуризма, позволяющих совместить отдых с работой в сельском хозяйстве. Агротуризм может выступать как фактор развития сельских районов. Он является традиционной составной частью сферы агроэкономики. Агротуризм определял во многом занятость местного населения и формировал определенную долю прибыли хозяйств. Начиная с 1970-х годов агротуризм выделяется в мировой практике в отдельную отрасль. ВТО определила агротуризм как одну из отраслей индустрии отдыха, которая не только позволяет горожанам активно провести время на свежем воздухе, питаясь экологически чистыми продуктами, но и предлагает сельским районам реальную альтернативу развития [1].

Агротуризм – это вид деятельности, организуемый в сельской местности, при котором формируются и предоставляются для приезжих гостей комплексные услуги по проживанию, отдыху, питанию, экскурсионному обслуживанию, организации досуга и спортивных мероприятий, занятиям активными видами туризма, организации рыбалки, охоты, приобретению знаний и навыков. Агротуризм ориентирован на использование сельскохозяйственных, природных, культурно-исторических и иных ресурсов сельской местности и ее специфики для создания комплексного туристского продукта. Традиционный набор развлечений в сельской местности включает пляжный отдых, рыбалку, охоту, сбор дикорастущих ягод, деревенскую баню, посиделки у костра и многое другое. Нередко основную программу дополняют конные и велосипедные прогулки, экскурсии по близлежащим достопримечательностям, знакомство с местными традициями и бытом. Все это делает агротуризм не только полезным для здоровья, но и познавательным видом отдыха. Уникальные места и интересные люди глубинки, мастера и умельцы, могут стать частью туристической индустрии, которая, в свою очередь, даст реальную возможность для развития села. Эта отрасль не требует больших капиталовложений. Между тем, аграрный туризм это и дополнительный доход в местную казну, и рабочие места, а значит и закрепление кадров на селе.

В этой связи мы полагаем, что главной целью агротуризма является развитие рынка туристических услуг для широкого предложения их населению, постоянно проживающему в городах и, в первую очередь, в крупных мегаполисах. Для реализации этой цели требуется создание большого числа туристических объектов, не крупных по размерам, с хорошо организованным сельским хозяйством и личным подсобным хозяйством владельцев гостевых домов, а также обустроенной туристической инфраструктурой при строгом соблюдении международных санитарно-гигиенических

стандартов и мер безопасности туристов на отдыхе. Мотивация развития агротуризма в Казахстане связана, в первую очередь, с ухудшением экологической и психологической обстановки в крупных городах, стремлением отдыхать на экологически благоприятных территориях, возрождением интереса к элементам традиционной народной культуры, образцам народной архитектуры, кухни, ремеслам, фольклору; роста интереса к посещению сельской глубинки как элемент ностальгии по крестьянской соборности, поиска новых источников улучшения финансового положения сельских жителей, стремлением к расширению сферы общения, ужесточением конкуренции в традиционных сферах инвестиции на селе, поиском новых сфер и объектов инвестирования.

Основными задачами, стоящими перед агротуризмом, являются:

- возрождение сельского хозяйства и личных подсобных хозяйств на территориях, определённых для организации туризма, возвращение сельского населения, ушедшего из сёл на отхожие промыслы и жительство в города, путем предложения постоянной и выгодной работы на объектах сельского туризма, развитие конкуренции на рынке туристических услуг на основе качественного агротуризма в различных его формах;

- сохранение и возрождение в сельских регионах культурного наследия, обрядов, памятников природы, истории религии и культуры, развитие сельской инфраструктуры на туристических объектах и прилегающих территориях, транспортной сети дорог и услуг транспорта, торговли и сети питания (сельские кафе и рестораны), строительство сельских отелей, создание Kazakh Experience on ecological and community based tourism системы продвижения нового туристского продукта на рынок, включая организацию различных информационно-образовательных центров, разработку программ информационных комплексов для клиентов, рекламу туристских предложений и др [2].

Развитие аграрного туризма открывает широкие возможности и для малых форм хозяйствования на селе, в частности для личных подсобных и крестьянских фермерских хозяйств, как одного из направлений несельскохозяйственных видов деятельности, и для предприимчивых бизнесменов. Говоря о туристском потенциале нашей страны, в первую очередь хочется отметить те предпосылки, благодаря которым он формируется. В настоящее время основными предпосылками формирования туристско-рекреационного кластера являются:

- благоприятная внешняя ситуация;

- наличие инновационных ядер, которые обеспечивают конкурентоспособность кластера и способствуют его дальнейшему динамичному развитию.

Для казахстанцев аграрный туризм – практически неизвестная тема. Хотя в развитых странах Западной Европы он известен более трех десятков лет. Причем данная сфера туризма приносит немалую прибыль. Например, Францию, Италию, Испанию в год посещают два-три миллиона агротуристов [3].

Отпуск на крестьянском дворе или в кемпинге — дешевая альтернатива, которой охотно пользуются, в первую очередь, многодетные семьи, чьи доходы особенно ограничены. Незначительные доходы большинства казахстанцев делают аграрный туризм особенно привлекательным, зачастую единственно возможным. Большую роль играет экономическая составляющая отрасли. Прием туристов способствует совершенствованию хозяйственной структуры села, стимулирует развитие отрасли, повышается уровень жизни селян, задействованных в индустрии гостеприимства. Преимущество агротуризма не только в том, что он дешевле курортного, но и в том, что он помогает местному населению, создавая новые рабочие места. Аграрный туризм решает проблемы фермеров со сбытом продукции, привлекает в деревню дополнительные инвестиции.

Успешный западный опыт может найти заинтересованных структур в развитии агротуризма и в Казахстане. Кроме нефти и газа в Казахстане есть колоссальнейшие запасы в виде природных ландшафтов, нетронутых уголков природы. Эти резервы способны породить мощнейшую индустрию деревенского туризма и поднять сельскую глубинку. Особенно ту ее часть, где нет нефти и газа. Эффект от организации агротуризма мог бы быть не худшим, чем от эксплуатации топливно-энергетических ресурсов. В этой связи мы видим свою задачу в том, чтобы внимательнее изучить имеющийся опыт, накопить собственный, и сделать его достоянием гласности с тем, чтобы как можно большее число предпринимателей обратили свое внимание этой перспективной отрасли. Большая роль отводится объектам агротуризма в решении экономических и социальных проблем села в Казахстане. Их активная деятельность обеспечивает рост занятости и получение стабильных и весомых доходов населения, развитие сельскохозяйственного производства и сельской инфраструктуры, возрождение и сохранение культурно-исторических достопримечательностей, памятников природы, сельских традиций, промыслов и т.п. Поэтому агротуризм позиционируется как одно из разновидностей туризма, его новое направление. Следовательно, мы рассматриваем агротуризм как набор разнообразных услуг для туристов: проживание их в сельском доме, организацию зелёных походов и участия в сельских культурно-развлекательных мероприятиях, приобщение к секретам местной кухни, ремёслам, сельским обрядам и обычаям. Важное место в комплексе туристических услуг занимают зоо- и фитотерапия, освоение секретов деревенской бани, рыбалка, охота, верховая езда, походы за грибами, ягодами и др. Деятельность кооперативов и других предпринимательских структур должна быть направлена на вытеснение с рынка так называемых «диких» форм отдыха на природе, которые нередко приносят значительный вред окружающей среде или приводят к пожарам, распространению инфекций и др. Цивилизованный сельский туризм кооперативы должны рассматривать в тесной связи с просвещением туристов и сельского населения, занятого их обслуживанием, в форме тематических семинаров, экскурсий, экопутешествий по проблемам взаимодействия человека с окружающей средой. Такие формы просвещения способствуют повышению уровня экологического образования населения, сохранению окружающей среды. Таким образом, социально-экономическая значимость агротуризма в Казахстане заключается в следующем: релаксация жителей городов в сельской местности, пополнение знаний о традиционной народной культуре, движение финансовых средств из городов в сельскую местность, создание альтернативных источников занятости для сельского населения, повышение уровня экономической доходности сельского населения, снижение процесса миграции сельских жителей в города, формирование рынка сбыта сельхозпродукции и предметов народных промыслов, развитие инфраструктуры сельских территорий, сохранение природных и культурных ресурсов территории, снижение социальной напряженности в сельской местности [2].

В Казахстане развитие агротуризма может быть эффективным как с социальной, так и с экономической точки зрения. В то же время следует иметь в виду, что максимального эффекта можно добиться, если агротуризм будет развиваться не спонтанно, а в рамках какой-либо программы межрегионального или регионального значения. В противном случае локальные проекты в сфере сельского туризма в современных условиях недостатка финансовых ресурсов обречены на медленное и трудное самостоятельное развитие. Кроме того, необходимо учитывать специфику развития агротуризма в Казахстане. В Западной Европе поддержка агротуризма во многом объясняется перепроизводством сельскохозяйственной продукции, в Казахстане же подобная ситуация отсутствует. Поэтому для нашей страны более логичным представляется подход, в рамках которого будет сочетаться развитие и

самого сельскохозяйственного производства, и агротуризма. Экономические основания для такого подхода очевидны. Цены производителей сельхозпродукции многократно уступают ценам в городской розничной торговле. Если совместить оказание туристических услуг в сельской местности с продажей продуктов питания по ценам производителей, это позволит создать недорогой и конкурентоспособный рыночный продукт. В результате, совокупное производство продуктов питания и туристических услуг может оказаться вполне рентабельным, даже если какой-либо из этих видов деятельности сам по себе убыточен. Однако не все регионы Казахстана, обладающие хорошими природно-климатическими условиями для агротуризма, пригодны для ведения сельского хозяйства, и наоборот.

Ресурсный потенциал агротуризма в Казахстане включает: обширные сельскохозяйственные территории, благополучное экологическое состояние ряда из них, высокое этническое и природное разнообразие страны, сохранность традиционной культуры этносов в ряде регионов, богатый историко-культурный потенциал, выраженная потребность казахстанцев обратиться к своим национальным корням. Целевыми сегментами рынка агротуризма могут выступать как граждане Республики Казахстан, так и иностранные туристы. К первой категории следует отнести три группы казахстанских граждан: деловые люди, которые не могут в силу своей деятельности позволить себе длительный отпуск; лица с относительно низкими доходами и ограниченными возможностями для организации зарубежных поездок; студенты и учащиеся вузов и колледжей, дети в каникулярное время, родители которых не всегда положительно воспринимают большое скопление детей в летних лагерях и альтернативным отдыхом для своих детей могут считать агротуризм. Ко второй категории целесообразно причислить три группы: иностранных туристов, приезжающих в Казахстан с деловыми и иными целями, предпочитающих останавливаться в спокойных местах в силу особенностей своего характера, транзитных туристов, передвигающихся по территории регионов, гостевых туристов, посещающих Казахстан с ностальгическими мотивами, а также любителей охоты и рыбалки, активного отдыха на природе.

Казахстанский агротуризм в своем развитии, также как и зарубежные страны, пройдет две основные стадии - этап самостоятельного становления за счет активности сельских предпринимателей и этап целенаправленного развития вследствие значительных внешних инвестиций в организацию сельского отдыха. Помимо этого, учитывая особенности казахстанской ситуации (низкие объемы сельскохозяйственного производства, отрицательный уровень миграции), следует планировать и третий этап развития национального агротуризма – создание единого агротуристического комплекса. Сложность проблемы становления агротуризма в Казахстане, препятствия, сдерживающие этот процесс:

- отсутствие сколь-нибудь существенной государственной поддержки;
- недостаточная популяризация аграрного туризма и малый объем инвестиций в сельскую инфраструктуру со стороны государственных органов власти, без которой трудно создать необходимую туристскую инфраструктуру. Такая задача посильна только крупному бизнесу, который пока не торопится направлять инвестиции в сельский туризм;
- отсутствие законодательного определения статуса сельских туристических хозяйств и структур. В этой связи мы считаем целесообразным придать им статус малых форм сельскохозяйственных предприятий с тем, чтобы паритетно распространить на них все виды поддержки также, как на субъекты малого агробизнеса в рамках реализуемых Госпрограмм развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан. Эффективность агротуризма во многом зависит от искусства предпринимателя и специалистов потребительских обществ позиционировать свой

туристический продукт, от его знаний и умений в вопросах организации сельского хозяйства, а также экономической образованности и информированности. Исходя из этого, кооперативные учебные заведения могут создать сети специализированных консультационных структур для организации сотрудничества с субъектами сельского туризма в соответствии с «Концепцией основных направлений развития сельской потребительской кооперации Республики Казахстан на 2008 – 2012 годы» [4].

Важным вопросом комплексного развития туризма в сельской местности является формирование основной единицы бизнес-планирования. Практика показывает, что в качестве основной единицы мог бы стать административный район. Именно в его рамках должна проводиться специализация микрорайонов туристического обслуживания, включающих объекты экологического, детско-юношеского, лечебно-оздоровительного, спортивного и других видов агротуризма. Для взаимосвязи этих микрорайонов административного района должны составляться туристские маршруты водного, конного, пешеходного и других направлений.

Отдельная проблема, которую невозможно решить мгновенно – качество туристического обслуживания. Для его повышения, прежде всего, необходимо улучшить профессиональную подготовку работников для сферы агротуризма. Кроме того, вновь организуемым туристическим предприятиям необходимо проходить лицензирование и сертификацию. Улучшению качества туристического обслуживания будет также способствовать формирование и совершенствование законодательной базы о развитии нового вида предпринимательской деятельности на селе. Масштабное развитие материально-технической базы сельского туризма также невозможно без значительной поддержки со стороны государства.

В программе развития агротуризма предусматривается финансовая помощь хозяйствам на цели перестройки и реставрации и оборудование традиционных домов в сельских районах для подготовки к приему туристов, а также развитие народного промысла, рекреационной зоны. Создание ассоциаций агротуристического бизнеса является одним из эффективных рычагов развития агротуризма. Они должны решать задачи защиты интересов и агротуристических фирм, стандартизации и сертификации агротуристических услуг, поддержания стандартов качества туруслуг, а значит и конкурентоспособности сектора агротуризма как в регионе, так и в целом Казахстана: обучения фермеров иностранным языкам, кулинарии, интернет-технологиям и т.д. Агротехнические услуги необходимо реализовать главным образом через интернет, здесь ключевым моментом является перевод аграрно-туристического продукта в электронно-информационную форму и создание интерактивных баз данных об агротехнических хозяйствах, формирование интернет-каталогов, создание интерактивных карт агротуристических хозяйств по всей республике, региональных информационных порталов. Развитию агротуризма способствует не только формирование соответствующей социальной базы, но и экономические предпосылки.

В зарубежных странах агротуризм поддерживается как на государственном уровне, так и на местах. Кроме принятия соответствующих законодательных актов, касающихся развития агротуризма, во многих странах созданы специальные организации, поддерживающие этот вид деятельности. Учитывая зарубежный опыт, а также особенности современной экономической ситуации в стране, можно утверждать, что важными шагами на пути формирования отраслевого комплекса аграрного туризма является включение этого направления экономической деятельности в сферу государственного регулирования экономики. Необходимо создание нормативно-правовой базы развития агротуризма в республике Казахстан, для этого следует:

- принятие закона о развитии агротуризма и формулирование государственной политики поддержки агротуризма, как альтернативной, приносящей доход деятельности населения сельской местности и малых городов Казахстана;

- разработка концепции развития агротуризма на государственном и региональном уровнях, где были бы определены направления развития агротуризма с учетом общенациональной и региональной специфики.

Важными компонентами государственного участия в развитии сектора агротуризма должны стать принятие закона об аграрном туризме и создание специализированной организации – Ассоциации агротуристических хозяйств Казахстана. Закон об агротуризме позволил бы легализовать экономическую активность в этой области и вывести ее на масштабный государственный уровень.

Агротуризм может стать источником пополнения государственного бюджета, а также новым продуктом для туристических фирм. Агротуризм следует развивать на основе тщательного планирования, привлекая местное население, целью обеспечения равновесия между экономическими, культурными и религиозными ценностями и охраной окружающей среды для достижения устойчивого развития. Таким образом, внедрение аграрного туризма в республику Казахстан позволит оптимально использовать природно-климатические ресурсы республики и поднять уровень жизни в сельской местности.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1 Адамеску А.А., Воскресенский В.Ю. Аграрный туризм как инновационный фактор развития агропромышленного комплекса. //Журнал «Региональная экономика: теория и практика». 13(70) - 2008 май.

2 Улаков С.Н., Борбасова З. Н. Социально-экономическая роль и перспективы развития агротуризма в Казахстане. // «Экотуризм в Казахстане» материалы международной конференции. Караганда 2010.

3 Здоров А.Б. Экономические аспекты аграрного туризма // В уч.: Экономика туризма.: М.: Финансы и статистика, 2011.

4 Концепция основных направлений развития сельской потребительской кооперации Республики Казахстан на 2008 – 2012 годы. (Утверждено постановлением седьмого Общего собрания представителей членов Казпотребсоюза второго созыва от 21 февраля 2008 года).

ӘОЖ 658

КӘСПОРЫНДЫ БАСҚАРУДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ

Ә. Ибраева, магистрант

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

Кәсіпорынды басқарудағы стратегиялық жоспарлаудың мәні мен маңызы қарастырылған. Стратегиялық басқару мен жоспарлаудың теориялық мәселелері туралы көзқарастар салыстырылады.

В данной статье рассматриваются значение стратегического планирование и управление предприятием. Рассматриваются теоретические проблемы стратегического управление и планирование.

In this article is discussed about meaning of strategic planning and Management Company. Also about theoretical problems of strategic management and planning.


Тірек сөздер: Кәсіпорын, стратегиялық жоспарлау, стратегиялық басқару, стратегиялық бақылау, реттеу.

Стратегиялық жоспарлау кәсіпорынды стратегиялық тұрғыдан басқарудың орны мен мәнін ашады.

«Стратегиялық жоспар» термині 1960-1970 жылдар аралығында өндіріс деңгейіндегі ағымдық жоспарлауды жоғарғы деңгейдегі жоспарлаудан айыру үшін енгізілді. Бұл өзгермелі орта жағдайындағы ұйым дамуының жаңа моделіне өту қажеттілігімен түсіндірілді.

Стратегиялық басқару және жоспарлау теорияларының авторлары Шендел және Хаттен стратегиялық жоспарлауды «анықталған мақсаттарды жүзеге асырудан және ресурстарды бөлу нәтижесінде сыртқы ортамен жоспарланған байланысты орнату әрекеттерінен тұратын, кәсіпорын мен оның ортасының арасындағы байланысты анықтайтын үрдіс» деп түсіндірді.

Стратегиялық жоспарлау - бұл басшы қабылдаған әрекеттер мен шешімдер жиынтығы, сол арқылы ұйымның өз мақсатына жетуі үшін басшы арнайы стратегияны іздестіреді. Стратегиялық жоспарлау стратегиялық басқарудың маңызды функциясы және оның сыртқы ортадағы қалыпты жағдайының орталық буыны. Бұндай шарттарға тән стратегиялық менеджменттің үрдіс құрылымы 1-кестеде келтірілген.



1 - Кесте. Біршама қалыпты жағдайдағы стратегиялық менеджменттің үрдіс құрылымы.

Өкінішке орай, экономика әдебиеттерінде стратегиялық жоспарлауға стратегиялық менеджменттің мәселелері баяндалғанымен де, толық элемент ретінде назар қойылмаған. Бұдан бөлек, көптеген жағдайда жобадағы қызметке болжамды мерзімге (тұрақты емес сыртқы ортаның деңгейінен әртүрлі болуы мүмкін) өте маңызды, нақты бағдар болатындай көрсеткіштер мен жоспар құру сұрақтары талқыланбаған болатын. Кейбір ғалымдар стратегиялық жоспарлау элементін стратегияны жүзеге

асыру кезеңіне қосады, жоспарлау болжам сипатты екендігін ұмытып кетеді, ал жүзеге асыру – бұл болжамдағы нәтиженің іске асуы.

Стратегиялық жоспарлау түсінігі көптеген ғалымдармен әр түрлі түсіндіріледі. Стратегиялық жоспарлаудың бірнеше анықтамасы бар.

А.И. Ильиннің ойынша, стратегиялық жоспарлау – бұл аспап болып табылады, яғни аспап көмегімен кәсіпорынның қызмет ісін жүргізу мақсаттарының жүйесі қалыптасады және оған жетуге барлық ұжымның күші бірлеседі [1]. Бұл анықтамада стратегиялық жоспарлаудың мазмұны емес, оның неге арналғандығын көрсетеді.

Л.П. Владимировтың тұжырымында, стратегиялық жоспарлау – бұл функционалды стратегияны өңдеу және фирманың даму мәселелерін шешуге көмек көрсету мақсатында, фирманың басшылығы қабылдайтын, әрекеттер мен шешімдер жиынтығы [2]. Негізінде бұл анықтамада да стратегиялық менеджмент пен стратегиялық жоспарлаудың арасындағы айырмашылық жүргізілмейді.

Л.П. Басовскийдің болжамдамасы бойынша, стратегиялық жоспарлау – бұл ұйымдар мен кәсіпорындардың мақсаттарына жетуге қажетті стратегияны өңдеу бойынша шаралары мен кешенді шешім болып табылады [3]. Бұл тұжырымдама, жоспарлау мен стратегияны өңдеу арасына теңдік белгісін қояды, алайда оны дұрыс деп санауға болмайды. Жоспарлау стратегияға қарағанда кең ұғым, өйткені ол стратегияны құру мен белгілі мерзімге оны жүзеге асыру бағдарлама шамасын өзіне қосады.

А.Д. Вачугов пен В.Р. Веснин экономистері стратегиялық жоспарлауды – нақты мақсаттың жиынтығы деп санайды, яғни белгілі мерзімге мақсатқа жетуге қажеттілігі бар. Олар көбінесе өндіріс дамуының жалпы мәселелерін және алдын ала көп жылға ресурстарды бөлуді қамтыған, сонымен қатар, белгілі бір иерархияға бағынуына қарамай, әртүрлі бағыттар бойынша өз бетімен әзірленеді. В.П. Грузинов стратегиялық жоспарлау бойынша келесідей түсінікме береді: бұл кәсіпорынның болашақтағы көрінісі, оның мемлекеттегі қоғамдық-саяси құрылымы мен экономикадағы рөлі мен орны және жаңаша күйге жетудегі негізгі жолдары мен әдістері. Сонымен бірге, стратегиялық жоспарлау бастан-аяқ кәсіпорынның басшылығынан жоғары айрықша құзыретті болып табылады [4]. Біздің ойымызша, бұл анықтамаларда жоспарлау үрдісі оның нәтижелерімен теңдестірілген.

Т.П. Любова, Л.В. Мясоедова, Ю.А. Олейникова ғалымдары стратегиялық жоспарлауды былайша түсіндіреді: «...бұл мақсаттары қойылған және нарықтық ортаның екіұштылық жағдайдағы олардың өзгеруімен, кәсіпорынның белгілі жұмыс істеу мерзімінде эффективті модельдеу үрдісі болып табылады, сондай-ақ оның мүмкіншілігіне сәйкес бұл мақсаттар мен мәселелерді жүзеге асыру әдісін анықтау» [5]. Бәлкім, стратегиялық жоспарлаудың осы анықтамасы кәсіпорынды жұмыс істеткізуде кез келген динамикалық үрдісінен ажыратылмайды, яғни бұл да дұрыс емес.

Э.А. Уткиннің түсінігінде стратегиялық жоспарлау – адамның тәжірибелік қызметінің ерекше түрі – сыртқы ортаның өзгермелі жағдайына қарай тез бейімделу мен ұзақ мерзімді болашақтағы оның эффективті жұмыс істеуін қамтуды жүзеге асырумен, басқарма объектілерінің қылықтары сәйкес келетін стратегиялар мен мақсаттарды ұсынуды қарастыратын, стратегиялық шешімдерді әзірлеуге жататын, жоспарлық жұмыс (болжамдар, жобалар, бағдармалар түрінде) [6]. Бұл анықтама, стратегиялық жоспарлауды басқарма функциясы ретінде қарастырғанда дұрысырақ болып келеді. Стратегиялық жоспарлау мен зерттелетін категориясы арасындағы байланысын анықтап, осы анықтама негізінде «стратегиялық жоспарлау» тұжырымдамасын құру мүмкіндігі бар.

Стратегиялық жоспарлауда екі тәсіл қолданамыз. Бірінші тәсілге, стратегиялық басқарма түрлері, стратегиялық жоспарлау мен стратегиялық менеджмент байланысы кеңінен таратылған генетикалық айқындалған байланыс пен жалғастырушылық негізінде олардың арасында тұтас пен бөлшек сияқты айырмашылық жасалмайды,

өйткені олардың сыртқы ортаның тұрақты емес әртүрлі деңгейіне, ұжымның әртүрлі жұмыс істеу жағдайына жарамдылығы жайында айтылады.

Екінші тәсіл менеджментті басқарма функцияларының жиынтығы ретінде қарастыруға сүйенеді – мақсатты тұжырымдау, жобалау, ұйымдар, уәждеме, бақылау, анализ, реттеу және т.б. (әртүрлі кәсіпорындағы басқарма үрдісін үлкейту немесе талдап тексеру деңгейіне тәуелді ретінде). Бұл жағдайда жоспарлау басқарма үрдісінің міндетті бөлігі болатын функция секілді және ұйымның жүйе ретінде басқармалы болуы үшін барлық функциялары орындалуы қажет. Соған қарамастан, стратегиялық мақсаттарға жету үшін стратегияны жүзеге асырудағы барлық мерзімге қаншалықты толық құрамды жоспарлардың қажеттілігі жөніндегі сұраққа жауап табылмай отыр. Қандай жоспарлауды стратегиялық деп санауға болады – тек толық құрамды жоспарларды немесе ұзақ мерзімді стратегияны жүзеге асыруды қамтитын, қысқа мерзімді жоспарды құруды да стратегиялыққа жатқызуға бола ма?

Бұл сұрақтарға жауаптарды біз келесідей жорамалдардан шығардық: стратегиялық жоспарлауды тек стратегияның өзінің шегімен сәйкес келетін жоспарлауда ғана санау қажет және оны жүзеге асырудағы барлық қажетті параметрлерін нақты ықтималдықпен анықтау есептелінген (ақпараттық, технологиялық, қаржылық, материалдық, еңбектік – қорлар мен негізгі белгілері). Демек, стратегиялық жоспарлау стратегиялық жоспарды құру үрдісі ретінде болса, онда бұл сөзді толық мағынасында түсінудің қажеті жоқ. Стратегияның шегіне қарағанда, қысқа уақыт мерзіміне тактикалық жоспар құрылуымен стратегияны жүзеге асыруды қамтамасыз етуге болады және ол мерзім ішінде ақиқаттың жеткіліктілігімен қызмет нәтижесін болжауға болады.

Стратегиялық жоспарлау мен стратегиялық менеджменттің арасындағы айырмашылығы келесідей:

1. стратегиялық жоспарлау – бұл тар ұғым;
2. стратегиялық жоспарлау – ақпаратты басқару аспабы, ал стратегиялық менеджмент – адамдарды басқару аспабы;
3. стратегиялық жоспарлау – талдамалы үрдіс, ал стратегиялық менеджмент – ұйымдыстара-талдамалы;
4. стратегиялық жоспарлауда экомомикалық және техникалық ауыспалықтар қолданылады. Ал стратегиялық менеджментте олардан бөлек, психологиялық, социологиялық және саяси факторлары қолданылады.

Стратегиялық жоспарлаудың өзіндік белгілері:

1. Стратегияны көпшілік жағдайда жоғарғы басшылар тұжырымдайды, алайда оны жүзеге асыруда басқарудың барлық деңгейіндегілері қатысуы көзделеді.
2. Стратегиялық жоспар жеке бір ұйым үшін ғана емес, бүкіл кәсіпорынның болашағы үшін жасалады.
3. Стратегиялық жоспар көлемді зерттеулермен және нақты деректермен негізделеді. Қазіргі заманғы бизнесмен тиімді бәсекелесу үшін, фирма сапа, рынок, бәсеке және басқа да факторлар туралы толып жатқан ақпаратты ұдайы жинауы, әрі талдауы тиіс.
4. Стратегиялық жоспар ұзақ уақыт бойы тұтастығын сақтаумен қоса, қажет болған жағдайда жетілдіруді және қайта бағыттауды жүзеге асыратындай икемді болатындай жасалуы тиіс.

Стратегиялық жоспарлау басқару жүйесінің функционалдық құрылымының негізі болып табылады. Стратегиялық жоспарлаудың көмегімен кәсіпорын қызметінің мақсаттары анықталып, оларға жету үшін ұжымының әрекеттері біріктіріледі; кәсіпорын стратегиясы құрылады. Стратегиялық жоспарлардың негізінде қабылданатын шешімдер және басқару аппаратының қызметі кәсіпорынның алдына қойған мақсатына жетуді қамтамасыз ететін стратегияны құрайды. Яғни, стратегиялық

жоспар - бұл кәсіпорынның мақсаттарын және оларға жетудің жолдарын анықтаудан тұратын үрдіс болып табылады.

Стратегиялық жоспарлау кәсіпорынның мақсаттар жүйесін, альтернативті стратегияларын құру, ішкі және сыртқы ортасын талдау, жоспарларды құру мен жүзеге асыру үшін құқықтық және ұйымдастырушылық алғышарттары негізінде жүзеге асырылады. Стратегиялық жоспарды құрушылардың экономика және құқық, экология және урбанистика, статистика және социология, стратегиялық менеджмент және қаржы сфераларында ортақ және арнайы білімі болуы қажет. Сонымен қатар, олар қоғамдық пікірді талдау және қоғамды стратегиялық жоспарлау үрдісіне жұмылдыру әдістерін білуі тиіс. Стратегиялық жоспарлау кәсіпорынның болашақта туындайтын мәселелері мен мүмкіндіктерін ресми болжаудың жалғыз әдісі болып табылады. Ол кәсіпорынның жоғары деңгейіндегі басшыларына ұзақ мерзімдік жоспар құруға және шешім қабылдауға негізді қамтамасыз етеді. Шешім қабылдауда тәуекел деңгейін азайтып, кәсіпорынның барлық құрылымдық бөлімшелерінің мақсаттары мен міндеттерінің ықпалдасуын жүзеге асырады.

Стратегиялық жоспарлау – бұл ұйымның мақсаттарын таңдау мен оларды іс жүзіне асыратын үдеріс қызметінің бірі болып табылады. Стратегиялық жоспарлау барлық басқарма шешімдерінің түп негізін қамтиды, сондықтан да көптеген кәсіпорындар мен ұйымдар дамудың стратегиялық жоспарлауын құруға бағытталған. Стратегиялық жоспарлаудың динамикалық үрдісі барлық басқарма қызметі қамтылатын қолшатыр іспеттес, стратегиялық жоспарлаудың артылықшылықтарын пайдаланбаса, ұйымдар және жеке адамдар толықтай корпоративті кәсіпорынның бағыты мен мақсатын бағалаудағы нақты әдісінен айырылады. Стратегиялық жоспарлау үрдісі ұйымның мүшелерін басқарудың негізін қамтиды.

Сонымен, стратегиялық жоспарлау – бұл ұйымның стратегияны жүзеге асыру мерзіміне тең уақыт ішінде стратегиялық жоспар түрінде нақтылау мен тағайындау үрдісі. Стратегиялық жоспарлаудың негізгі мақсаты - кәсіпорынның болашақтағы табысты қызметін модельдеуде (стратегияны жүзеге асырудың барлық мерзімінде). Стратегиялық жоспарлаудың негізгі мәселесі – өзгермелі ортадағы ұйымның мақсаттарына жету үшін қажетті енгізулер мен бейімділікті қамтамасыз ету болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Басовский Л. Е. Прогнозирование и планирование в условиях рынка: Учебное пособие. – М.: ИНФРА-М, 2001ж.
2. Владимирова Л. П. Прогнозирование и планирование в условиях рынка: Учебное пособие. – М.: Издательский дом «Дашков и К», 2000ж.
3. Грузинов В. П., Грибов В. Д. Экономика предприятия. – М.: Финансы и статистика, 1997ж.
4. Любанова Т. П., Мясоедова Л. В., Олейникова Ю. А. Стратегическое Планирование на предприятии: Учебное пособие. – М.: Изд. «ПРИОР», 2001ж.
5. Ильин А. И. Планирование на предприятии: Учебник. 4 изд. – Мн.: Новое знание, 2003ж.
6. Стратегическое планирование / Под ред. Э. А. Уткина. – М.: ТАНДЭМ, Изд. «ЭТМОС», 1998ж.
7. Каренов Р.С. Теория и практика менеджмента. - Алматы: Ғылым, 1999ж.
8. Керимбеков Т.Н. Планирование и прогнозирование. – Алматы: Ғылым, 1998ж.

ӘОЖ 337

**МЕМЛЕКЕТТІ БАСҚАРУ ПРОЦЕСІНДЕГІ
«ЖАСТАР САЯСАТЫ ТУРАЛЫ ЗАҢЫНЫҢ» РӨЛІ**

Д. Искакова

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ-сы

Бұл мақалада қазіргі мемлекеттік басқару аясында «Жастар саясаты туралы Заңның» жүзеге асырылуы туралы мәселе қарастырылған.

В данной статье рассматривается проблема реализация «Закона о молодежной политике» при государственном управлении на сегодняшний день.

In this article the problem realization "The law on youth policy" is considered at public administration today.

Жастар – ұшқыр ойлы, талғамы биік, сөзге шешен, саяси сауатты да, салауатты болған жағдайда да ғана Қазақстанның болашағы зор деуге болады. Ал жастардың дәл осы қасиеттерге ие болуына аға буынның қосар үлесі мен берері мол екені сөзсіз. Неге десеніз, жастар өз бетінше дамымайды. Олардың өмірі қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайлармен байланыса өрбиді. Сондықтан жастардың қоғам дамуында алатын орнын ескере отырып, олардың өмірде дұрыс бағыт таңдауына, аға буын жауапты десек асыра сілтегендік емес. Әрине, барлық жауапкершілікті аға буын өкілдеріне артып қойған болмас, бұл орайда жастардың өзіндік үлестері де болуы тиіс. Дегенмен халық даналарының «алдыңғы арба қалай жүрсе, кейінгі де сол бағытты ұстанады» - деген қанатты сөзін естен шығармайық.

Бүгінгі таңда еліміз байып, іргеміз нығайып, әр қадамымыз нақты, істеріміздің қомақты болуы қуантады. Осы жетістігіміз, бүгінгі бақытты да, баянды ғұмыр кешуімізге, сонау 1986 жылы желтоқсанда қыршынынан қиылған, Отаны мен елі үшін өмірін құрбан еткен батыл да, батыр қыз-жігіттеріміздің арқасы екенін ұмытпағаймыз. Бұл бақыт, барлық пен байлық, тіліміз бен діліміз, дініміз - сол жастардың бізге берген аманаты. Қазіргі жастар аманатқа қиянат қылмай, келер ұрпаққа осы байлығымызды дәл осы қалпында табыс етуі парыз. Осы тұрғыдан алып қарасақ, жастар қоғамға жаңа дем, жаңа өмір мен бағасыз құндылықтарды әкелушілер іспетті. Тарихқа үңілсек, қай заманда да ең алдымен жастарға жағдай жасалғанын көреміз.

Жастар қоғам өмірінде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық, мәдени өзгерістерге толыққанды қатысқан кезде ғана нақты нәтижеге қол жеткізуге болатыны сөзсіз. Сол себепті жастар мәселесі, дәлірек айтқанда жастар саясатының өзектілігін арттырып, жетілдіру бүгінгі күннің өмір талабынан туындап отырған қажеттілік болып табылады. Қоғам жастар арқылы биологиялық және рухани жаңару сатысынан өтіп отыратыны баршамызға мәлім.

«Жастар» сөзінің ғылыми мағынасына сүйенсек, «жастар – бұл қоғамда болып жатқан өзгерістерге, сонымен қатар ересектер өміріне бейімделіп жатқан, әлеуметтік ересектіктің қалыптасу кезеңін басынан кешіріп жүрген әлеуметтік-демографиялық топ». Жастар еліміздің еңбекке қабілетті халқының 30 % - ын құрайтыны тағы бар. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы 2004 жыл 7 шілдедегі Заңының 1 тарау 1 бабына сәйкес, жастар деп Қазақстан Республикасының 14 жастан 29 жасқа дейінгі азаматтары саналады. Яғни, осы жастар еліміздің ертеңі болып есептеледі. Осы орайда, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың: «Еліміздің ертеңі – жастардың қолында» деп өскелең ұрпаққа сенім артуы заңдылық. Жастар саясаты –

мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі ретінде қарастырылып, оның жүзеге асуына мемлекет, қоғам, және мемлекеттік емес ұйымдар мен саяси партиялар міндетті түрде қатысуы тиіс.

Себебі жастар мәселесі - өте күрделі мәселе. Ол бүкіл қоғамға, барлық елдерге ортақ мәселе. Жастар саясаты Заңы мен Тұжырымдама, жастардың болашағын айқындайтын, қажетті әрі маңызды құжат деп есептейміз.

Біздің пайымдауымызша, бұл құжаттар жастардың бойына отансүйгіштік, еңбекке баулу, еліміздің ертеңі үшін жауапкершілікті сезіну сынды қасиеттерді дарытып қана қоймай, ауыл жастарының жағдайын жақсарту, кәсіпкерлердің жастар ұйымдарын қолдау, жастардың жұмыссыздығы мен жас отбасылардың тұрғын-үй мәселесін оңтайлы шешуге негізделген игі бастамалардың қайнар көзі. Осы құжаттар оңтайлы нәтиже беру үшін көптеген жастар ұйымдары жұмыс істеуде. Олардың саны 1998 жылы онға жетпейтін, ал бүгінгі күні елудің үстінде. Жалпы республика бойынша жастар ұйымдарының саны 150-ден асып отыр.

Осы айтылып кеткен шаралардан кейін еліміздің 4 млн-ға жуық қомақты әлеуметтік тобын құрайтын жастардың қоғамымыздағы алып отырған орны мен олардың рөлін белгілейтін нормативтік құжаттың қабылдануы заңды құбылыс.

Бұл заңның басы-қасында қойылатын сұрақтар өте көп. Мәселен, «Бұл Заңнан не күтуге болады?». Нақтырақ айтқанда, бұл заң жастардың барлық мәселесін шешіп тастай алмайды. Бірақ жұмыссыздық, баспана мәселесі, жоғары білім алу жолдарының күрделенуі, қоғамда түрлі қылмыстың етек алуы, нашакорлық пен маскүнемдік сияқты мәселелердің белең алуына тосқауыл қоюға себеп болады. Сондықтан бұл мәселелерді жастар үшін бөліп алып шешу мүмкін емес. Ал барлық мәселені былай қойып, тек жастарға ғана назар аудару керек десек, бұл әрине үлкен қателік. Бұл заң мемлекеттің жастарға деген салмақты бетбұрысын көрсетеді, себебі жастарға толыққанды көңіл бөлмеген мемлекеттің келешегі жоқ. Өмірге деген көзқарасы толық қалыптасып үлгермеген жастар кез-келген дағдарыс немесе қоғамның өтпелі кезеңі тұсында ішкі күйзеліс, саяси енжарлыққа, нигилизмге бейім келіп, бұның салдары ұлттың рухани байлығының азып-тозуына жол ашады. Әрине, мұндай келеңсіз жағдайларды болдырмауымыз керек.

Адам жалаң сөзбен патриот бола алмайды. Тұжырымдама жобасындағы отансүйгіштік мәселесіне қатысты жазылған пікірлермен толық келісеміз. Қазіргі жастар еліктегіш, көрсеқызар. «Осы елде тудың ба, осы елдің патриоты болуың керек» десек, бетіне қарап күледі. Өйткені қазіргі жастар қай елде жақсы өмір бар, қай жерде өзін таныта аламын деп санайды, сол елге барып өмір сүргісі келеді. Оған біз шет елге кетіп, сол жақта тұрмысқа шыққан қыздардың, сол жақта әдейі қалған жігіттер дәлел. Жастарымызды Қазақстанның нағыз патриоты етіп тәрбиелейік десек, әуелі олардың бойынан елімізге деген мақтаныш сезімін оятуымыз керек. Ой-саналарына «мен қазақпын» деген ұлы ұғымды сіңіруіміз қажет. Айта кетер болсақ, Лондон Олимпиадасы еліміздің абыройын асқақтатты, Қазақстанда тұратын әрбір азаматтың бойында патриоттық сезім ұялатып, рухын өрлетті десек артық айтқандық емес. Осы бір жарыстың өзі Қазақстан туралы қаншама жақсы пікірлер қалыптастырып кетті. Міне, тарихи маңызды шаралар адамның өміріне көп әсер етеді. Қазақстанда тұратын қай ұлт өкілі болса да, ертең шетелге шыққанда «мен қазақпын» деп мақтанып жүретіндей саясат жүргізуіміз керек.

Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығын абыроймен атап өттік. Ендігі кезекте әлеуметтік салаға бет бұру - күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе. Өйткені жүргізіліп жатқан реформалардың әрі қарай жүзеге асуы осы реформаларды қолдайтын әлеуметтік базаны кеңейтуге байланысты. Ал, реформаларды қолдайтындардың санын қалай және кімдердің үлесімен көбейтуге болады? Әрине, жастарды тартқанда ғана оңтайлы нәтижеге қол жеткіземіз.

Жастар саясатын қолдайтын құнды құжаттар бар. Ал, сол құжаттың басты механизмі саналатын жастардың бүгінде жағдайы қандай, көкейкесті мәселелері не? Жоғары оқу орнын бітіріп, қолына диплом ұстаған әрбір жас түлек жұмысқа орналасу жайын ойлаумен болады. Өйткені елімізде жас мамандарды жұмыспен қамту мәселесі әлі де жүйелі шешілмеген. Әсіресе, тәжірибесі жоқтығын сылтау етіп, жұмысқа қабылдаудан бас тартатындар жетіп артылады. Жасыратыны жоқ, жұмысқа орналасу таныс-тамырдың арқасында мүмкін болып жатады. Міне, жастар үшін бұл толғандырарлық мәселе болатыны да осыдан.

Жоғары оқу орындары түлектерінің жұмыспен қамтылу деңгейінің төмен болу себептері:

Біріншіден, жоғары оқу орындарына белгілі бір мамандықты оқуға түскен жастар еңбек нарығындағы сұранысқа назар аударады. Ал оқуларын аяқтаған жастар заман талабына сәйкес мамандықтарға деген сұраныстың да өзгеріп кеткенін түсінеді.

Екіншіден, техникалық мамандықтар, ақпараттық технологиялар саласындағы мамандар, сондай-ақ, био және нанотехнология салаларындағы мамандықтарға бөлінетін мемлекеттік гранттар санының арту үдерісіне қарамастан, білім беретін оқу ордаларының профессорлық-оқытушылық құрамы мүлдем өзгермейді, осыған байланысты, студенттерге берілетін білім нарықтағы жұмыс берушілердің талаптарына сай келмей, бұрынғы сабақтастығын сақтап қалады. Ең бастысы, жоғары оқу орны түлектерінің оқу үрдісінде алатын теориялық білімі, іс жүзіндегі дағды мен ептілікті былай қойғанда, еңбек нарығындағы жұмыс берушілердің талаптарына мүлдем сәйкес келмей жататын жасырудың қажеті жоқ.

Қорыта келе, жастар арасындағы позитивтік бағыттарды одан әрі нығайтып, келеңсіз тұстарын жою үшін мемлекеттік жастар саясаты, жастарды әлеуметтендіру азаматтық ұсыныстарды жүзеге асыруға және қолдауға бағытталып, жастардың саяси, әлеуметтік және экономикалық салаларға қатысу құқығын кеңейтуді, экономикалық-әлеуметтік мәселелер бойынша шешім қабылдауға жастарды қамтуды, олардың шығармашылық қабілеттері мен белсенділігін арттыруды көздеуі тиіс. Ал жастардың әлеуметтік-саяси белсенділігі туралы мәселеге келсек олардың қай жерде жүрсе де азаматтық позициясын, ұстанымын танытып, белсенді болып жүргені жақсы. «Жастық шақ – ерлік жасайтын шақ» демекші, жастардың көзінен ұшқын көрініп, мемлекеттің дамуы үшін қолдан келгенінше жұмыс істесе, ол өздерінің болашағына да жақсы деп ойлаймын. «Не ексең, соны орасың» демекші жастар тек жақсы жұмыстар істеп, болашақта соның жемісін көруі керек. Қазір олар үшін өзін танытуға барлық жағдай жасалған. Мәселен, Қазақстан Республикасы Президенті жанында Жастар саясаты жөніндегі қоғамдық кеңес құрылған. Мұндай кеңестер облыс және аудан әкімдерінің жанынан да құрылуда. Еліміздің әрбір жас азаматы Президентке өзінің ұсыныстарын Интернет арқылы жолдай алады.

Жастарға қатысты мәселенің барлығы – «өзекті мәселе» деп есептеймін. Сондықтан, жастар саясаты саласын әрі қарай жетілдіру қажет. Біздіңше, бұл құжаттарды жай ғана қағаз ретінде емес, мемлекетті басқару үдерісі барысында маңызды құжат ретінде пайдаланса, еліміздің ертеңі айқын, алға қойған мақсаттарымыз анық болар еді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы 2004 жыл 7 шілде №518-11.
2. Зайниева Л.Ю. Мемлекеттік жастар саясаты: Қазақстан әлемдік тәжірибе тұрғысында. Алматы, 2009
3. Назарбаев Н.Ә. Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және ел-аукатының артуы. Қазақстан – 2030, Алматы, 1997

4. Симтиков Ж. К. Қазіргі кездегі ҚР жастар саясатының қалыптасуы мен жүзеге асу ерекшеліктері. Алматы, 2005
5. Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының Тұжырымдамасы. Алматы, 1999.

ӘОЖ 336.2

КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ МЕХАНИЗМІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Д. Қазбек

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы

Бұл мақалада корпоративтік табыс салығының мәні, мазмұны, оны жетілдіру жолдары қарастырылған. Корпоративтік табыс салығының ерекшеліктері, өзекті мәселелері және оның шешу жолдары көрсетілген. Корпоративтік табыс салығы деңгейіндегі жиынтық табыс салығын есептеу ерекшеліктері зерттелген.

В данной статье рассматривается корпоративный подоходный налог, его сущность и пути его совершенствования. Изучены особенности обложения КПП, проблемы и пути их решения. Рассмотрены особенности исчисления совокупного подоходного налога в рамках КПП.

This article reviews corporate income tax, its essence and the ways of its improving. The peculiarities of corporate income tax the problems and the ways of their solution were studied. The peculiarities of income-tax calculation in the frame of corporate income-tax.

Тірек сөздер: салық, корпоративтік табыс салығы, салық механизмі, салық жүйесі, салық түрлері, Салық кодексі, салық салу тәртібі.

Елбасы 2012 жылдың 27 қаңтарындағы Қазақстан халқына Жолдауында:

«Бүгінде қаржы – экономикалық, оның ішінде салықтық құқық бұзушылықтарды қылмыссыздандыру бойынша жұмыстарды жалғастыру керек.

Кеден және салық комитеттеріне, қаржы полициясына құқықтық нормаларды, оның ішінде қосарланған салық салу бойынша құқықтық нормаларды қолдануда бірізді болу қажет.

Қазір еліміз дамудың жаңа кезеңіне қадам басты.

Біз бүгінде бәсекеге қабілетті, әлеуеті зор, экономикасы қуатты ел құрудамыз.

Біз бұдан бұрын да биік белестерді бағындырдық», - деп атап көрсетті [1].

Табыс салығы ежелгі және классикалық салықтардың бірі болып табылады. Салықтың бұл түрі, негізінен, ХІХ - ХХ ғасырларда Батыс Еуропа елдерінде кең дамыды. Қазақстан Республикасында табыс салығы 1991 жылдың 24 желтоқсанынан «Қазақ ССР азаматтарынан, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардан алынатын табыс салығы туралы» заң негізінде енгізілді. Заңды тұлғалар 1994 жылдан 2001 жыл аралығында табыс салығын төледі. 2002 жылдан бастап табыс салығы корпоративтік табыс салығы болып өзгерді.

Корпоративтік табыс салығының іске асу жүйесі заң шығару базасымен және салық салу механизмімен туындайды. Қазіргі кезде корпоративтік табыс салығын реформаландырудың негізгі мақсаты есептеп шығару тәртібін жеңілдету және салық ставкаларының төмендеуімен бірге салық жеңілдіктерін оптимизацияландыру болып табылады.

Осылайша, бұрын қолданыста болған Салық кодексімен салыстырғанда жаңа салық кодексінде корпоративтік табыс салық ставкаларын айтарлықтай төмендетілді :

2009 жылдың 1 қаңтарынан корпоративтік табыс салығының ставкасы 20% болды.

Өз кезегімен, жеңілдіктерді оптимизацияландыру салық салу базасын кеңейтеді және пайдалылық деңгейі ұқсас өндірістерді бірдей жағдайда жұмыс жасауын қамтамасыз етеді.

Осылайша, жаңа Салық кодексінде 2 ерекше режим шығарылды, бұл бұдан әрі осы категориядағы салық төлеушілерге жалпыға бірдей бекітілген ереже бойынша салық салынатынын білдіреді.

Іс жүзінде қолданылатын тәртіптің 2015 жылға дейін сақталуы жалпыға бірдей бекітілген режимге ауысуы салық салу мақсатындағы сақтандыру резервтердің барабар есеп жасауын талап еткендіктен қажет.

Салық кодексінде салық заңнамасы мен қаржы есебінің халықаралық стандарттарының бейімделуімен байланысты мәселелер қатары ескерілген.

Жаңа салық кодексінде қаржы есептемесінің халықаралық стандарттарына және бухгалтерлік есеп пен қаржы есептемесі туралы Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес бухгалтерлік есепте табыс болып саналатын, корпоративтік табыс салығын алу мақсатында басқа тұлғадан алынатыннан басқа, міндеттер немесе активтер құнының өзгеруіне байланысты туындайтын табыс табыс болып саналмайды деп анық жазылған.

Шегерімде осыған ұқсас норма ескерілген. Сонымен қатар, жаңа Салық кодексі іс жүзінде қолданылып жүрген салық кодексінің көптеген мәселелерін шешеді [2, 18].

Дәл осылай, шағын және орташа бизнес өндірістері үшін корпоративтік табыс салығы бойынша аванс төлемдерінің міндетті төлемі шығарылып жатыр, бұл салық салуды айтарлықтай оңайлатып, қызметті қате жоспарлағаны үшін жазаны жойды.

Жыл ішінде аванстық төлемдерді енгізу жолдарымен корпорациялық табыс салығын төлеу туралы норма жылдық жиынтық табысы жасалған түзетулерді ескере отырып, өткен салық кезеңінің алдындағы салық кезеңі ішінде, республикалық бюджет туралы заңымен тиісті қаржылық жылға бекітілген айлық есеп айырысу көрсеткіші 325 000 еселі мөлшерге тең сомасымен асатын салық төлеушілер үшін ғана сақталады.

Жаңа Салық кодексі туынды қаржы құралдардың танылу және салық салу тәртібін анықтайды.

Жаңа Салық кодексі туынды қаржы құралдарының 3 санатын белгілейді:

бірінші санат – бұл хеджирлеу мақсатында жасалған туынды қаржы құралдары;

екінші санат – базалық активті жеткізуді жобалайтын туынды қаржы құралдары;

үшінші санат – хеджирлеу мен базалық активті жеткізуден айрықша басқа арнайы туынды қаржы құралдары.

Хеджирлеу операциялары бойынша табыс немесе залал жаңа Салық кодексінің хеджирлеу объектісі үшін айқындалған нормаларына сәйкес ескеріледі [3, 29 – 30].

Базалық активті жеткізуді жобалайтын туынды қаржы құралдарымен жасалған операциялардың түсімдерімен шығыстары салық есебі мақсатында салық кодексінің базалық активі бойынша табыстар мен шығыстарға қолданылатын нормаларына сәйкес ескеріледі.

Жаңа Салық кодексінде тіркелген активтердің есеп бөлімінде айтарлықтай өзгерістер ескерілгенін атап өткен жөн.

Негізгі құралдар, жылжымайтын мүлікке инвестициалар, материалдық емес және биологиялық активтерден басқа концессия шартының шеңберінде концессионер жүргізген және алған мерзімі 1 жылдан асатын активтер, қызметкерлердің қоғамдық тамақтануын, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды, балаларды, қарттар мен мүгедектерді әлеуметтік қорғау мен әлеуметтік қамсыздандыруды ұйымдастыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын әлеуметтік сала объектілерін

пайдалану кезінде алынған табыстар жылдық жиынтық табысқа енгізуге жататын қызмет мерзімі бір жылдан асатын активтер тіркелген активтер болып саналады.

Жаңа Салық кодексінде жөндеу шығыстарының және де тіркелген активтер бойынша келесі басқа да шығыстарының шегерімге жатқызылу тәртібі өзгертілген.

Мұндай шығыстарға тіркелген активтерді пайдалану, жөндеу, ұстау және тарату кезінде шеккен және түскен кезде халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес салық төлеушінің бухгалтерлік есебінде ескерілген және табыс салуға бағытталған қызметте пайдалануға арналған негізгі құралдар, жылжымайтын мүлікке инвестициялар, материалдық емес биологиялық активтер жатады.

Келесі шығыстар олар іс жүзінде жүргізілген салық кезеңінде шегерімге жатқызылуға тиіс.

Мұндағы келесі шығыстар сомасы бухгалтерлік есепте тіркелген активтер объектілері баланстық құнын ұлғаюға жатқызылатын келесі шығыстардың сомасы: топтың актив түрінде сәйкес келетін құндық балансын ұлғайтады; топтың актив түрінде сәйкес келетін құндық балансы болмаған кезде ағымдағы салық кезеңінің аяғында топтың актив түріне сәйкес келетін құндық балансын қарастырады [4, 15 – 17].

Жалға алушы жалға алынатын негізгі құралдарға қатысты жұмсаған келесі шығыстардың сомасы шегерімге жатқызылады.

Жаңа Салық кодексінде салық төлеушілердің инвестициялық салық преференцияларын қолдануға қатысты айтарлықтай өзгерістер қарастырылған.

Инвестициялық салық преференциялары тек корпоративті табыс салығы бойынша қарастырылған және преференциялар объектілерінің құнын және реконструкциялауға, жаңғыртуға арналған келесі шығыстарды шегеруге жатқызуды білдіреді.

Осылайша, салық төлеушіні мүлік пен жер салығынан босату, сонымен қатар, Қазақстан Республикасы индустрия және сауда министрлігінің инвестициялар бойынша комитеті мен инвестициялық саясатты жүзеге асыруға келісім шарт жасасу қажеттілігі алынып тасталынады.

Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет пайдалануға берілетін өндірістік мақсаттағы ғимараттар және құрылыстар, машиналар мен жабдықтар, егер пайдалануға берілген салық кезеңінен кейінгі кемінде 3 салық кезеңі ішінде бір мезгілде мынандай талаптарға сәйкес келуге тиіс:

- 1) салық төлеушінің бухгалтерлік есебінде негізгі құралдар болып табылса;
- 2) преференцияларды қолданған салық төлеуші табысы алуға бағытталған қызметте пайдаланса;
- 3) оларды пайдалану ерекшеліктеріне байланысты жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарт бойынша қызметті жүзеге асырумен тікелей себеп-салдар байланысы бар активтер болып табылмаса, преференция объектілеріне жатқызылады.

Преференцияларды қолданудың әдістері:

1. Объект пайдалануға берілгеннен кейінгі шегерім әдісі;
2. Объект пайлануға берілгенге дейінгі шегерім әдісі.

Объект пайдалануға берілгеннен кейінгі шегерім әдісін қолдану преференция объектілерінің бастапқы құнын пайдаланудың алғашқы үш салық кезеңі ішінде тең үлеспен немесе пайдалануға берген жүзеге асырылған салық кезеңінде бір жолға шегерімге жатқызуды білдереді.

Объект пайдалануға берілгенге дейінгі шегерім әдісі қолдану преференция объектілерін салуға, өндіруге, сатып алуға, монтаждауға және орнатуға жұмсалатын шығындарды, сондай-ақ өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстар, машиналар мен жабдықтар пайдалануға берілгенге дейін осындай шығындар іс жүзінде жүргізілген

салық кезеңінде оларды реконструкциялауға, жаңғыртуға жұмсалған келесі шығыстарды шегерімге жатқызуды білдіреді.

Жаңа Салық кодексі шығындарды ауыстыру мерзімін 3 жылдан 10 жылға ұзартуды қарастырады, бұл өз кезегінде инвестициялақ салық преференциялардың артықшылықтарын толық пайдалануға мүмкіндік береді.

Біздің қазіргі салық жүйесі тек заңды жақсы түсінетін және оны дер кезінде орындайтын заңды тұлғалар мен азаматтарға арналған. Қазіргі салық жүйесі салықтан жалтаруға итермелейді. Оның өзінің бірнеше себептері бар: біріншіден, әр салық төлеуші салықты аз мөлшерде төлеуге тырысады. Мұндай мақсатқа жету өте қарапайым жолмен іске асырылады: заңды тұлға шығындарды көбейту арқылы салық төленетін табысты азайтады, ол салық сомасының азаюына әкеліп соқтырады. Біздің көзқарасымыз бойынша тыйым салу шаралары бұл жағдайда өзгертуге шамасы жетпейді. Жемқорлыққа қарсы жүргізілген шаралардың әлі де болса жеткіліксіздігін айтуға болады; екіншіден, салық төлеушілердің көпшілігінде отан үшін салық төлеу деген ынта жоғары деңгейде емес. Салық төлеушілердің белгілі бір соманы өз уақытында төлемеуі; үшіншіден, қазіргі жағдайда халық шаруашылығының көптеген салалары, соның ішінде ауыл шаруашылығы саласы шығынға батып отыр. Біздің ойымызша, салық заңдарының бір-біріне қарама – қайшы келуі және олардың дұрыс іске аспауы басты мәселе болып табылады. Өз кезегінде салық төлеушілер, заңды тұлғалар салық заңына толық сенімді болулары керек.

Біріншіден, салық заңы тұрақты болу керек. Яғни салық заңы алдағы бірнеше жылдар ішінде еш өзгеріс болмайтындығына кепіл болу керек. Салық төлеуші салық өзгерісінің келесі бір құрбандығына айналмауы керек. Екіншіден, салық төлеушілер заң алдында бірдей болулары керек. Яғни салық заңы олардың мүдделерін қорғауы керек. Үшіншіден, қоғамның қажеттілігі қанағаттанарлық болу керек, атап айтқанда, мемлекет пен халық арасы [5, 80 – 82].

Корпоративтік табыс салығының ауыртпашылығы көп жағдайда салық ставкасына тәуелді болады.

Нарықтық экономикасы дамыған шетелдік елдердің тарихында кәсіпорындардың жалпы табысының 50 % - нан астам салық ставкасы болып есептелінсе, онда ол өндірістің жабылуына әкеліп соғады. Ал 45 % – 50% аралығында жай өндіріске әкеледі. Жалпы табыстың 30 % ставкасы ұдайы өндірістің дамуына әкеліп соғады.

Салық шаруашылығының әлсіреуі және салық жүйесінің оңайлатуы арқылы Қазақстандағы ең бір өзекті мәселені шешуге болады. Яғни салықтың аз мөлшерде жиналуын. Салық жүйесі бюджетпен тығыз байланысты. Салықтар бюджеттің белгілі бір мөлшерін қамтамасыз етуі керек.

Заңды тұлғаларға өнімнің көлемін көп өндіруіне және өзіндік құнының төмендеуіне корпоративтік табыс салығының механизмі жағдай жасамайды, керісінше, салықтан жалтаруға жол береді.

Салық салудың объектісі ретінде шегерімдердің сомасын қолданамыз. Осы жерде жылдық жиынтық табыс пен шегерім айырмасын шатастырып алмаған жөн, шығындар бойынша салық төлеу шегерімдер сомасынан есептеледі. Ал төлемдердің қайнар көзі болып бұрынғысынша салық салынатын табыс қалпынша қалады. Бір уақытта салыққа салынатын ставканы төмендету ұсынылады. Осы мерзімде шаруашылық объектілері шығындарды қысқартуға тырысады. Осының нәтижесінде өнімнің өзіндік құны төмендетіледі, яғни қаржылық – шаруашылық іскерлігіне сауатты да, дұрыс жағдайлар тудыра алады. Кәсіпорын өзінің тапқан бар табысын жария етуге тырысады. Сондықтан да өндірістің дамуына сеніммен қарауға болады. Кәсіпорын жұмысшыларының жол ақылары өседі және заңды тұлғалардан бюджетке келіп түсетін салықтың көлемі де зор болмақ. Қазыналық саясат теориясына байланысты, айта

кететін бір жайт, егер кәсіпорынның қаржылық – шаруашылық қызметінің қорытындысы басқаша салық салынатын табыс болмауы да мүмкін, бірақ шығындар әрқашан болады. Былайша айтқанда, мемлекет салықты неден болса да алады.

Корпоративтік табыс салығы басқа салық салу түрлеріне қарағанда айрықша және мемлекет қазынасын толтыруда алатын үлесі өте зор. Сол себептен де заңды тұлғалардың табыс салығының ставкасы жоғары болады. Біздегі салық ставкасы шет мемлекеттердегі салық ставкаларымен сәйкестендірілген. Бірақ сол елдердің әлеуметтік – экономикалық жағдайлары ескерілмеген, әсересе, халықтың өмір сүру деңгейі. Сол себепті де бұл ставка бізді салық салу базамызға сәйкес келмейді. Осыдан келіп шығатын нәтиже, салық төлеушілерді жұмыс істеуге қызықтыру. Яғни өндіріске инвестиция тарту және оларды жұмыс істеуге қызықтыру арқылы шеше аламыз. Сондықтан да біздің ойымызша, корпоративтік табыс салығын 10 % дейін төмендету керек. 10 % толығымен дәлелденген, яғни мемлекет шығындарын қамтамасыз етуге әр түрлі меншік фор- маларындағы шаруашылық субъектілерінің қызығушылығын арттырады. Осы корпоративтік табыс салығының 10% ставкасы біздің елде іске асуы мүмкін [6, 23 – 24].

Қолданыстағы заңнамада салық ставкасын 2010 жылдан бастап 17,5 пайызға, ал 2011 жылдан бастап 15 пайызға төмендету көзделген болатын. Дегенмен, қазіргі дағдарыс салдарына орай 2010-2012 жылдары корпоративтік табыс салығының ставкасын 2009 жылғы деңгейде, яғни 20 пайыздық мөлшерде қалдыру қажеттігі туындады. Бұл шара мемлекеттің әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруы үшін қажет болып табылады. Салық ставкасы 2009 деңгейде қалса, 2010 жылғы бюджетке 83,7 млрд. теңге, 2011 жылы - 200,6 млрд. теңге, 2012 жылы - 219,7 млрд. теңге қосымша қаражат түсіруге мүмкіндік береді. Бұл түсім келесі үш жылға арналған республикалық бюджетте ескерілген. Сонымен бірге, егер корпоративтік табыс салығының 20 пайыз ставкасы 2010-2012 жылдарға ұзартылғандықтан, пайдалы қазбаларды өндіру салығы да осы жылдарға созылуы тиіс болады. Осыған байланысты халықтың әлеуметтік осал топтарына жәрдем беру шаралары да көзделді.

Біздің мемлекетімізде корпоративтік табыс салығы мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлімінің ең басты көзі болып табылады. Оны мына төмендегі кестеден көруге болады.

Бұл кестеден 2010 жылдағы корпоративтік табыс салығының үлесі 2008 жылмен салыстырғанда 4,4% -ға кемігендігін байқаймыз. Оған дәлел:

- біріншіден, заңға сәйкес корпоративтік табыс салығы бойынша инвестициялық салық преференцияларының берілуі;
- екіншіден, Салық кодексіне сәйкес еркін экономикалық аймақтардың корпоративтік табыс салығын төлеуден босатылуы.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі қарамағындағы Салық Комитетінің мамандарының айтуынша, Қазақстан Республикасы бойынша барлық салықтар түрлері бойынша салық төлеушілердің салық заңдылығын толық сақтамағандығы байқалады.

Бүгінгі үлкен мәселе - ол корпоративтік табыс салығы бойынша инвестициялық салық преференциялары. Заңға сәйкес, инвестициялық салық преференциялары дегеніміз -корпорациялық табыс салығын төлеуден босату не жаңа өндірістер құру, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту мен жанарту мақсатында инвестициялық жобаларды жүзеге асыратын салық төлеуші заңды тұлғалардың жылдық жиынтық табысынан қосымша шегерімдер жасауға құқық беру. Осы орайда, корпоративтік табыс салығын жетілдіруге байланысты, ғалымдар келесідей енгізулерді ұсынады, біз осы ойға толығымен қосыламыз:

- шағын және орта бизнесті қолдау мақсатында «күмәнді талаптар бойынша шегерім» бабын келесідей өзгертуді ұсынады: «күмәнді талаптар деп микронесиелік

ұйымдар берген микронесие бойынша есептелген сыйақы бойынша қалыптасқан және талаптың қалыптасу мерзімінен бастап 1 жыл ішінде өтелмеген жеке тұлғалардың талаптары табылады»;

- заңды тұлғалардың 2008 жылы корпоративтік табыс салығының 30% ставкамен төлеген салық сомасы мен Жаңа Салық кодексі бойынша корпоративтік табыс салығының 20% ставкамен төлеген салық сомасы арасындағы 10% айырманы салық төлеуші өз өндірісіне инвестициялауы керек, бұл механизм, өз кезегінде, тозған негізгі құралдарды жаңартуға, оларды іске қосып, өндірісті жаңғыртуға өз септігін тигізеді;

- дамыған елдердің тәжірибесіне сүйене отырып (мысалға, АҚШ), экономиканың басты салаларына корпоративтік табыс салығының дифференциалдық және регрессиялық ставкаларын енгізу, яғни салық салынатын табыс өскенде, салық ставкасын төмендету. Бұл салық төлеушінің жылдық жиынтық табысын арттыруға ынталандырады, сонымен қатар салық салу базасын төмендетіп (жасырып) көрсетпей, нақты жағдайдағы көлемін өрсетуге мүмкіндік береді [7, 7 – 9].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әлеуметтік – экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан, 2012, 28 қаңтар.

2. Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексі.- Алматы: Юрист. – 2009. – 18 б.

3. Смурыгина И. Жаңа салық кодексіндегі ерекшеліктер // Бухгалтер бюллетені - 2010. – №1. – 29 – 30 бб.

4. Сағындықова А. Корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомаларын есептеу // Бухгалтер бюллетені. – 2010. – №2. – 15 – 17 бб.

5. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі). – Алматы: Юрист, 2009. – 80 – 82 бб.

6. Ермекбаева Б.Ж. Разработка нового налогового кодекса - требование нового этапа развития Казахстана // Вестник КазНУ им. аль-Фараби. – 2008. – №1. – 23 – 24 бб.

7. Мошанова Г. Э. Салық салудың жалпы принциптері // Экономика негіздері – 2007. – № 4. – 7 – 9 бб.

ӘОЖ 631.1

АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНДІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Л.Ж. Казиева, аға оқытушы

І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қ-сы. klg768@mail.ru

Мақалада әлемнің дамыған алдыңғы қатарлы елдерінің агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдаудың тәжірибесі қарастырылған. Қазіргі таңда Қазақстанның өзіндік аграрлық саясатын қалыптастырып, жүзеге асыруда бұл мәселе өзекті болып отыр.

В статье рассмотрен опыт государственной поддержки агропромышленного комплекса передовых, развитых стран мира. В данное время в осуществлении и формировании аграрной политики Казахстана это проблема является актуальной.

Experience of state support of agroindustrial complex of front-rank, developed countries of the world is considered in the article. Now in realization and forming of agrarian politics of Kazakhstan it a problem is actual.

Тірек сөздер: Мемлекеттік қолдау, шетелдік тәжірибе, салықтық тетіктер, несие-қаржылық тетіктер

Қазақстан Республикасының аграрлық секторы елдің ішкі жалпы өнімінде айтарлықтай үлестік салмаққа ие. Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдау шараларын арттыруда шетелдік тәжірибелерге талдау жасау және оның біздің экономикаға сай келетін тұстарын алып, пайдалану маңызды болып келеді. Өйткені, ондай механизмдер әлемдік қолданыста көп уақыттан бері қолданылып, кейбірі өзінің өміршеңдігін дәлелдеп үлгерген.

Дамыған еуропа елдерінде (Франция, Германия, Голландия, Дания және т.б.) мемлекеттік қолдауды екі топқа бөліп қарастырады:

- ауыл шаруашылығын дамытуға тікелей ықпал жасау және арнайы бағдарламалар арқылы әсер ету;

- жанама әсері – баға саясаты, несие-қаржылық, салықтық тетіктер арқылы.

Екеуі де белгілі бір мөлшерде мемлекеттік қаражатпен байланысты, яғни ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыру, оның бәсекеге қабілеттілігін, жаңашылдығын жетілдіре түсу, нарықтық және әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға бағытталған.

Нарықтық экономикасы дамыған әлем елдеріндегі аграрлық секторды мемлекеттік қолдау тәжірибесін зерттеп, талдау Қазақстан Республикасы үшін мәнді ғылыми және тәжірибелік мүддені білдіреді. Соған сәйкес, аграрлық саланы мемлекеттік қолдаудың әлемдік тәжірибесі ретінде Нидерландыдағы қаражат инфрақұрылымы, Чехиядағы салық жүйесі, Германиядағы өнімді өткізу инфрақұрылымы және сол әлемдік тәжірибелерді қарастырамыз.

Нидерландыда аграрлық секторды қолдау банк инфрақұрылымын кеңінен пайдалану тәжірибесі арқылы жүзеге асырылады. Бұл үкіметке де, сонымен бірге, фермер үшін де тиімді, өйткені жақсы фермерлерге өз ісін кеңейтуге, банкке несие саясатының негізгі шарттарын бұзбастан өз клиенттеріне көмектесуге мүмкіндік береді. Бұл жүйе өзі құрылған сәтінен бастап 60 мыңнан астам фермерлерге көмегін тигізіп келеді. Еуропалық Одақтың бірыңғай ауыл шаруашылығы саясатының ажырамас бөлігі болып табылатын және өнім сапасын жақсарту мен қоршаған ортаны қорғауға бағытталған инвестицияларға қатысты қолданыстағы субсидиялар банк несиелерін сенімді әрі инвестицияны ақтайтын фермерлерге бағыттауға ықпал етеді [1,132б.].

1950 жылдың аяғынан бастап Еуропалық Одақты құрғанда, дамудың өсе түскен қажеттіліктеріне жауап беруге қаржыландыруды қамтамасыз ету қажеттігі туындады. Фермерлік шаруашылық технологиялық және экономикалық жағынан күрделі секторға айналатыны және тек кәсіби тұрғыда мықты дайындығы бар фермерлер ғана бұл бизнесте тұрақтанып қалатыны белгілі болды. Осыған байланысты инвестицияларды біліктілікпен бағалап орналастыра алатын және фермерлерге несиенің өзін-өзі ақтау есебін жасап бере алатын біліктілігі жоғары сарапшыларды тартуға шешім қабылданды. Сарапшылар жоғарыда айтылғандарды фермерлердің шаруашылық, техникалық және қаржылық әлеуетіне сүйене отырып жүзеге асырады. Сонымен қатар, жергілікті банктерде несие рәсімдеу мүмкіндіктерін қарастыру процедурасы және оған қатысушы адамдар санының өте аз болуы мен құпиялылығын қамтамасыз ету көзделген, қарапайым да аз сатылы болуға тиіс. Бұл ауыл шаруашылығы мен оған қанаттас өндіріске инвестицияның көп бөлінуіне және жергілікті банктердің гүлденуіне ықпал етті. Қазіргі кезде жергілікті банктерде 4 млн-ға дейін голланд гүльденіне (2,5 млн АҚШ доллары) несие беру құқығы берілген. Олар мұны орталық кооперативтік банк немесе қандай да бір басқа қаржы институты тарапынан келісім алмай-ақ жүзеге асыра алады. Рабобанк Голландия ауыл шаруашылығы үшін барлық несие

қорының 90 пайызына дейін ұсына алады, сонымен қатар, ол басқа бағыттарда да сәтті жұмыс істейді. Голландиядағы ауыл шаруашылығына қатысы жоқ ұсақ кәсіпорындарға несиелер бөлу рыногындағы оның үлесі 40 пайыздан астам, ал жылжымайтын мүлікті кепілдікке алып несиелер ұсыну рыногындағы үлесі – 30 пайыз құрайды. Сонымен қатар, елдегі жеке салымдардың 40 пайызға жуығы осы банкке шоғырланған. Оның активтері 300 млн-нан астам голланд гульденін (170 млн АҚШ доллары) құрайды. Банк капиталындағы меншікті қаражаты 7 пайыз, ал баланс көрсеткіштері оны бірінші сыныптық қаржы институттары санатына жатқызуға мүмкіндік береді.

Жергілікті банк өз операцияларының тиімділігі, несиелер саясаты, кірісті болуы және қаржылық жағдайының жақсы болуы үшін толық жауапкершілікте болады. Берілген несиелердің қайтарылмауына немесе ағымдағы төлем қабілетсіздігі салдарынан болатын басқа да шығындарға байланысты қалыптасуы ықтимал шығындардан жергілікті банктерді сақтандыру үшін, барлық банктер өздерінің әдеттегі операцияларынан ай сайын ұжымдық қорға ақша аударады, жоғарыда аталған шығындар осылармен жабылады. Әрине, етемақы тиісті зерттеулерден кейін және жергілікті банктің басқару және ұйымдастыру құрылымдарын реттегеннен кейін, сондай-ақ банк саясатындағы шешімін күткен өзгерістер жөніндегі әзірленген ұсыныстар іске асырылғаннан кейін жүзеге асырылады. Банк құрылымдары үшін де, ауыл шаруашылығы секторы үшін де несиелерді ұсынуындағы тәуекелділіктерді басқару мәнді роль атқарады. Рабобанктің Голландия ауыл шаруашылығы секторымен өзара тығыз қарым-қатынасы Рабобанк ұйымдары шығындар мен тәуекелділік қаупінің бір бөлігін өз мойнына алатын бірқатар келісім-шарттардың түзілуіне алып келді.

Жас шаруаларды несиелеу қажетті қамтамасыз етуді ұсыну мүмкіндігі жоқ жас шаруалар үшін бес жылдық жеңілдік кезеңі және төмен пайызбен 50 жылға ұсынылатын несиелер есебінен жерді және ондағы құрылыстарды сатып алуға рұқсат етілген. Мұндай несиелер жоғарыда аталған кепілдік қоры негізінде ресімделеді [2].

Чехиядағы салық жүйесі. Чехияның салық жүйесін жетілдіру тәжірибесі Қазақстан үшін пайдалы. Чехияда жаңа жүйе бойынша аграрлық өндірісті қоса халық шаруашылығының барлық саласын салық арқылы ынталандыру біртұтас жүйе бойынша жүзеге асырылады. Заңнамалық актілерде салық және төлемдердің әрбір түрі бойынша оларды есептеу, төлеу тәртібі мен мерзімі жөніндегі ережелер егжей-тегжейлі белгіленген. Жекелеген жағдайларда аграрлық сектор үшін айрықша жағдайлар мен жеңілдіктер заңнамада нақты аталып көрсетілген. Сөйтіп, ауыл шаруашылығы өнімдері үшін қосымша құн салығының едәуір төмен қойылымдары белгіленген. Сонымен бірге, қаржы ведомствасы ауыл шаруашылығы тауар өндірушісіне қосымша құн салығын төлеудің белгіленген мерзімінен 25 күн кешіктіріп аударуға рұқсат етеді, бұл интервал басқа салық төлеушілер үшін 15 күнді құрайды. Бұл жалпы сомасы 8 млрд-қа жуық қрон құрайтын пайызсыз соманы өздеріне берілген артық 10 күн бойы пайдалануға мүмкіндік береді. Арнайы қаулымен аграршыларға төленген қосымша құн салығының орнын жабу мерзімі қысқартылған.

Чехиядағы жерге салық жер телімдері мен нұмараттарға салынатын салықтан тұрады. Сұрыптау сыныбына байланысты белгіленетін жердің қолданыстағы бағасы ауыл шаруашылығына жарамды жерге салынатын салық үшін негіз болып табылады. Арнайы өніммен жыртатын жерлер, шабындықтар, жүзімдіктер, жеміс плантациялары мен жайылымдарға арналған баға белгіленген кадастрлық аймақтар тізімі енгізілген. Чехия 13 мың кадастрлық аумаққа бөлінген, мұндағы бағалар 1м² үшін 0,50-ден 12 қронға дейін белгіленген.

Жыртатын жерлер, жайылымдар мен жеміс плантациялары үшін салық қойылымы жердің тиісті бағасының 0,75 пайызын құрайды; шабындықтар, ормандар және балықты қарқынды өсіруге арналған көлмектер үшін салық қойылымы – 0,25 пайызды құрайды. 10 гектарға дейінгі ауыл шаруашылығына арналған жерді меншік иесі өңдейтін болса, оған салық салынбайды. Мемлекеттің және муниципалитеттің меншігіндегі жер телімдері, жер

қорының жалға берілмеген телімдері, сондай-ақ мектеп, шіркеу телімдері және мемлекет пен қоғамдық ұйымдарға қарасты жер салығынан босатылған. Заң жүзінде белгілеген шектеулерден басқа салық жеңілдіктері сол кадастрдағы басқа телімдерге қарағанда бонитеті едәуір төмен немесе өнеркәсіп салаларының орналасу салдарынан оларды пайдалану шектелген ауыл шаруашылығы жерлерінің қожайындары үшін де салық жеңілдіктері жасалған [3,93б.].

Германияның тәжірибесі. Германияның шығыс аймақтарының нарықтық экономикаға өту тәжірибесіне Қазақстан Республикасы айрықша қызығушылық танытқан еді. Германия қосылғаннан кейін, бұрынғы ГДР-дің ауыл шаруашылығы кәсіпорындары күрделі жағдайға тап болды. Германияның шығыс аймағындағы ауыл шаруашылығы өндірушілері жеткілікті жоғары әлеуеттің жоғары білікті ауыл шаруашылығы өндіріс мамандарының, қолайлы табиғи-климаттық жағдайлардың, жеміс пен көкөніс өңдеудің көп жылдық тәжірибесінің, сондай-ақ түпкілікті тұтынушыға жақындығының болуына қарамастан өткізу нарығынан айырылып қалды.

Германияда дәнді-дақылдар немесе қант қызылшасы нарығына қарағанда жеміс пен көкөніс нарығы мемлекет тарапынан шамалы дәрежеде ғана реттеледі. Германияда өндірушілердің бірігуі ауыл шаруашылығы кәсіпорындары арасындағы кооперацияның бір түрі болып табылады. Олар ұсыныстарды шоғырландыру мен босату бағасын реттеу мақсатында жеке бастамалар бойынша құрыла береді. Ұйым мүшелері өндірген өнімдерін бірлестік арқылы сатуға міндеттеледі, бірақ едәуір тиімді өткізу базарларын тапқан жағдайда міндеттемелерінен бас тарта алады. Келіп түскен өнім сапасы жөнінен бірлестік қоятын талаптарға сәйкес болуы керек. Сонымен қатар, өндірушілер қандай да бір өнімнің болашақтағы өндірілу көлеміне қатысты бірлестіктің ұсыныстарымен де санасуға міндетті. Бұл жеміс-жидек нарығындағы конъюнктура өзгерісіне жедел мән беруге мүмкіндік береді, өйткені мұндағы болып жатқан нақты өзгерістерге, сұраныстағы байқала бастаған үрдістерге тікелей өнімді өткізумен айналысатын мамандар ғана жауап бере алады. Осылайша, бірлестіктер көтерме сауда нарығына шығуға алғышарттар жасайды және жоғарыда аталған талаптардың орындалуына мүмкіндік жасайды. Бірлестік жинақтайтын өнім көлемі басты сатып алушыны бөлшек сауда дүкендері желісінің көтерме сауда фирмалары мен сатып алу конторларының қажеттіліктерін қамтамасыз етуге болады [4,16 б.]

Дамыған елдерде көп жылдар ішінде басымдылығы сақталып келе жатқан фермерлік шаруашылықтарды мемлекет тарапынан басқару мен реттеу, сонымен қатар, оларды қолдау жүйесі жүзеге асырылып отырады. Ол өнім өндіру көлемін арттыруға, өнім сапасының жақсаруын қамтамасыз етуге, бірқатар экономикалық және әлеуметтік жағдайларды реттеуге бағытталады. Деректер бойынша әлемнің 24 елінде агроөнеркәсіп өндірісіне мемлекеттің көмегі орташа есеппен алғанда, тауарлы өнім құнның 40-50%-ын құрайды, ал Жапония мен Филиппинде 75-80%-ға жетеді.

Ауыл шаруашылығына қолдау көрсету шығындарында тікелей төлемдердің үлкен үлесі қолайсыз өндіріс жағдайы бар мемлекеттерде (Норвегия, Исландия, Финляндия, Швейцария, Францияның таулы аймақтары) байқалады. Осы төлемдердің мақсаты - өндірістің тоқтап қалуларын арттыратын өзіндік кері жер рентасын өтеу, мысалға, таулы және солтүстік аудандарда. Қолайлы деп саналған фермерлердің саны мен олардың жалпы ауданы көбейе берді, осындай фермалардың ауданы барлық мемлекеттердегі ауыл шаруашылығы саласының жартысын құрайды. Финляндияда барлық шаруашылықтар гектарлық субсидиялар алады, ал шығыс жақта көбейтілген бағалар мен ерекше жеңілдіктер қарастырылған. Сондай-ақ жеңілдіктер Швецияның солтүстік жағында қолданылады. Осындай жүйе Норвегияда да бар. Австрияда, Швейцарияда және Францияның таулы аймақтарында дотациялар немесе мал басына шаққанда гектарлық жүйе қолданылады.

Сонымен, АӨК мемлекеттік қолдау саласындағы халықаралық тәжірибе көрсеткендей, мемлекеттің ауыл шаруашылығы өндірісіне қатысуы және саланы дамыту бойынша бағдарламалардың болуы ауыл шаруашылығының оңтайлы дамуына ықпал етеді.

Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдау, шетелдік тәжірибеде мақсатына қарай топтастырылып отырады. Солардың ішінде Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешені үшін маңызды тұстарын қарастырып шығуға болады:

- өнім өндірушілер табысына қолдау жасау. Оған тікелей мемлекеттік төлемдер, соның ішінде орнын толтыру төлемдері, яғни компенсация; табиғи апаттардан келген шығынның орнын толтыру төлемдері; өндірісті қайта ұйымдастырумен байланысты болатын шығындардың орнын толтыру төлемдері;

- баға деңгейлеріне аралас арқылы азық-түлік нарығына әсер ету шаралары, соның ішінде ауыл шаруашылығы өнімдеріне ішкі бағаларды қалыптастыру және оларға қолдау жасау; квота мен тарифтерді белгілеу; азық-түлік тауарларының экспорты немесе импортына салық салу арқылы араласу;

- шығындардың орнын толтыру: өндіріс құралдарын сатып алушы өндірушілерге субсидиялар бөлу; тыңайтқыштар, жем-шөп және улы химикаттарды сатып алуға салықтық жеңілдіктер беруді қалыптастыру және меншікті сақтандыруға субсидиялар бөлу;

- нарықтық қатынастардың дамуына жағдай жасау. Бұл шараларға мемлекеттік қаржының есебінен нарық бағдарламаларын жасау мен оны жүзеге асыру, өнімді сақтау үшін субсидиялар бөлу, агроөнеркәсіптік кешеннің өнімдерін тасымалдау және басқа да транспорттық жұмыстар жүргізуге кететін шығындарға субсидиялар бөлуін қарастыру жатады;

- өндіріс инфрақұрылымының дамуына жағдай жасау. Оған ұзақ мерзімді сипаттағы шараларды мемлекеттік қаржыландыру жатады. Аталған іс-шаралар өндіріс тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді: шаруашылық құрылымдары мен ирригациялық жобаларды жүзеге асыру шығындарын және жерді қайта өндеуге субсидиялар бөлу; шаруа қожалықтары бірлестіктерін ұйымдастыруға жағдай жасау;

- аймақтық бағдарламаларды жүзеге асыру. Бұған өндірісті дамыту үшін мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруды қаржыландыру жатады. Мемлекеттік қолдаудың бұл түрі Еуропалық Одаққа мүше елдерде, АҚШ-та және Канада да қолға алынған;

- макроэкономикалық саясат. Бұл топта агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеуде саламен тікелей байланысты болмайтын, бірақ оның қызметіне әсер ететін әдістер арқылы жеңілдетілген салық саясатын жүргізу, ұлттық валютаны қолдау, сыртқы сауда қызметін жандандыру және т.б шаралар болып табылады [5].

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін жан-жақты қолдау көптеген дамыған мемлекеттердің аграрлық саясатының басымдылық бағыты болып табылады. Сонымен қатар, көптеген экономикалық тетіктер арқылы ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісін ұлғайтудың жағымды конъюнктурасын қалыптастыру негізінде бюджеттен тікелей төлемдер, шығындардың орнын толтыру, бағаны қолдау, өндіріс құрылымын жақсартуға арналған субсидия бөлу, аймақтық бағдарламаларды жасау және жүзеге асыру, сонымен бірге, аграрлық сектордағы өндірістік экономикалық қатынастарды жаңартуға қажетті жағдай жасайтын макроэкономикалық саясат.

Әлемнің дамыған алдыңғы қатарлы елдерінің даму тәжірибесін қолдану Қазақстанның өзіндік аграрлық саясатын қалыптастырып, жүзеге асыруда өзекті болып отыр. Әрине, дамыған елдер қатарына қосылу үшін сол елдердің даму тәжірибесін зерттеп, оның ұлттық экономикамызға оңтайлы тұстарын алып, пайдалану қажет, бірақ әлемдік қолданыстағы іс-тәжірибелерді елімізге жаппай көшіру деген сөз емес.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дж. Порте Кредитная система в сельском хозяйстве Нидерландов // АПК-экономика, управление. – 2005. – №8. – С. 132-136
2. William J A Dicka, Weijing Wang. Government Interventions in Agricultural Insurance. // www.Sciencedirect.com/science/article/pii/0743016789900612

3. Приходько Т. Новая система налогов в Чехии // АПК-экономика, управление. – 2004. – №3. – С. 93-98

4. Назаренко В.И. Формы и направления государственной поддержки сельского хозяйства на западе // Экономика сельскохозяйственных и перерабатывающих предприятий. – 2007. – № 4. – С. 16–18.

5. Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарлама // www.minagri.gov.kz

ӘОЖ 336.7

НЕСИЕ САЯСАТЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМЫТУДАҒЫ РӨЛІ

М. Қыдырбаева

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.
inhabituell@mail.ru*

Бұл мақалада несие саясатының алатын орны және оның экономиканы дамытудағы рөлі қарастырылған. Мемлекеттің несие саясатын іске асырудағы оны реттеу аспектілері көрсетілген. Несиелік саясаттың кейбір өзекті мәселелері анықталып, оны шешу жолдары зерттелген.

В данной статье рассматривается кредитная политика, ее роль в развитии экономики. Рассмотрены аспекты регулирования и проведения кредитной политики государства. Определены некоторые проблемы кредитной политики и пути их решения.

This article reviews credit politics, its role in economic development. The aspects of regulations and the conducting of state credit politics. Some problems of credit politics and the ways of there are appointed in this article.

Тірек сөздер: несие, несие саясаты, несие принциптері, қарыз алушы, несиелік мониторинг, несиелік стандарт, несие түрлері

Елбасы 2012 жылдың 27 қаңтарындағы Қазақстан халқына Жолдауында:

«Қазақстан жолының жаңа кезеңі – экономиканы нығайтудың, халықтың әлауқатын арттырудың жана міндеттері. Бүгінгі әлемде бұл - әлеуметтік – экономикалық жаңғыртудың түбегейлі мәселесі

Бұл таяу онжылдықтардағы Қазақстан дамуының басты бағыты.

Біз бүгінде бәсекеге қабілетті, әлеуеті зор, экономикасы қуатты ел құрудамыз.

Біз бұдан бұрын да биік белестерді бағындырдық», - деп атап көрсетті [1].

«Қазақстан – 2030» стратегиясы, 2015 жылға дейінгі индустриалдық-инновациялық даму стратегиясы мен Елбасының Қазақстан халқына арналған Жолдауында кәсіпкерлік ортаны одан әрі нығайту мәселесіне, оның ішінде ұлттық экономиканы инновациялық технологиялар негізінде диверсификациялауды жүзеге асыруда шағын және орта бизнеске жетекші орын беріліп отыр.

Осыған байланысты еліміздегі өзекті мәселелердің бірі осы аталмыш саланы одан әрі жетілдіріп, өркендету, несие беру.

Екінші деңгейлі банктердің жүргізіп жатқан несие саясатының арасында да соңғы жылдары шағын және орта бизнес субъектілеріне берілген несиелер көлемінің қарқынды өсіміне қол жеткізуге мүмкіндік туды. Ұлттық банк тарапынан шағын және орта бизнес субъектілерін несиелеуді ұлғайту коммерциялық банктердің қызметтеріне

жанама әсер ету арқылы жүргізіледі. Ұлттық банктің қайта қаржыландыру ставкасын 7%-ға дейін төмендетуі және ұлттық валютаның салыстырмалы тұрақтануы шағын және орта бизнес субъектілеріне банктік несиелер бойынша ставкаларының төмендеуіне ықпал етеді. Несиелік мониторинг несиені берген күннен бастап, оны толық қайтарғанға дейін бақылауды және қарыз алушының несиелік қабілетінің өзгерісін үнемі талдап отыруды, несие сапасының төмендеуі немесе несиелік келісім-шарттың бұзылуы анықталған жағдайларда тиісті шаралар қолданылуды қамтитын банктің күнделікті жұмысы.

Несиелік мониторингті жүргізуге арналған ақпарат көзіне мыналар жатады:

- банкте жинақталған қарыз алушы туралы ақпараттар
- қарыз алушыдан алатын ақпараттар
- өзге көздерден алынатын ақпараттар (жабдықтаушылардың, сатып алушылардан, өзге банктерден, қаржы ұйымдарынан, үшінші тұлғалардан және т.б).

Ақпараттың толықтығына қарай несиелік мониторинг ағымдық және тереңдетілген болып бөлінеді. Ағымдық мониторинг сайын ағымдық мониторинг есебін түрінде рәсімделетін, несиені қайтару кестесінің орындалысы шегінде барлық несиелер бойынша жоспарлы түрде қарыз алушының шаруашылық және қаржылық жағдайы туралы жалпы ақпараттарды алу негізінде жүргізілетін тексеру. Ағымдық несиелік мониторинг әр сайын несие толық қайтарылғанға дейін жасалады. Ағымдық несиелік мониторингтің мақсаты банктің барлық берген несиелер бойынша төлемсіздіктің алдын алу. Мониторинг жүргізуде несиені қайтару кестесі пайдаланылады және оның көшірмесі шот менеджеріне беріледі. Ағымдағы мониторингтің негізгі қадамдарына жатады:

- қарыз алушының шотындағы ақша қаражаттарының қозғалысына бақылау жасау;
- клиентке ескертулер жасау (несиені төлеу мерзімінен екі үш күн бұрын телефон арқылы ескерту, телефон болмаған жағдайда жазбаша түрде);
- клиенттің орналасқан жеріне бару (қарыз алушы кәсіпорынның қаржылық есебінің материалдары негізінде оның қаржылық және шаруашылық жағдайымен танысу және т.б) [2, 33 – 35].

Тереңдетілген мониторинг ай сайын тереңдетілген мониторинг есебін түрінде рәсімделетін, несиені қайтару кестесінің орындалысының бұзылуына қарай, жоспардан тыс (кенеттен) немесе қандай да бір алаңдатарлық белгілердің туындауына байланысты қарыз алушының шаруашылық және қаржылық жағдайы туралы барынша толық ақпараттарды алу мақсатында жүргізілетінін тексеру. Тереңдетілген мониторингтің ұзақтылығы мыналарға тәуелді:

- қарыз алушының несиелік рейтингіне;
- қарыз алушының саласының жағдайына.

Несиелік рейтинг несиені қайтару ықтималдығы, міндеттемені орындау тұрғысынан қарыз алушының несиені өтеу қабілеттілігін бағалауды білдіреді.

Мұндай рейтингті әдетте банктер немесе мамандырылған консалтинг агенттіктері анықтайды. Осы істелінетін істер тиімді болуы үшін несиелік саясат дұрыс болуға тиісті.

Несиелік саясат банктің несиелік қызметінің міндеттерін, оларды іске асыру құралдары мен әдістерін, сондай-ақ, несиелік процесті ұйымдастыру принциптері мен тәртібін белгілейді. Несиелік саясат несиелік механизм көмегімен жүзеге асырылады.

Несиелік саясат – банктің несиелік жұмысын ұйымдастыру негізін және несиелеу процесіне қажетті құжаттар жүйесін жасау шарттары.

Кең мағынасында, несиелік саясатты несие беруші банк пен қарыз алушылар тұрғысынан қарастыруға болады.

Тар мағынасында, несиелік саясат – бұл несиелік процесті ұйымдастыру барысындағы банктің стратегиясы мен тактикасын сипаттайды.

Несиелік саясат банктің несиелік жұмысын, оның жалпы стратегияларына сай ұйымдастыру негізін және несиелеу процесін қалыптастыруға қажетті құжаттар жүйесін жасау шарттарын білдіреді.

Жалпы несиелік саясат мынадай сипатта болуға тиіс:

- нұсқаулық емес, яғни директивті нұсқауларды қамтиды;
- несиелеудің мақсаттарын нақты және мағыналы анықтауға мүмкіндік береді;
- нақты мақсаттарды іске асырудың бірнеше ережелерін қамтиды;
- оны іске асыруды қамтамасыз ететін стандарттар мен нұсқаулықтарды қамтитын құжаттардан тұрады.

Несиелік саясат банктің стратегиясын, оның тәуекелді басқару облысындағы саясаттары ескеріле отырып жасалады. Несиелік саясат несиелік қызметтің мынадай негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді:

- несиенің берілуіне және несиелік портфельді басқаруға жауап беретін банк қызметкерлері жетекшілікке алатын объективтік стандарттар мен критерийлерін;
- несиелеу облысындағы стратегиялық шешімдерді қабылдайтын тұлғалардың басты іс-әрекеттерін;
- сыртқы аудит қызметтерінің жұмысын және банктегі несиелік қызметтің сапалылығын;
- ішкі бақылау қағидаларын.

Несиелік саясат банк қызметін диверсификациялаудағы іс-әрекеттердің тізбектелуін қамтамасыз ету үшін және несиелік қызметкерлердің лауазымды міндеттерін анықтау үшін қажет. Несиелік саясатты іске асырудың белгілі бір тәртібі болмайынша несиелеудің біртұтас ережелерін тәжірибеге енгізу мүмкін емес. Сондықтан да, жазбаша түрде жазылған несиелік саясат пен оны іске асырудың соған сәйкес ережелері несиелік процесті жүргізудің негізін құрайды.

Несиелік саясат, банк қызметкерлерінің бүгінгі таңда несиелеуге болатын экономика секторын дұрыс таңдай бітуіне, сондай-ақ, несие беру мүмкіндігі туралы мәселені шешуде банк үшін бірінші реттік маңызы бар басқа факторлар мен қарыз алушының несиелік қабілетіне қарап «өз клиентін» таңдаудағы біліктілігіне негізделеді. Сондай-ақ, несиелік саясат банктің бүгінгі иелігіндегі немесе ертең енгізуді дұрыс санайтын несиелік өнімдерімен анықталады. Мысалы, кәсіпорындарға қысқа мерзімді несиелер және ұзақ мерзімді инвестициялық несиелер берген қолайлы. Несиелік саясаттың маңызды элементі банктегі бақылауды ұйымдастыру болып табылады.

Ішкі несие саясатын жасау банк жетекшілерінің несиелеу мақсатын қалыптастыруды және бұл мақсаттардың банктің жалпы міндеттері мен стратегиялық мақсаттарымен қаншалықты сай келетінін анықтауды талап етеді. Несиелеу мақсаттары анықталғаннан соң, соның негізінде банк қызметкерлерінің қажетті несиелік операцияларды атқаруына мүмкіндік беретін банктің несиелік саясатын және оған қоса несиелеу стандарты мен несиелік нұсқаулықтары жасалады [3, 31 – 34].

Несиелік саясат несиелеу лимиттерін, тәртібін, кейде несиелеу бойынша жекелеген ережелерді де қамтиды. Мысалы, несиелік саясатта бір қарыз алушыға келетін тәуекел лимиті анықталады. Сонымен қатар, несиелік саясатта барлық несиелердің несиелік құжаттарда көзделген мақсаттарға сай берілуі де қарастырылуы мүмкін.

Несиелік саясатта несиелік комитет туралы ереже де қамтылады. Несиелік комитет несие беру барысында қорытынды жасап, несиені беруге байланысты мәселелерді қамтиды.

Несиелік саясатта қарыз алушылардың негізгі қызметіне байланысты тәуекелдігі жоғары операцияларды немесе жобаларды қаржыландыру үшін тағайындалатын несиелер туралы да айтылуға тиіс.

Несиелік саясатпен банк қызметкерлерін таныстыру, оларды соған сай келетін ережелер мен нұсқаулықтарға үйрету банкте несиелік саясатты енгізудің негізгі элементі болып табылады.

Несиелік саясат несиелік қызметтің басты бағыттарын анықтайды. Оларды, өз кезегінде, несиелік саясаттың қабылданған бағыттарын іске асыру жүйесі ретінде тұжырымдауға болады. Несиелік саясатта мынадай элементтер көрсетілуге тиіс:

- несиелік қызметті ұйымдастыру;
- несиелік портфельді басқару;
- несиелеуге бақылау жасау;
- құзіретті бөлу принциптері;
- несиелеуді таңдаудың жалпы критерийлері;
- несиелеудің жекелеген бағыттары бойынша шектеулер;
- несиелермен жасалатын ағымдық жұмыстардың принциптері;
- несиелер бойынша зиян шегу жағдайларына резерв жасау.

Іс жүзінде несиелік саясатты іске асыру тәсілдері мен әдістерін белгілі бір формада, яғни соған сай келетін мынадай үш құжат түрінде көруге болады:

- 1) несиелеу саясаты;
- 2) несиелеу стандарты;
- 3) несиелеу нұсқаулықтары.

Сондай-ақ аталған үш құжат ерекше бір, атап айтқанда, – «Несиелік саясат бойынша жетекшілік ету» құжатына біріктіріледі.

Несиелеу саясатынан несиелеуді жүзеге асыратын бөлімшелер жұмыскерлерінің қызметтерін нақтылайтын несиелік нұсқаулықтар мен несиелеу стандарты, несиелеудің жалпы бағыттары мен бағдарлары анықталады.

Несиелеу стандарты – бұл банкте несиелік қызметті жүзеге асыратын барлық қызметкерлердің жетекшілікке алатын құжаты.

Несиелеу стандартында мынадай мәселелер қарастырылады:

- қарыз алушының қаржылық ақпараттарын жинау және талдау тәртібі;
- несиенің кепілхаттар және кепілдемелермен қамтамасыз етілуіне қойылатын талаптар;
- әкімшілік стандарттар және несиелік процесті ұйымдастыру ережелері;
- қарыз алушының несиелік қабілетін талдау тәртібі;
- құжаттардың толтырылуына қойылатын талаптар;
- несиелеудің айрықша түрлері бойынша ережелер.

Барлық банктер бойынша құжаттар айналымын стандарттау мақсатында несиелеу стандарттарына әртүрлі құжаттар үлгілері жатуға тиіс. Ондай құжаттарға: несиелік келісім шарт, кепіл туралы шарт, кепілдеме туралы шарт, және т.б. жатады [4, 54 – 56].

Несиелік нұсқаулық несиелеу процедураларын іске асырудың жалпы алгоритмін бекітетін кезектіліктің қадамдарын суреттеуді білдіреді. Басқаша айтқанда, ол несиелік қызметтің нақты бір бағыттарына жатады.

Жалпы, несиелік саясатта қарыз алушы туралы қажетті ақпараттар жинау және несиелік қабілетіне талдаудан бастап, несиелік талдау және аудит, несиелер бойынша мүмкін болар зиян процесін қамтитын несиелік процестің барлық кезеңдері көрсетіледі.

Несиелік саясат мынадай қызметтерді атқарады:

- банктегі несиелеу процесін ұйымдастыруға бақылау жасауға негіз ретінде болу;
- несиелеуді жүзеге асыратын бөлімдердің қызметкерлері үшін анықтама материал және нұсқаулық ретінде болу;
- несиелік бөлімдердің жетекшілері үшін несиелік нұсқаулықтардың талаптарының орындалуына бақылау жасау құралы;
- несиелік талдау және аудит бөлім жұмыскерлерінің тексеруді жүзеге асыруына негіз болатын талаптарды анықтау.

Коммерциялық банктің несиелік саясатын іске асыру процесінде проблемалық несиелермен жасалатын жұмысқа ерекше көңіл бөлініп және қосымша бақылау жасалуға тиіс.

Қазақстанда несиелердің келесі түрлері дамыған.

Ұлттық банктің несиелері:

- аукциондық – Ұлттық банктің ақша- несиелік саясатының уақытша құралы болып табылатын және екінші деңгейдегі банктерге аукциондық негізде, республика банктерінің 1 айдан 3 айға берілетін қысқа мерзімді несиелерге деген қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатындағы берілетін несиелер;

- ломбардтық – Ұлттық банктің мемлекеттік бағалы қағаздарды кепілге ала отырып, жоғары пайызбен берілетін қысқа мерзімді несиелердің түрі;

- бюджеттік – Ұлттық банк Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне қайтарымдылық шартымен беретін несиелері.

Екінші деңгейдегі банктердің несиелері:

- өз айналым қаражаттарының жеткіліксіздігін уақытша толықтыруға;

- күрделі жұмсамаларды қаржыландыруға;

- импорттық бойынша контрактілерді төлеу ;

- ипотекалық;

- несиелік желі негізінде;

- консорциялық – несиелік, кепілдік немесе басқа да банктік операцияларды бірігіп жүзеге асыру үшін қандай да бір ірі банктің қамқорлығымен уақытша бірлескен екі немесе одан да көп банктер беретін несиелер, бұл кезде бір банктің мүмкіншілігі қандай да бір себептерге байланысты, бұл функцияларды дербес жүргізуге жетпеуі мүмкін.

- тұтыну мақсаттарына;

- банкаралық;

Тұтыну несиелерінің басты тағайындалуы халыққа тауарлар сатуды ынталандыруға бағытталады. Тұтыну несиелері бөлшек саудамен тығыз байланысты: бір жағынан, тауар айналымының ұлғаюына сай несиелердің көлемі өседі, сонымен қатар, тауарды несиелерге алу сұранысы туындайды; екінші жағынан, халықты несиеленудің өсуі, сұраныстың төлем қабілеттігін ұлғайтады. Мұндай тәуелділік, әсіресе, бүгінгі тауарлар нарығын толтыру жағдайында пайда болуда [5, 71 – 73].

Тұтыну несиелері – тұрғындарға тұтыну тауарларын сатып алу және тұрмыстық қызметтерді төлеу үшін коммерциялық және банктік формада берілетін несиелер. Тұтыну несиелерінің негізгі міндеті – тұрғындарға тауарларды сатуға қолдау көрсету .

Innovation is always unique and individual and therefore the forms of commercialization may be different. Commercialization of innovation, research and development has a recent history. Innovations can be commercialized by an inventor or by opening an innovative enterprise, or by introduction of the opening at the existing enterprises, or by transfer to a third party to commercialize innovation. Indeed, it is up to the innovator: to sell the patent or corporate business to innovative production in the small business sector, and act as an innovator and co-founder of the innovative firm.

The purpose of this paper is to identify the requirements for enterprise innovation potential for commercialization and innovation. In addition, this paper deals with the development of the company, when the introduction and commercialization of innovation is essential for modernization and stabilization of the company. The algorithm for commercialization of innovations and evaluation of innovations for commercialization is proposed.

If we turn to the conceptual apparatus, to the terms - innovation and commercialization, these are words of English origin. Innovation is invention in engineering, technology, labor and management, based on the use of science and best practices, and the use of these innovations in various fields and activities. The process of introducing innovations to the market is called the commercialization process. Since the introduction of inventions to the market, it becomes innovation. Innovations are any technical, economic and organizational management changes that are different from the current practice across the industry, territorial management, contractor etc.

Implementation of innovations is related to the creation and application of new, reconstructed or modernized existing work (new equipment, machinery, buildings etc.), items of work (materials, fuel, energy) and consumption (products to meet the needs of the population, technological processes, techniques and methods of production, labor and management) [2].

In addition, new features of products and services can be associated with a change in jobs, better working and living conditions of workers, the level of education and training, safety, implementation of industrial aesthetics, ergonomics and design, environmental protection and rational use of natural resources or the economy of free time of the population.

It is noteworthy to say that innovation requires innovation capacity of the enterprise. Generally, if to go to the roots of the term potential, the word "potential" in its etymological sense of the word comes from the Latin language «potentia» which means hidden opportunity, power and strength. The Great Soviet Encyclopedia defines the term "potential" as "means of stocks, sources available and which can be mobilized, powered, used to achieve

certain goals, implement the plan, solve a problem, the possibility of an individual, society or government in a specific area" [3].

Thus, the innovative potential of the company implies the firms' tangible and intangible forms of business which can be directed to the design, implementation and promotion of innovative products. Innovation potential is described as a collection of different potentials.

The next question to consider is to know the commercialization of innovation algorithm and its evaluation. The first stage of the commercialization algorithm includes checking the novelty of the idea, the patent search and determining the economic feasibility of patenting. This step is justified by the immunity of intellectual property because the economic feasibility of patenting is directly related to copyright in innovation. The next stage is the definition of the economic feasibility of commercialization.

The innovative development should exceed the available capacity, even in the future, to be worthy of commercialization. Otherwise the result from the commercialization of the innovation will be minimal, and the validity of such modernization is questionable. The choice of financing options for the project in general is typical and is available in three types of funding: internal, external and mixed. Investments in innovation, as a rule, have an increased risk, so seeking external funding can be difficult. The last step - check the validity of the idea - due to the fact that innovation is at risk and in such circumstances test launches and additional scientific testing of scientific and technical developments can be useful for identifying the negative factors and eliminating them on early stages.

The economic effect of any project, including the project to reduce costs is to further profits. Obtaining additional income, in turn, is determined by how much the revenues, operating costs, taxes of the company in connection with the implementation of specific investment ideas change.

As a recommendation to simplify costs in decision-making during the implementation of innovation in the enterprise application, the calculation of direct operating costs can be offered. Direct operating costs are determined by the cost items, including payroll, free food rations etc. The calculation of direct operating costs allows companies to monitor the economic effect of the project. The economic effects of the project (benefit from) is calculated as follows: Additional profit = revenue change - change of current operational costs - tax changes + (-) change in other operating and non-operating income (expenses).

Thus, reducing the direct operating costs will provide additional income to small businesses. It should also specify the point that often the ideas on how to optimize the commercialization and innovation lead to investment costs (such as the acquisition of fixed assets). In this case, the calculation of the effect of the project should be completed for standard performance of investments: payback period, NPV, IRR [4].

Further studies of the outlook for innovation in enterprises deal with the issues of improving accounting operating costs, development of a conceptual and methodological approaches to the organization of accounting and analysis system as a whole and its individual elements in each enterprise. [5].

In conclusion, it should be noted that the innovation process can last from several months to several years and, when the novelty design is ready to enter the market, it can use the parallel-sequential approach to innovation.

It has been an attempt to identify the requirements for enterprise innovation potential for commercialization and innovation. In addition, the author of this paper described the development of the company during which the introduction and commercialization of innovation was essential for modernization and stabilization of the company. The algorithm for commercialization of innovations and evaluation of innovations for commercialization has been briefly proposed.

REFERENCES

1. The program of innovation and promotion of technological modernization in Kazakhstan for 2010-2014, approved and authorized by the government of the RK. November 30, 2010 № 1241
2. Tony Davila, Marc J. Epstein, Robert Shelton "worked innovation", Publisher Balance Business Books, 2007.
3. Great Soviet Encyclopedia, 2002 /Library Guests and regulations [electronic resource]
4. Vasin A. A. Projects to reduce costs: the definition and modeling of the effect of alternative //Materials of the conference "The role of the analyst in the company's management"// site "Corporate management" <http://www.cfin.ru/>
5. Leontiev R. G. The theory and practice of management: a manual /R. G. Leontiev. Khabarovsk 2006 p. 345, 2002/ Library Guests and regulations [electronic resource] www.libgost.ru

ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ

ӘОЖ378.147.2:811.112.2.

ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНДАҒЫ ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

А.Н. Бестібаева

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ-сы
ba_n@mail.ru

Қазақ тілінде техникалық терминдерді қалыптастырудың негізгі көзі – аударма.

Перевод является важнейшим способом в формировании технических терминов в казахском языке.

Translation is the main way in forming technical terms in Kazakh language.

Тілдік өзгерістерге себепші болатын сыртқы факторлардың ең күштісі - қоғамдық прогресс, қоғамның рухани өміріндегі, өндірістік күштер мен техникадағы, ғылымдағы, шаруашылықтағы өзгерістер. Қоғам өмірінде болатын мұндай прогресс тіл дамуына елеулі ықпал жасайды.

Тіл дамуына себепші болатын сыртқы факторлардың тағы бір елеулі түрі-тілдердің бір-бірімен байланысы, қарым-қатынасы. Басқа тілдермен байланыссыз, томаға тұйық өмір сүретін тіл болмайды. Қандай халық болса да, өзімен көршілес басқа бір халықтармен экономикалық немесе мәдени байланыссыз тұра алмайды. Мұндай байланыс, яғни әртүрлі тілде сөйлейтін қауымдардың байланысы, тілдердің де қарым-қатынасын күшейтеді. Олардың қайсысының қайсысына көбірек ықпал жасауы толып жатқан әлеуметтік факторларға тікелей байланысты. Оған қарым-қатынасқа түскен тілдер иелерінің мәдени дәрежелерінің, ол тілдерде сөйлейтін адамдар санының тигізетін әсері аз болмаса керек.

Тілдер қарым-қатынасының тіл дамуына тигізетін елеулі әсері барлығы тіл білімінде бұрыннан белгілі. Тілдер қарым-қатынасының соңғы түрінің тамаша үлгісі ретінде халықтар тілдерінің бір-біріне тигізіп келе жатқан игілікті әсерлерін айтуға болады. Тілдің қоғамның басқа салаларынан айырмашылығын оның түрлі өзгерістерге бейімділігімен түсіндіруге болады, яғни тілдің лексикасы ішкі және сыртқы өзгерістерге ұшырап, дамып, толығып отырады. Бұл дегеніміз - тілдің лексикалық құрамына жаңа атаулар мен ұғымдар үздіксіз еніп отырады деген сөз. Сол лексиканың дамып, баюының бір көзі – терминдер.

Мәселен, энергетика терминдерінің қалыптасуы осы саланың, яғни энергетика ғылымының пайда болуымен байланысты. Сондықтан, энергетика саласы терминдерінің қазақ тіліндегі ерекшеліктерін білу үшін, энергетика ғылымның қалыптасу, даму жолы мен тарихына тоқталып кеткен жөн.

Кез келген халық шаруашылығы саласының пайда болуы мен дамуы қоғам сұранысынан туындайтыны белгілі. XVI-XVII ғасырларда У.Гильберт, И. Ньютон, және басқа да әйгілі ғалымдар бастаған істер XVIII ғасырда Б.Франклин, М.Ломоносов және басқалар еңбектерінде жалғастырылып, XIX ғасырда нағыз ғылыми-техникалық жетістіктерге қол жетті. Осы өзгерістер атақты А.Ампер, А.Вольт, Г.Ом, М.Фарадей,

А.Ладыгин, Н.Славянов, П.Яблочков және де көптеген оқымыстылар еңбектерінде көрініс тапты. Сондықтан да олардың есімдері электр энергиясы өлшемдеріне түпкілікті енген.

Кейбір терминдерде өзінің авторы болады, яғни қандай да бір ғалым өзінің ойлап тапқан затына, жаңалығына атау беру үшін жаңа сөз ойлап табады. Мәселен, анод (*anode*), катод (*cathode*), ион (*ion*) Фарадейдің ұсынған терминдері болып есептеледі. Сондықтан терминологияның даму, қалыптасу ауқымы өте зор. Сонымен қатар, жалқы есімдер қатысуымен жасалған терминдер де болады. Олар, негізінен, жалпы есімдер болып келеді. Олардың қатарына физика, химия салаларында жиі қолданылатын эпонимдер немесе фамилия терминдер де (фамильные термины) кіреді. «Жалқы есімдер күрделі терминнің сыңары ретінде қолданылады. Мысалы: *Ньютон* заңы, *Пифагор* теоремасы, *Ом* заңы, *Матросов* тежеуіші (*тормоз Матросова*), *Бэр* заңы, *Ферми* энергиясы (*энергия Ферми*), *Есаки* эффекті (*эффект Есаки*), *Вильда* буландырғышы (*испаритель Вильда*) т.б. тіркесті терминдер құрамында – *Вольт* доғасы (Вольтва дуга), *Торичелли бостығы* (Торичеллиева пустота), *аристофанов* өлеңі (аристофанов стих), *пифагор жүйесі* (пифагорова система), *Нернст коллориметрі* т.б. Немесе жалқы есімдердің метонимиялануы арқылы жасалған *вольт*, *ватт*, *ампер*, *герц*, *кюри*, *генри*, *ом*, *джоул* сияқты терминдерді қосуымызға болады.»

XIX ғасырда ең алғаш электр ғылыми айқындалып, электростатика, электродинамика, электр магнит өрісі ашылды; су және жылу динамикасы зерттелді; электр энергиясын, су және жылу энергияларын пайдалану жолдары анықталды. Электрді жарық, электрлік доға, электр қозғалтқыштарына қолдануға, телеграф пен радио жүйелеріне жаратуға мүмкіндік туды.

1882 жылы әлемдегі тұңғыш электр стансасын американдық өнертапқыш, кәсіпкер Т.А. Эдисон тұрғызды. Осыған байланысты энергетика саласының терминдері ең алғаш ағылшын тілінде пайда болып, қалыптасты. Орыс инженері М.О. Доливо-Добровольский үш фазалы электр тоғының тиімді екендігін дәлелдеді, 1888-1889 жж. үш фазалық электр қозғалтқышын жасады да, 1891 жылы Алманияда бірінші үш фазалық электр тасымалдауды жүзеге асырды.

Ресейде елді электрлендіру ісі 1920 жылдан басталып, Г.М. Кржижановский бастамасымен үкімет арнайы қарар қабылдады да, «ГОЭЛРО» атанған жоспар жасау ісі қолға алынды.

Қазақстан сол аталған жоспарға енді, оның Батыс Сібір, Орал, Түркістан өңірлерімен шаруашылық байланыстары ескерілді. Жоспар жасаушылардың ішінде Қазақстанды біршама білетін тұлғалар су энергетикасының көрнекті маманы Г.О. Графто «Алтайдың ақ көмірі» баяндамасында Уба өзенінің 45 мың кВт энергия қоры туралы, белгілі географ-геолог В.А. Обручев Екібастұз және Риддер жөнінде, айтулы инженер Л.К. Рамзин Қарағанды мен Екібастұз көмірлерін игеру жайында мәселе көтерді [1].

Бұл жоспар қалыптасқанға дейін, елімізде дамыған энергетика шаруашылығы жоқтың қасы еді – энергетика қондырғыларының қосынды қуаты 2 500 кВт болған. Қазақстан тұрғындарының электр туралы хабары да нашар еді. XIX ғасырдың бергі жартысында-ақ еліміздегі минералдық шикізат бай қорларын игеру ісін дамытудың қажеттілігі біліне бастағандықтан, 1892 жылы Березовка өзенінде, Зырянов кен орнына жақын жерде, қуаты 180 кВт тұңғыш су электр қондырғысы тұрғызылды. Елді электрлендіруді жедел жүзеге асыра бастаған кезде, алғашқы кезекке Алтай өңірі, Ембі мұнай орындары, Павлодар, Петропавлдар жатқызылды. Ендігі кезекте Қарағанды көмір комбинатын құру, түсті металлургия кәсіпорындарын салу (Өскемен) басталып кеткен. Осыларға қажетті электр стансаларының қуаттылығы мыңдаған кВт болып, кейіннен олар басқа да тұтынушылар үшін негіз болатындығы қаралған. 1940 жылы қондырылған жабдықтар қуаты 224 мың кВт құрады – мұның өзі энергетиканың күшті қарқынмен дамуын көрсетіп тұр [1].

Қазақ халқының өмірінде өндіріс орындарының онша болмағаны белгілі. Сондықтан өнеркәсіп, техникаға қатысты ұғымдарды білдіретін сөздер тілімізде өте аз болды. Тек XX ғасырда шет мемлекеттермен қарым-қатынас жасап, араласа бастағаннан кейін, заман талабына сай өнеркәсібіміз өркендеп, техникалық сауатымыз ашыла бастаған кезден былай қарай сөздік қорымызға техникалық терминдер легі келіп қосылды.

Өнеркәсіп құралдары, өндіріс процестері, түрлі мамандықтардың сөздері: завод, фабрика, шахта, мұнай, көмір, мыс, молибден, станок, механик, инженер, лифт т.б. толып жатқан сөздер, негізінен, тікелей жазылуы бойынша қолданылса, енді біразы қазақ тілінің байырғы сөздерін пайдалана отырып жасалды. Мұның қай-қайсысы да қазір әдеби тілімізге сіңіп, әдеби тіліміздің айшықты элементтеріне айналып кетті. Одан бері қаншама терминдердің қалыптасып, қабылдануын тізіп шығу мүмкін емес. Мұның бәрі ғылымның, техниканың, өнердің, халық шаруашылығының бұрын болмаған дәрежеде дамып, мүлде басқаша сапаға көтерілуіне байланысты болып отыр.

Энергетика саласының терминдерін қарастыру барысында, байқағанымыздай, техника саласында көптеген терминдерді ағылшын тілінің жазылуы бойынша қабылдануымен қатар, байырғы қазақ сөздерінің де толып жатқан мүмкіндік көздері ашылған. Яғни халық қолданысында бұрыннан бар сөздердің көбі техниканың дамуына сәйкес мағыналық мән арқалап, жаңаша қызмет атқара бастаған. Мысалы, электр шамы (бұрынғы май шам), желдеткіш, шаңсорғыш, кіржуғыш, октауша, шілтер, жонарғы т.б. сөздер қазақ тілінің өзіне тән заңдылықтарына орай жасалған терминологиялық лексиканың бір қабаты болып саналады. Сөйтіп, қазақ тілі сөздік құрамындағы өнеркәсіп, техникаға байланысты ұғымды білдіретін сөздер мен сөз тіркестерін *техникалық терминдер* деп атаймыз. Бұлардың ғылыми терминдерге қарағанда өрісі кеңдеу болып келеді. Мәселен, энергетика саласы техникалық ғылымдар қатарына жатады. Осы салада қызмет ететін мамандар, жұмысшылар және инженерлер қауымының күнделікті сөйлеу тілінде энергетика терминдері үнемі қолданылады.

Салалық терминдер дегеніміз - ғылым, техника, өндіріс, т.б. саласындағы арнаулы ұғымдар мен зат атауларын дәл білдіру үшін жасалған сөздер мен сөз тіркестерінің жиынтығы. Демек, термин сөздердің термин емес кез келген сөздерден ең басты айырмасы - ғылым, техника т.б. саласындағы арнаулы ұғымдарды дәл анықтап білдіретіндігінде.

Электр энергиясы концепциясының келуімен, тілімізге аталған салаға байланысты жаңа ұғымдар, түсініктер және атаулар орыс тілі арқылы ене басатағаны жасырын емес.

Халықаралық терминдердің тілімізде қалыптасуы мен қолданылуына мән берген ғалымдардың бірі – Құдайберген Жұбанов «Орыс тілі арқылы басқа тілдерден қоғам өмірінің барлық салаларына байланысты тілімізге өте көп мөлшерде терминдердің ену процесі басталғанын»[2] айтады.

Оған осы саладағы әлі күнге дейін қолданыстағы орыс тіліндегі женский род “а” “я” жалғауымен аяқталатын “energetics-энергетика”, “station-станция”, “energy-энергия”, “modulation-модуляция” “radiation-радиация” “matrix-матрица” немесе әлі баламасын таппаған күйі қолданылып жүрген “turner-токарь”, “plug-штепсель”, “nucleus-ядро”, “hatch-люк”, “anchor-якорь(зәкір)” кірме сөздер дәлел бола алады [3].

«Қазан төңкерісінен кейін көптеген халықтар ғылымды ана тілінде игеруге мүмкіндік алды. 1920 жылдардағы қоғам дамуындағы ірі өзгерістер, оның ішінде түрлі жаңалық, ақпараттардың ана тілінде берілуі, ғылым, мәдениет, техника дамуы – жалпы қазақ тілін жаңа сатыға көтеріп, оның ғылым тілінің қалыптасуына, қолдану аясының кеңеюіне ықпал етті. 1920 жылдары мәдени-ағарту саласында өзгеше бір серпіліс туған дәуір болды» [3].

Қазақ тілінде энергетика терминдерін ана тілімізге аудару нақты егемендігімізді алған жылдардан бастап қолға алынған, оған сол кездерде шыққан орысша-қазақша кішігірім энергетикалық сөздіктер дәлел бола алады [4].

Қазақ тілінде энергетика терминдері мен техникалық атауларды қалыптастырудың негізгі көзі – аударма.

Қазақ тілінде энергетика терминдері аударманың негізгі екі тәсілі арқылы қалыптасқан: калька және транслиттерация.

Калька тәсілі - ана тілінің мүмкіндігін пайдаланудың тиімді жолы, энергетика саласындағы ағылшын тілінің терминдерін мағыналық және тұлғалық (құрылымдық), жағынан сөзбе сөз берілуін былай көрсетуге болады:

1. Мағыналық калька

heater – қыздырғыш

mixer – араластырғыш

multiplier - көбейткіш

exciter – қоздырғыш

2. Тұлғалық/ құрылымдық калька

heat absorption – жылудың жұтылуы

light absorption – жарықтың жұтылуы

slow-acting accelerator – баю үдеткіш

power amplifier – қуат күшейткіш

Калькалау өзге тілдердің терминдерінің жасалу үлгісі мен мағынасын пайдалана отырып, ұлт тілінде термин жасау болып табылады. Калькалау барысында өзге тілдегі сөздің мағынасы, құрылымы пайдаланылады. Калькалау барысында бір тілден екінші тілге сөз мағынасы да, сөздің құрылымы да алмасуының нәтижесінде қабылдаушы тілде жаңа термин жасалады. Яғни мұнда тіпаралық терминдену мен терминжасамдық сипат бар. Калькалау өзге тілдердің сөздерін дайын қалпында өзгеріссіз көшіру емес. Жалпы калькалауды шет тілдерінің сөздерін игерудің тәсілі деп қараған жөн. Ағылшын тілінен қазақ тіліне аударылған терминдердің ішінде синтаксистік тәсілмен жасалған сөз тіркесі түріндегі калька басым.

Электр энергетика саласына байланысты сөздіктерде көрсетілген терминдердің құрылым-құрылысына, олардың жасалуына негіз болған тілдік материалға мән берсек, өзге тілдің сөздері арқылы жасалып, қалыптасқан терминдердің басым екендігін аңғаруға болады.

Транслиттерация тәсілімен жасалған терминдердің жіктелісін екі тұрғыдан қарастыру жөн. 1) семантикалық (мағыналық) тұрғыдан, 2) құрылымдық тұрғысынан.

1. *Семантикалық тұрғыдағы терминдер*: бір мағыналы терминдер carbide – карбид, carbonate – карбонат, diesel – дизель, coke – кокс, conveyor – конвейер, cascade – каскад және т.б.; Ал, camera – камера, calorie – калория, calorifer – калорифер, deaerator – деаэратор, channel – арна, канал және т.б. түрлі ғылым салаларында көптеп кездесе беретін болғандықтан, көп мағыналы кірме терминдер болып табылады.

2. Ағылшын тілінен осы тәсілдермен берілген терминдерді *құрылымдық сипатта қарастырсақ*, оларды терминдік элементтеріне қарай саралаймыз:

а) **бір түбірлі терминдер**, ешқандай қосымша жалғамай, ағылшын тілінен тұтастай алынған, тек дыбысталуы өзгерген терминдер. мыс: atom – атом, amplitude – амплитуда, ballast – балласт, cable – кәбіл, calorie – калория, camera – камера, gas – газ, element – элемент, carbide – карбид т.б.

ә) **күрделі терминдер, екі немесе одан да көп түбірлердің бірігуі арқылы жасалған терминдер**: electrocoagulation – электрокоагуляция, electrophysics – электрофизика, electromagnet – электрмагнит, electro dialysis – электродиализ, electro dynamics – электродинамика, electrochemistry – электрхимиясы және т.б.

б) **аффиксальды терминдер**, түбірі сақталған, жекелеген аспектілері (тұлғасы, құрылымы) алмасқан, аударылған күйі алынған. ionization – иондану, ionizer – иондағыш, inductance – индуктивтілік, induction – индукция, electrification –

электрлендіру және т.б. Бұл терминдер суффикстер жалғануы арқылы туынды мағыналарға ие болған.

Ғылым мен техника тілінде терминдердің құрылымы әртүрлі болып келеді. Термин сөздерді жасауда сөздерді жалпы лексикадан бөліп қарастыруда басшылыққа алатын негізгі қағида – оның құрылымы. Құрылым – тәртіп, орналасу деген ұғымдарды білдіреді.

Ағылшын және қазақ тілдерінің терминдеріне ортақ бір ерекшелік - олардың құрылымында.

Энергетика саласы бойынша терминдер, негізінен, сөз немесе сөз тіркесінен болып келеді. Ал жаңа жүйе бойынша екі немесе одан да көп сөздердің тіркесуінен тұратын сөздер жиі кездеседі. Терминнің бір сөзден немесе бірнеше сөзден құралғанына қарамастан, ол белгілі терминология мүшесі ретінде ғана өз мағынасы болады.

Мысалы, heat abstraction – жылу бөліп алу, nuclear attraction – ядролық тартылыс, dynamic mutual inductance – динамикалық өзара индуктивтілік т.б

Энергетика саласы бойынша термин жасаудағы ең негізгі және өнімді тәсілдердің бірі – сөз тіркестер арқылы, тіркесу жолымен жасалу болып табылады. Бұл тәсіп арқылы сөздер күрделі тіркестер құрап, бір ұғым ретінде қолданылады. Энергетика саласының терминдері қазақ тіл білімінде, сондай-ақ, қазақ терминологиясында тілдік тұрғыдан бұрын-соңды зерттелмеген. Терминология мәселесі, оның ішінде энергетика терминдерінің құрылымын және берілу тәсілдерін зерттеу, бүгінгі күннің басты талабы ретінде мәселенің өзектілігін көрсетеді.

Қазіргі кезде ғалымдар арасында екі түрлі пікір белең алып жүр. Бірі – термин атаулының бәрін өз тілімізге аударып алу, екіншісі – термин деген тәржімаға көнбейтін, халықаралық болып кеткен сөздер, сондықтан оларды өзгеріссіз қабылдау керек дейтін осы екі көзқарас тұрғысы арасынан дұрыс жол табу көзделеді. Әр терминге өз тілімізден терезесі тең балама табу, қиюы келмейтін реттерде халықаралық қолданыстағы сөздерді тіліміздің ішкі заңдылықтарына өлшемдестіріп алу басты бағдар, негізгі арқау болуы тиіс.

Әрбір ұлт тілінің терминологиясын жасап қалыптастыру қандай да бір ғылыми принципке негізделуі керек. Еліміз егемендігін алып, төл туын көтергелі бері, мемлекетімізде елеулі өзгерістер болып жатыр. Олардың бірі – қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін алуы. Осыған байланысты бүгінгі таңда барша ұғымдар мен мекемелердің қазақ тіліне толық көшу үрдісі орын алып отыр. Сондықтан қазіргі еңбек-нарығында қазақ тілінің аудармашылары ерекше сұранысқа ие. Оларды дайындауда арнайы ғылым - аударма теориясына арналған сапалы оқулық, бағдар беруші ғылыми еңбектер қажет болатыны белгілі.

Энергетика саласының терминологиялық сөздіктерін саралай келе, терминдерді қабылдау, аудару ісінде жүйелілік, біріділік жоқ екендігін айтуға болады. Сондықтан терминдерді дұрыс аудару, бір ізге салудың маңызы өте зор, ол бірнеше ұрпақтың ғылыми сауатына әсер етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кежек Ысқақ. Шыным да, сырым да... - Алматы: Саға, 2006.
2. Жубанов К. Исследования по казахскому языку. Алма-ата: Наука Каз ССР, 1966.
3. Бекеқожанова Г.Қ. Қазақ тіліндегі терминдердің лингвистикалық сипаты. //Халықаралық ғылыми конференция материалдары. Қайнар унив. 7 атау. Алматы, 2005.
4. Берікұлы Ә. Ж. Шотанов Орысша-қазақша-ағылшынша радиоэлектроника аталымдарының сөздігі. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1992.

5. Құсайынов, Ж.Шоатнов, С. Балабатыров, Т. Жұмаханов. Электр техникасы және электр энергетикасы терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1993.
6. Гольдберг А.С. Англо-русский энергетический словарь в 2-т. около 70000 терминов и 12000 сокращений. М.: РУССО, 2006.
7. Goldberg A.S. English-Russian dictionary of energy and environmental protection. – 2001.

ӘОЖ 883.015.59:

ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ІЛИЯСТАНУ ІЛІМДЕРІ

Ш.Ә. Кыхметова, ф.ғ.к., доцент

І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қ-сы, Aset_Shara@mail.ru

Мақалада Ілияс шығармашылығының зерттелуі жайлы сөз болады.

В статье рассматривается проблемы исследование творчества И. Жансугурова.

The article is considered with the researching of the creation of I. Zhansugurov .

Тірек сөздер: Ілияс, ұлттық әдебиеттану, шығармашылық зерттеу.

XX ғасырдың елуінші жылдардың аяғына қарай «жылымық» кезең келіп, репрессия жылдарында атылғандарды ақтау мәселесі көтерілді. Жазушылар Одағында құрылған комиссия репрессияға ұшырағандардың ісін қайта қарау туралы ұсыныс жасады. Кеңестер Одағы Жоғары сотының Әскери коллегиясы 1956 жылы 19 қазанда істі қайта қарауды бастап, 1957 жылы 4 сәуірде жазықсыз жапа шеккендерді ақтау жөніндегі шешім қабылдайды. Осы шешімнен кейін 1957 жылы 26 сәуірде Қазақстан Жазушылар Одағының президиумы отырысы болып, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлиннің әдеби мұраларын қайта қарау туралы комиссиялар құру туралы қаулы қабылданған. Ілияс Жансүгіровтің әдеби мұралары бойынша комиссияға М. Әуезов төраға болады.

1959 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институты ұйымдастырған қазақ әдебиеті мәселелері жайындағы ғылыми-теориялық конференцияда сөйлеген сөзінде академик М.Әуезов: «Жазушылар туралы монография жазғанда С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіровтің мұраларын тереңдеп, сапалы түрде саралап зерттеу шарт», - [1,167] деп айырықша атап көрсеткен.

Қысқа өмірінде қыруар еңбек қалдырған халқымыздың қалаулы перзентінің әдеби мұрасын жинастыру, қарау, қайтадан жариялау мақсатында әдебиетші-ғалымдарымыз тынбай жұмыстар жүргізді. Ілияс жайында документті фильм түсірілді, пьеса жазылды, «Құлагер» поэмасының негізінде көркемсуретті фильм жасалды. Ақынның жеке кітаптары, шығармалары, жинақтары баспаға дайындалып, оған алғысөздер, рецензиялар, түсіндірмелер жазылды. Кандидаттық және докторлық еңбектер дайындалып, қорғалды.

1957 жылдан бастап республикалық, облыстық басылымдарда Ілияс шығармашылығы туралы мақалалар жариялана бастады. Шыққан мақалалардың бірқатары Ілиястың шығармашылық өмірбаянын қамтыған таныстыру сипатында болса, енді бірі шығармашылығы жөнінде тұжырымды, салиқалы пікір айтқан құнды

ғылыми мақалалар болды. М.Қаратаев 1958 жылы «Қазақ кеңес тарихының очеркіне» арнап арнаулы монографиялық тарау жазып, оны өзінің «Туған әдебиет туралы ойлар» атты кітабына енгізді. Орта мектептің 10-сыныбына арналған көмекші оқу құралына айналдырып, жоғары мектепке арналған «Қазақ совет әдебиеті тарихына» қосты. «Эпостан эпопеяға» деген зерттеу еңбегінде «Жаңа заман, жаңа әдебиет», «Халықтың ежелгі жан серігі», «Ұлы ұстаз», «Асау тұлпар» тарауларында әдебиетіміздің өсу белестерін сөз етіп, Ілияс Жансүгіровтің әдебиетке қосқан үлкен үлесін талдап берген. Бұл зерттеулер жайлы академик Т.Сыдықов былай дейді: «Бұл пікірлер - бүгінгі тәуелсіздік таңын бастан кешіп, егемендігімізді жаһан таныған, ешкімге жалтақтамай, еркін тыныстап отырған заманда лайықсыз, көнерген уәж. Социалистік реализм талабы ауызға сөз салып, желкеден қышқашпен қысқан заманның қисыны. Мұрағат ақтарған, ақтармаса ақтарғандардың еңбегіне көзі қарақты қауым І. Жансүгіровтің классикалық туындыларына кезінде кереғар сын тағып, кейін ақтап қалам тербеген академиктер М. Қаратаев пен С. Қирабаевты да қараламайды, өйткені олар - «идеологиялық құлдықтың» айдауына көнген өз уақытының перзенттері, өз уақытына қызмет еткен жандар. Олардың қалыптасқан пікірден кемітіп, не асырып тұжырым жасауға жолы жабық-ты». [2,88].

Қажым Жұмалиев «Стиль-творчестволық ерекшелік» атты мақаласында («Қазақ әдебиеті» газеті, 17 қараша 1959 ж.) қазақ әдебиетінің негізін салған ақын-жазушылардың шығармашылығымен қатар І.Жансүгіровтің шығармашылық стиль ерекшеліктерін сөз етеді. Бұл ойларын «Ілиястың әдебиетіміздегі орны және өзіне тән ерекшелігі», «Әр жазушының өзіне тән творчестволық ерекшеліктері жайлы», «Замана жыршысы, күй жаршысы» деген еңбектерінде одан әрі дамытты. Рахманқұл Бердібайдың «Ақын шабыты» («Лениншіл жас» газеті, 1958 жыл, 25 маусым), «Роман және заман» («Жұлдыз» журналы, 1964 жыл, №9), «Отызыншы жылдардағы қазақ романдары» («Жұлдыз» журналы 1965 жыл, № 6) сынды мақалаларында Ілиястың «Жолдастар» романына талдау жасаған. Ғалым тұщымды пікірлер айта келіп, романның кемшін тұстарына да тоқталады. Ілиястың поэмалары жайлы да әр түрлі мақалалар жазылды: Әнуар Дербісалин мен Төлеген Баймұратовтың «Құлагер» поэмасы туралы» («Социалистік жол» газеті, 5 қазан 1958 ж.), Сағынғали Сейіповтың «Жансүгіров Ілиястың поэмалары» («Қазақ әдебиеті» газеті, 17 қаңтар 1958 ж.), Бақытжан Хасановтың «І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасындағы метафоралар» (ҚР ҒА Хабарларының 1962 жылғы 3 нөмірі), Әнеш Дайырованың «Күйші» поэмасы» («Қазақстан мектебі» журналы, 1964 жылғы 5-6 нөмірі) мақаласы. Бұл мақалаларда Ілиястың поэмалары мазмұндық-тақырыптық жағынан талданады. Халим Садықов мен Бақытжан Хасановтың «Поэтикалық аударманың кейбір принциптері» мақаласында («Жұлдыз» журналы, 1963 ж., №10) Ілияс аудармалары жайлы сөз болады. Т.Қожекеевтің Ілияс сатирасы, С.Ордалиев, Б.Құндақбаевтың ақын драматургиясы туралы сын-пікірлері жарық көрді. Қазақ әдебиеті тарихына арналған мектеп және жоғары оқу орындары оқулықтарында монографиялық тараулар беріліп, міндетті оқу жоспарына енді. І.Жансүгіров шығармалары негізінде кинофильм жасалды. Бірқатар еңбектері орыс және өзге туысқан халықтар тілдерінде әлденеше рет басылып шықты.

Басылым беттерінде Ілиястың әсіресе төрт поэмасы жайлы мақалалар үсті-үстіне шықты. Ілиястың күй, өнер тақырыбын жеріне жеткізе жырлағандығын Саттар Ерубәев былайша бағалайды: «Күйшінің» алға қойған міндеті адамның жоғары ұстайтын сезім қорегінің бірі – күйді, музыканы сөзбен сипаттап, тілмен жеткізіп айтып беру. Үн арқылы құлақпен естігенде ғана болмаса, басқаша көкейге қона қоймайтын музыканы сөзбен сипаттап, күйдің өзінің беретін әсерін туғызу, сондықтан да ақынның бұл ретте алдына қойған міндеті барынша ауыр, ақынның шын ақындығын сынайтын міндет еді. Ақын алға қойған бұл міндетін орындап шыға алды. [3,76]. Әбіш Кекілбаев Ілиястың

«Күйші» поэмасын көркемдіктің биік шыңына балап, былай дейді: «Қарашаштың күйші жігітке деген махаббаты оның өзіне де, күйші жігітке де бұлтартпас бір шындықты — тәуелділік жүрген жерде махаббат та, бақыт та жоғын ашып берді. «Күйші» — қазақтың арғы-бергі әдебиетіндегі мәні мен маңызы, шеберлігі, әсерлігі жағынан айрықша аспандап шыққан қол жетпес аса биік күмбездерінің бірі. Ол - біздің халқымыздың поэтикалық қуатының ересен жеңісі. (Әбіш Кекілбаев Азат деген күй тартып... («Лениншіл жас»), 1965 жыл, 29 мамыр) Сәбит Мұқанов пен Мырзабек Дүйсенов «Өрен жүйрік ақынымыз» мақаласында: «Қазақ халқының рухани мәдениетінің үлкен бір айғағы - музыкалық өнері. Өн мен күйге, әнші мен күйші өнеріне І.Жансүгіров ерте кезден-ақ ерекше көңіл қойған ақын. Халық музыкасынан эстетикалық ләззат алумен бірге, оның терең мазмұнын, әлеуметтік астарын көре, тани білді», - деп, асыра бағалаған. М.Әуезов: ««Дала», «Күйші», «Құлагер» поэмалары тұсында қазақтың Абайдан кейінгі поэзиясы аса биік, ірі сапа табады. Бұлардағы дүниені көрер көз, сезіну сыры, жалпы дүние тану қалпы ақындық сыр, өмірге қараған көзқарас, барлығы да бұрынғы қазақ поэзиясы тудырмаған тың жаңалықты аңғартады. Осы поэмаларда бейнелегіштік кенеулі тапқыр оймен ұдайы жақсы үйлесіп отырады. Жансүгіров поэмалары сезім сырына да толы. Ал, өлең үлгісіндегі мәдениет те басқа. «Күйші» мен «Құлагер» поэмалары әрі поэма, әрі өлеңмен жазылған роман» деп, жоғары бағалап, поэмаларын Ілияс шығармашылығының биік шоқтығы санаған. Т.Кәкішевше айтар болсақ: «Ілияс Жансүгіров қазақ әдебиетінің тұяғына шаң жұқпас жүйрігі, жыр Құлагерінің поэзиямыздың бар саласына үлес қосып, поэма жанрын қол жетпес биікке көтеріп, күні бүгінге дейін үлгі шашып, дәстүр жасаған қайраткер. Ұлылардың бар жазғаны емес, кезеңдік туындысы ғана тарих бетінен жарқырап көрінеді де, өз авторын Алатаудың асқар шыңдарының біріне айналдырады. Ілияс сондай өнерпаз. Қазақ халқы бар заманда Ілиястың орны әрқашан биіктен көрінері хақ». Кәдірбек Сегізбаевтың «Жыршы жыры – «Құлагер» («Коммунизм туы» газеті, 29 мамыр 1965 ж.), Т.Қабырғаталдың «Қазақ поэзиясының Құлагері» («Өмір нұры» газеті, 6,8 сәуір 1965 ж.), Ә.Зейітбековтің «Құлагерді» оқығанда» («Оңтүстік Қазақстан» газеті, 29 мамыр 1965 ж.) Әзілхан Нұршайықовтың «Ақынның белгісіз поэмасы» («Социалистік Қазақстан» газеті, 16 мамыр 1965 ж.), Қапан Қамбаровтың «Шоқтығы биік поэмалар» («Қазақстан мектебі» журналы, 1967 ж., №10), Тәкен Әлімқұловтың «Құлагердің орысшасы» («Қазақ әдебиеті» газеті, 28 сәуір 1967 ж.), Сырбай Мәуленовтің «Қазақ өлеңінің Құлагері» мақалалары І.Жансүгіровтің эпиктік қырын таразылаған.

Ақын ақталғаннан кейін алғашқы естеліктер де басылым беттерінде жариялана бастады. А. Сүлейменов «Ардақты ағаны еске алсақ...» деген естелігін «Советтік Жетісу» газетінің 1958 жылғы 30 тамыздағы санына, Р. Рақымбеков «Горький мен Ілиястың кездесуі» естелігін 1964 жылдың 4 қазандағы санына «Жетісу» газетінде бастырды.

Ақынның 80 жылдық мерей тойы қарсаңында Ілиястың туысқан бауыры Қуандық Шөкеновтің «Біздің Ілияс» (Алматы, 1973ж.) атты естелік кітабы. Ілиястың 90 жылдық мерей тойы қарсаңында зерттеуші-ғалым Сәрсенбі Дәуітовтің құрастыруымен «Азамат ақын» (Алматы, 1984ж.), Ілиястың 100 жылдық мерей тойы қарсаңында ілістанушы ғалым Мұратбек Иманғазиновтың құрастыруымен «Жан қайығын жарға ұрдым» (Алматы, 1994ж.) атты естеліктер мен мақалалар жинағы жарық көрді. Осы жинақтарға енбей қалған естеліктерді қосып, бұрынғы материалдарды бір желіге түсіріп, естелік иелерінің деректерін нақтылап, ғылыми тұрғыда бағалап, орнын, ретін белгілеп, доцент Ш.Кыяхметова 2007 жылы «Аңызға бергісіз ғұмыр» атты естеліктер жинағын (30 баспа табақ) құрастырып шығарды. Бұл жинақта 1958 жылдардан бергі естеліктерге көбірек назар аударылып, кезінде «большевиктік цензураға» жалтақтап, естелік-кітаптарда қысқартылып берілген

материалдар толықтырылып, түзетулер арқылы ұсынылған. Акын өмірін кезең-кезең бойынша таныстыру үшін жинақ екі бөлімге бөлінген. Бірінші бөлімге зайыбы, балалары, туған-туыстары, бала кезде бірге өскен достары мен құрдастарының естелік-лебіздері жеке топтастырылған. Бұл бөлімге топтастырылған еңбектерден акынның мінез-құлқы, адамгершілік қадір-қасиеті, отбасына деген ыстық ықыласы, кішіпейіл қамқор көңілі, алғашқы акындық адымдары жайлы мол мағлұматтар алуға болады. Күнделікті қарапайым өмірі, отбасы, қызметтегі мінез-құлқы, болмысы, «халық жауы» ретінде айыпталып, қан жұтқан қасіретті күндері жайлы естеліктер осы бөлімде біраз нәрсенің байыбына жетелейді. Екінші бөлімде қазақ мәдениетінің бәйтеректері Сәбит Мұқанов, Қажым Жұмалиев, Ахмет Жұбанов, Бейсенбай Кенжебаев, Есмағамбет Ысмайлов, Мұхамеджан Қаратаев, Сапарғали Бегалин, Ғали Орманов, Әди Шәріпов, Әбділда Тәжібаев және т.б. үзеңгілес замандастарының естеліктері берілген.

І.Жансүгіровтің 70 жылдық мерей тойы кешуідеп, 1965жылы республика көлемінде салтанатты түрде аталып өтті.ҚазССР-нің Жоғары Кеңесінің Указымен (5 маусым 1965ж.) Абакумовка поселкесінің атауы Жансүгіров поселкесі болып өзгертіледі.

Осы кезеңде жазылған мақалалар, еңбектер, естеліктер ілиястануды жан-жақты өркендету мүмкіндігін молайтты, көлемді зерттеулердің арнасын ашты.Бұл салада әдебиеттану ғылымы едәуір ізденістер жасап үлгерді. 1965 жылы шыққан профессор Мырзабек Дүйсеновтің «Ілияс Жансүгіров» атты монографиясы - Ілияс шығармашылығын жан-жақты қарастырған алғашқы зерттеу еңбек. Бұл монография кейінгі зерттеулерге бағыт – бағдар берді, ілиястану ілімін қалыптастырып, негізгі арналарын айқындады, әрі қарай өркендетудің өнімді бағытын белгіледі. Қазақтың көрнекті ғалымы, акын Тұрсынхан Әбдірахманова акынның өлең жазу шеберлігін зерттеп, «Ақын сыры» (Алматы, «Жазушы» баспасы, 1965ж.) атты кітабын шығарды. Жансүгіров лирикаларының сырын Әбділда Тәжібаев та «Поэзия және өмір» атты монографиясында айрықша білімдарлықпен талдаған. Фатима Ғабитова «Өртеңде өнген гүл» (Алматы, «Атамұра» баспасы, 1998ж.) кітабын шығарды.

Ілиястанудың арнасы жыл өткен сайын кеңейіп, жаңа зерттеулермен толықтырылды. М.Иманғазинаның «І.Жансүгіров прозасындағы дәуір дидары» (1998ж.), Ләззат Әділбекованың «Ілияс Жансүгіров прозасының идеялық-көркемдік ерекшеліктері» (1998ж.) зерттеулері.

Профессор М.Иманғазинов Ілияс Жансүгіровтің әдеби мұражайында қызмет істеген кезеңнен бері (1991ж.) мұрағат құжаттарымен жұмыс жасап, Ілиястың ғұмырнамасы, өлімі, ақталуы жайлы жаңа, құнды пікірлер білдіріп келеді. Талай жылғы ізденістерінің нәтижесін «Ілияс Жансүгіров» [4] деген монографиясын шығару арқылы халыққа жеткізді.

Мұрат Әбілқажовтың «І.Жансүгіровтың драмалық шығармаларындағы тартыс пен қаһарман» (2003ж.) еңбегінде драмалық шығармалары тұңғыш рет монографиялық үлгіде талданып, поэтикалық тұрғыда қайта бағаланған. Қаламгердің драма жанрын игеруге деген алғашқы қадамынан бастап, драматургия шарттылықтарына жауап беретін толыққанды пьесасын дүниеге әкелгенге дейінгі жазушының үйрену, жетілу, шеберлік шыңдауы тәрізді кезеңдері айқындалады. Қаһарман бейнесін сомдау мен характерін жасау жолындағы автордың әдіс-тәсілдері бағаланады. Қарапайым кейіпкерді тағдырдың талқысына салып шыңдау арқылы типтік деңгейдегі драмалық кейіпкер жасау шеберлігін меңгеруі, драмалық тартысты туындатар шеберлігі әр қилы сапада зерделенген.

Әбілхан Әбіласан І.Жансүгіровтің әлі ешкімнің көзіне түспей жатқан дүниелерін мұрағат қойнауынан шығарып, Ілиястың өз қолымен жазылған қолжазбаны араб графикасынан тікелей зерттеп, қазіргі кириллицаға аударып, «Жетісу» (Алматы, «Ценные бумаги» баспасы, 2001ж.) [5] жинағын шығарды. Еңбекте қазақтың өткен өмірінің шынайы болмысы, Кеңесары көтерілісі, Жетісу, Балқаш, Жаркент өңірін орыс

елінің жаулап алуы, сол тұстағы ел өмірі жайлы шынайы жазылған деректер кеңес өкіметінің саясатына қиғаш келетіндіктен социалистік цензураның кесірінен кезінде жарық көре алмаған. Тек тәуелсіздік алғаннан кейін ғана бұл іске асырылды. «Негізінен, Ілияс Жансүгіровтің мұрағат материалының үштен бір бөлігі - қазіргі кезеңге дейін жарық көрген шығармаларының түп дерегі, жазылу жайының күретамыры. 15–ке тарта қалың бумаларда (папкаларда) Ілиястың өз қолымен жазған 12 қойын кітапшалары мен дәптерлері жатыр. Оны оқып қараған адамға әлі де болса талай тың жатқан деректің ашылатыны сөзсіз», - дейді ілиястанушы ғалым М.Иманғазинов.

И. Боранбаева, Ә. Әбіласанұлы мен бірқатар жауапты адамдар «Құжаттар, хаттар, күнделіктер, дала хикаялары» атты мұрағаттар материалдарының негізінде жинақ (Алматы, «Үш қиян» баспасы, 2006ж.) құрастырып, шығарды [6]. Кітапқа 1920-1964 жылдар аралығындағы Ілиясқа қатысты құжаттар жинақталған. Кітап екі бөлімнен тұрады. ҚР Орталық мемлекетті мұрағатындағы ақын мұралары сақталған жеке қордағы (ҚРОММ-1368-қор) деректер мен мәліметтер берілген. Кезінде кейбір мәліметтер цензураға байланысты, ал бертінде араб әліпбиіндегі қолжазбаларды оқитын зерттеушілердің сиреуіне сәйкес қозғаусыз қалып келген. Бұл еңбек - сол олқы тұстың орнын толтырар ғылыми маңызы зор жинақ.

Академик Т.Сыдықовтың «Ілияс Жансүгіров және дәстүр жалғастығы» (2011ж.) атты монографиялық зерттеуі ілиястануға қосылған қомақты еңбек. Т.Сыдықов – өткен ғасырдың жетпісінші жылдарынан бері қазіргі қазақ әдебиетінің көкейкесті мәселелері бойынша іргелі еңбектер жазып жүрген үлкен ғалым. Жетісудан шыққан ақын-жазушы, әдебиетші ғалымдардың шығармашылығын Ілияс Жансүгіров дәстүрімен байланыстыра зерттеп жүрген білгір маман. Осы бағытта терең ғылыми білім беруге негізделген «Ілияс Жансүгіров және дәстүр жалғастығы» монографиялық зерттеуінің алғашқы тарауын Ілиястың поэзиялық туындыларын жаңаша көзқарас тұрғысынан пайымдауға арнаған. «Жетісудың жүрегі немесе Ілияс жайлы сөз» бөлімінде социалистік құрылыстың жыршысы деп бағасын асқақтата көтеруге тырысқан кешегі сыншы, зерттеушілердің еңбегі еш болған тұста профессор Т.Сыдықов Ілияс та өз заманының перзенті, жыршысы екенін, кемшілікке санамайды. Оның шығармашылығын пәтуасыз идеологияның жеміне, құрбандығына шалмайды, осы уақытқа дейін жеріне жеткізе айтылмай келген көркемдік шеберлік, эстетикалық нысана іздеп, ақындық дарынның қуаты мен жалынын, поэтикасын бұрынғыдан да биіктетіп, жаңаша қарастырған. «Мен жанбасам лапылдап, сен жанбасаң лапылдап...» немесе І.Жансүгіров-жастықтың жыршысы» және «Ұлылыққа тағзым немесе Ілияс лирикаларының көркемдік кестесі» бөлімінде Ілиястың өлеңдеріне сыншыл көзқараспен қарап, әділ бағасын береді. Оқырманын қандай талантпен табысып отырғанына шығармаларын талдау үстінде танытып, табыстырады.

«Қара қобыздың киесі немесе І.Жансүгіровтің «Күй» поэмасына жаңаша көзқарас», «Хан Сарайынан күйшінің қара қосына дейін немесе «Күйші» поэмасына жаңаша көзқарас», «Бірінді қазақ, бірін дос, көрмесен істің бәрі бос» немесе І.Жансүгіровтің «Рүстем қырғыны» поэмасының ұлағаты» бөліміндерінде Т.Сыдықов тек шығармашылық процестің ішіне еніп, тың ойлар, соны ғылыми тұжырымдар жасауға тер төгеді. Қай-қайсысы жайлы сөз қозғаса да бимәлім тың пікірлер айтуға, тосын ғылыми түйіндердің бүгілгенін жазып, бүркенгенін ашуға тырысады. Ғалым еңбегінде осылардың әрқайсысы жайлы бұрын-соңды жазылған мақала, зерттеулерді назарынан тыс қалдырмай оқып, қорытып, өз ғылыми толғамдарын алдыға тосады. Зерттеу еңбек тың ойларға кенен, Ілияс жайлы мол мағлұмат, терең білім беретін ғылыми сараптаулардан тұрады.

Ақынның мерейтойы қарсаңында Ілиястың әр түрлі кырларын зерделеген мақалалар жалғасын тауып жатты. Ақталған кезінен бүгінгі күнге дейін баспасөз

беттерінде мыңдаған ғылыми-танымдық мақалалар шықты. Қазақ әдебиетін зерттеуші ғалымдардың мақалаларында Ілиястың қазақ әдебиетіне қосқан үлесі, әкелген жаналығы, шығармаларының көркемдік-идеялық тереңдігі жайлы айтылды. С. Қирабаевтың «Ақын» («Қазақ әдебиеті» газеті, 1974 ж., 24 мамыр), Р.Бердібайдың «Сегіз қырлы суреткер» («Социалистік Қазақстан» газеті, 1974 ж., 24 мамыр), Әбділхамит Нарымбетовтың «Жансүгіровтің «Күйші» поэмасының көркемдік және стильдік сыр-сипаты» («Стиль сыры»// Ред. басқарған М. Қаратаев. Алматы, 1974.-26-50б.), «Поэмадағы заман суреттері және жаңашылдық» (Қазақ совет поэмасы. Алматы, 1977.-33-51б.), Х.Сүйіншәлиевтің «Ақын мұрасы» («Ізденіс іздері» 1975ж.), С.Сейітовтың «Кішкентай кейіпкерлер» («Тоғысқан толқындар» 1975 ж.), Р. Нұрғалиевтің «Халықтық тарихи драма жасаудағы творчестволық принцип» («Жалын» журналы, 1978 ж.,№ 4), Сәйдіп Талжановтың «Күйдің күші» (Өткен күндер сөйлейді. Алматы 1978ж.), Қайым Мұхамедхановтың «Ардагер ақын» («Семей таны» газеті, 26 мамыр 1979 ж.) мақалалары ілиястану ғылымын ілгерілеткен дүниелер болды.

Ғабиден Мұстафин «Ой әуендері» (Алматы, 1978ж.) зерттеу еңбегінде ақынға «Ілияс ақын туралы бірер сөз» тарауын арнайды. «Өзі өлгенімен, сөзі өлмейтін ерлер болатыны ежелден белгілі. Ілияс - сол ерлердің бірі. Ол алдымен ақын еді. Ақындардың бәрі бірдей есте қала бермейді. Ақын, жазушы деген құрметті атаққа қол созушы көп, жететіндер аз. Ілияс - сол аздың, бірегейдің бірі. Ол арамыздан ерте кетті, аларын түгел ала алмай, берерін түгел бере алмай кетті. ...Әдебиет халқымыздың ең құнарлы рухани азығына, адам жанының тәрбиешісіне айналды. Бұл майданда да шырқап алға кеттік. Алайда, Ілиястарға алақтап қарай береміз», -деп, Ілиястың құдіреттілігіне басын иіп, тағзым етеді.

Рымғали Нұрғали «Арқау» атты монографиялық еңбегінің «Соғайын сөзіммен бір сұлу сарай» деген тарауында Ілиястың өмір дерегінен бастап, оның әр жанрдағы шығармашылығын кең қарастырып, ғылыми топшылау, талдау жасайды. «Өзінің күйлі, сыршыл адуын шығармаларымен халқының көп ғасырлық өмірін, азаттық жолындағы күресін реалистік қуат, зор шеберлікпен бейнелеп, артына өлмейтін әдеби мұра қалдырған қанатты қаламгер І.Жансүгіров қазақ жұртының құлай сүйген ең сүйікті перзенттерінің бірі, оның әр тұлғасы қайсар ақындықтың символы іспеттес», -деп, жазады.

Мұхамеджан Қаратаев, Темірғали Нұртазин, Серік Қирабаев «Ілияс Жансүгіров» (Қазақ совет әдебиеті. Алматы, 1987. -249-282б.) атты ұжымдық зерттеулерінде ақынның шығармашылық өміріне толықтай тоқтап, ақындық, жазушылық, драматургтік, аудармашылық және тағы басқа қырларын қазақ әдебиетінің даму белестерімен бірге алып қарастырып, оның өзіндік орнын белгілейді. Зәки Ахметов «Өлеңнің өрен жүйрік Құлагері» мақаласында («Қазақ әдебиеті» газеті, 1994 ж.,№ 17) «Ілиясқа тән ақындық шеберлік - өмір шындығын жан-жақты, терең ашып бейнелеп беретін нағыз көркемдік шеберлік. Қазақтың күй өнерін, оның өмір танытарлық қуат-күшін терең түсініп, әсерлі бейнелеуі жағынан Ілияспен тең түсе алатын ақынды табу қиын», -деп, үлкен құрметпен пайымдау жасайды.

1994 жылы Т. Рысқұлов, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, С. Қожановтардың 100-ге келген салтанаты аталып өтті. «Егемен Қазақстан» газетінің «Елім деген ерлердің еңбегі еш болмайды» деген (1994 ж., 13 желтоқсан) мақалада «Бұл күні өмірлерін ұлтты, халықты сақтауда, сүюге бағыштаған, ұлтжандылықпен ақыл-ойдың ғажайып үлгісіне, өнегесіне айналған Тұрар Рысқұлов, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Сұлтанбек Қожанов есімдері еркін, азат елдің аспанында қатар аталады», – деп жазылып, тағы да аса бір жылы сөздер айтылды.

Ғасырлар тоғысында І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасының ақиқаты жайлы бірнеше мақала, атап айтсақ: Жанат Тұрғанбекұлының «Сағынай асы: айтылмаған ақиқаттар» мақаласы «Сарыарқа самалы» газетінің 1996 жылғы 30 сәуірдегі санында,

Аманжан Жақыповтың «Сүлейменнің асы» мақаласы «Қазақ әдебиеті» газетінің 2001 жылғы 26 қазандағы санында, Серік Ақсұңқарұлының «Құлагердің түбіне жеткен - Батыраш-Қотыраш емес, Барақбайдың жендеті Избасқан» атты Ілья Жақановпен сұхбаты «Орталық Қазақстан» газетінің 2003 жылғы 9 тамыздағы санында, Естай Мырзахметұлының «Құлагердің құлауы: аңызы қайсы, ақиқаты қандай» мақаласы «Егемен Қазақстан» газетінің 2003 жылғы 29 қазандағы санында, Мұстай Ғалымның «Құлагердің киесі» мақаласы «Жұлдыз» журналының 2004 жылғы №1 санында, Серікбай Алпысұлының «Құлагер трагедиясы: қауесет пен қиянат» мақаласы «Қазақ әдебиеті» газетінің 2004 жылғы 3 желтоқсандағы санында, Ықылас Олжайдың «Құлагерді құлатқан кім?» мақаласы «Жаңа Сарыарқа» журналының 2008 жылғы №1 санында жарияланды. Бұл мақалалар «Кезінде шығарманың негізгі тақырыбына терең үңіліп, оның көркемдік-эстетикалық мәнін жан-жақты ашудың орнына үстірт социологиялық талдау жасаумен ғана шектеліп келген» (Әбен Дәуренбеков «Күйші» және күй құдіреті) сын - зерттеулердің арнасын жаңа бағытқа бұрған, соны соқпақ салған бүгінгі заман үні болып отыр.

Ақынның өмірі мен шығармашылығы жайлы қазіргі таңға дейін үш библиографиялық көрсеткіш құрастырылған:

1) Аяулы азаматтың ұрпағына қалдырған мұрасын іздеу, табу, жинастыру ісіне мұрағат пен кітапхана қызметкерлері де белсене араласып, ақынның өмірі мен шығармашылығын зерттеуге елеулі үлес қосты. 1973 жылы ақынның 80 жылдық мерейтойы қарсаңында Қазақ ССР-нің А.С.Пушкин атындағы мемлекеттік кітапхананың бастамасымен филология ғылымдарының кандидаты Ә.Дайырова, библиографтар Т.Кененова, С.Қойшыманова, Ф.Эльконинаның құрастыруымен «Ілияс Жансүгіров» атты библиографиялық көрсеткіш шықты. Көрсеткіште 1917-1970 жылдардағы материалдар қазақ-орыс тілінде хронологиялық тұрғыда жүйеленіп берілген. Анықтама-көрсеткіш ғылыми қызметкерлерге, әдебиет мамандарына, жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушыларына, аспиранттарға, мұғалімдер мен оқушыларға, лекторларға, кітапханашыларға және жалпы көпшілікке арналған. Анықтама қазақ және орыс тілінде дайындалған. Көрсеткішті құрастырушылар Ілиястың әлі де жарияланбаған фельетондарына, әңгімелеріне, мақалаларына, сөйлеген сөздеріне, жасаған баяндамаларына, хат-хабарларына, ел әдебиетінің үлгілерінен құрастырған жинақтарына, оқулықтарына, одақтас республикаларда, шет елдерде жарияланған шығармаларына көпшіліктің назарын айрықша аударған.

2) 1995 жылы «Қазақ әдебиетінің классиктері: Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин» атты библиографиялық көрсеткіш шыққан.

3) 2004 жылы І.Жансүгіровтің 110 жасқа толуына байланысты «Ілияс Жансүгіров» атты библиографиялық көрсеткіш жарық көрді. Құрастырғандар: К.Е.Аймұхамбетова, А.Н.Нұрсейітова. Көрсеткіш қазақ және орыс тілдерінде 1973-2004 жылдар аралығында жарияланған материалдарды қамтиды. Құрастырушылар Ілияс Жансүгіровтің өмірі мен шығармашылығына байланысты материалдарды, шығармашылығы туралы пікір айтқан авторлардың алфавиттік көрсеткішін, ақынның әдеби бейнесін жасаған шығармаларды, газеттер мен журналдардың түп-нұсқаларын жеке-жеке тарауға топтастырған.

1960 жылдардан бері ұлттық әдебиеттанудағы ілиястану ілімінде маңызды ғылыми қадамдар жасалып, әдебиетті зерттеу талаптарына орай жаңа ғылыми-әдіснамалық бағыт-бағдар айқындалды.

Сөз соңында айтарымыз, Ілияс Жансүгіровтің әдеби мұрасын жан-жақты, тереңдеп зерттеп, игеру - үнемі даму үстінде болатын құбылыс. Ұлттық әдебиеттану ғылымының алдағы міндеттерінен түспейтін өзекті мәселе болып тұра бермек.

1. Өуезов М. Әдебиет жайлы ойлар. Алматы: - Ғылым, 1989ж.
2. Сыдықов Т. Илияс Жансүгіров және дәстүр жалғастығы. Алматы: - Арыс, 2011ж.
3. Ерубәев С. Менің құрдастарым. Алматы: - Жазушы, 1998ж.
4. Имағазинов М. Илияс Жансүгіров. Алматы: - «Қазақ университеті» баспасы, 2004ж.
5. Әбіласан Ә. Жетісу. Алматы: - «Ценные бумаги» баспасы, 2001ж.
6. Боранбаева И., Әбіласанұлы Ә. Құжаттар, хаттар, күнделіктер, дала хикаялары. Алматы: - «Үш қиян», 2006ж.

ӘОЖ 88.015.39:

**«ЖАНЫНЫҢ ЖАПЫРАҒЫН СІЛКІНДІРІП...»
(МАРФУҒА АЙТХОЖИНАНЫҢ ПЕЙЗАЖДЫҚ ЛИРИКАСЫ)**

Ж. Молдабаева, магистрант

І. Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қаласы

Мақалада М.Айтхожинның пейзаждық лирикасы көркемдік жағынан талданады.

Статья посвящена анализу художественных средств пейзажной лирики М.Айтхожиной.

The article is considered to analyze the art of landscape lyrics of M.Aythozhin.

Тірек сөздер: акын, лирика, пейзаж, көркемдік.

«Жыр жазу деген - азап ол, әйел боп туған болмысқа»...- деп акын Фариза жырлағандай әйел затының акын болуы - жаратылыстың ерекше сыйы. Әйел боп туған болмысымен қанша азап пен оттың ортасында жүрсе де акын қыздар еш мойымай, акындық пен азаматтықты абыроймен қатар алып келеді. Сондай акынның бірі:

Тәркі дүние!

Тартсаң да етегімнен,

Жүргем жоқ ырқыңа еріп,

Жетегіңмен.

Жалтарыссыз,

Бірбеткей мінезімнен,

Бір күні бұл пәниден өтемін мен,- [1,56]

деп, жыр жауһарын төккен - Марфуға Айтхожина.

Дүниеге шыр етіп сәбидің келгені - өлең, оның бесікке бөленіп, анасын емгені - өлең, қаз-қаз тұрып, тәй-тәй басқаны - өлең, бозбала мен бойжеткен болып сырласқаны, қырды асқаны - өлең, жігіт болып, қалыңдық болып қалжыңдасқаны - өлең, аға не жеңеше болып есейгені - өлең, ақсақал не арда ана болып ақыл айтқаны - өлең. Өмірге келген күннен оның өлең сапары- өмір сапары басталды. Бесікте жатқан кезінде тыңдаған бесік жырының әуені көкірегіне ұя салды. Бұл туралы акын Олжас: «Әрбір акынның өз әні бар. Марфуға Айтхожинаның да өз әуезі бар. Менің поэзия мен әнді салғастыруым да кездейсоқ емес», - деуі тегін емес.

«Ақындықтың асқар шыңына шыққан, шашасына шаң жуытпас Марфуға акынның» (Әзілхан Нұршайықов) шығармашылық жолының тұсауы Жұмағали Саиннің ақ батасымен «Қазақ әдебиеті» газетінде 1950 жылы жарияланған топтама өлеңдерімен кесілді. Оның қазақ поэзиясына қосқан үлесі мен мәні жөнінде әр кезде баспасөз

бетінде «ол үздіксіз іздену, үйрену, талаптану арқасында өзінің бойына біткен табиғи дарынын жетілдіріп, белестен белеске шығып, өз биігіне жеткен акын» деген бағыттарда жылы пікірлер айтылып келеді. Соның дәлелі - Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атануы. Талай толқын жас буынды туған елді, жерді сүйеге тәрбиелеген өр, тәкаппар жырлары үшін Елбасының өз қолынан «Құрмет», «Парасат» ордендерін алды. Қырықтан астам алыс-жақын шет ел тілдеріне өлеңдері аударылып, басылып шықты. Мұның бәрі Марфуға ақынның талмай ізденіп, тек биікке талпынған еңбекқорлығының арқасында қол жеткізген асулары.

Зерттеу үстінде аңғарғанымыз – Марфуға Айтхожинаның жан – жақты ашылап, жыр гауһарын оңды – солды шашқандай ерекше шабытқа бөленіп, ғажап арқаланып кететін тұсы табиғат тақырыбы екен. Табиғат акын үшін – шабыт көзі ғана емес, өмірдің философиясы, жүрек тынысы, көз нұры, тіршіліктің мән – мағынасы.

М. Айтхожинаның бүкіл ақындық палитрасына тән бояулар әлемі, әсіресе оның табиғат тақырыбына жазған жырларына келгенде жансызға жан біткендей, сан түрленіп, мың түске еніп, ғажап құбылады.

Оқырманын сүйсінту, өзімен бірге сезім әлеміне жетектеу нағыз ақынның ғана қолынан келмек. Туған жерінің табиғатын мадақтарда ақын арқаланып кетеді. Жаңбыр тамшыларының ерте көктемнің хабаршысындай боп терезе қаққан тырсылы (ақын мұны «Жаңбырдың нәзік саусағы» деп образды түрде айтады) толқындардың талай жыл көрмей аңсаған бауырының алдынан жүгіре шыққан бала қаздардай ұмтылуы, көктемнің жазға ұласар жайсаң шағындағы дала көріністері, таңертең гүлдің нәзік жапырағына тұнған шық - бәрі – бәрі ақын жүрегінен жыр боп төгіледі.

Марфуға ақынның, әсіресе, туған ел мен туған жер топырағына келгенде, *Сайрам, Талқы, Тәңіртау* сияқты қасиетті өңірге өзгеше сезімге құрылған толы жырлары құйылып түседі, көсіліп сала береді. Сөзден ғажайып суреттер бояуын төгеді. «Сайрам көл» деген толғауындағы:

*...Бөленіп төбе үстінде құрық қалған...
Жоқшылық жомартқа тор құрытты алдан.
Ақ арман құшағында талып кеткен,
Көл- арудың көз жасы тұнып қалған... [1,87]*

деген шумақтар соның дәлелі. Асылы нағыз суреткер ақынның көмейіне сан алуан бояуды да, сиқырлы сөздің небір құйтырқы әсерін де, кең даланың кербез де сырбаз әуенін де бір құдірет салатын секілді.

Туған жердің қайталанбас сұлу көрінісі, оның әдемі бейнесі кез келген адамға сұлу сезім сыйлайды. Табиғатпен тұтастық, оған деген махаббат жеке тұлғаның этика-эстетикалық танымын қалыптастырады. Туған жер, қатар өскен құрбы, атамекен, елге деген махаббат, перзенттік парыз туралы тебірене жыр шертпейтін акын жоқ. Туған жерді жырлау - барлық ақынның перзенттік парызы. Туған үйіңмен, туған жеріңмен үлкен Отаның басталады. Балалық, жастық, махаббаттың да ұясы сол. Ұлылық та, сұлулық та, арман, мұрат та сол. Сондықтан бізде бұл тақырыптар өзгелерден өзгеше көп жырланады десек, артық емес. Өр ақын туған жер табиғатын өзінше жырлайды, сезінеді, оның сұлулығын өзінше көріп, өзінше қабылдайды.

М. Айтхожина жырлаған туған жер табиғатынан ақынның өзіндік толғаныстары, өзіндік түйіні көзге шалынып отырады. Ол табиғаттың басқалар көрмеген жаңа бір көріністерін, жұмбақ сырларын, әсем сұлулығын ашуға бар ынтасын қояды. Ақын лирикасының үлкен кейіпкерлері – *қазақтың құба даласы, Талқы тауы, Сайрам көлі.*

«Талқымен дидарласу», «Арнау», «Кешір мені», «Аңсау», «Сарқырама қасында», «Кезеңге шыққанда», «Малта тас», «Қоштасу», «Әке жұрты», «Сайрамға деген сағыныш», «Таңбалы», «Түн бүркеп қарашығың», «Сайрам самалы», «Табанға жылы тиді суық қарың», «Төріне жүрегімнің ұя салған», «Арқама сүйей түсіп Талқы

тауын», «Дұғай сәлем», т.б. өлеңдері туған жер туралы толғаныстарына құрылған.

Туған ел! Өзіңе арнап өлең жазам, Көз емес, Жүрегімнің жасыменен! - деген шумақтар астарынан елге, жерге деген перзенттік ұлы махаббаттың ешкім бұрын-соңды айтпаған желі еседі. Тебіреністен туған шумақтарды оқып отырып, жаныңды селт еткізгенде «шіркін - ай, мынау менің де ойларым ғой. Қалай дәл тауып жеткізген» деп сүйсінерін анық. Оқырманын сүйсінту, өзімен бірге сезім әлеміне жетектеу нағыз ақынның ғана қолынан келмек.

Лирик акын не туралы жырласа да лирикасынан акын эмоциясы мен қиялы көрініс береді. Өмірлік материал, табиғат көріністері, оқиға - бәрі - бәрі адамға, оның қам - қаракет, тыныс - тірлігіне қатысты айтылса ғана оқырманына қымбат» [3,51].

*Күбірлеп, іштей күрсіндім,
Өтіпті қанша жырсыз күн.
Жосалап, тіліп барады,
Жүрегімді тілсіз мұң. [2,45]*

Лирикадағы мұң барлық ақында бірдей болғанымен, оның жеткізілуі әрқалай. Бұл – мұңды сезім ғана емес, бұл – ақын қолтаңбасын айғақтар сөз саптау мен ой өрсінің өзіндік сыр-сыйпатын, нақыш-мәнерін байқатар белгі.

*Сездіргендей жатырақ күз келгенін,
Жүрегімді бір үнсіз мұң кернеді. [2,62]*

Автордың көптеген өлеңдеріне ақындық түйсіну, сезінудің күштілігі өзгеше рен қосады. Көргенді көргендей кестелеу емес, құбылысты зердеде түйемен қатар, ақындық қиял мен сезім қызуына қорыту басым.

Сағынышсыз - өмір тұл. Сағынышсыз - өлең тұл. Екі – ақ шумақ өлеңде Зейнолла Қабдоловтың жіпке тізген моншақтай атын атап, түсін түстеп берген нәзік сезімталдық, жігі бақылағыштық, фантазия, интуиция, өмірбаян, парасат, шеберлік, шабыт – бәрі де қаз – қатар келіп, сұлу жарасым, сұңғыла үйлесім таба білген. Ұлағатты суреткерге тән көркемдік таным деген де осы болса керек. Біз бұл жырды табиғат туралы өлең деуден аулақпыз, әсте табиғат көрінісі арқылы адамның жан – дүниесіне барлау жасаған дүние деген мақұл болар. Ақын интеллектісі неғұрлым кемелденген сайын оның поэзиясындағы образдар әлемі, жалпы бейнелілік күрделілене бермек. Ал ұшқыр интуиция ақын интеллектісінің тереңденуіне, толысуына себеп болып, ақынның ой - арманын, көңіл - күйін танытатын образдар мен характерлер жасап шығарады. Өйткені түйсік, қабылдау, түсінік - бәрі бір – бірімен сабақтас.

*Қиялға жүземін де тұнық терең,
Алдамиы үміттерге ырық берем.
Қыс дауылын,
Оранып,
Жаз шуағын,
Жаңбыр жуып, жүзімді жүріп келем!... [1,121]*

Өлең сезім шынайылығы, ақиқат тереңдігі, эстетикалық әсерлілігі жағынан үлкен поэтикалық дүние екеніне көз жеткіземіз. Өлең тереңіне бойлай отырып, ақынның жан сырын ұғамыз.

Поэзия үшін үрдіс жаңалық, үнемі соны сүрлеу, қиын асу — образдылық. Соны образ ақынды қанаттандырады, шабыттандырады, оқырман талғамын сергітеді. Ақындық ерекшелік те, даралық та, өзіндік дүниетаным да сондай өзіндік қасиеті күшті, дара қолтаңбадан, детальдардан танылады. «Жүзін жаңбыр жууы» тіркесі ақын қолтаңбасын даралап тұр. «Сөз адамның жан-дүниесіне жаба салар жамылғы емес, ол сіздің жан-дүниенізді жарып шығып, өз ойын ұсынатын қуатты құбылыс» [4,28]. Олай болса, ақынның әр сөзі — қуатты құбылыс. Енді бірде ақын:

*Тарылтып тынысымды тымырсық түн,
Ширатты шынжырындай
Шығыршықтың
Көрсетпей жұрт көзіне
Көміп жүрген,
Жүректің тамшыларын,
Тағы ырыштың, - [2,98]*

дей келіп, ақын сұлу суреттер жасайды. Ақын өлеңін оқыған кезде сан алуан суреттер көз алдынан өтеді. Өз басындағы өмір құбылысының айқара басылған таңбасын поэзияның сиқырлы, бедерлі үнімен сізді өзіне дос, сырлас етіп алады.

Ақын әр кезде табиғат тылсымының ішкі әлеміне үңіліп, одан өзінше бір бөлек суреттер көріп, оны айнала дүниемен салыстыра келіп, поэзиялық картина түзеді. Ақын қолданысындағы «түндігі Алатаудың желпілдейді», немесе «бұралып аққан бұлақтар» көз алдымызға тұрмысымызға тән суретті тізбектейді. Ақын табиғат құбылыстарының өзін өзара үндестіріп әдемі өрнек құрайды.

Енді бірде табиғат суреттерін бейнелеген өлеңдері өмір туралы толғаныстарға ауысып, жаратылыс пен адам тағдырының бірлігін жырлап кетеді.

*Кездерім еске оралып сайрандаған,
Елжіреп қарап жатыр Сайрам маған.
Бұрыл шап,
Бұйра толқын,
Бұла мінез,
Біздегі ұқсастыққа қайран қалам! [2,38]*

Табиғат қылықтарын адам мінезіне қатарластыра жырлау — айтылар ойды өте ықшам да ұтқыр берудің әдісі. М. Айтхожинада осындай әдіспен жазылған жолдар баршылық. Мысалы, «бұралып аққан бұлақтар» немесе «жартасын жата қалып тепкілеген», «толқындар көрсетпейді жайса шашын», «Сайрамның жанарынан жас жаңбырлап», «таудың да жанарынан тарамай мұң», «кұстарын күткен тауларым, сүзіліп көкке қарады», «жел желпіп Оқжетпестің тұр самайын», «кенеттен Күміскөлдiң күрсiнгенi», «шыңдар да мызғып көз iлдi», «кеткендей қалғып ай - дағы», «сағыныштан тұрады таулар жүдеп», «ақша бұлттан кірпігін жаңа ашқан», «сабырлығын сақтаған таулар ғана, бойын биік ұстап тұр даналықтан», «қызыға қарап күн батты», «үрейден жүдеу тартты гүлдер өңі», «тұрғанда мүлгіп қана шырша, қайың», «үніне таулар толқып, жел желпініп», «Қаптың тауы бүркенді қалың мұнар», «Қасіретінен арыла алмай соғыстың, көкірек жара күрсiнедi Днепр!»), т.б.

Бүгінде ақындық асқар биіктің шыңына шыққан, шашасына шаң жуытпас Марфуға ақын жырлары оқыған жанды өзекті ойға бастап, мың толғандырып, мың толқытады.

*Жұртым сенен ойымды жасыра алман,
Жезкііктей кеудемнен –
Жосыды арман!
Нұр үстіне нұр жауып,
Тасып арнаң,
Жақсы күндер тұрса екен
Тосып алдан! [1,102]*

Осындай сыршыл өлеңдерімен оқырман жүрегінен орын алған Марфуға ақынға Қайнекей Жұрмағамбетов, Жұмағали Саин, Әбділда Тәжібаев, Мұхамеджан Қаратаев, Дмитрий Снегин, Хамит Ерғалиев, Ғафу Қайырбеков, Жұбан Молдағалиев, Тұрсынбек Кәкішев, Әзілхан Нұршайықов, Әбіраш Жәмішев сияқты аға буын өкілдері жылы лебіздерін арнаған.

Туған ел!

*Тілектесім,
Жүрсін біліп,
Берейін жүрегімнен гүл сындырып,
Қырмызы қыр самалы сипат өтті,
Жанымның жапырағын сілкіндіріп.* [2,35]

«Асылы, адам әдебиетке сұлудың бұрымындай өрілген екі мақсатпен келеді: бірі — өзінен бұрын ешкім айтпағанды айту; екіншісі — өзге ешкімге ұқсамай, тек өзінше айту. Осы екі мақсат орындалған жерде ғана, шын мәніндегі әдеби туынды бар» [5,56], - дейді академик З.Қабдолов. Осы тұрғыдан қарастырар болсақ, М. Айтхожина бейнелі, образды сөйлеп, өлең дәнін тереңге тартып, *жанының жапырағын сілкіндіріп өткен ақын.*

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Айтхожина М. Жапырақ сілкінген кеш. – Алматы: - Жазушы, 1992ж.
2. Айтхожина М. Аққу-жүрек. Алматы: - Үш қиян 2003ж.
3. Юнг К.Г. Архетип и символ.- Москва: - Ренессанс, 2011.
4. <http://www.google.kz> 2012г.
5. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: - Қазақ университеті, 1992ж.
6. Ахматова А.А. Лирика. Москва: - Худ. лит., 2009ж.

ӘОЖ 378.147

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ АУДАРМАШЫЛАРЫ ЖӘНЕ АУДАРМАТАНУ ІЛІМІ

Б.Т. Суюмбекова, М.Ж. Бельгибаева

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ-сы,
bal_1991@mail.ru*

XX ғ. ағылшын, неміс, француз әдебиеттерін аудару үшін орыс тіліне жүгінетінбіз, ал қазіргі таңда тікелей қазақ тіліне тәржімалау дамып келеді. Бұл мақалада біз қазіргі заманғы аудармашылардың және аударма саласында зерттеу жүргізіп жүрген отандық ғалымдардың еңбектерін қарастырдық.

XX в. чтобы переводить литературу с английского, немецкого, французского мы ссылались на русский язык, а в нынешнее время мы переводим напрямую на казахский. В данной статье мы рассматриваем работы современных переводчиков и работы ученых, которые исследуют переводоведение.

In XX century we translate the English, Deutsch, French literature into Russian, nowadays are improving translation directly into Kazakh. In this article are examined works of contemporary translators and scientists who research translation study.

Тірек сөздер: Тәржімалау, аударматану, әдебиет, аударманың дамуы, ағылшын-америка поэзиясы.

Аударма дегенде, басқа елдің шығармашылық әлемі ойымызға оралады. Әдебиет дегеніміз не деген сауалға – өнер деп жауап беретін дағдылы ұғымды кезіктіреміз. Аудармаға дәл солай сауал қойғанда жауап қандай болмақ, бұл да өнердің өнері емес пе?

Қазіргі көркем әдебиетіміздің басында тұрған сан алуан түйткілді мәселелер жеке әдебиеттің ғана емес, соның ішінде аударма ісінің де ортақ мәселелеріне жатады.

Көркем аударманың деңгейін анықтайтын құрал ол – төл әдебиетіміз. Себебі, көркем аударма әдебиеттің ісі. Әдебиетіміз өскен жерде аударма өнері де дамып, бірге өркендеп отырады. Аударма арбасын өрге сүйрейтіндер және оны өздеріне міндет-борыш санайтындар көбіне-көп сөз өнерін жетік игерген ірі қалам иелері. «Ревизордағы», «Ана» романдарындағы қол жеткен көркемдік аудармашылық шеберліктің ең биік үлгілері болып қала беретіні содан.

Әдебиет сияқты көркем аударманың да басты мәселелері – көркемдік сапасы мен оның ұйымдастырылу жағы. Қазіргі уақыт тұрғысынан алып қарағанда, бізде көркемдігі біршама жақсы аудармалар бар. Бірақ олар келер уақытқа мызғымай жететін кесек дүниелер емес, көлемі шағын дүниелер. Соның өзінде де бұлар бізде аз. Бір қуанарлығы, біз әдебиетін аударатын елдердің қатары артып келеді және оларды түпнұсқадан төте аударған тәржімасынан оқитын күйге жетіп отырмыз. Соның бірі қытай ақын-жазушыларының еңбектері. Өз ортамызда қытай тілінен аударма жасайтындар аз болғандықтан, бұл жағынан біз қытай қазақтарының аудармашыларына сүйенеміз. Бұның өзі шетелдегі қандастардың аудармадағы елеулі еңбектері қазақ көркем аудармасының бүйірін кампайта түсер мол қазына екенін көрсетеді. Ал өсіп келе жатқан жас аудармашыларымыз бен аға буын қаламгерлерімізді аударма еңбегіне жеге білу де өз алдына жатқан үлкен міндет. Бәрінен де, олардың шынайы шабытпен аударған еңбектеріне уақытылы назар аударып, сын айта отырудың қажет екенін сыншылар қауымы ойда ұстауы керек [1].

Өзге елдердің аударма өнерімен салыстыра қарағанда біздің ұтылатын жеріміз – біздің әдебиетшілердің шетел тілін біле бермейтіндігі. Ағылшын, француз, испан, неміс тілдерінде оқи да, аударма да білмегендіктен барлық дүниелер орыс тілінен аударылып жатады. Себебі, түрлі шет тілдерін білу үрдісі біздің әдеби ортамызға әлі кірікпеген дәстүр. Сол сияқты, өз дүниемізді шетелдіктерге таныту үшін де орыс тіліне барып жүгінеміз. Қазір бұл сеннің көбесі сөгілетін уақытқа келдік. Тәуелсіздіктен кейін келген жас әдебиетшілеріміздің, түрлі саладағы зерттеушілеріміздің болсын арасында өркениетті елдердің тілін білетіндердің қатары өсіп келеді. Бұл дегеніміз қазақ көркем аудармасының жаңа көкжиегі ашылып, өзге жұрттың құнды әдеби мұраларын және ұлт әдебиетіндегі классикалық туындыларды шет тіліне аудару мүмкіндігі туып келеді деген сөз. Біздіңше, жас аудармашылар әлем классиктерімен қоса әдебиеттің қазіргі қарым-қуатын білдіретін жаңа заманғы көркем сөз шеберлерінен де барынша өндіре аударуға тиіс.

Нағыз Қатиықбай, «Қазақстан» ұлттық арнасы, редактор-аудармашысының айтуынша «Кинотуындыларды аудару көркем аудармадағыдай емес бірсыдырғы. Аудармашы әдеби туындыны аударғандағыдай үлкен дайындықпен келіп, еңбектің ашы азабын тартпауы мүмкін. Бірақ бұл кинофильмдердің тіпі жеңіл, көркемдігі төмен дегендік емес. Мұндағы басты көркемдік режиссерлік және әртістік шеберліктен туады. Сонда да кейіпкерлердің аузына нанымды, қонымды етіп сөз сала білу аудармашыдан үлкен жауапкершілікті талап ететін жұмыс. Рас, кейде уақыт тығыз келіп, үлгеру жағына көбірек мән беріп алатын кездер болады. Ал бірақ аударылатын фильм салмақты, кесек туындылардан болса, мысалы, Шекспирдің «Ромео мен Джульеттасы», «Макбеті» сияқты аударылуы күрделі дүниелерде асығыстық жасау өсте болмайды [1].

Кез келген саланың өзіне тән проблемасы болатыны секілді аударма ісінде де өзіне тән проблема жетерлік. Аударма жасау үшін тек қана тілді біліп қоймай, сол елдің тарихын, мәдениетін, пәлсапасын, ділін жете білуің керек. Қазіргі жаһандану дәуірінде, ел мен ел арасындағы мәдени, экономикалық, саяси және т.б. байланыстардың артқан заманында аударманың рөлі өте маңызды. Сондықтан да еліміздегі аударма деңгейінің төмендігі, сапалы аудармашылар тапшылығы шетелмен байланысымыздың дамуына өзіндік зиянын тигізіп жатады. Әсіресе, қазақ тілді аудармашылар жоқтың қасы деуге болады. Ал, қазақ тілді, ұлтжанды аудармашы мамандар даярламай тұрып, еліміздің

әдебиеті де, мәдениеті де өзге елге танылмайтыны айдан анық. Аударманың қай түрін алып қарасаңыз да солай. Мысалы, бізде халықаралық деңгейдегі жиында негізгі баяндаманың қазақ тілінен орыс тіліне, одан әрі басқа тілдерге ілеспе аударма жасалуы алғаш рет Түркия Президенті Тұрғыт Озалдың 1993 жылғы Қазақстанға ресми сапарында жүзеге асты. Баяндамалар түрік тілінде жасалып, аудармашы оларды қазақ тіліне аударды, одан әрі орыс тілі арқылы ағылшын, француз, араб, қытай, тағы басқа тілдерге аударма жасалды. Бұдан кейін анда-мұнда болмаса, қазақ тілінен тікелей аударма жасалған емес [1].

Аудармашы болам деген адам негізінен үш түрлі қасиетті білуі қажет: ең бірінші, өзінің ана тілін жетік меңгеруі; екінші, таңдаған шет тілінің құрылымымен ғана емес, ол елдің тарихы, әдебиеті, тұрмысынан хабардар болуы; үшінші, сөзбе-сөз аударудан гөрі, мағынасы мен идеясына аса көңіл бөліп аударуы керек. Тілдің ұлттық айшығын терең түсінбейтін маман сапалы аударма жасай алмайды. Яғни, біздің мәдениетімізді, тектілігімізді әлемге танытатын аудармашы текті ортада туылып, қазақ тілінің тамырына терең бойлап, әдебиетіміздің кез келген түпнұсқасынан аударма жасай алуы керек.

«Әрине, көркем аудармашы болу менің бала күннен келе жатқан арманым. Герольд Бельгер сияқты қаламы жүйрік аудармашы ағаларымыздың еңбектерін оқып өстім. Және аудармадағы үлгі тұтар адамым да сол кісі. Жалпы, қазақ әдебиеті корей еліне әлі таныла қоймаған, сол сияқты корей әдебиеті де біздің елімізде өте тапшы. Сондықтан алдағы уақытта осы салада біраз еңбек етіп, екі ел арасындағы әдеби байланыстың дамуына өзімнің үлесімді қоссам деймін. Бірде Оңтүстік Кореядағы Хангут шет тілдер университетінің профессоры, қазақтанушы Сон Ён Хун мырзанын: «Біз студенттерімізге қазақ тілін оқытып жатырмыз. Әрине, қазақ тілін біліп шыққан студенттерімізге жұмыс табу өте қиын. Тіпті, мүмкін емес. Себебі, қазақ жерінде қазақтардың өзі де қазақ тілін жетік білмей, орыс тілінде нан сұрап жейді. Бірақ, мен студенттеріме ылғи «Қазақтың әдебиетін оқыңдар. Әсіресе, Абайдың қара сөзін оқыңдар. Қазақ тілінде сөйлеп, нан тауып жей алмасаңдар да, қазақ әдебиетінен рухани азық табасыңдар» деп ескертіп отырам дегені бар еді. Құдайға шүкір қазақ әдебиеті классикалық туындыға кенде емес. Қазақтың Абайы, Мұхтары, Мұқағалиы, Дулаты, Әбдіжәмілі сияқты ұлдарының кез келген шығармасын аудару мен үшін асқақ арман. Бірақ, мұндай шығармаларды аудару мен секілді аудармаға жаңа келген маман үшін оңай шаруа емес. Қажырлы еңбекті, тынбай ізденісті, сонымен қоса біліктілік пен тәжірибені ауадай қажет етеді. Сол сияқты озық техникасымен әлемге аты шыққан корей елінің де әдеби туындыларын қазақ тілінде сөйлетіп, қазақ оқырманына ұсыну менің басты армандарымның бірі» [1].

«Әрине, көгілдір экранда көрсетіліп жатқан телехикаяларды шетінен аударып беріп жататынымыз рас. Бірақ, уақыт тапшы екен деп сапасыз аудармаға жол бермеу керек. Себебі, аударма аудармашыдан асқан адалдықты, үлкен жауапкершілікті талап етеді. Шама шарқымыз келгенше сапалы аударма жасауға тырысып жатырмыз деп ойлаймын. Бірақ, тәжірибенің аздығынан «әттеген-айлар» да жоқ емес. Дегенмен де, осыдан дәл бес-алты жыл бұрынғы аудармамен салыстырып қарасаңыз, көгілдір экрандағы аударманың да, дубляждың да сапасының бір шама өскенін байқайсыз», - дейді *Данияр Әнуарұлы*, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, шығыстану факультетінің оқытушысы, жас аудармашы.

Серік Асылбеков, прозашы, аудармашы: қазіргі кешендегі Қазақстандағы аударма жайлы: «Аударма мәселесі туралы сөз қозғағанда, ең әуелі сөздіктер мәселесіне тоқталу қажет сияқты. Мәселен, бізде орысша-қазақша, қазақша-орысша үлкен сөздік бар. Ал енді қазақ ғылымы, қазақ өнері дүниежүзімен эмиграцияға түсуі үшін бізде қазақша-ағылшынша, ағылшынша-қазақша, немесе француз, неміс тілдерінің толық сөздіктері болуы керек. Осы уақытқа дейін мұндай сөздіктің

жогтығынан біз әлі күнге орыс тіліне иек артып, соның алдында тәуелді болып отырған жайымыз бар. Енді ғалымдардан үлкен топ құрып, әуелі сөздіктерді шығару мәселесін қолға алғанымыз жөн деп ойлаймын. БҰҰ-ның ресми алты тілі бар емес пе. Жоқ дегенде сол алты тілдің қазақша толық сөздігін жасайтын уақыт жетті. Әрине қазірде шет тілдерін жақсы білетін жастар аз емес. Бірақ шығарманы өзге тілден тікелей аудару үшін жай біліп қана қоймай, ол тілдің әдеби нормаларын да игеруі керек қой. Және бір адам өзге тілдің бүкіл сөзін білуі мүмкін емес. Сондықтан да жаңағыдай толық сөздік ең басты қажеттілік болып отыр» [1].

Белгілі аудармашы *К.Юсуптің* редакторлығымен шығатын «Әлем әдебиеті» журналы қазақ көркем аудармасына, аударматануына үлкен үлес қосып жүр. Болашағы зор осынау журналға жан-жақты қамқорлық, қаржылай көмектесу қажет. Республикалық деңгейдегі қазақ, орыс, ағылшын тіліндегі аударма басылымын шығару да – уақыт талабы.

Кеңестік коммунистік идеологияда көркем аудармаға ерекше көңіл бөлінді. Кейбір республикалар мұны ұтымды пайдаланды. Мысалы, Балтық жағалауы, Грузия, Әзірбайжан, т.б. республикалар басқа тілден тікелей тәржімелеуді қолға алды. Сонымен бірге басқа тілге үздік аударылған туындыларын бағалап отырды. Эстонияда өзге тілге аударылған үздік шығарма аудармашысы мен басқа ұлттың шығармасын өз тіліне шебер тәржімелеушіге жыл сайын сыйлық тағайындалды. Ресейден бастап, бірқатар елдерде бұл дәстүрлі сипат алды. Бізде 1983 жылы көрнекті жазушы М.Д.Симашкоға І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы мен Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлке» дилогиясының екінші кітабын аударғаны үшін Абай атындағы Мемлекеттік сыйлық берілді. Суреткердің қазақ тақырыбында жазылған көптеген тілдерге аударылған туындылары еленбей, ақыр аяғында аудармасы ғана лауреаттық атақ иеленді. Аударманы түпнұсқамен салыстыра сараптағанымызда, көркемділігі мен стильдік сәйкестігі жағынан түпнұсқадан төмендігі аңғарылады. Бізде аударманы зерттеу дамымағандықтан, шетелдегі атақ-абыройы үлкен жазушы амалсыз аудармасына ғана атақ алды. Қазақ әдебиетінің қазынасына қаншама көркем классиканы баламалы да биік үлгіде аударған ұлттық аудармашыларымыздың еңбегі еленбеді. Осыдан туатын ой: көркем аудармада М.Әуезов атындағы республикалық мемлекеттік сыйлық тағайындау уақыты да жетті. Ұлы суреткердің әлем және орыс классикалық әдебиетінен аударғаны өз алдына, аударма зерттеуге және аударманың басқа да түріне белсене араласқаны белгілі. Балтық бойы мемлекеттеріндей ұлтының талантты ақын-жазушыларының туындыларын өз тіліне сәтті және өз әдебиетін басқа тілге сапалы тәржімелеген дарынды аудармашыларды елеп-ескеріп, марапаттап отырсақ, әдебиетіміздің әлем өркениетіндегі беделі де артар еді [2].

Біздегі тағы бір кемшілік – көркем аударма редакторларын даярлау ісі. Барлық аудармалар ешқандай рецензиясыз әрі әдеби өңделмей, баспаға барады. «Аударма» баспасы осыдан біраз жыл бұрын кеңестік кезеңдегі бірқатар классикалық туындылар аудармасын қайта бастырып шығарады. Ол кездегі кейбір тәржімелер сапасы сын көтермейді. Сонан соң классиканың бәрін аудару міндет емес, ұлттық ерекшелігімізге лайықтысын тәржімелеу қажет. Тәуелсіз елімізді шетелдік үздік әдеби шығармалармен, таңдаулы классикамен толықтыру – аса маңызды, қажетті, игілікті іс. Көркем аударманы ұлттық әдебиетіміздің басты талаптарының біріне айналдырмай, өркениетті елдер санатына ітесе алмаймыз. Сапалы да білімді, білікті, жазу өнерін жетік меңгерген көркем және жазбаша тәржімешілер әрі кәсіби ауызша аудармашылар даярлауды үкіметтік деңгейде қолға алу – аса қажет.

Қазіргі таңда шет тілдерінен тікелей қазақ тіліне аударып жүрген аудармашыларымыз көп емес. Соның бірі, *М.Құрманов*, ол неміс ақыны Гетенің шығармаларын аударған. Немішпенен жасаған өлеңнің жолма-жол аудармасы:

Барлық шындардың басында

Тыныштық
Ағаштардың басында
Болар болмас
Леп байқалады,
Ормандағы құстардың үні өшкен
Тек сабыр ет, сәлден кейін
Сен де тыншығарсың.

М.Әлімбаев та аударған:

Мақпалдай қара түндерде,
Маужырап таулар мүлгиді.
Тым-тырыс, бей-жай қыр-белде
Қоңыржай мұнар сырғиды.
Бұрқ етпес шаң да жолдағы,
Желпінбес жасыл шалғында.
Аялдай тұрсаң болғаны.
Тыныстар күнің алдында.

Әрине, М.Әлімбаев неміс тіліндегі түпнұсқадан емес, Лермонтов мәтінінен тәржімалаған. Нәтижесінде Лермонтовтың қосымша өлеңі болып шыққан. Ал Абай аудармасындағы «Таулы шындар» гетелік түпнұсқаға рухани жақын. Лирикадағы ырғақ, интонация, акындық ой-сезімді терең сезіліп жеткізді. Бұл – классикалық аударма үлгісі [3].

Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығына балақайлар үшін тамаша тарту жасаған «Болашақ» қауымдастығы, «Меломан» компаниясы және «Алтын қыран» қоры бірігіп, Голливудтық жоба «Көліктер-2» мультфильмін қазақ тілінде сөйлетуге мұрындық болды. Ал анимациялық фильмді ағылшын тілінен қазақ тіліне аударған белгілі акын *Дәурен Берікқажыұлы* болатын [4].

Ал анимациялық фильмнің аудармасын жасағандардың қатарында белгілі акын *Дәурен Берікқажыұлы* бар. Бауыржан Байбектің айтуынша, фильм тікелей ағылшын тілінен аударылған. Аударманың бүгінгі баланың таным-түсінігіне сай келуі талап етіліпті. Сондықтан да болса керек, аудармаға тартылғандардың көпшілігі жобаның соңына дейін шыдамаған көрінеді [5].

Шет ел әдебиетін қазақ оқырманына жеткізуді мақсат етіп қойған *Д.Берікқажыұлы* бүгінгі таңда ағылшын-америка поэзиясын тікелей аударумен айналысып жүр. «Қазақстан» арнасынан берілетін ағылшын тіліндегі фильмдерді қазақшалаумен айналысатын ол «Тіршілік әлемі» («Living», 26 серия), «Шынайы өмір» («Natural State», 26 серия), «Чемпионат алдындағы бір жыл» («On The Ball», 22 серия) деректі фильмдері мен «Құрдым» («Pitch Black»), «Анджеланың азабы» («Angela's Ashes»), «Боб Робертс» («Bob Roberts») және «Салқын басытқы» («Buffet Froid») сияқты бірқатар фильмдерді ана тілімізде сөйлеткен [5].

Аударма Абайдан бастау алған дейміз, Абайдың кезіндегі аудармалар тек орыс тілінен аударылған болатын. Өзге тілдердің әдебиетін де тек орыс тілі арқылы қазақ тіліне аударған. Абай көбіне орыс акын шығармаларын аударған, мысалға айтып өтсек: А.С.Пушкиннен «Онегиннің сипаты», «Татьянаның Онегинге жазған хаты», «Онегиннің Татьянаға жауабы», «Онегин сөзі», «Ленский сөзінен»; М.Н.Лермонтовтан «Кең жайлау – жалғыз бесік жас балаға», «Ал сенейін, сенейін», «Көңілім менің қараңғы. Бол, бол, акын...», «Қараңғы түнде тау қалғып...», «Өзіңе сенбе, жас ойшыл», «Көңілдің күйі тағы да...»; А.Мицкевичтен «Дүрілдеген нажағай...»; И.А.Буниннен «Қоқытпа мені дауылдан...»; В.А.Крыловтан «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын...»; Я.П.Полонскийден «Жүреkte көп қазына бар, бәрі жақсы...»; И.А.Крыловтан «Емен мен шілік», «Қазаға ұрынған қара шекпен», «Есек пен бұлбұл» тағы басқа көптеген

шығармаларын қазақ тілінде сөйлеткен алғашқы қазақ аудармашысы атанған [6,381]. Қасым Аманжоловтың аудармаларына келер болсақ, ол Джорж Байронның «Чайль Гарольд» поэмасынан үзінді, «Романс», «Альбомға», А.С.Пушкиннің «Қысқы кеш», «Ақын», «Тұтқын», «Арыстанды тырнағынан таниды», «Жазушы мен ақын», М.Ю.Лермонтовтың «Ақын ажалы», «Тұтқын», «Отан», «Күн», «Маскарад», «Желкен», «Тамара», Н.А.Некрасовтың «Сұркия жылан», «Таңертенгі саяхат», «Саша» атты шығармаларын қазақ тіліне аударған [7,422].

Аударма дамып келеді, кезінде тек орыс әдебиетін аударған болса, қазіргі таңда шет ел әдебиеттерін де қазақшалағандары бар. Мысалы айта кетер болсақ, Гераклит, Демокрит үзінділерін Ә.Қодар аударған. Платонның «Соқраттың ақталу сөзін» Қ.Әбішев, «Пратагорын» Р.Сәбитов, М.Сәбит, «Мемлекет» бірінші, екінші кітабын Т.Әбжанов, «Тимейді» А.Сағиқызы қазақша тәржімалаған. Аристотельдің «Метафизика» кітабын Қ.Әбішев, Ә.Қодар, «Үлкен этика» бірінші кітабын Т.Рысқалиев, «Саясат» кітабын Қ.Әбішев қазақ тіліне аударған болатын [8,352].

Балаларға арналған Ганс Христиан Андерсен ертегілерінде қазақша тәржімалаған аудармашыларымыз бар, олар «Шақпактас», «Қайтпас қайсар қалайы солдат» Ғ.Жұмабаев, «Нағыз ханша» Ш.Бейсенова, «Кішкене Иданың гүлдері» Б.Мұқаев, «Түйме қыз» Ж.Нұсқабаев, «Түймедағы» Т.Әбдіков, «Үй сәулесі», «Шынайы шындық», «Аю бадам анасы», «Қорған дуалынан қарағанда» Қ.Құрманғалиев, т.б. аударған [9,397].

Көріп отырғанымыздай, аударма саласы күннен күнге дамып келеді. Қазақ жерінде аударманың бастау алғанда тек орыс классик әдебиетін тәржімалаған болатын. Келе-келе шет ел классиктерінде қазақшалай бастады. Дегенмен, шет тілден аударатын аудармашылардың саны қазіргі таңда да көп емес, болашақта саны артады деген сенімдеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ әдебиеті газеті. № 8 (3276) 2012.
2. www.anatili.kz
3. www.abai-inst.kz.
4. www.baq.kz/kaz/news.
5. Газет «Қазақ тілі мен әдебиеті» 10.10.2006.-125б.
6. Құнанбаев А. Қалың елім қазағым.- Алматы: Жалын,-1995.-382б.
7. Аманжолов Қ.Аудармалар II том. Алматы: -2001.- 422б.
8. Әбішев Қ., М.Сәбит, Рақымжанова Б. Антика дәуірі философия үлгілерінің қазақ тіліндегі аударма мұрасы. Астана аударма: 2009.- 400б.
9. Андерсон Х. Таңдамалы ертегілер. Алматы: Балауса, 2005.-400б.

ЗНАМЕНАТЕЛЬНЫЕ СОБЫТИЯ

ПОЗДРАВЛЯЕМ!!!

24 декабря 2012 года в г. Астана в Министерстве образования и науки были объявлены результаты отбора на международную стипендию Президента Республики Казахстан «Болашақ».

Обладателями международной стипендии от Жетысуского государственного университета им. И.Жансугурова стали:



**ЕРКИНБАЕВА
ЛЯЗЗАТ КАЛЫМБЕКОВНА**

**доктор юридических наук, профессор
первый проректор – проректор по учебно-
методической работе**

**ИМАНГАЗИНОВ
МУРАТБЕК МУБЫРАКХАНОВИЧ**

**доктор филологических наук, профессор
кафедры казахской филологии**



ПОЗДРАВЛЯЕМ!!!

28 декабря 2012года в г. Астана в Министерстве образования и науки РК под председательством министра Бакытжана Жумагулова состоялось итоговое заседание Республиканской конкурсной комиссии по присвоению звания «Лучший преподаватель вуза - 2012».

В текущем году на конкурс было подано более 500 заявок из 97 высших учебных заведений республики. В частности, 134 преподавателей из 9 национальных вузов, 239 – из 35 государственных вузов, 8 – из 1 международного вуза, 75 – из 33 частных, 72 – из 15 акционированных вузов, 4 – из 4 негражданских вузов.

По результатам конкурсного отбора были определены **200** самых достойных претендентов республики на присвоение звания «Лучший преподаватель вуза».

Обладателями звания «Лучший преподаватель вуза» в 2012 году от Жетысуского государственного университета им. И.Жансугурова стали:



**АНДАСБАЕВ
ЕРЛАН СУЛЕЙМЕНОВИЧ**

**доктор технических наук,
декан физико-математического
факультета**

**БАЙДЫБЕКОВА
САЛТАНАТ КЕНЖЕБАЕВНА**

**кандидат экономических наук, доцент
заведующая кафедрой учета и аудита**



МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ

МАТЕМАТИКА, ФИЗИКА, ИНФОРМАТИКА

Т.Т. Досаева СҰЙЫҚТАРДЫҢ БУЛАНУЫ.....	4
Д.Н. Нургабыл, А.Б. Уансов О ГРАНИЧНЫХ СКАЧКАХ ЛИНЕЙНЫХ ДИФФЕРЕНЦИАЛЬНЫХ УРАВНЕНИЙ С МАЛЫМ ПАРАМЕТРОМ ПРИ СТАРШИХ ПРОИЗВОДНЫХ.....	6
Ж. Нысамбаев, А.О.Алдабергенова, Қ.Ж.Шетиева АБСТРАКТТЫЛЫ МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛДЕРДІ ҚҰРУ ӘДІСТЕРІ....	13
С.Р. Сакибаев, Б.Р.Сакибаева РАЗРАБОТКА КОРПОРАТИВНЫХ ИНФОРМАЦИОННЫХ СИСТЕМ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ КОМПОНЕНТНОЙ МОДЕЛИ JAVA.....	18
Р.С. Сакибаев, Б.Р. Сакибаева ИССЛЕДОВАНИЕ АСИМПТОТИКИ АМПЛИТУДЫ РАССЕЯНИЯ РАСПАДАЮЩЕЙСЯ КВАНТОВОЙ ЧАСТИЦЫ.....	22
Э.С. Сергазинова, А.Д.Онгарбаева, А.Ж.Есимбекова ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚИТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	26
Л. Ж.Терлікбаева, Е.С. Хаймулданов ADOBE PHOTOSHOP БАҒДАРЛАМАСЫН ОҚИТУ КЕЗІНДЕ БАҒДАРЛАМАНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІН АШУ.....	31

**ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ
И МЕТОДИКА ОБУЧЕНИЯ**

Н.Б. Әужанова, Д.М.Мукашева ЭТНОПЕДАГОГИКАҒА НЕГІЗДЕЛГЕН СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ	38
С.Қ. Мамилина, М.Д. Шынтемірова ЖОҒАРЫОҚУ ОРНЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ЛИДЕРЛІК САПА ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҢЫЗЫ.....	44

М.Д.Шынтемірова, С.Қ.Мамилина ТҰЛҒАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН АНЫҚТАУ ЖОЛЫ.....	49
---	----

ЕСТЕСТВЕННО - ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ

С.С. Багашева, Мукашева Д.М. ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЕТ, СҮТ ӨНІМДЕРІНІҢ МИКРОБИОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ.....	56
---	----

А.С. Бахтаулова, Ю.Е. Степанова ИЗУЧЕНИЕ ВИДОВОГО РАЗНООБРАЗИЯ И ПРОДУКТИВНОСТИ ЭКОСИСТЕМЫ СКЛОНОВ С РАСЧЛЕНЕННЫМ, МЕСТАМИ СГЛАЖЕННЫМ РЕЛЬЕФОМ НА ТЕРРИТОРИИ ЖОНГАР-АЛАТАУСКОГО ПРИРОДНОГО ПАРКА.....	59
--	----

А.К. Самбетбаева АБРАЗИВНЫЙ НАПОЛНИТЕЛЬ ДЛЯ МОЮЩИХ СРЕДСТВ.....	64
---	----

ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА И СПОРТ

Б.А. Битлеуов ПСИХОФИЗИОЛОГИЧЕСКИЕ МЕХАНИЗМЫ, ОБЕСПЕЧИВАЮЩИЕ ВЫСОКИЙ УРОВЕНЬ СПОРТИВНОЙ ПОДГОТОВЛЕННОСТИ И СПОРТИВНОЙ ФОРМЫ ЛЕГКОАТЛЕТОВ.....	68
---	----

А.И.Федоров, М.А.Прокофьева, Е.К.Утегенов ОТНОШЕНИЕ СОВРЕМЕННЫХ ПОДРОСТКОВ К СВОЕМУ ЗДОРОВЬЮ: СОЦИОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ.....	71
--	----

Б.Ш. Шаяхметов, М.С. Қанғалаков ЕЛ ҚОРҒАУ – ЕРЛЕР МІНДЕТІ.....	77
--	----

ЮРИСПРУДЕНЦИЯ

Ш.К. Сейжанова КОРРУПЦИЯ – ПРОБЛЕМА ЭКОНОМИЧЕСКАЯ, ЮРИДИЧЕСКАЯ И СОЦИАЛЬНАЯ.....	82
---	----

ЭКОНОМИКА

С.У. Абдибеков, М.Т. Туриспаева СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ДЕНЕЖНО-КРЕДИТНОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ БАНКОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН	88
---	----

М.Н. Абдилдинова РОЛЬ ИННОВАЦИЙ В РАЗВИТИИ ЭКОНОМИКИ КАЗАХСТАНА И ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ РАЗВИТИЯ ИННОВАЦИЙ.....	93
М.О. Асаубаев ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІҢ ДАМУЫНДАҒЫ БАНКТІК НЕСИЕЛЕУДІҢ АЛАТЫН ОРНЫ.....	98
А.Е. Беделбаева БЕЛГІСІЗДІК ЖАҒДАЙЫНДА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ.....	101
Г.Валишанова БАНКТІК НЕСИЕНІҢ МӘНІ МЕН ҚАЖЕТТІЛІГІ ЖӘНЕ ДАМУ ТАРИХЫ.....	106
Ж. Дүйсебаева ҚР САЛЫҚ САЛУ МЕХАНИЗМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ.....	111
А.К. Есенгабылова, Р.Х.Ахмадиева АГРОТУРИЗМ И КАЗАХСТАНСКИЕ РЕАЛИИ: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ.....	116
Ә. Ибраева КӘСПОРЫНДЫ БАСҚАРУДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ.....	122
Д. Искакова МЕМЛЕКЕТТІ БАСҚАРУ ПРОЦЕСІНДЕГІ «ЖАСТАР САЯСАТЫ ТУРАЛЫ ЗАҒЫНЫҢ» РӨЛІ.....	127
Д.Қазбек КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ МЕХАНИЗМІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ.....	130
Л.Ж. Казиева АГРОӨНЕРКӘСПТІК КЕШЕНДІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ.....	135
М. Қыдырбаева НЕСИЕ САЯСАТЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУДАҒЫ РӨЛІ.....	140
М.К. Мустабекова ПРОБЛЕМЫ ВСТУПЛЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В ВТО.....	146
М.К. Раева ФАКТОРЫ КАЧЕСТВА И КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ ПРОДУКЦИИ.....	149
А.А. Султанов	

САЛЫҚТЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІ МЕН ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ.... 154

Shalbayeva Sh. E.

COMMERCIALIZATION OF INNOVATIONS AT ENTERPRISES..... 159

ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ

А.Н. Бестібаева

ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНДАҒЫ ТЕРМИНДЕРДІҢ
ҚАЛЫПТАСУЫ..... 164

Ш.Ә. Кыяхметова

ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ІЛИЯСТАНУ ІЛІМДЕРІ..... 169

Ж. Молдабаева

«ЖАНЫНЫҢ ЖАПЫРАҒЫН СІЛКІНДІРІП...»
(МАРФУҒА АЙТХОЖИНАНЫҢ ПЕЙЗАЖДЫҚ ЛИРИКАСЫ)..... 176

Б.Т. Суюмбекова, М.Ж.Бельгибаева

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ АУДАРМАШЫЛАРЫ ЖӘНЕ АУДАРМАТАНУ ІЛІМІ..... 180

ЗНАМЕНАТЕЛЬНЫЕ СОБЫТИЯ..... 186

ЖМУ ХАБАРШЫСЫ Ғылыми журнал 1997 жылы шыға бастады. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім Министрлігінде жаңадан тіркеліп, 2003 ж. 12 қыркүйегінде №4188-Ж куәлігі берілген. ISSN 1813-1123	ВЕСТНИК ЖГУ Научный журнал Издается с 1997 г. Перерегистрирован Министерством информации и общественного согласия Республики Казахстан. Свидетельство №4188-Ж от 12 сентября 2003 г. Международный центр ISSN в Париже зарегистрировал журнал «Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің хабаршысы» под номером ISSN 1813-1123
--	--

ВНИМАНИЮ АВТОРОВ!

Журнал "Вестник Жетысуского государственного университета" принимает к публикации материалы, содержащие результаты оригинальных исследований, оформленных в виде полных статей, кратких сообщений, а также обзоры (по согласованию с редакцией). Опубликованные материалы, а также материалы, представленные для публикации в других журналах, к рассмотрению не принимаются.

Для публикации статьи авторам необходимо представить в редакцию следующие материалы и документы:

- 1) Текст статьи с УДК, подписанный всеми авторами;
- 2) Резюме на казахском, русском, английском языках должно кратко излагать предмет статьи и основные содержащиеся в ней результаты (3-5 предложений).
- 3) ключевые слова (5-10);
- 4) файлы всех представляемых материалов на электронном носителе;
- 5) на отдельном листе сведения об авторах: должность, ученое звание, ученую степень, место работы (наименование учреждения или организации, населенного пункта), телефоны и адреса электронной почты.

Материалы для публикации, поступившие в редакцию, направляются на научную экспертизу. Решение экспертной комиссии оформляется протоколом и при положительном отзыве статья публикуется в ближайшем номере Вестника ЖГУ.

Статьи магистрантов должны сопровождаться отзывом научного руководителя с пометкой о рекомендации к публикации.

Статья, направленная автору на доработку, должна быть возвращена в исправленном виде вместе с ее первоначальным вариантом в максимально короткие сроки (5-7 дней). Статья, задержанная на срок более трех месяцев или требующая повторной переработки, рассматривается как вновь поступившая.

Статьи могут быть представлены на казахском, русском и английском языках.

Представляя текст работы для публикации в журнале, автор гарантирует правильность всех сведений о себе, отсутствие плагиата и других форм неправомерного заимствования в рукописи произведения, надлежащее оформление всех заимствований текста, таблиц, схем, иллюстраций. Авторы опубликованных материалов несут ответственность за подбор и точность приведенных фактов, цитат, статистических данных и прочих сведений.

Редакция не несет ответственность за достоверность информации, приводимой авторами.

Плагиатом считается умышленное присвоение авторства чужого произведения науки или мысли или искусства или изобретения (или их части). Плагиат может быть нарушением авторско-правового законодательства и патентного законодательства и в качестве таковых может повлечь за собой юридическую ответственность Автора.

Требования к оформлению

Текст статьи должен быть представлен на бумажном и электронном носителе в редакторе Microsoft Word 6.0/95 или в редакторах, совместимых с ним). Гарнитура - Times New Roman, кегль 12, одинарный интервал, для казахских текстов шрифт - KZ Times New Roman. Поля со всех сторон 2 см, абзац – 1,25.

Общий объем статьи должен составлять не менее 5 страниц.

Статья должна быть тщательно отредактирована и аккуратно оформлена.

Библиографические ссылки в тексте статьи следует давать в квадратных скобках в соответствии с нумерацией в списке литературы.

Список литературы должен быть оформлен в соответствии с ГОСТ 7.0.

Список литературы для статьи не менее 5 наименований.

Страницы рукописи должны быть пронумерованы, включая листы с рисунками.

Все буквенные и цифровые обозначения, приведенные в рисунках, необходимо пояснить в основном подрисуночном тексте;

Все сокращения и условные величины должны быть расшифрованы в тексте. Размерности физических величин следует давать в системе СИ.

Названия иностранных фирм и организаций – в транскрипции первоисточников с указанием страны.

Рукописи статей, не соответствующие требованиям, не рассматриваются. Присланные рукописи обратно не возвращаются. Не допускается направление в редакцию работ, которые посланы в другие издания или напечатаны в них.

Структура статьи

С левого края прописными буквами УДК

Через один интервал–Название статьи прописными буквами по центру, жирным шрифтом

Через один интервал– Ф.И.О. строчными буквами по центру, жирным шрифтом, ученая степень, ученое звание

На следующей строке – место работы или учебного заведения/учреждения, город, адрес электронной почты - *курсивом*

Через один интервал – резюме на казахском языке

Через один интервал – резюме на русском языке

Через один интервал – резюме на английском языке

Через один интервал – ключевые слова

Через один интервал – текст статьи

Через один интервал – список литературы

Образец

УДК 541.124

СИСТЕМА СОВРЕМЕННОГО БИЗНЕС-ОБРАЗОВАНИЯ

А.Б. Мукашева, к.э.н., доцент

ЖГУ имени И. Жансугурова, г.Талдықорған, mukasheva@mail.ru

Резюме на казахском языке

Резюме на русском языке

Резюме на английском языке

Ключевые слова

Текст статьи

Список литературы

Корректоры:

М.К. Бисенкулов,
Г. Сырлыбаева

Компьютерная верстка, изготовление

Подписано в печать 21. 12. 2012 г.

Гарнитура Таймс. Формат 200x280. Бумага офсетная.

Печать офсетная. Тираж 550 экз. Усл.п.л.12.4.

Отпечатано в издательском центре ЖГУ им.И.Жансугурова

Заказ № 00625

040009. Талдықорған, І. Жансүгіров атындағы Жетісу

